

*Т. Ағдарбеков*

*А. Әлайдар*

*А. Алайдаров*

# ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Оқу құралы

Алматы  
2008

**ББК 67.0я73**  
**А 22**

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан гуманитарлық ғылымдар және бизнес институтының  
оқу әдістемелік кеңесімен ұсынылған

**РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

**Сейітқұлов Н. А.**— социология ғылымдарының кандидаты,  
доцент;

**Өсеров Н.**— заң ғылымдарының докторы, профессор;

**Батырбаев Н. М.**— заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Ағдарбеков Т., Әлайдар А., Алайдаров А.**

**А 22 Құқық негіздері.** Оқу құралы.— Алматы: Нұр-пресс,  
2008.— 264 б.

**ISBN 9965-813-50-7**

Оқу құралы «Құқық негіздері» курсының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 11 мамыр 2005 ж. № 289, 12 шілде 2005 ж. № 480 бұйрықтарда бекітілген бағдарламасы негізінде жазылған.

Оқу құралы жоғары оқу мен орта арнайы оқу орындарында заң білімін алмайтын студенттеріне, колледж студенттеріне, гимназия оқушыларына арналған.

**ББК 67.0я73**

**ISBN 9965-813-50-7**

© Авторлық ұжым, 2008.

© Нұр-пресс, 2008.

**Кіріспе**

Қазақстан Республикасының Президенті Н. А. Назарбаевтың 2008 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру саласының басты міндеті — 2010 жылға дейін білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту болып табылады» — деген. Яғни үш жылдың ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жоғары және орта оқу орындарында ұйымдастырылу қажеттігі тапсырылды.

Мемлекет пен құқық теориясының қалпында, тұрақты білімдердің эволюциясымен қатар, басқа заң пәндерінде де мемлекеттік-құқықтық материя жөнінде жаңа білімдердің тоқтаусыз жиналу процесі жүріп жатыр. Ол қоғам өміріндегі, мемлекеттегі, құқықтағы, экономикадағы және қоғамның саяси жүйесіндегі процестерді объективтік жағынан көрсетуші болып есептеледі.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, студенттердің әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату мақсатына сай заң мамандығын алмайтын студенттерге мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеру, ұлттық құқықтың жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім беру көзделіп отыр. Яғни қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғы шартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік-құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

Осы «Құқық негіздері» пәніне арналған оқу құралында жаңа факторлар мен жағдайлардың ықпалымен әрбір құқықтың салаларындағы өзгерген қатынастар өзіндік табиғатына байланысты баяндалып талданады және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы бұйрықтарымен бекітілген типтік оқу бағдарламасы негізінде және Қазақстан Республикасының жаңа заңдарына сәйкестендіріліп жазылды.

Оқу құралы «Құқық негіздері» пәні бойынша студенттердің тәжірибелік (семинар) сабақтарына дайындалуына арналған

тест тапсырмаларынан тұрады. Әрбір тақырып бойынша нақты сұрақтар мен негізгі жаңа әдебиеттер, қосымша материалдар көрсетілген.

## 1. ТАҚЫРЫП.

### Мемлекет, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар

1. «Құқық негіздері» оқу курсының жүйесі.
2. Мемлекет туралы негізгі түсініктер.
3. Құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың негізгі түсінігі.

#### 1. «Құқық негіздері» оқу курсының жүйесі

Құқық негіздері пәні заң ғылымдары бойынша гуманитарлық пәндер жүйесінде ерекше орын алады. Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің қалыптасуы, елде экономикалық реформалардың жүзеге асуы және нарықтық қатынастарға өту кезеңінде құқықтың мән-маңызы айрықша. Әсіресе, тауар-ақша (мүліктік) және басқару қатынастарын құқықтық реттеуде заңдар мен басқа да нормативтік актілердің маңызы ерекше. Сондықтан да бұл пән арқылы ҚР Конституциясын, оның жаңа қырлары мен ерекшеліктерін және басқа да заңдардың жоғары принциптерін, олардың мағынасы мен мазмұнын, жалпы мемлекетіміздің қоғамдық өмірінің құқықтық негіздерін үйретеді.

Қазақстан Республикасы құқық жүйесіндегі пәндердің ең негізгілері қамтылып, онда Мемлекет және құқық теориясы, Конституциялық құқық, Азаматтық құқық, Әкімшілік құқық, Еңбек құқығы, Қылмыстық құқық, Отбасы құқығы, Қаржы құқығы және Халықаралық құқық салаларынан жоғары білімді мамандар даярлауда қажетті теориялық түсініктер беріледі.

Аталған пән төмендегі мәселелерді қарастырады:

- мемлекет пен құқықтың, саяси және құқықтық сананың, құқықтық қатынастардың заңдылықтары мен құбылыстарын;
- мемлекеттің Конституциялық құрылысын, мемлекеттік биліктің бөліну теориясы мен тәжірибесін;
- Қазақстанда қолданылатын негізгі құқық нысандары мен салаларының ерекшеліктерін;
- мемлекеттік қызмет принциптері мен мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәртебелерін;
- әкімшілік жауаптылық мазмұнын;
- азаматтық құқықтың жалпы ережелерін, жеке және заңды тұлғалар ұғымы мен олардың мүдделерін қорғау мәселелерін;

- қылмыс ұғымы мен санаттары, себептері және қылмыстық жауапкершілік негіздерін;
- еңбек заңдылықтары, еңбекті қорғау мәселелерін;
- неке және отбасы құқығының негізгі қағидаларын;
- мемлекетіміздің қаржылық қызметінің құқықтық негіздерін;
- экологиялық және жер құқығының басты ерекшеліктерін.

## 2. Мемлекет туралы негізгі түсініктер

*Мемлекеттің ұғымы және оның белгілері, мәні.* Мемлекет адамзат дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болып қалыптасады. Мемлекет дегеніміз қоғамдық саяси ұйым. Қоғамдық ұйымның алғашқы түрі рулық қауым. Ру дегеніміз адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі, туысқан адамдардан тұратын қауымдастық.

Рулық қауымда ру мүшелерін ұйымға олардың туыстық қандастығы, бірлесіп істеген еңбегі және мүліктің ортақ болуы біріктіреді. Рулық қауым әдетте екі сатыдан өтеді. Алғашқы әйелдер үстемдік етіп тұрған аналық дәуірде ру топтары әйел туыстық жағынан болса, кейінгі аталық дәуірде билік отбасының иесіне айналған ерлерге ауысады. Рулық қауымдағы биліктің түбегейлі өзгеруі егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы, даму және еңбек құралдарын, қару-жарақтарды көбірек өндіріп, жетілдіре түсуімен тығыз байланысты болды. Осындай өзгерістердің нәтижесінде ерлер қоғамдық өндірісте маңызды орнынға ие болып, ру қауымында шешуші күшке айналды. Міне, содан бастап туыстық ерлер тарапынан анықталып, ер адам ру басшысы болып саналды.

Рулық қауымда қауымдық билік жүзеге асырылды. Ру өміріне байланысты мәселелердің барлығын рудың жалпы жиналысы қарап, шешіп отырған. Ру басшысына жасы толған азамат тағайындалды. Ру басшысының қызметі мұрагерлікке негізделмейді. Әдетте, оны кез-келген уақытта ауыстырып отырған. Ру ағасына ру әдет-ғұрыптарын, дәстүрін білетін, рудың қамын ойлайтын және қауымды басқара білетін адам сайланған. Бірнеше рулар бірігіп тайпа құрады. Тайпаны басқару үшін ру ағаларынан кеңес құрылды. Ру өмірінің маңызды мәселелері ру мүшелерінің жалпы жиналысында шешіліп, ел шешімінің жүзеге асырылуын ру басшысы қадағалады.

Сонымен, рулық қоғам егіншіліктің, мал шаруашылығы, қолөнер кәсіптерінің дамуына байланысты ыдырап, қоғам мүшелерінің жікке бөлінуіне алып келді. Әрбір отбасының өзіндік шаруашылығы қалыптасып, мал, жер, құрал-жабдықтар жеке меншікке айнала бастады. Рулық қауым ішінде мүлік теңсіздігі пайда болды. Ру әскери басшылар ру мүшелері қатарынан бөлініп шығып, басқарушы ерекше үстем тапқа айналды. Рулық қауымның әскери демократиясы қалыптасып, мемлекеттік құрылымның алғашқы негізі қаланды. Меншік иелері байлардың айрықша мүдделері болғандықтан олар басқа ру мүшелерімен яғни кедей шаруалармен қатар отырып, мәселелерді бірге шешуге бармайды. Сол себепті байлар мен кедейлер арасында қарама-қайшылықтар туа бастады. Рулық биліктің орнына саяси билік, жаңа саяси құрылым пайда бола бастады.

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикасы мен құрылымы — экономиканың негізгі сипаты: қоғамдық еңбек, қоғамдық меншік, қоғамдық бөліс, қоғамдық өмір сүру. Қоғамның құрылысы: туысқандық ру, тайпа, одақ, бірлестіктер.

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, құрылымдық, басқарушылық салаларындағы объективтік даму процестері бір-бірімен тығыз байланыста өзгеріп, жаңарып отырады. Бұл объективтік даму процестің күрделі сатысы әлеуметтік революциялық төңкеріс-б.з.д. 10—15 мыңжылдықтарда болған. Ол төңкеріс кезінде малшылық пен егіншілік қалыптасты, ажарланған тастан жасалған қарулар өмірге келді, адамның тәжірибесі өсіп, молайды. Қоғамдық еңбек төрт күрделі тарауға бөлінді: мал шаруашылық, жер игеру, өндірістік және саудагерлер тобы. Бұның бәрі еңбектің өнімділігін арттырды, қоғамның шығысынан кірісін асырды. Қоғамдық байлық қалыптаса бастады, оны иемденетін топтар, таптар пайда болды. Экономикалық өзгерістер әлеуметтік қайшылықтарды өмірге әкелді. 5—4 мыңжылдықтарда сол қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекет пайда болды. Мемлекет пен құқықтың туынды тарихы — қоғамның антагонистік тапқа бөлінуінің нәтижесі болып табылады.

*Мемлекеттің рулық қауымнан айырмашылығын мынадай белгілері арқылы ажыратамыз:*

1. Мемлекеттік егемендік.
2. Мемлекеттің халқы әкімшілік жүйеге бөлінеді.

3. Мемлекеттің әкімшілік билік жүргізетін органы болады. Басқару ісімен шұғылданатын адамдар қызмет етеді.

4. Мемлекет заңдар шығарып, солардың күшімен қоғамдық қатынастарды реттейді.

5. Салық жүйесінің қалыптасуы.

**Мемлекет пен құқықтың шығу себептері:**

— жинау экономикасынан өндіру экономикасына көшу;

— мал шаруашылығынан егіншіліктің бөлінуі;

— еңбектің ірі қоғамдық бөлінісі;

— алып-сатарлардың пайда болуы.

**Мемлекет пен құқықтың өмірге келуінің, қалыптасуының негізгі объективті заңдылықтары:**

— еңбек өнімділігінің өсуі;

— артық өнімнің пайда болуы;

— жеке меншіктің пайда болуы;

— таптардың пайда болуы.

**Мемлекет дегеніміз** — жария өкіметтің пайда болуымен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың нысаны және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда өкіметтің күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі.

Мемлекеттің негізгі белгілері:

1. Басқару органдары мен мекемелерінің ерекше жүйесінің болуы.

2. Қоғамдық қатынас ережелерін белгілейтін құқықтың болуы.

Мемлекеттің қоғамдағы басқа да ұйымдардан айырмашылық белгілері:

— мемлекет қоғамдық көлемде бірден-бір билік жүргізетін ұйым;

— мемлекет қоғамдағы заңдылықты, тәртіпті бақылап отырады;

— мемлекеттің ішкі-сыртқы істердегі тәуелсіздігі, басым үстемдігі.

Шығыс елдерінде (Иран, Индия, Қытай, Араб елдерінде) мемлекеттің қалыптасуы басым түрде қоғамдық меншікті қорғауға байланысты. Себебі бұл елдерде алғашқы қоғам ыдырау кезеңінде күрделі құбылыстар болды. Мысалы, ірі су каналдарын жасау, құрғақшылықпен күресу т.б. Міне осы күрделі жұмыстарды жақсы жүргізу үшін қоғамдық мемлекеттік меншік қалыптасты. Сол

меншіктің иелері: чиновниктер, ру, тайпа басшылары, король, императорлар болды. Король-императорлар жердегі құдай дәрежесінде болды. Бұл елдердің экономикасы, әлеуметтік жағдайы, демократия өте бәсең дамыды. Мемлекеттік биліктің, қоғамдық меншіктің басында — абсолюттік монарх болды, одан төменгі — екінші дәрежедегі билік уәзір министрлердің қолында, одан төменгі билік — чиновниктердің қолында болды. Осы сатылық биліктер — бәрі бірігіп, қалың бұқараны қанауда болды.

Шығыс типті (Азия типті) мемлекеттер кейінгі ғасырларда Шығыс Еуропа, Африка, Оңтүстік Америка елдерінде де қалыптасты. Сонымен, Азия типті мемлекеттердің қалыптасу себептері:

— ірі ирригациялық жүйелерді жасау;

— оны іске асыру үшін құлдарды, жұмысшыларды жүйелі түрде топтастыру, біріктіру;

— барлық жұмысты бір орталықтан басқару.

Азия типті мемлекеттер өте бәсең дамып, ХІХ—ХХ ғасырларға дейін көп өзгермей сақталып келді. (Қытай, Иран).

Европалық елдерде — мемлекет жеке меншіктің шапшаң, күрделі дамуы, қоғамның тапқа бөлінуі арқылы қалыптасты.

Афина мен Римде алғашқы қоғамның ыдырауы кезінде экономикалық күшті топтар мен таптар мемлекетті өз қолдарына алып, өз мүдде-мақсаттарын орындайтын мемлекеттік аппарат орнатты. Бұл мемлекеттер көбінесе демократиялық жүйедегі саяси бірлестік болып қалыптасты.

**Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар.**

**Теологиялық теория** — мемлекет пен құқық Алланың құдыретімен жаратылды деп түсіндіреді. Бұл теорияны ғылыми түрде уағыздаған Фома Аквинский, Жак Маритен т.б.

**Патриархалдық теория** — мемлекет адамдардың отбасы тәжірибесінен қалыптасқан азаматтардың саналы түрде өздерінің мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін біріккен одақ деп түсіндіреді. Бұл теорияның өкілі және дамытқан зерттеушісі Аристотель болды. (Оны жақтаушылар Фильмер, Михайловский т.б.)

**Органикалық теория** — бұл пікірді Платон көне дәуірде уағыздаған. (б.з ІV—ІІІ ғ.) Бірақ теория толық түрде ХІХ ғасырда қалыптасты. Өкілдері: Блюнчли, Спенсер, Вормс, Прейс т.б. Бұл теория — адам қоғамында табиғаттың объективтік даму заңдарына сәйкес эволюциялы жолмен мемлекетті құрады. Мемлекеттің Үкіметі-адамның басы-миы сияқты қоғамды басқарады.

Қанаушы тап қоғамның экономикасын дамытады. Ол қоғамды қорғайды деп түсінеді.

**Күштеу теориясы** — XIX ғ. қалыптасқан пікір. Өкілдері: Л. Гумплович, К. Каутский т.б. Мазмұны: күшті рулар, тайпалар өздерімен шектес әлсіз руларды, тайпаларды күштеп, зорлық жасап өзіне бағындырып, бақылауды жақсарту үшін мемлекет құрады — деп түсіндіреді.

**Материалистік теория** — мемлекет пен құқықтың пайда болуын экономикалық тұрғыдан түсіндіреді, себептері: қоғамдық еңбектің бөлінуі, қосымша өнімнің, жеке меншіктің пайда болуы, қоғамның қарама-қарсы екі тапқа бөлінуі, қайшылық күресінің басталуы. Мемлекет пен құқықтың мазмұнының тарихи өзгеріп отыруы қоғамдық мүдде-мақсатты қорғауы.

**Мемлекеттің нысандары, функциялары, механизмі.** Мемлекеттің сыртқы нысаны мен ішкі мазмұнының диалектикалық бірлігі байқалады. Мемлекеттің нысаны қоғамның экономикалық, мәдени, рухани мазмұнына байланысты. Демократиялы мемлекеттер тек қана республика немесе шектелген монархия түрінде өмір сүреді. Ал шығыс мемлекеттерде көбіне монархия болатыны жақсы мәлім. Мемлекеттің мазмұны оның нысанынан бөлінбейді, олар бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

Тәуелсіз Қазақстанда екі жылдан кейін 1993 жылғы Конституциясының орнына екінші 1995 жылғы Конституция қабылданды. Бұл соңғы Конституция мемлекеттің сыртқы нысанын өзгертіп, Қазақстанда Президенттік республиканың саяси жүйесі құрды.

Мемлекеттің тарихи даму процесінде оның нысанына бірнеше жағдайлар әсер етеді (географиялық, климат, тарихи факторлар жатады).

Мемлекеттің құрылыс нысанына экономикалық және саяси жағдайлар әсерін тигізеді. Ежелгі феодалдық немесе шығыс мемлекеттерде рулық қоғамның қалдықтары көп уақытқа дейін сақталып келді. Кейін алғашқы қоғамның ыдырау процесінде ол қалдықтар жойылады да, мемлекеттің нысаны қатты өзгереді. Мысалы, Үндістанның мемлекет құрылысы туралы қатаң қағида болған. Патшаның әділетті болуы, жеке меншікті бұзбау, брахмандарды сыйлайтын және олардың айтқан ақылдарын тыңдауы міндетті болған. Бұл туралы Ману заңдарында айтылған. Ресейдің феодалдық мемлекетінде халық жиналысының, соттың, рулық қауымның рөлдері көпке дейін сақталып келді. Саяси жағдай, қоғамдық қатынас шиеленісі, дағдарыс кезінде көбіне

мемлекетті басқару бір адамның қолында болады. Мысалы, Наполеон, Рузвельт, Гитлер. Ал, мемлекеттің экономикасы жақсы дамыған кезде жағдай тыныш уақытта демократиялық әдістер жақсы қолданатыны мәлім (Греция, Рим, Швейцария).

Мемлекеттің құрылымына қоғамның ұлттық құрамы, тарихи әдет-ғұрыптары немесе ерекше тарихи жағдайлары да әсерін тигізеді. Ресей, Үндістан, Америка, Мексика мемлекеттері көпұлттық мемлекеттерге жатады, сондықтан олардың мемлекеттік құрылымдары — федерация. Ал, Жапония, Германия, Польша бірұлттық мемлекеттер, бірақ біреулері тұтас мемлекет, екіншілері, мысалы, Германия — федерация.

Қазақстан жерінде көне дәуірден қазақтың арғы атасы — түріктер, бергі атасы — қыпшақтар өмір сүрген. XV ғасырда қазақ хандығы құрылып, өзінің тәуелсіз мемлекеті болған. Қазақстанның көп ұлтты республикаға айналуы XX-ғасырда болды. Сондықтан Қазақстан республикасын қазіргі Конституциясы біртұтас, бөлінбейтін мемлекет ретінде жариялады.

Мемлекеттің нысанына халықаралық жағдай, мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастар және абыройы күшті адамдардың қызметі, жүргізген саясаты, сондай-ақ мемлекеттің дамуына діни факторлар да әсерін тигізеді.

Теория бойынша мемлекеттің нысаны үшке бөлінеді. Басқару нысаны, мемлекеттің құрылым нысаны және саяси режим.

Қазіргі Ресейде мемлекеттің екінші элементі — Ресей Федерациясының негізгі принциптерін сақтау үшін Шешен Республикасымен соғыс әдісін қолданғаны белгілі. Бұл Ресей Федерациясының мықтылығын көрсету, негізгі принциптерін сақтау үшін істелген саясат. Бұл мемлекеттің құрылым нысанын бірінші орынға қойып отыр.

Фашистік режим құрылған кезде мемлекет нысанының саяси режимі бірінші орынға шығады. Бейбітшілік кезде экономикалық дамуы жоғары демократиялық мемлекеттерде басқару нысаны мемлекеттің сыртқы жағдайын белгілейді.

Мемлекеттің басқару нысанына оның жоғарғы, орталық және жергілікті органдардың құрылуы, олардың қарым-қатынастары қандай принциптермен қалыптасып, халық оларды сайлауына қандай түрде қатысады деген сұрақтарға жауап береді. Мемлекет нысандарының арасында басқару түрі маңызды элемент болып саналады.

**Басқару нысаны** монархия және республика болып екіге бөлінеді.

**Монархия** — жоғарғы билік бір адамның қолында болады және бұл билік мұрагерлікпен беріледі. Монархия шексіз және шектелген болып екіге бөлінеді. Шексіз монархия — монархтың билігін басқа мемлекеттік орган шектемейді, биліктің бәрі өз қолында. (Мысалы, Шығыс деспотиясы, Египет, Вавилон, Қытай, Жапония), Рим империясы жатады. Қазіргі жаңа ғасырларда шексіз монархиялар өте сирек кездеседі (Бруней, Оман).

Ал шектелген монархияда монарх билігі басқа бір органмен немесе заңмен шектеледі. Монархияның бұл түрі Шығыс мемлекеттерінде кездеседі. Мысалы, Үндістан. Жаңа кезеңдерде шектелген монархия конституциялық монархия деп аталады. Оның екі түрі бар: дуалистік және парламенттік. Дуалистік монархияда мемлекетті басқарған екі топтың күші тең, буржуазиялық революциялар өткеннен кейін, оның бірінші кезеңінде бұрынғы корольдер биліктерінің жартысынан айырылды, оған біріншіден, заң шығару билігі жатады. Мысалы, Франция мемлекетінде 1791 ж. Конституция бойынша король заң шығару билігін жоғалтты, ол Ұлттық Жиналыстың қолына көшті. Бірақ оның қолында қалған билігі әлі күшті еді: ол әскерді өзі басқарды, осыны пайдаланып өзінің халқына қарсы шықты, сот қызметкерлерін, министрлерді және атқару билікті өзіне бағындырды, шығарған заңдарға тыйым салған және парламентті таратуға құқығы болды. Сонымен, мемлекеттік билік екіге бөлінді: парламент буржуазияның мүдделерін қорғады, ал король феодалдардың. Бірақ тарихи процесс объективтік түрінде парламентті жеңіске жеткізді де, дуалистік монархия парламенттік монархияға айналды. Парламенттік монархия бірінші Англияда құрылды. Даңқты революциядан кейін Құқық туралы Билль деген (1689 ж.) Конституциялық заңда осы мемлекеттік басқару нысаны пайда болды. Қазір Еуропа мемлекетінің көпшілігі осыған жатады: Белгия, Норвегия, Швеция, Дания. Бұл мемлекеттерде монарх мемлекеттің басшысы. Ол парламенттің келісімінсіз көп мәселелерді шеше алмайды. Парламенттің төменгі палатасынан көп орын алған саяси партия өзінің өкіметін құрады. Сол партияның басшысы Премьер-Министр болып тағайындалады. Премьер-Министр кабинетін өзі құрастырады, король оған тек келісім береді. Кабинет корольдің алдында емес, Парламенттің алдында жауапты. Егер мемлекетте жоғарғы және төменгі органдардың бәрі сайлаумен белгілі мерзімге құрылатын болса, осындай мемлекеттік басқару нысаны Республика деп аталады. Республика-

лық басқаруда мемлекет басшысы сайланады. Бұл басқарудың екі түрі кездеседі: Президенттік және Парламенттік Республикалар. Президенттік Республикада президентті тікелей халық сайлайды және президент мемлекет басшысы бола отырып үкіметті тағайындайды. Парламенттік Республикада мемлекет билігінің жоғарғы органдар жүйесі Парламенттің басымдылық принципіне негізделген. Мысалы, Италия, Швейцария. Кейбір мемлекеттерде Президенттік және Парламенттік республикалар белгілері аралас болады. Оларды жартылай Президенттік Республика деп атайды. Мысалы, Ресей Федерациясы.

**Мемлекет құрылымы.** Әр мемлекеттің аумағы оның ішкі құрылысын анықтайтын құрамды бөлшектерге бөлінеді. Сол аумақтық құрылымның көлемінде мемлекеттік аумақтық бөлшектерінің жүйесі қалыптасады.

Мемлекет құрылымы — мемлекет нысанының екінші элементі. Бұл ұлттық, мемлекеттік қатынастарды, әкімшілік-территориялық жүйені, олардың ерекшеліктерін бейнелейді. Мемлекеттер бұл элемент бойынша унитарлық, федеративтік және конфедеративтік мемлекеттерге бөлінеді. Тұтас яғни, унитарлы мемлекеттер тек қана әкімшілік жергілікті аудандарға бөлінеді. Мысалы, Қазақстанда әкімшілік-аумақтық құрылымы 14 облыстан тұрады, оларды Президент тағайындаған әкімдер басқарады.

Федерация — күрделі мемлекет, ол федерацияның мүшелерін біріктіреді. Федерация екі немесе одан да көп мемлекеттердің бірлестігі. Федерацияның екі түрі бар: ұлттық құрама және жергілікті құрама. Біріншісіне бұрынғы КСРО, Югославия, Үндістан екіншісіне АҚШ, Австрия, ФРГ, Швейцария жатады.

Конфедерация — белгілі мақсатқа жету үшін бірнеше ерікті мемлекеттердің уақытша одағы. Конфедерацияның ерекшеліктері: белгілі бір лайықты түрде жасалған келісім-шарттар негізінде құрылады, оның субъектілері өз еркінше достастықтан шығуға құқылы, конфедерацияға кірген елдердің егемендіктері өздерінде сақталады, келісім-шарт актілерінде көрсетілген мәселелер бойынша ғана құрылады, конфедерацияның тұрақты түрде істеп тұрған органдарының билік өкілеттіктері болмайды, одақтық өкімет актілерін тануды субъектілердің қабылдамауға құқығы бар. Мысалы; ТМД конфедерация белгілері бар құрылым.

**Саяси режим дегеніміз** — мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру әдістерінің жиынтығы.

Саяси режимнің түрлері: демократиялық және антидемократиялық. Демократиялық режим екіге бөлінеді: шын және либералдық. Антидемократиялық режим үшке бөлінеді: тоталитарлық, авторитарлық және фашистік.

Демократиялық биліктің белгілері: әр түрлі партия, бірлестік, қозғалыстар Конституция шеңберінен шықпай, еркін бостандықта қызмет атқарады. Идеологиялық плюрализм. Мемлекет органдарының сайланбалы жолмен құрылуы. Қоғамда демократиялық құқықтар мен бостандықтар орын алып, олар шын мәнінде қамтамасыз етілу кепілдіктеріне ие болуы.

Антидемократиялық билік сипатында қоғамда жаппай қуғын-сүргін, заңсыздықтар орын алып, демократиялық құқықтар мен бостандықтар болмайды. Демократиялық партиялардың құрылуына тыйым салынады, мемлекетте бір ғана идеология үстемдік етеді, органдар сайлау жолымен құрылмайды. Антидемократияның авторитарлық түрі мемлекетте нақты билеушінің шексіз билігімен көрінеді. Тоталитарлық жүйеде бір ғана саяси партия мемлекетте өз билігін жүргізеді. Әкімшілдік-әміршілдік жүйе қалыптасып, қоғамда жеке адамға табыну мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі.

Сонымен, мемлекеттің нысанын анықтау үшін біз үш элементке қорытынды бердік: мемлекетті басқару нысаны, мемлекеттің құрылым нысаны және саяси режим. Мысалы, Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

**Функция** — заң ғылымында мемлекет пен құқықтың алдында тұрған мүдде-мақсаттарды, міндеттерді орындау қызметінің негізгі бағыттарын және оның әдіс-тәсілдерін анықтап, іске асыруды біріктіреді. Мемлекеттің функциясының орындалуын қамтамасыз ететін — мемлекеттік аппарат пен органдар. Алдымен функцияны орындау үшін тиісті мемлекеттік орган құрылады. Бірнеше органдар функцияның мазмұнына қарай мемлекеттік аппаратты қалыптастырады. Мемлекеттің функциясы арқылы қоғамның алдында тұрған мүдде-мақсаттардың мазмұнын, оның орындалу бағыттарын толық білуге болады.

Сонымен, **мемлекеттің функциясы — қоғамды әлеуметтік басқарудағы мемлекеттің атқаратын жұмыстарының негізгі бағыттары мен әдістері.**

Мемлекеттің функциялары ішкі және сыртқы деп екі күрделі топқа бөлінеді. Мемлекеттің **ішкі функциялары:**

1. *Экономикалық функция* — мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын анықтау, олардың орындалу жолдары, тәсілдерін көрсету. Экономиканың дамуын реттеудің төрт тәсілі бар: 1. Салық саясаты арқылы мемлекет бюджетінің дамуын реттеп басқару; 2. Экономиканың тиісті, қажетті саласына жеңілдік беріп, дамыту; 3. Ғылым мен техниканы дамытып, экономиканы көтеру; 4. Мемлекеттік өндірісті дамыту.

2. *Әлеуметтік функция* — мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты қамтамасыз етіп, жақсы дәрежеде дамыту. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты екі бағытқа бөлінеді: бірінші бағыты — адамдардың қоғамдағы еңбегіне қарамай мүгедектерге, зейнеткерлерге, науқас адамдарға, көп балалы жанұяға, студенттерге мемлекеттік көлемде жан-жақты көмек жасап, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту; екінші бағыты — адамдардың денсаулығын қорғауға, жақсартуға, мәдениетті дамытуға, халықтың жақсы тұрып, демалуына қамқорлық жасап, мемлекеттік бюджеттен тиісті мөлшерде қаржы бөліп отыру.

3. *Қаржы реттеу функциясы* — қоғамдағы барлық азаматтардың, ұйымдардың, мемлекеттік бюджеттің шығысы мен кірісін реттеп, басқарып отыру

4. *Мәдениет бағытындағы функция* — адамдардың денсаулығы, рухани сана-сезімі, білімі, әдебиет, өнер, музыка, тәрбие т.б. мемлекеттің тұрақты бақылауында болып, оны тиісті дәрежеде дамытып отырады.

5. *Экологиялық функция;*

6. *Құқықтық тәртіпті және қоғамдағы тәртіпті қорғау функциясы;*

7. *Ғылыми-техникалық прогресті дамыту функциясы.*

Мемлекеттің **сыртқы функциялары:**

1. *Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе өзін-өзі қорғау;*

2. *Басқа елдермен ынтымақтастықты дамыту;*

3. *Әлемдік келелі мәселелердің шешімін табуға қатысу;*

4. *Халықаралық қатынастарда мемлекеттің мүддесін қорғау, сақтап қалу;*

**Мемлекеттік аппарат** — қоғамды басқару үшін арнаулы құрылған мемлекет органдарының біртұтас жүйесі.

Оның нышандары: мемлекет қоғамды басқаратын және тек қана қызметпен шұғылданатын адамдардан тұрады; мемлекеттік аппарат мекеме және органдардың байланыс жүйесі; мемлекет органдардың қызметі ұйымдастырушылық, материалдық және әкімшілік кепілдіктері мен қамсыздандырылады; мемлекеттік аппарат азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін құрылады.

Мемлекеттік аппараттың ерекше ішкі құрылысы бар: олардың арасындағы қатынастар бір жүйеге біріктіріледі. Бұл жүйенің негізін экономика, саяси қарым-қатынастар, сана-сезім құрады. Осы жүйеде әрбір органның өзінің орны, бір-бірімен қарым-қатынастары, қызметінің негізгі принциптері көрсетіледі. Дамудың әрбір кезінде мемлекеттік органдардың орындайтын қызмет бабы және істері өзгеріп отырады. Шығыс мемлекеттерде бүкіл аппаратты бір орталыққа бағындыратын — патшаның билігі орнаған. Парламенттік республикада негізгі функциялар парламенттің қолында болады.

Мемлекеттік аппараттың объективтік бағыттары байқалады: бюрократизация, дифференциация, профессионализмнің өсуі. Мемлекеттің әрбір типіне мемлекеттік аппараттың ерекше нышандары сәйкес келеді. Мемлекеттік қызмет — конституциялық негізде баянды етілетін азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппаратындағы мемлекеттік басқаруды, басқа да мемлекеттік міндеттер мен қызметтерді атқаруды жүзеге асыратын кәсіптік қызметі.

**Билік бөліну принциптері.** Қазақстанның біртұтас мемлекеттік билігінің тармақтарға бөліну принципі Конституцияда белгіленген негізгі принциптердің біреуі ғана емес, ең күрделісі. Республикадағы мемлекеттік билік бір тұтас, өйткені бірден-бір бастауы Қазақстан халқы және мемлекеттің егемендігі бөлінбейді. Бұл билік өзінің принципіне сәйкес заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесіне бөлінеді және биліктер бір бірін шектейді.

**Мемлекеттік аппарат** — алдында тұрған ерекше мақсаты бар және соны орындау үшін құзыреті бар мемлекеттік аппараттың бір буыны. Мемлекеттік аппараттың құрылуы мен қызметі, негізгі өкілеттілігі Конституцияда және конституциялық актілерде көрсетіледі. Әрбір мемлекеттік аппарат өз қызметін мемлекеттік, материалдық, ұйымдық және зорлау күшімен қорғайды. Мемлекеттік аппарат мемлекеттің атынан функцияларын атқарады,

әр қайсысының алдында тұрған мақсаттары заңда анық белгіленген. Басқа мемлекеттік органдарымен қалай қатынасатыны, ішкі құрылысы, құзіреті белгіленген. Мемлекеттік аппараттың негізгі нышаны оның мемлекеттік билігі. Бұл мемлекеттік билікті былай түсінуге болады: олар мемлекеттің атынан барлық субъектілерге міндетті нормативтік актілерді шығарады немесе құқықтық нормалардың орындалуын тексереді, ал кейбір кезде жазаға тартуға құқығы бар. Мемлекеттік заңдарға сәйкес мемлекеттік міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында мемлекеттік аппарат өкілеттікті жүзеге асыратын қызметтер атқарады. Мемлекеттік қызметкерлердің өкілеттіктері мемлекеттік органдар алдында тұрған мақсаттарға және міндеттерге сәйкес анықталады. Мысалы, прокуратура органдары, сот жүйесі, ПМ, ҰҚК құқықты қорғау қызметін атқарады. Бұл органдар бір-бірімен байланысты. Бәрі бірге, жалпы құқық қорғау жүйесіне жатады.

Мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің негізгі міндеттері: ҚР Конституциясы мен заңдарын, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; заңдарда белгіленген тәртіп пен азаматтардың өтініштерін қарауға, олар жөнінде қажетті шаралар қолдануға; өздеріне берілген құқықтар шегінде заңды міндеттеріне сәйкес өкілеттерді жүзеге асыруға; мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауға; өздерінен жоғары басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, шығарылған шешімдері мен нұсқауларын орындауға; өз өкілеттігінің шегінде мәселелерді қарауға және солар бойынша шешімдер қабылдауға, белгіленген тәртіппен лауазымдық міндеттерін атқару үшін қажетті ақпарат пен материалдарды алуға құқықтары бар.

#### **Мемлекеттік орган анықтамасы мен түсінігі**

Мемлекеттік **органдар** бірнеше топқа бөлінеді, олар атқаратын қызметтеріне сәйкес жүйе-жүйеге, сала-салаға жіктеледі. Мемлекеттік **орган** өкілеттілігінің шеңберіне қарай үш топқа бөлінеді:

1. Мемлекеттік билік органдары: Парламент, Президент және Маслихаттар;

2. Мемлекеттік атқару органдары: Үкімет, министрліктер, ведомстволар, жергілікті басқару органдары, әкімдер. Мемлекеттік органдарының құрылу тәртібі мен алдына қойылған мақсаттары.

Мемлекеттік органдар үш топқа бөлінеді:

— **өкілді органдар;**

— атқару органдар;

— сот немесе құқық қорғау органдары.

**Республика Президенті мемлекеттік аппаратта ерекше орын алады, ол үш биліктің біріне де жатпайды. Ол мемлекет билігінің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.** Президент — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін жоғарғы лауазымды тұлға. Президент халық пен мемлекеттің билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азamat құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

**Өкілді органдар.** Жоғарғы өкілетті органдарды халық сайлайды. Парламент — заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады.

**Сенат** облыстардан, республикалық маңызы бар қаладан және астанасынан екі адамнан, тиісінше барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында сайланатын депутаттардан тұрады. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңы негізінде **15 депутатты** Президент тағайындайды. Барлығы — 49 депутат. **Сенатқа 30 жасқа** толған адамдар депутат болып сайланады.

**Мәжілістің** тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі. Бұл палатаға сайланған депутаттар **25 жасқа** толуы керек.

Парламент — негізгі заң шығарушы орган. Парламенттің сессиясы оның палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі. Парламенттің үйлестіруші органдары — бюро, жұмыс органдары — тұрақты комитеттері, бірлескен комиссиялары болып табылады. Президент мемлекеттің жоғарғы қызметкерлерін тағайындағанда парламент келісімін береді, олардан есеп алады, соғыс және бітім мәселелерін ше-

шеді, халық референдум тағайындау туралы бастама көтереді, конституциялық заңдылық туралы жыл сайын жолдауын таңдайды, өзінің ішкі сұрақтарын шешеді және басқа да Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Атқару билік.** Атқару билік өкіметтің қолында жиналған. Президенттік республикаларда өкімет саяси ұйымдық тұрғыдан Президент қамтитын атқарушы билік тармағына жатады. Парламенттің қатысуымен Президент басқарады әрі құрады, оның дербес құзыреті алқалы шешуші орган. Кабинет мүшелері бүкіл халық сайлаған Президент алдында дербес жауап береді. Үкіметтің нақты егеменділігі нақты мемлекет басшысының субъективті пікіріне тікелей тәуелді. Қазақстан Республикасының Үкіметі — атқарушы билікті жүзеге асыратын, атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық ететін мемлекеттік орган.

Орталық салалық атқару билік министрліктердің, ведомстволардың мемлекеттік комиссия және комитеттердің қолына берілген. Олар қарауындағы мемлекеттік басқару салаларындағы істің жайы үшін жауап береді. Олар өзінің құзыреті бойынша бұйрық және инструкция қабылдайды. Үкімет өзінің бүкіл қызметіне, Конституцияға және Республика Президентінің алдында жауапты. Премьер-Министр, оның орынбасарлары және Үкімет аппаратының басшысы Төралқаның құрамына кіреді.

Министрлікті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген ішкі салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республика орталық атқарушы органы болып табылады.

Мемлекеттік комитет тиісті мемлекеттік басқару салаларында мемлекеттік саясатты жүргізетін және осы мақсатта заңдарға салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республика комитеті, бас басқармасы, комиссиясы, агенттігі және Үкімет құрамына кірмейтін өзге де республикалық мемлекеттік басқару органы. Үкімет құрамында орталық атқарушы орган болып табылады. Министрліктің, мемлекеттік комитеттің жанындағы департамент, агенттік, сондай-ақ Республика министрлігінің, Мемлекеттік комитетінің жанындағы өзге де мемлекеттік басқару органы болады. Ол министрлігінің, мемлекеттік комитетінің құзыреті шегінде арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларының, сондай-ақ салааралық үйлестіруді не мемлекеттік басқару саласында дербес басшылықты жүзеге асырады.

### **Жергілікті мемлекеттік басқару органдары**

Бұлар мемлекеттің тиісті аумағындағы істің жай-күйіне жауапты, жергілікті және атқарушы органдар жүзеге асыратын Қазақстан Республикасындағы біріңғай мемлекеттік биліктің түрі.

Олардың функциялары:

- халықтың жергілікті істерге қатысуын қамтамасыз ету;
- жергілікті жерлерді, мемлекеттік меншікті, бюджеттің құрылуын, бекітілуін және орындалуын басқару;
- жергілікті салықтар мен жиналымдарды белгілеу;
- жасалған жоспарлар, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар негізінде тиісті аумақтың дамуын қамтамасыз ету;
- халықтың әлеуметтік мәдени, коммуналдық-тұрмыстық және өзге де қызмет қажетін өтеу.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдар жергілікті өкілетті органдарды, мәслихаттарды қамтиды, олар тиісті әкімшілік аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оның жүзеге асырылуын бақылайды. Жергілікті атқарушы органдарын басқаратын әкімдер, бұларға Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының біріңғай жүйесі енеді, тиісті аумақтардағы мүдделер мен қажеттіліктерді үйлестіре отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Мәслихаттар өздерінің құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер шешімдер мен өкімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақты тұтастығын қорғауды оның Қарулы Күштері жүзеге асырады. Мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздік пен құқық тәртібін қорғау ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарына және республикалық ұланға жүктеледі. Олардың мәртебесі және қызметі заңмен белгіленеді.

Сонымен, мемлекеттік аппарат өкілетті, атқару және сот биліктерінің органдарына бөлінеді. Екіншіден, мемлекеттік органдар төменгі және жоғарғы органдарға бөлінеді. Үшіншіден, мемлекеттік органдар жоғарғы, орталық және жергілікті органдарға бөлінеді.

Мемлекетті талдау оның механизм позициясы жағынан әр элементтің орнын және рөлін, құрылымын мемлекеттік басқару жүйесінде табуға мүмкіндік береді.

Мемлекет механизмінің бірінші элементі болып мемлекеттік орган тұрады.

**Мемлекеттік орган** — мемлекеттік аппараттың өкімет билігіне өкілеттігі бар құрылымдық бөлшегі. Мемлекеттік органның өкімет билігін іске асыруы мемлекеттің мәжбүрлеу күші арқылы қамтамасыз етіледі.

### **3. Құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың негізгі түсінігі**

**Құқық дегеніміз** — адам мен қоғамның жаратылысымен байланысты, тұлғаның бостандығын білдіретін, формалды түрде анықталған, қоғамдық қатынастарды реттейтін, мемлекеттің күшімен қамтамасыз етілетін жалпыға бірдей тәртіп ережелерінің жиынтығы.

Құқық белгілері: нормативтілігі, жүйелігі, формалды анықтылығы; мемлекеттің күшіне сүйенуі; адамдардың еркін білдіруі; жалпыға міндеттілігі; өзгергіштігі.

**Құқықтың қызметі дегеніміз** — адамның іс-әрекетіне, мінезіне, тәртібіне, нормативтік актілердің жасайтын ықпалы мен әсері. Сол арқылы қатынастарды дұрыс, уақытында орындалуын қамтамасыз ету.

Құқықтың реттеу функциясы — нормативтік актілер арқылы қоғамдық қатынастардың байланысын, орындалу жолдарын, бағыттарын анықтап отыру. Бұл функция екі әдіс-тәсілмен орындалады: біріншісі — құқықтық нормада қатынастың орындалу жолдарын, бағытын көрсету; екіншісі — нормативтік актіде субъектілерге толық бостандық беру, дұрыс орындалу бағытын көрсету.

Құқықтық қорғау функциясы — нормативтік актілердің қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін күшейту, жаман қатынастарға тыйым салу. Бұл функцияның әдіс-тәсілдері:

- қоғамдағы қатынастардың дұрыс орындалуын бақылау;
- құқықты нормада тыйым салудың себептерін көрсету;
- жауапкершіліктің түрін көрсету;
- жасаған қателіктері үшін субъектілерді жауапқа тарту;

Құқықтың мәнін білдіруде оған негіз болатын идеялар мен бастаулар құқық принциптері болып табылады. Ол идеялар әділет пен бостандықтың сара жолын қорытындылау арқылы шығарылады.

Құқық принциптері әділдік, дұрыстық көрсеткіші болғандықтан тұрақтылығымен ерекшеленеді. Құқық жасалу барысында мына принциптер негізге алынуы тиіс.

- Демократиялық;
- Ұлтаралық келісім;
- Заңдылық;
- Адамгершілік;
- Азаматтардың заң алдында теңдігі.

Қоғам реттеушіліксіз өмір сүре алмайды, ол дегеніміз адамдардың өмір сүрудің әртүрлі салаларындағы жүріс-тұрысын ретке келтіру. Реттеу нормалардың көмегімен жүзеге асырылады, ал нормалар, өз кезегінде, техникалық және әлеуметтік нормалар болып бөлінеді. Қоғамның әлеуметтік нормалары — бұл қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылатын жүріс-тұрыс ережелері. Оларға құқық, діни, әдет-ғұрып, мораль және корпоративтік нормалар жатады.

**Құқық жүйесі** — бұл құқықтың өзінің құрылымы, оның салаларға, институттарға бөлінуі. Құқықтың жүйелік құрылымы оның белгілі бір байланыстағы көптеген элементтерден құралған біртұтас құрылым екендігін білдіреді.

Құқық жүйесінің негізгі сипаттары:

- оның алғашқы элементі болып құқық нормалары табылады, олар өз кезегінде, біріге отырып, ірі құрылымдарды, институттарды, салаларды құрайды;
- оның элементтері бір-біріне қайшы келмейді, іштей үйлескен, тығыз байланыстылыққа ие, бұл құқық жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етеді;
- ол әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұлттық, діни, мәдени, тарихи факторлармен тығыз байланысты;
- ол объективтік сипатқа ие, себебі объективтік сипаттағы қатынастарға тәуелді және адамдардың субъективтік қалауы бойынша қалыптасуы мүмкін емес.

**Құқық саласы** — бұл белгілі бір қоғамдық қатынастар түрін реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

Құқық саласының белгілері:

- әрбір саланың өз пәні болады;
- әрбір саланың өз заңнамасы, яғни, дербес кодекстері болады;
- құқық субъектілерінің құқықтық жағдайын реттейтін, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру тәсілдерін және құқықтық нормаларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік-құқықтық шараларды орнықтыратын ерекше заңды режимі болады.

### Құқық салаларының түрлері:

1) Негізгі салалар: бұлар басты құқықтық режимдерді қамтиды, жалпы алғанда, құқық салаларының жүйесінің ең басында Конституциялық құқық, одан кейінгі материалдық құқықтар — азаматтық, әкімшілік құқықтар және оларға сәйкес іс-жүргізушілік салалар, азаматтық іс жүргізушілік, қылмыстық іс-жүргізушілік және әкімшілік іс-жүргізушілік құқықтары орналасқан.

2) Арнайы салалар: бұларда құқықтық режимдер қоғамның ерекше сфераларына бағытталған — еңбек құқығы, жер құқығы, қаржылық құқық, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, отбасы құқығы;

3) Кешенді салалар: бұларға негізгі және арнайы салалардың әртүрлі институттарының бірігуі тән — шаруашылық құқық, аграрлық құқық, экологиялық құқық, сауда құқығы, прокурорлық қадағалау, теңіз құқығы.

**Құқық институты** — бұл қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін (тобын) реттейтін заң нормаларының жиынтығы. Мысалы, еңбек құқығында — еңбек тәртібі институты, жалақы институты, азаматтық құқықта — өкілдік институты, әкімшілік құқықта — мемлекеттік қызмет институты, қаржы құқығында — бюджеттік құқық институты т.б.

Белгілі бір нормалар жиынтығының нақты бір құқықтық институтты қалыптастыруының заңды негізі болып үш белгі табылады: 1) құқықтық нормалардың заңды теңдігі; 2) қоғамдық қатынастарды реттеудің толықтығы; 3) құқықтық институтты құраушы нормалардың заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің тарауларында, бөлімдерінде және басқа да құрылымдық бірліктерінде жинақталуы.

### Негізгі түсініктер:

**Мемлекет** — жария өкіметтің пайда болуымен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың нысаны және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда өкіметтің күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі.

**Саяси режим** — мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру әдістерінің жиынтығы.

**Мемлекеттің функциясы** — қоғамды әлеуметтік басқарудағы мемлекеттің атқаратын жұмыстарының негізгі бағыттары мен әдістері.

**Мемлекеттік аппарат** — қоғамды басқару үшін арнаулы құрылған мемлекет органдарының біртұтас жүйесі. Оның нышандары: мемлекет қоғамды басқаратын және тек қана қызметпен шұғылданатын адамдардан тұрады.

**Мемлекеттік орган** — мемлекеттік аппараттың өкімет билігіне өкілеттігі бар құрылымдық бөлшегі. Мемлекеттік органның өкімет билігін іске асыруы мемлекеттің мәжбүрлеу күші арқылы қамтамасыз етіледі.

**Құқық** — адам мен қоғамның жаратылысымен байланысты, тұлғаның бостандығын білдіретін, формалды түрде анықталған, қоғамдық қатынастарды реттейтін, мемлекеттің күшімен қамтамасыз етілетін жалпыға бірдей тәртіп ережелерінің жиынтығы.

**Құқықтың қызметі** — адамның іс-әрекетіне, мінезіне, тәртібіне, нормативтік актілердің жасайтын ықпалы мен әсері. Сол арқылы қатынастарды дұрыс, уақытында орындалуын қамтамасыз ету.

**Құқық жүйесі** — бұл құқықтың өзінің құрылымы, оның салаларға, институттарға бөлінуі.

**Құқық саласы** — бұл белгілі бір қоғамдық қатынастар түрін реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

**Құқық институты** — бұл қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін (тобын) реттейтін заң нормаларының жиынтығы. Мысалы, еңбек құқығында — еңбек тәртібі институты, жалақы институты, азаматтық құқықта — өкілдік институты, әкімшілік құқықта — мемлекеттік қызмет институты, қаржы құқығында бюджеттік құқық институты т.б.

**Нормативтік құқықтық акт** — референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат.

**Заңдар** — белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

**Құқық нормасы (құқықтық норма)** — нормативтік құқықтық актіде тұжырымдалған, көп мәрте қолдануға арналған және нормативтік реттелген ахуал шеңберінде барлық тұлғаларға қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі.

**Заң** — қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген түбегейлі принциптер мен нормаларды белгілейтін, Қазақстан Республикасының Пар-

ламенті, Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайтын нормативтік құқықтық акт.

**Кодекс** — біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық-тық нормалар біріктіріліп, жүйеге келтірілген заң.

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Ағдарбеков Т. А. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық— Алматы: «НАС» баспа компаниясы, 2003.
2. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы.— Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2002.
3. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының проблемалары. Оқу құралы.— Алматы, 2006.
4. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы, 2001.
5. Дулатбеков Н., Амандықова С., Турлаев А., Мемлекет және құқық негіздері.— Астана, 2001.
6. Ашитов З., Ашитов Б. ҚР Құқық негіздері.— Алматы, 2003.
7. Табанов С. Салыстырмалы құқықтану негіздері. Оқулық.— Алматы, 2003.
8. Баққұлов С. Д. Құқық негіздері.— Алматы, 2004.
9. Жоламан Қ., Мұхтарова А., Тәукелев А. Мемлекет және құқық теориясы.— Алматы, 1999.

## 2. ТАҚЫРЫП.

### Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығының негіздері

1. Конституциялық құқық — Қазақстан Республикасының жетекші құқық саласы ретінде.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы — мемлекеттің Ата Заңы.
3. Қазақстан Республикасындағы адамдардың және азаматтардың жағдайының конституциялық негіздері.
4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негіздері.
5. Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі.

#### 1. Конституциялық құқық — Қазақстан Республикасының жетекші құқық саласы ретінде

**Конституциялық құқық** — ҚР құқық жүйесінің жетекші саларының бірі ретінде — ол өзінің ішкі тұтастығымен сипатталатын құқықтық нормалар жүйесін білдіреді және басқа құқық жүйесінің нормаларынан ерекшеленеді. Ішкі тұтастық конституциялық нормалардағы қоғамдық қатынастардың ерекшеліктерімен белгіленетін, солар арқылы реттелетін жалпы белгілердің болатындығын білдіреді.

**Конституциялық құқық пәнін** оның нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар құрайды. Конституциялық құқық пәнінің өзіндік ерекшеліктері бар. Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар мемлекет және қоғам құрылымының негізін құрайды және мемлекеттік биліктің жүзеге асуымен тікелей байланысты жүргізіледі.

Конституциялық құқық пәнін түсіндірудің теориялық, сондай-ақ тәжірибелік мәні бар. Онсыз конституциялық құқықтың нормалары мен институттарына тән мәнін дұрыс түсінуге болмайды, олардың құқықтық реттеудегі мәні мен ролін ашып көрсету, құқықтық жүйедегі орнын анықтау мүмкін емес. Конституциялық құқық пәнін білмейінше оның нормаларын қолдану саласын да анықтау мүмкін емес. Өйткені, нақты құқықтық әрекеттерді таңдау кезінде, ең алдымен қай саланың нормасын қолдану қажеттігін анықтап алу керек. Ал ол үшін, реттеудің

нысаны болып табылатын қоғамдық қатынастар сипатын белгілеу.

Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қатынас мейлінше кең. Ол мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларын: саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа салаларды қамтиды. Әрине, конституциялық құқық нормалары аталған салалардың барлық көріністері бойынша және жан-жақты реттемейді. Ол аталған салаларда тек ең негізгі, базалық қабаттарды ғана реттейді. Бұл қабаттар мемлекет пен қоғамдағы кейін кең дамиды саяси, экономикалық, әлеуметтік, діни байланыстардың негізін қалайды.

Конституциялық құқық, тұтас алғанда, құқықтың реттеу әдістері деп аталады, белгілі біртәсілдер мен әдістердің көмегімен мемлекеттік және қоғамдық қатынастарды реттейді. Конституциялық-құқықтық қатынастарды реттеу үшін төмендегідей:

1. Міндеттеу әдісі; 2. Тыйым салу әдісі; 3. Рұқсат ету әдісі; 4. Тану әдістерді қолданылады.

**Міндеттеу әдісі** мемлекеттік органға сияқты, жеке тұлғаларға да қатысты, олардың барлық қызмет саласында қолданылады.

**Рұқсат ету әдісі** мемлекеттік органдардың өкілеттігін белгілеу кезінде де қолданылады.

Құқықтық реттеудің тағы бір әдісі — **тану әдісін** де қолданады. Кеңестік кезеңнен кейінгі конституциялық құқық жөніндегі әдебиеттерде мұндай әдістің қолданылу мүмкіндігі байқалмайды. Оның үстіне бұл әдіс объективті фактордан — адамдардың табиғи құқығын заң тұрғысынан танудан туындайды.

Конституцияның құқықтық нормалары сала ретінде конституциялық құқықтың тура және тікелей қайнар көзі болып табылады. ҚР Конституциясының құқықтық нормалары қалайша құқықтың қайнар көзі ретінде сипатталады:

1. ҚР Конституциясында бүкіл конституциялық заңдардың негізі болып табылатын құқықтық нормалар орнықтырылады. Басқаша айтқанда, Конституцияның құқықтық нормалары конституциялық-құқықтық қатынастарды реттейтін барлық нормативтік-құқықтық актілерді қалыптастыру мен дамытудың негізі болып табылады.

2. ҚР Конституциясының құқықтық нормалары мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларын: саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени салаларды қамтиды. Әрине, Конституцияның құқықтық нормалары аталған салалардағы қоғамдық қатына-

старды егжей-тегжейлі және жан-жақты реттемейді. Ол тек қоғамдық қатынастардың мәнді, басты бағыттарын ғана реттейді. ҚР Конституциясының құқықтық нормалары құқықтың басқа салаларының құқықтық нормаларынан осынысымен ерекшеленеді.

3. Конституциялық құқықтың басқа бастауларымен салыстырғанда ҚР Конституциясының жоғары заңдық күші бар және ҚР барлық аумағында қолданылады. ҚР-да қабылданған заңдар және басқа нормативтік актілер Конституциядан бастау алуы және оған қайшы келмеуі тиіс. Егер олар Конституцияға қайшы келсе, онда олар заңсыз деп танылады және қолдануға жатпайды. ҚР-ның Конституциясында оның қағидаларының жоғары заңдық күшін қамтамасыз етудің кепілдігі белгіленген.

4. ҚР Конституциясының тек конституциялық құқықтық ғана емес, сондай-ақ құқықтың басқа да салаларының бастауы ретіндегі мәні мынада, онда халықтың мемлекеттің еркі, олардың құқықтық демократиялық мемлекет құру, дүниежүзілік қауымдастыққа оның тең құқылы мүшесі ретінде қосылу жөніндегі табандылығы тікелей көрініс тапқан.

5. Конституция құқықтың басқа бастауларынан, тұтастай қоғамның негізгі заңы екендігімен ерекшеленеді. Басқа нормативтік-құқықтық актілер қоғам өмірінің жекелеген тараптарын қамтиды. Ал, ҚР-сы Конституциясының идеялары, құқықтық нормалары бүкіл қоғам өмірінің мейлінше мәнді бағыттарын реттейді.

6. Сондай-ақ, Конституция конституциялық құқықтың басқа бастауларынан өзгерістер мен толықтырулар қабылдаудың, ерекше тәртібін белгілеуімен де ерекшеленеді. Мұндай тәртіп Конституцияның мемлекет пен қоғамның негізгі заңы ретіндегі және олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттігінен туындайтын мәнімен сипатталады.

7. ҚР-сы Конституциясының тағы бір өзіндік қыры — онда оның басқа қайнарларының нысандары: конституциялық, жәй заңдары, Президенттің нормативтік жарлықтары мен қаулылары, ҚР-сы Үкіметінің қаулылары, сондай-ақ заңдық күшінің деңгейі, қабылдау, жариялау, күшін жою тәртібі көрсетіледі.

ҚР-сы конституциялық құқығының мемлекеттік мәні бар құқықтық нормаларды белгілейтін қайнар көзінің қатарына конституциялық заңдар жатады. ҚР конституциялық заңдарының өзіндік ерекшелігі — олар Конституцияға өзгерістер

мен толықтырулар енгізбейді, тек Конституцияның құқықтық нормаларын нақтылайды. ҚР-ның конституциялық заңдарын қабылдаудағы іс жүргізу Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаудағы іс жүргізуінде ерекшеленеді.

## **2. Қазақстан Республикасының Конституциясы — мемлекеттің Ата Заңы**

1993 жылы 28 қаңтарда егеменді тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің бірінші Конституциясы қабылданды. Ол құқықтық мемлекет құру, оның мемлекеттілігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етудің кепілі болып табылатын тарихи орын алатын ҚР Конституциясы болды. Алайда, қоғам дамуының қажеттілігі негізінде жаңа Конституция жобасы жасалды.

1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдум өткізу (бүкіл халықтық дауыс беру) жолымен қабылданды. Осы Конституцияға конституциялық реформалар нәтижесінде екі рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Алғашқысы 7 қазан 1998 жылы болса, екіншісі 21 мамыр 2007 жылы болды.

Конституцияны қабылдай отырып, Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің қайнар көзі — өзінің егемендік құқығын баянды етті. Ата Заң қабылданған күн демалыс — мемлекеттік мереке — ҚР Конституциясының күні деп жарияланды.

Бұл жаңа Конституция Қазақстанның төртінші Ата заңы (1937, 1978, 1993, 1995). Оның құрылымы кіріспеден, 9 бөлімнен, 98 баптан, көптеген тармақтар мен тармақшалардан тұрады.

Конституцияның ең жоғарғы заңдық күші бар және ол ҚР-ның бүкіл аумағында тікелей қолданылады. Мұның өзі Конституциялық нормалар мен заңдардың басқа нормативтік-құқықтық актілердің нормаларынан үстем екендігін көрсетеді. Кейінгі екі Конституцияның алдыңғы екеуінен елеулі айырмашылығы сол — бұлар тұңғыш рет мемлекетіміздің тәуелсіздікті, егемендікті және Қазақстан халқының толық билігін бекітіп, одан әрі орнықтырды.

Жаңа Ата Заңда құқықтық мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты еркіндігі, идеологиялық және саяси әралуандығы (сөз және шығармашылық бостандығы, саяси партиялар мен бұқаралық партиялар, сондай-ақ бұқаралық

қозғалыстар бірлестігін құру еркіндігі), халық билігін жүзеге асыратын демократиялық амалдар, экономикалық қатынастардың қызмет етуі әлемдік талаптарға сәйкестендірілген. Оның нормалары тұрақты, жалпы мәнде ұзақ жылдарға бейімделіп тұжырымдалған.

ҚР Конституциясы барлық заң салаларының негізі болып табылады, ал оның нормалары басқа заңдар үшін басты қағида болып есептеледі.

ҚР Конституциясының кіріспесінде Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаттары былай түсіндірілген: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүние жүзі қоғамдастықта лайықты орын алуды көздей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз». Ата Заңның бұл бөлігі саяси және идеология тұрғысынан алғанда аса маңызды. Өйткені, бұл Ата Заң ҚР-нда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың конституциялық негізін қалады.

Осыдан келіп, ҚР-ның мынадай негізгі мақсаты туындайды: өзінің ең қымбат қазынасы ретінде адамды және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын айқындап, бекіту; өз елінде және мемлекеттер арасында азаматтық бейбітшілікті, ынтымақтастық пен тату қарым-қатынас жасау әдістерін орнықтыру; байырғы қазақ жерінде мемлекеттік бірлікті сақтау; республиканың тәуелсіздігін сақтап, ұстап тұру; ҚР-ның демократиялық негіздерінің мызғымастығын бекіту.

Осыған орай республика қызметінің түбегейлі қағидалары айқындалады, олар:

- қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық;
- бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму;
- қазақстандық патриотизм;
- мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламенттік дауыс беру арқылы шешу (1-бап, 2-тармақ).

Ата Заңның негізгі бөлігінде (I—VIII бөлімдер) азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы, конституциялық құрылыс жайлы, мемлекеттік нысандар

жөнінде, мемлекеттік буындардың жүйесі мен мәртебесі туралы (Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес, соттар, және сот төрелігі, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы) нормалар тұжырымдалған.

Қорытынды және өтпелі ережелер мазмұндалған соңғы IX бөлімде Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі, конституциялық заңдар мен өзге де заңдарды қабылдау рәсімі сөз болады. Ата Заң құрылымына жасалатын талдау оған негіз болған конституциялық идеялардың айқын көрінісін береді.

«Жалпы ережелер» деп аталатын I бөлімде жаңа конституциялық құрылысқа сапалық сипаттама берілген, яғни Конституция бойынша республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл бөлімде осыған орай конституциялық құрылысты айқындайтын, мемлекет пен жеке адамдардың және азаматтық қоғамның қарым-қатынастарынан туындайтын негізгі қағидалар тұжырымдалған, олар:

- Қазақстан халқының толық билігі (егемендігі);
- Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы;
- мемлекеттік билікті жүзеге асыру барысындағы пікір еркіндігі;
- Конституцияның үстемдігі (жоғары тұратындығы);
- мемлекет билігінің бөлінісі;
- адам құқықтары мен бостандықтарының мемлекет мүдделерінен басымдығы;
- мемлекеттік тіл саясатының кепілдігі, т.б.

Азаматтық қоғамда мемлекет адам мүддесі үшін жұмыс істейді, мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлініп, олардың тежемелік, тепе-теңдік жүйесі пайдаланылады.

ҚР конституциялық құрылысының мазмұны саяси, экономикалық негіздерден, әлеуметтік саясат негіздерінен, ішкі саясат негіздерінен құралады. Олар ҚР Конституциясының 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 12, 14, 26-баптарында тұжырымдалған.

Конституцияның 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады», — деп жарияланған. Мұның өзі Конституцияның 2-бабының 1-тармағында көрсетілгеніндей,

«Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет» екендігінен туындайды. Мұның мәнісі мынада: біріншіден, Президент мемлекеттік билік тармағының бір де біріне жатқызылмайды; екіншіден, Президентті халық сайлайды және ол Парламентке тәуелсіз; үшіншіден, Президентке кең өкілеттіктер беріледі және ол Конституцияға сәйкес мемлекеттік биліктің барлық тармақтарына, олардың өз өкілеттіктерін тиімді жүргізуіне көмектеседі, олардың өзара қарым-қатынастарына сындарлы ықпал ете алады; төртіншіден, ұлан-байтақ қазақ жері ұлттық-аумақтық бөліністерге бөлінбей, тек әкімшілік-аумақтық бөліністерге — облыстарға, қалаларға, аудандарға, ауылдарға ғана бөлінеді және олар жоғарыдағы бір орталыққа бағынады. Демек, мемлекеттің басында заңды түрде сайланған Президент тұрып, басшылық етеді.

Президенттік басқару нысаны елдегі саяси тұрақтылықты және қоғамдық келісімді қамтамасыз етеді. Ал «Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді» (2-бап, 2-тармақ).

Қазақстандағы саяси құрылыс демократиялық болып жариялануына орай Ата Заңның 3-бабы халық егемендігінің конституциялық қағидасына арналған. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық екендігі былай баяндалған: «Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар» (3-бап, 2, 3-тармақтар).

Сонымен қатар ҚР-нда идеологиялық және саяси әралуандылық танылады. Қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірігіп кетуіне, мемлекеттік органдарда саяси партиялардың ұйымдарын құруға жол берілмейді.

«Адам және азамат» деп аталатын II-бөлімде адам мәртебесі, жеке бастың құндылығы ашып көрсетілген. Онда жеке адамның құқықтары мен бостандықтары халықараралық құқықтың мойындалған қағидалары мен қалыптарына тікелей байланыстырылған. Азаматтардың құқықтары мен бостан-

дықтарының мемлекет мүддесінен жоғары қойылуы Ата Заңның басты ұстанымы болып табылады.

«Президент» деп аталатын III-бөлім мемлекет басшысы ретінде Президенттің жаңа мәртебесін толық бейнелейді. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңы негізінде ҚР Президенті 5 жылға сайланады делінген. Сонымен қатар, бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. ***Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды***, делінген.

Басқа мемлекеттік органдардың құрылуы мен қызметі IV—VIII бөлімдерде көрсетілген. ҚР Конституциясының құрылымында әр бөлім өз қисынымен ретті орналасқан әрі баршаға түсінікті.

«Қорытынды және өтпелі ережелер» деп аталатын IX бөлімде жаңа Ата Заңды күшіне енгізу нормалары бекітілген, бұрынғы Конституцияның қолданылу күші қай кезден бастап жойылғаны нақтыланған. 1995 жылғы Конституция күшіне енгенге дейін қолданылып келген заңдардың одан әрі қолданыста болу тәртібі көрсетілген. Ата Заңның мемлекеттік және қоғамдық органдардың өзге актілеріне де, соның ішінде басқа заңдарға да қатысты ең жоғары заңдық күші бар. Мемлекеттік органдардың өзге актілері, барлық заңдар ҚР Конституциясы негізінде және соған сәйкес, сол белгілеген рәсім бойынша қабылданады.

Мемлекет жасасатын халықараралық келісімдер мен шарттар да ҚР Конституциясына сәйкес болуға тиіс. Қолданыстағы нормалар конституциялық қалыптармен сай келмеген жағдайда соңғысы қолданылады, өйткені, басқа нормалар осыған сай келтірілуге тиіс. Конституцияның қағидаларына қайшы келетін заңдар мен өзге актілердің заңдық күші болмайды. Яғни, кез келген демократиялық құқықтық мемлекеттің ағымдағы заңдары құқықтың базалық көзі болып табылатын Конституцияға негізделеді және оның рухына сай келуге тиіс. Конституцияның нормалары ағымдағы заңдармен ұштастырылуы мүмкін. Алайда, ағымдағы заңдар Конституцияның шеңберінен шығып кетпеуге тиіс және конституциялық нұсқаулар мазмұнын өзгертпеуге тиіс. Кез келген құқықтық актінің Конституцияға сай келмеуі немесе оған қайшы келуі бұл құқықтық актінің заңды күшінен айырып, жарамсыз етеді. Бұл Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет құрудың аса маңызды шарты.

ҚР Конституциясының жоғары тұрғандығын арнайы мемлекеттік орган — ҚР Конституциялық Кеңесі қамтамасыз етеді. ҚР Конституциясының 74-бабына сәйкес, ҚР Конституциясына кереғар деп танылған заңдар мен халықараралық шарттар қол қойылуға жатпайды немесе тиісінше бекітілуге және күшіне енгізілуге тиіс емес.

Заңдарды Конституцияға сай келеді деп тану оларға қол қою мерзімінің басталғандығын білдіреді. Конституцияда баянды етілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектейді деп танылған заңдар немесе өзге нормативтік-құқықтық актілер күшін жояды және қолданыстан шығарылады. Сондай-ақ, соттар мен өзге де құқық қорғаушы органдардың осындай заңға немесе өзге нормалық-құқықтық актіге негізделген шешімдері де орындалуға жатпайды.

ҚР Конституциясы тұрақтылық нышанымен ерекшеленеді. Негізгі заң ретінде оған өзгерістер енгізу тәртібі де ерекше сипатта болады, бұл тәртіп Конституцияның өзінде белгіленген. Мәселен, 91-баптың 1-тармағына сәйкес ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Республика Президентінің бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешім бойынша өткізілетін республикалық референдумда жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер Президент өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Парламенттің қарауына беруді ұйғарса, онда өзгерістер мен толықтырулардың жобасы республикалық референдумға шығарылмайды. Бұл ретте Парламенттің шешімі Конституцияда белгіленген тәртіппен, яғни әр Палата депутаттары жалпы санының 3/4 дауысымен қабылданады (62-бап, 3-тармақ). Егер Президент Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелерін республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, онда қос Палата депутаттарының жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік дауысымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайда Президент осы заңға қол қояды немесе референдумға шығарады. Егер референдумға қатысуға құқығы бар Республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, референдум өткізілді деп есептеледі, егер олардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, заң қабылданды деп саналады.

### **3. Қазақстан Республикасындағы адамдардың және азаматтардың жағдайының конституциялық негіздері**

Азаматтық дегеніміз жеке тұлғаның белгілі бір мемлекетпен болған тұрақты саяси-құқықтық байланысына айтылады, бұл байланыс олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығынан көрінеді.

ҚР Конституциясы мен 1991 жыл 20-желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға сәйкес азаматтықтың принциптері белгіленген. Олар:

1) ҚР-да әрбір адамның азаматтық алуға құқысы бар. Ешкімді де азаматтығынан немесе азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға болмайды.

2) ҚР-ның азаматтары азаматтықты алу негіздеріне, тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге көзқарасына, саяси және өзге де сенімдеріне, кәсібінің түрі мен сипатына, тұрғылықты жеріне және басқа мән-жайларына қарамастан Заң алдында тең.

3) ҚР азаматының республикадан тыс жерлерде тұруы азаматтықты тоқтатуға негіз бола алмайды, яғни ҚР азаматтығы сақталады.

4) ҚР азаматының немесе азаматшасының республика азаматы болмаған адаммен некеге тұруы азаматтықтың өзгеруіне алып келмейді, яғни Қазақстан азаматтығы сақталады.

5) ҚР мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда республика азаматын басқа мемлекетке тапсыруға болмайды.

6) Республикадан тыс жерлердегі ҚР-ның азаматтарын сақтау және олардың Заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде ҚР қамқорлық жасап, шаралар қолданады. Республика өзінің органдары мен лауазымды адамдары арқылы азаматтар алдында жауапты есептеледі.

7) Мемлекетаралық шарттарда көзделген реттерді қоспағанда, ҚР-ның азаматы болып танылған адам басқа мемлекеттің азаматы болып танылмайды, яғни екі азаматтыққа жол берілмейді.

Республика аумағынан кетуге мәжбүр болған және басқа мемлекеттерде тұратын барлық қазақтардың басқа мемлекет азаматтығымен қатар, егер бұл өздері жасап тұрған мемлекеттің

заңдарына қайшы келмесе, ҚР-ның азаматы болу құқығы танылады.

ҚР «Азаматтығы туралы» Заңында азаматтық алудың бірнеше негіздері белгіленген:

**1) тууы бойынша азаматтыққа ие болу.** Бала туған кезде ата-анасының екеуі де ҚР-ның азаматы болса, ол қай жерде туғанына қарамастан ҚР-ның азаматы болып танылады.

Егер бала туған кезде ата-анасының екеуі де ҚР-нан тыс жерлерде тұрақты тұрып жатқан болса, баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде білдірген келісімі бойынша анықталады.

Егер ата-анасының азаматтығы әр түрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі ҚР азаматы болған жағдайда бала Республика аумағында туса, ол ҚР азаматы болып танылады. Бала ҚР-нан тыс жерде туса, бірақ ата-анасының немесе олардан біреуінің бұл кезде ҚР аумағында тұрақты тұрғылықты жері болса, болса ҚР-ның азаматы болып табылады. Ата-анасының екеуі де белгісіз ҚР аумағындағы бала ҚР-ның азаматы болып табылады. ҚР аумағында тұрақты тұрғылықты жері бар, бірақ азаматтығы жоқ адамдардың ҚР аумағында туған баласы ҚР азаматы болып танылады.

**2) ҚР азаматтығын қабылдау.** Басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар олардың өтініштері бойынша Заңға сәйкес ҚР азаматтығына қабылдануы мүмкін.

Азаматтыққа қабылдау туралы өтініштер бойынша шешімді ҚР Президенті қабылдайды.

ҚР азаматтығына Республика аумағында кемінде он жыл тұрақты тұрып келген, не ҚР азаматтарымен некеде тұратын адамдар қабылдануы мүмкін.

**3) ҚР мемлекетаралық азаматтық шарттары негізінде ҚР азаматтығын алу.** Мұндай шарттар түзілгенде басқа мемлекеттерде тұрған қазақтар ҚР азаматтығына ие бола алады.

**4) Заңда көзделген басқа негіздер бойынша** мысалға, бұрын ҚР-ның азаматы болған адамның өтініші бойынша заң талаптарына сәйкес оның ҚР азаматтығы қалпына келтірілуі мүмкін.

ҚР «Азаматтық туралы» Заңына сәйкес азаматтық төмендегі жағдайларда тоқтатылады.

**1) ҚР азаматтығынан шығу.** Азаматтықтан шығуға адамның Заңда белгіленген тәртіппен жасаған өтініші негізінде рұқсат етіледі.

Бірақ, егер шығу туралы өтініш жасаушы адамның ҚР алдындағы өтелмеген міндеттері болса азаматтықтан шығаруға бас тартылады. Егер шығу туралы өтініш жасаған адам айыпкер ретінде қылмысты жауапқа тартылған болса не заң жүзінде күшіне енген сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген болса, немесе ол адамның ҚР азаматтығынан шығуы ҚР-ның мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келсе, азаматтықтан шығуға жол берілмейді.

**2) Азаматтықтан айырылу.** Төмендегі жағдайларда азаматтықтан айырылады.

а) ҚР мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерде. Мысалы, Қазақстанда жасаушы қырғыздарға Қырғызстан Республикасы азаматтығын алу мүмкіндігі туралы Қазақстан мен Қырғызстан Республикалары арасында шарт түзілсе;

б) ҚР азаматының басқа мемлекетте қауіпсіздік қызметіне, полицияға, әділет органдарына немесе өзге де басқару органдарына қызметке орналасуы салдарынан;

в) егер ҚР-ның азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс етілу нәтижесінде алынған болса;

г) ҚР-ның азаматы болып табылатын, басқа мемлекеттердің азаматтары асырап алған бала, егер олар ҚР-нан тыс жерлерде тұрақты тұратын болса, асырап алушылардың өтініші бойынша ҚР азаматтығынан шығарылады.

**3) Мемлекет аралық азаматтық жөніндегі шарттар негізінде.**

Жеке тұлғаның қоғамдағы жағдайы мемлекеттің өркениеттілігін көрсетеді. Конституцияда адам және азаматтардың, мынадай жеке құқықтары бекітілген:

1) Адамның ең маңызды табиғи құқығы әркімнің өмір сүру құқығы. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді.

2) Адамның қадір қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге болмайды.

3) Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар, яғни әрбір адам өз еркімен дінге көз қарасын анықтауға құқылы. Дінге сену немесе сенбеу, дінді тандау әркімнің өз жұмысы. ҚР-да діни бірлестіктер мемлекеттен ажыратылған, яғни діни ұйымдар

мен мемлекет бір-бірінің ісіне араласпайды, діни ұйымдар Республика Конституциясына, басқа да Заңдарға қайшы келетін әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

4) ҚР-да әркімнің жеке өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына құқығы бар. Әркімнің жинаған қаражаты, жазысқан хаттары, телефон арқылы сөйлескен сөздері, почта, телеграф арқылы алынған хабарларының құпиялығы сақталады.

5) Республикада заңды түрде жүрген әрбір адамның, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар. Азаматтардың Республикадан тыс жерлерге кетуіне, кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

6) Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

#### ***ҚР азаматтарының саяси құқықтары мен бостандықтары.***

Азаматтық түсінігінің өзінде саяси мағына бар, яғни азамат пен мемлекеттің өзара саяси байланыстығын көрсетеді. Демек азаматтар мемлекетті басқаруда, қоғамдық істерде қатыса алуы үшін белгілі құқықтар мен бостандықтарға ие болуы тиіс.

Саяси құқықтардың ең негізгісі өкілді органдарды (аудандық, қалалық, облыстық маслихаттар, парламент) қалыптастыруда азаматтардың тікелей қатысуы. Азаматтар мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

Конституция бойынша азаматтар бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Мемлекет органдары азаматтардың заңды мұндай әрекеттеріне кедергі жасамауға тиіс.

Азаматтар қоғамның саяси өмірінде белсенді қатысу мақсатында қоғамдық бірлестіктер құру құқығынан пайдаланады. Діни бірлестіктерден басқа бірлестіктер саяси өмірде қатыса алады. Олардың ережелері мен бағдарламалары Конституция көлемінде түзілу керек.

Азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметті лауазымына кандидатқа қойылатын та-

лаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және олар заңмен белгіленеді.

ҚР азаматтарының экономикалық және әлеуметтік құқықтарымен бостандықтары.

Әркімнің экономикалық құқықтары мен бостандықтары оның материалдық өндірісте және материалдық байлықты бөлуде қатысу мүмкіндігін жүзеге асыру үшін керек. Оның әлеуметтік құқықтары мен бостандықтары адамның рухани және жеке талаптарын қанағаттандыру үшін қажет.

ҚР Конституциясы бойынша азамат заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

Әркімнің, еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Экономикалық құқықтар жүйесінде бұл негізгі орын алады. Себебі еңбекке қабілетті әрбір адам өз еңбегімен күн көруге заңды мүмкіндігін алады.

Конституция бойынша еріксіз еңбекке жол берілмейді. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

Конституцияда азаматтардың дем алу құқығы бекітілген. Жұмыс күнінің ішінде үзілістің болуы, апталық демалыс күні, жыл сайын берілетін еңбек демалысы, мемлекет тарапынан белгіленген мейрам күндері тынығу құқығының түрлері болып танылады.

Қазақстан азаматтарының денсаулық сақтау құқығы бар. Олар заңмен белгіленген кепілді медициналық көмек көлемін тегін алуға хақылы. Сонымен қатар, мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі. Мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

Конституцияда азаматтардың білім алу құқығына кепілдік берілген. Білім алу құқығы жастардың орта білім алудың міндеттілігімен басталады. Орта білім алған азамат өзінің білімін онан гөрі колледждерде, институт, университеттерде жалғастыруға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік оқу орындарында тегін оқытылады, студенттерге стипендия төленеді. Конституция бойынша ақылы білім алуға да жол беріледі.

Азаматтарға құқықтар мен бостандықтар берілуі мен бір-қатар көптеген құқықтық міндеттер жүктеледі. Себебі құқықтар

мен міндеттер қатар жүреді, оларды ажырату мүмкін емес. Әрбір адам басқа біреудің алдында, қоғам және мемлекет алдында міндетті болады, өзара байланыста болады. Міндеттердің негізгілері конституциялық міндеттер болып табылады.

Олар төмендегілер:

1) Әрбір адам Республика Конституциясын сақтауға, Заңдарды сақтауға, орындауға міндетті, яғни Заңды бұзбауға тиіс.

2) Әрбір азамат басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар намысын құрметтеуге міндетті.

3) Азаматтар заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеуге міндетті.

Салықтар мен алымдар республикалық және жергілікті болып бөлінеді. Олардың мөлшері заңмен белгіленіп, барлық жеке және заңды тұлғалар төлеуге міндетті.

4) Қазақстан Республикасын қорғау — оның әрбір азаматының қасиетті борышы және парызы. Белгілі жасқа толған (18 жасқа) республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады.

5) Әркім ҚР-ның мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Жалау, Елтаңба, Әнұран елдің қасиетті белгілері болып есептеледі.

6) Азаматтар тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті. Сонымен қатар азаматтар табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

ҚР-ның Конституциясы бойынша неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы.

ҚР Конституциясында шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық мәртебесінің негізгі принципі белгіленген. 12-баптың 4-тармағында «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарын пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады» — деп бекітілген.

1995 ж. 19-маусымда қабылданған «Шет ел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Президент Жарлығында шет ел азаматтарының құқықтық мәртебесі толық белгіленген. Шет ел азаматы деп, Қазақстан азаматы болып танылмайтын, басқа бір мемлекеттің азаматы екендігін дәлелдейтін құжаты бар

адамдарға айтылады. Белгілі бір мемлекеттің азаматы екендігін дәлелдейтін құжаты жоқ тұлғалар азаматтығы жоқ адамдар деп танылады.

Шет ел азаматтары екі топқа бөлінеді: 1) Республикада тұрақты жасаушы шет ел азаматтары; 2) Республикаға уақытша келіп-кетуші шет ел азаматтары, олар белгілі бір мерзім өткен соң Республикадан шығып кетуі тиіс.

Жарлыққа сәйкес кейбір жағдайларда шет ел азаматының ҚР-на келуіне рұқсат етілмейді: а) мемлекет қауіпсіздігін көздеп, қоғамдық тәртіпті және халықтың денсаулығын сақтау мақсатында; б) Қазақстан азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында; в) егер шет ел азаматы Қазақстанның егемендігіне қарсы шықса; г) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық немесе діни араздыққа шақырса; д) егер ол террорлық әрекеті үшін сотталған болса.

Кейбір жағдайларда шет ел азаматына Республикадан шығып кетуге жол берілмейді: а) егер ол қылмыстық жауапқа тартуға негіз болса; б) егер ол жасаған қылмысы үшін сотталған болса; в) егер оның өтелмеген міндеттері болса.

Кейбір жағдайларда шет ел азаматтары Республика аумағынан мәжбүрлеп шығарылып жіберіледі, егер оның әрекеті мемлекет қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына қайшы келсе.

ҚР адам құқықтары бұзылуының құрбаны болған шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға баспана құқығын береді. Саяси баспана беру мәселесін Республика Президенті шешеді.

#### **4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негіздері**

Әрбір мемлекетке тән бір ортақ көрініс — бұл мемлекетті ұйымдастыруда және мемлекеттік құрылысында өзіне ғана үйлесімді ерекшеліктердің болуы.

**Конституциялық құрылыс** бұл — сол елдің Конституциясында бекітілген, мемлекетті құрудағы ерекше бір әдіс немесе ерекше бір форма.

ҚР Конституциясының 1-ші бабына сәйкес, «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді, оның жоғары құндылығы ретінде адам оның өмірі, құқығы мен бостандығын қояды» деп жазылған.

**Басқару түрпаты** жағынан Қазақстан мемлекеті республика болып есептеледі. Мемлекеттегі билік халық тарапынан

сайланған, белгілі бір мерзімдік өкілеттіліктерге ие өкілеттік органдар арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан — Президенттік басқарудағы республика.

ҚР-ның Президенті мен Парламенті жеке сайлауларда сайланады. Бұл көп жағдайда Президенттің Парламентке қатысты Тәуелсіз жағдайын анықтайды. Қазақстандағы Президенттік басқарудың негізгі белгілері:

- республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді;

- Президент — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі;

- Президент Ұлттық Банкінің төрағасының, Бас Прокурорды және Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Төрағасын қызметке Парламенттің келісімімен тағайындайды және қызметінен босатады.

ҚР Президенті Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіргенде, Парламент Премьер-Министрді тағайындауға екі мәрте келісім бермегенде, Парламент Палаталарының арасындағы немесе Парламент пен Мемлекеттік билік басқа тармақтары арасындағы еңсерілмейтін келіспеушілік салдарынан саяси дағдарыс болғанда Парламентті тарата алады.

**Зайырлы сипаты** жағынан Қазақстан мемлекетіне бірнеше көріністер тән. Бұл көріністер ел Конституциясында және ҚР-ның 1992 жылдың 15-ші қаңтарында шыққан «Діни наным еркіндігі және діни бірлестіктер» туралы заңында кең көрініс тапқан. Қазақстанда дін мемлекеттен бөлінген. Барлық діндер және діни бірлестіктер заң алдында бірдей. Қандайда бір дін немесе діни бірлестік бір-бірімен болатын қарым-қатынастарында екінші біреуіне қарағанда артықшылық немесе басымдылыққа ие бола алмайды. Мемлекеттің зайырлы сипаты деген ұғым, бұл жерде әрине мемлекеттің ұйым бірлестіктерімен мүлдем қатынас жасамайды дегенді білдірмейді. Діни бірлестіктер осы дінге сенушілердің дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуына ерекше әсер етеді. Сондықтан да діни бірлестіктермен тығыз байланыс әрі жұмыс жасайтын мемлекеттік органдар құрылған.

**Мемлекеттің демократизмдік деңгейі** — елде халық билігінің шын мәнісінде толық қамтамасыз етілуімен бейнеленеді: биліктің заң шығарушылық, атқарушылық, соттық болып бөлінуі саяси және идеологиялық әралуандылық жергілік-

ті өзін-өзі басқаруы сияқты маңызды салаларынан көрінеді. ҚР Конституциясының 3-ші бабында «Мемлекеттік биліктің басты, әрі бірден-бір қайнар көзі — халық болып табылады» деп жазылған.

Халық билікті Республикалық Референдум және еркін сайлау арқылы, мемлекеттік органдарға өз өкілдерін қою арқылы іске асырады. Идеологиялық және саяси әралуандылық қағидалар ҚР Конституциясының 5-ші бабында бекітілген. Қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар қосылуына және мемлекеттік органдар мен ұйымдарда саяси партиялар құруға жол берілмейді, қоғамдық ұйымдардың барлықтары заң алдында бірдей тең.

ҚР демократиясының көрінісі ретінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мойындалуын айтсақ болады. Бұл органдар тұрғындардың жергілікті деңгейдегі барлық мәселелерін өз бетінше шешеді.

ҚР Конституциясының 2-ші бабына сәйкес, аумақтық құрылымы жағынан ҚР-сы бөлінбес, біртұтас унитарлы мемлекет болып есептеледі.

Біртұтас унитарлы мемлекет — бұл өз құрамында басқа да мемлекеттік құрылымдар жоқ, әкімшілік-территориялық негізде орналасқан және орталық органдар қабылдаған заңдар негізінде басқарылатын мемлекеттік-территориялық құрылым. Ол әкімшілік-территориялық орналасуына қарай әкімшілік-территориялық бірліктерге бөлінеді.

Олар: Облыс, аудан, қала, ауыл (село), ауылдық (селолық), округтар болып аталады.

ҚР территориясының біртұтастығы конституциялық құқықтың мәртебесінің бөлінбес элементі болып табылады. ҚР өз территориясы мыналардан тұрады: Субъектілер территориясы және құрғақ және ішкі сулары, территориялық теңіз иелігі, және осылар үстіндегі әуе кеңістігі. Әкімшілік аумақтық жағынан Қазақстан 14 облысқа бөлінген, олардың құрамында 160 аудан және 84 қала бар, жалпы көлемі 2 млн. 727,9 мың шаршы км.

**Мемлекет тәуелсіздігі.** ҚР Конституциясы 2-ші бабында айталғандай — өзге бір мемлекеттен тәуелсіз, өз бетінше билік жүргізетін мемлекетті айтады. Мемлекет суверенитетінің тағы бір белгісі — мемлекеттік биліктің үстем болуы, ел бірлігі және тәуелсіздігі. Конституцияның 91-ші бабында бекітілгендей, мемлекеттің біртұтастығы мен территориясының бөлінбестігі, биліктің басқару түрпаты өзгертілуі мүмкін емес. Мемлекеттік

тіл — бұл заң шығарушылық істерінде және ресми іс жүргізуде қолданылатын мемлекеттің негізгі тілі. ҚР Конституциясының 7-ші бабына сәйкес ҚР-да мемлекеттік тіл — **қазақ тілі** болып табылады. Қазақ тілімен бірдей мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі де қолданылады. Сонымен бірге, Мемлекет Қазақстан халықтарының өсіп-өркендеуіне, үйренуіне қамқорлық жасайды. ҚР Конституциялық құқықтың мәртебесінің негізгі элементі ретінде оның шетелдермен халықаралық қатынас жасау құқығы аталады. ҚР тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық және мемлекетаралық келісім-шарттар жасайды, халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады, ұжымдық қауіпсіздік пен аймақтық одақтарға мүше бола алады. ҚР міне, осы қадамдарға негіз болатын барлық құқықтық субъектілерге ие.

ҚР Конституциялық мәртебесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде оның мемлекеттік рәміздері — Туы, Елтаңбасы, Ән ұраны есептеледі. Оларда ел тәуелсіздігі, мемлекет астанасы — Астана бейнеленеді.

## 5. Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі

Сайлау жүйесі мемлекеттік құрылыстың негізгі элементі болып табылады. Қазақстан Республикасында сайлау жүйесі мен сайлау құқығы халықтық егемендіктің бір белгісі ретінде көрінеді, соған байланысты Президент сайлауы, Мәжіліс депутаттары мен жергілікті Мәслихат — сайлауы жүргізіледі.

Республиканың сайлау құқығының көзі құқықтық актілерді, конституциялық құқықтық нормаларды, қоғамдық қатынастарды бағыттаушы, елдегі сайлау органдарының бағытын құрастыру болып табылады.

Сонымен, 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы Республика Президентінің, Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі, мәслихаттары депутаттарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өзірлеу мен өткізу кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді, сондай-ақ Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгілейді.

### Сайлау құқығы принциптері:

- Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару

органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі;

- Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі;

- Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматты сайлауға қатысуға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ.

**Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы** — Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауға дауыс беруге қатысу құқығы.

**Бәсең сайлау құқығы** — Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы.

Сайлауға сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды.

Сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, соның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидат бола алмайды.

**Тең сайлау құқығы** — сайлаушылар Республика Президенті, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттары сайлауына тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауыс болады.

Сайлаушылар Республиканың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының тең дауыс саны болады.

**Төте сайлау құқығы** — Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтар тікелей сайлайды.

**Жанама сайлау құқығы** — Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылар мәслихаттардың депутаты болып табылатын Республика азаматтары қатысады.

Таңдаушылар Сенат депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының Сенат депутатын сайлаған кезде бір дауысы болады.

**Жасырын дауыс беру** — Республика Президентін, Парламентінің және мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауда жасырын дауыс беріледі әрі сайлаушылардың еркін білдіруіне қандай да болсын бақылау жасау мүмкіндігіне жол берілмейді.

Президентті және Парламент депутаттарын сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады: 1) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) елу процентінен астамының дауысын алған; 2) қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін алған.

Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады: 1) басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі жақтап дауыс берген кандидаттар сайланған болып саналады.

**Сайлау органдары.** Қазақстан Республикасында сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары сайлау комиссиялары болып табылады.

Сайлау комиссияларының біртұтас жүйесін мыналар құрайды:

- Республиканың Орталық сайлау комиссиясы;
- аумақтық сайлау комиссиялары;
- округтік сайлау комиссиялары;
- учаскелік сайлау комиссиялары.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі — бес жыл.

Республиканың Орталық сайлау комиссиясы Республика сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Орталық сайлау комиссиясы Республика Президентінің ұсынуы бойынша

Парламент Мәжілісі қызметке сайлайтын және қызметтен босататын комиссияның төрағасынан, төрағасының орынбасарынан, хатшысынан және мүшелерінен тұрады. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысының жоғары заң білімі болуға тиіс.

**Республикалық референдум** — ҚР-сы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру. Референдум Республиканың бүкіл аумағында өткізіледі.

1995 ж. 2 қарашадағы «Республикалық Референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен реттеледі.

Республикалық референдум талқысына қойылатын мәселелер: 1) Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу; 2) Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешу қойылуы мүмкін.

Республикалық референдумның талқысы бола алмайтын мәселелер мыналар: 1) адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын;

2) мемлекеттік біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгерту; 3) Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы мен шекараларының; 4) сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау; 5) бюджет пен салық саясаты; 6) рақымшылық пен кешірім жасау; 7) Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату; 8) Республиканың халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерін орындау мәселелері референдум талқысына қойылатын мәселелер бола алмайды.

Референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрақтылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарына беріледі. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ. Республиканың өзге азаматтарының референдумға

қатысу құқығын қандай да болмасын тікелей не жанама шектеуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жазаланады.

Азаматтар референдумға тең негіздерде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір дауысқа не тең дауыс санына ие болады. Азаматтар референдумға тікелей қатысады.

### Негізгі түсініктер:

**ҚР-ның Президенті** — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

**Парламент** — Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы.

**ҚР Үкіметі** — Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайтын алқалы орган.

**Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы** — Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы.

**Бәсең сайлау құқығы** — Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы.

**Тең сайлау құқығы** — Сайлаушылар Республика Президенті, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттары сайлауына тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысы болады.

**Төте сайлау құқығы** — Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтар тікелей сайлайды.

**Жанама сайлау құқығы** — Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылар — мәслихаттардың депутаты болып табылатын Республика азаматтары қатысады. Таңдаушылар

Сенат депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының Сенат депутатын сайлаған кезде бір дауысы болады.

### ✓ Әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ғ. ҚР Конституциялық құқығы.— Алматы 1998 ж.
2. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы 2002 ж.
3. Дулатбеков Н., Амандықова С., Турлаев А. Мемлекет және құқық негіздері.— Астана. 2001 ж.
4. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы.— Алматы. 1998 ж.
5. Зиманов С. Конституция и Парламент РК.— Алматы. 1996 г.
6. Нұрпейсов Е., Котов К., Қазақстан Республикасы: хандық биліктен Президенттік Республикаға дейін.— Алматы. 1995 ж.

### Нормативтік-құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.— Алматы, 2002.
2. ҚР Конституциясы. 28 қаңтар 1993 жыл.— Алматы, 1993.
3. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық Заңы.
4. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Қазақ КСР Президентін сайлау туралы 1991 жылғы 16 қазандағы Заңы.
5. ҚР-ның «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті туралы» 2000 жылғы 27 маусымындағы Конституциялық Заңы.
6. ҚР-ның Президенттің «Қазақстан Республикасы Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар Жарлығы.
7. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қазандағы Конституциялық Заңы.
8. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық Заңы.
9. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы.

### 3. Тақырып. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқығының негіздері

1. *Әкімшілік құқық пәні, әдісі, жүйесі.*
2. *Мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік қызмет.*
3. *Әкімшілік құқықбұзушылық және жауапкершілік.*

#### 1. Әкімшілік құқық пәні, әдісі, жүйесі

Әкімшілік құқық — қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы, құқықтың бір саласы. Атқару билігі мен мемлекеттік басқарудың іске асырылуы барысында, тұлға мен мемлекет, азамат пен атқару билігі органдары, мемлекеттік басқару саласындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, іске асыру.

«Администрация» сөзі латын тілінен аударғанда «басқару» деген мағынаны білдіреді. Әкімшілік құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар мемлекет және қоғам құрылымының негізін құрайды және атқару биліктің жүзеге асуымен тікелей байланыста жүргізіледі.

Әкімшілік құқық — мемлекеттік басқару қызметін ұйымдастыру мен іске асыру барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдық нормалар жиынтығы.

*Әкімшілік құқық саласының белгілері:*

- Қазақстан құқығының негізгі, жариялы (мемлекеттік) салалардың бірі;
- өзінің реттейтін пәні — атқарушы билікті жүзеге асыру жөнінде пайда болатын басқару қатынастары;
- өзінің құқықтық реттейтін әдісі;
- ішкі ұйымдастырылуы (құрылымы);
- нормативтік базасы (нормативтік қайнар көзі).

Әкімшілік құқық жалпы қоғамдық қатынастарды, оның ішінде әкімшілік құқықтың реттелуін қарастырып, тәжірибеде әкімшілік құқықтық нормалардың орындалуын бақылайды және мемлекеттік басқаруда объектілер мен субъектілердің құқықтық мәртебесін белгілеп, басқарудың құқықтық әдістері мен нормаларын және олардың жүргізілу тәртібін айқындап, сонымен қатар, басқарушы мен басқарылушы жақтардың қызметін құқықтық реттейді.

**Әкімшілік құқық пәні**, шартты түрде екі бөлімнен тұрады.

1. Аппарат ішілік қатынастар. Мұнда мемлекеттік органдардағы аппарат ішілік жұмыс әдістерімен және формаларын, қызметін ұйымдастыру нығайтылады.

2. Әкімшілік биліктің түрлі ұйымдармен, мекемелермен азаматтарымен қатынасы.

Әкімшілік құқық пәні астарында басқару мазмұнындағы қатынастар жатады. Бұлар:

— басқару органдары арасындағы көлбеу (вертикалды) қатынас (Қазақстан Республикасының Үкіметі және министрлік);

— басқару органдары арасындағы бағынушылық қатынас (аудандық әкімдік және жергілікті орган);

— басқару органдарының өздеріне бағынышты ұйым, бірлестіктермен қатынас (завод және министрлік).

**Әкімшілік құқықтың әдісі** — жолдардың, тәсілдердің жиынтығы, солар арқылы басқару қатынастары реттелінеді.

Әкімшілік әдістерінің түрлері:

- Императивтік (кесімді, биліктік) — құқықтық нұсқамалардан бұлтаруды болғызбайтын ықпал ету тәсілі;

- Диспозитивтік (автономиялы) ықпал ету субъектілерін, өзара қатынастарын заңмен белгіленген шеңберде реттеуге мүмкіндік беретін ықпал беру тәсілі;

- Көтермелеу — мінез-құлықтың белгілі бір түрі үшін көтермелеуге уәде беру жолымен белсенді мінез-құлықты ынталандыратын ықпал ету тәсілі.

- Ұсыныс жасау — басқару субъектілеріне қолданылып жүрген заң тұрғысынан мінез-құлықтың ең пайдалы түрін ұсынатын ықпал ету тәсілі.

**Әкімшілік құқықтың жүйесі** — өзара байланысты әкімшілік-құқықтық институттар мен нормалар жиынтығы.

Әкімшілік құқықтық институт — басқару қатынастарының сапалық жағынан біркелкі тобын реттейтін біршама бөліктенген әкімшілік-құқықтық нормалардың жиынтығы.

Әкімшілік институттар: әкімшілік құқықтың принциптерінің, азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі, мемлекеттік қызмет, атқарушы билік органдары мен басқарудың өзге де субъектілері мәртебесі; әкімшілік-құқықтық нысандар мен әдістер, әкімшілік жауаптылық, әкімшілік іс жүргізу, мемлекеттік басқаруда заңдылықты қамтамасыз ету, салааралық басқару, экономика аясындағы басқару, әкімшілік саяси аясында басқару, әлеуметтік мәдени аясындағы басқару.

**Әкімшілік құқықтың қайнар көздері** — бұл әкімшілік-құқықтық нормалар көрінісінің сыртқы нақты нысандары.

Әкімшілік құқықтың қайнар көздері:

**1. Нормативтік құқықтық акт** — құқық шығарушы құзыреті субъектілер қабылдаған және әкімшілік құқықтық нормалары қаралған заңдық акт.

**2. Әкімшілік шарт** — нормативтік мазмұны бар әкімшілік-құқықтық нормалары қаралған құқық шығарушы субъектілердің арасындағы екі немесе көпжақты келісім.

**3. Әкімшілік прецедент** — нақты заңды іс бойынша шешім, ол келешекте пайда болатын барлық ұқсас істер үшін міндетті болады.

**4. Құқықтық әдет-ғұрып** — тарихи қалыптасқан және дағдыға айналған мемлекеттің санкция берген мінез-құлық ережесі.

**5. Әкімшілік-құқықтық доктрина** — әкімшілік-құқықтық мәселелер жөніндегі ғылыми еңбектер, солардың негізінде жаңа әкімшілік-құқықтық нормалар жасалады және нақты істер бойынша шешімдер қабылданады.

Нормативтік-құқықтық актілер түрлері:

1. ҚР Конституциясы;
2. Конституциялық заңдар;
3. Заңдар;
4. ҚР Президентінің Жарлықтары;
5. ҚР Үкіметінің қаулылары;
6. Министрліктер мен ведомствалардың нормативтік актілері;
7. Парламент Палаталарының қаулылары;
8. Әкімшілік-құқықтық нормалары қаралған мемлекетаралық келісім-шарттар;
9. Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары;
10. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік актілері;
11. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік актілері;
12. Локалдық нормативтік актілер.

Әкімшілік-құқықтық нормалар мемлекетпен белгіленеді. Құқықтық нормалар әсерінен пайда болған өзара құқықтар мен міндеттемелері әкімшілік-құқықтық қатынастарды туғызады.

**Әкімшілік құқықтық нормасы** — мемлекеттік басқару аясындағы қатынастарды, сондай-ақ мемлекеттік қызметті жүзеге асыру процесінде пайда болатын басқару сипаты бар қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы.

Әкімшілік құқық нормасының белгілері:

- 1) Заңдық нормалардың бір түрі;
- 2) Мемлекеттік биліктік сипаты бар;
- 3) Өкілетті субъектілер қабылдайды;
- 4) Формалды белгіленгендігі;
- 5) Құрылымдық құрылуы;
- 6) Жалпы міндетті болуы;
- 7) Мемлекеттік басқару аясындағы қатынастарды және өзге де аялардағы басқару сипаты бар қатынастарды реттейді;
- 8) Мемлекеттік мәжбүрлеуімен қамтамасыз етіледі.

Әкімшілік құқық нормасының құрылымы:

**Гипотеза** — нақты шарттарды көрсететін норманың бөлігі, солар болғанда норма әрекет ете бастайды.

**Диспозиция** — тиісті мінез-құлықтық ережесі бар норманың бөлігі, әкімшілік құқық субъектілері соны қолдануы керек.

**Санкция** — диспозицияны бұзғанның нәтижесінде пайда болатын жағымсыз салдардағы көрсететін норманың бөлігі.

**Әкімшілік-құқықтық қатынастар** — бұл әкімшілік құқық нормаларының негізінде пайда болатын басқару қатынастары, олардың қатысушыларының субъективтік құқықтары мен заңдық міндеттері болады.

**Әкімшілік-құқықтық қатынастардың элементтері:**

**Субъектілер** — қатысушылар субъективтік құқықтар мен заңдық міндеттерді иелену болып табылады.

**Объектілер** — неге байланысты қатынас пайда болды, өзгертілді, тоқтатылды.

**Заңды айғақтар (фактілер)** — құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгертуіне, тоқтатылуына әсер ететін нақты өмірлік жағдайлар.

**Мазмұны** — субъективтік құқықтар мен заңдық міндеттердің жиынтығы.

**Заңды айғақтардың түрлері:**

Тудыратын салдары бойынша — құқық жасайтын; құқық өзгертетін; құқық тоқтататын.

Субъект еркімен байланысы бойынша — оқиға, әрекет.

*Оқиға* — субъектілердің еріктерімен байланысты емес (бір-шамалық және абсолютті).

*Әрекет* — құқық қатынастар қатысушыларының ең болмағанда біреуінің еркімен байланысты.

Көрініс табу нысаны бойынша — жағымды; жағымсыз.

*Жағымды* — олардың бар болуы құқықтық қатынастардың пайда болуына әсер етеді.

*Жағымсыз* — олардың жоқ болуы құқықтық қатынастар пайда болуы үшін қажет.

## **2. Мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік қызмет**

Мемлекеттік басқару қоғам дамуының барысында қоғамдық қатынастарды реттеу мен тікелей практикалық ұйымдастырудағы атқарушылық және бөлушілік іс-әрекет. Мемлекеттік басқару барынша кең мағынада, мемлекеттің істерін басқару, мемлекеттік органдардың барлығының қатынасуымен іске асырылады.

Үкімет Қазақстан Республикасының атқару билігін жүзеге асырады. Конституцияға сәйкес ол атқарушы органдар жүйесін басқарып, қызметтеріне жетекшілік етеді.

Үкіметтің қызметінің құқықтық негізі ҚР Конституциясы, 1995 жылғы 18 желтоқсанда ҚР Президентінің заңды күші бар Жарлығы бойынша қабылданған «ҚР Үкіметі туралы» және ұйымды анықтайтын, сонымен бірге, органның қызметін анықтайтын Президент пен Парламенттің актілері болып табылады.

Үкімет құрамы — Премьер-Министр және үкіметтің мүшелері кіретін ұжымдық орган. Оның әкімшілік-құқықтық мәртебесі бірнеше ерекшеліктермен ерекшеленеді:

— құрылу тәртібімен; қызметінен кетірумен; өкілеттілігін тоқтату институтымен.

Үкімет басшысы тағайындалғаннан кейін 10 күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылғысымен құрамы жөнінде ұсыныс жасайды. Үкімет Президенттің қатысуымен құрылады. Үкімет мүшелері халыққа және Президентке ант береді.

Парламентке Республикалық бюджетті дайындап, таныстыру және оның орындалуын қамтамасыз етіп, ол туралы есеп беріп отырады. Мемлекеттік меншікті басқарады. Мәжіліске заң жобаларын енгізіп, олардың орындалуын қамтамасыз ету.

## **Ішкі саясатты жүргізу туралы шаралар қабылдау**

Үкіметтің мүшелері Үкімет қабылдаған шешімдерге, олар (келісімдерін бермесе) шешім қабылдауға дауыстарын бермесе, сонымен қатар өз келісімдерін бермесе де жауапты болады. Заң бойынша Үкімет мүшелерінің құқықтары белгілі органның депутаты болуға, басқа лауазымды міндет атқаруға және кәсіпкерлікпен айналысуға шектеу қояды. ҚР Үкіметінің өкілеттілігі Президенттің өкілеттілік мерзімімен өлшенеді. Заң бойынша Үкімет өкілеттілігінің тоқтату және қызметінен кетіру институты қарастырылған. Үкімет өздерінің өкілеттілігімен функциясын әрі қарай жүзеге асыруын мүмкін емес деп тапса, онда өздерінің өкілеттілігін тоқтату жайында Президентке хабарлауға құқылы. ҚР Президенті 10 күн ішінде өкілеттілігінің тоқталуы немесе тоқтатылмауы жайлы сұрақты қарастыруға тиіс. Премьер-Министр қызметінен кетсе, онда үкіметтің өкілеттілігі де тоқтайды. Егер Үкіметтің және оның мүшелерінің қызметінен кетуі қабылданбаса, онда Президент әрі қарай міндетін атқару туралы тапсырма береді. Егер Үкіметтің қызметінен кетуі Парламенттің сенімсіздік вотумымен байланысты болса, Президент Парламентті таратуға құқығы бар. Президент өз бастамасы бойынша да Үкіметтің өкілеттілігін тоқтатуға және кез-келген мүшесін лауазымды міндетінен босату туралы шешім қабылдауға құқылы.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар заңды атқарушы биліктің мемлекеттік органдары жүйесінің орталық органы ретінде қарастырылады. Олар мемлекет өміріндегі әр саладағы басқаруды жүзеге асырады. Сонымен бірге, Үкіметтің заңдары мен актілерінің орындалуын қалыптастырады. Министрлік мемлекеттік органдар арасындағы тұрақты ұйымдық форма. Дәстүр бойынша әкімшілік құқықта министрлік әкімшілік — саяси, экономикалық, әлеуметтік мәдени сферада, қандайда бір сала арқылы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырушы орган ретінде қарастырылады. Мемлекеттік комитетке — салааралық басқару функциясын атқару тән. Министрлік пен мемлекеттік комитет ҚР Президентінің қатысуымен құрылып, олардың жетекшілері лауазымды орынға Президент тарапынан тағайындалып, орнынан босатылады. Ал Бас прокурор мен ҰҚК төрағасын тағайындау кезінде Конституцияға сәйкес Сенаттың келісімі қажет.

Министрліктер мен мемлекеттік комитеттің құқықтық және әкімшілік-құқықтық мәртебелері әр түрлі заңдар мен актілер-

де көрсетіледі, олардың қызметтері бірінші жетекшілері және орынбасарлары арқылы жүзеге асырылады. Орынбасарларын министрлердің ұсынысы бойынша Үкімет тағайындайды.

ҚР Ұлттық банкі заң бойынша оған жатпаса да, республикалық мәртебесі бойынша орталық мемлекеттік органға жатқызылады.

Атқару билігінің жалпы мемлекеттік саясатын облыстар, аудандар, қалалар, қала аудандарындағы әкімшіліктің басқаруымен жергілікті орган атқарады.

Жергілікті атқару органдарының қызметтері белгілі қағидалар бойынша жүзеге асырылады: 1) Үкіметке, Президентке және жоғары тұрған әкімшіліктердің басшыларына есеп береді; 2) Заңдылық; 3) Азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз ету; 4) Өзінің қызметімен қабылдаған шешіміне жауапкершілік.

Олардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі ҚР Конституциясы және заңды актілер арқылы анықталады. Әкімдердің қызметтерін ұйымдық, құқықтық және материалды-техникамен қамтамасыз ету үшін аппарат құрылады. Облыс, қала және астана әкімдерін лауазымды міндетке ҚР Президенті тағайындап, міндетінен босата алады. Сонымен бірге, ҚР Заңы бойынша әкімгершілік бірлікке сәйкес облыста, ауданда, қалада басқа өкілеттілік атқара алады. Әкім жалпы қаулы мен жарлық қабылдап, орынбасарларына тапсырыстар береді. Жергілікті әкімшіліктің актілері ҚР Конституциясына қайшы келмеуі керек. Егер қайшы келетіндей жағдай туындаса, онда жоғары тұрған атқарушы орган және ҚР Президенті немесе сот қаулысымен алынып тасталуы мүмкін.

#### **Мемлекеттік қызмет**

Қазіргі мемлекеттік аппараттың қызметі мынадай **принциптер мен реттеледі**: мемлекет аппаратының ішкі құрылысы және құзыретінің нәтижелі, тиімді болуы.

Ол үшін оның қызметі демократиялық, Конституциялық, заңдылық принциптерге сәйкес болуға тиіс. Мемлекеттің лауазымды адамдары, қызметкерлері нормаларды жоғары этикалық дәрежеде орындауы қажет. Мемлекеттік аппарат халықтың мүддесін қорғап, соны іске асыруға міндетті. Халықтың мемлекеттік басқару процесіне қатысуының демократиялық жолдары — олардың сайлауға қатысуы. Халықтың өкілдері мемлекеттік аппаратты құрады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына мемлекет кепілдік береді. Халық мемлекеттік

аппараттың қызметіне көмек беру үшін қоғамдық ұйымдарды құрады, олар мемлекеттік аппаратпен байланысатын саяси жүйені құрады. Конституцияның 33 бабында «Азаматтардың тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекеттің өкілдік, атқарушы және сот органдарының құрылуы мен жұмыс істеуі жөніндегі әрекетін жүзеге асыру мүмкіндігі» делінген. Қатысудың түрлері былай деп белгіленеді: мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жолдау мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдары сайлау және оларға сайлану, референдумға қатысу, мемлекеттік қызметке кіру.

Мемлекеттік қызметтердің принциптері: заңдылық; мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы; азаматтардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдында басымдылығы; мемлекет қызметіне кіруге, қатысуға еріктілігі; өз өкілеттері шегінде жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымда адамдар қабылдаған шешімдердің төменгі мемлекеттік органдар қызметшілерінің орындауы үшін міндеттілігі; мемлекеттік қызметкерлердің кәсіпқойлығы мен жоғарғы биліктілігі.

Мемлекетті қызметті ұйымдастырудың басты негізгі талаптары ҚР Конституциясында қарастырылған (33-бап). Сонымен қатар, 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңынан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады. Аталған Заң мемлекеттік қызметті ұйымдастырудың негізін, мемлекеттік қызметтердің құқықтық жайдайларын және мемлекеттік қызмет аясындағы қарым-қатынастарын реттелуін анықтайды.

Мемлекеттік әкімшілік қызметші — мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші.

Мемлекеттік лауазым — мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі, мемлекеттік қызмет — мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.

Мемлекеттік қызметші — мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Лауазымды адам — ұдайы, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша өкімет өкілінің міндеттерін жүйеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімберушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындайтын адам лауазымдық өкілеттік — заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретінін, нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттік.

Мемлекеттік әкімшілік қызмет санаты — мемлекеттік әкімшілік қызметшілер атқаратын, лауазымдық өкілеттіктің көлемі мен сипатын көрсететін әкімшілік лауазымдар жиынтығының саралаушылық сипаттамасы.

Біліктілік талаптары — мемлекеттік әкімшілік қызметті атқаруға үміткер азаматтарға оның кәсіби даярлығының деңгейін, құзыреттілігін және нақты әкімшілік қызметке сәйкес келуін анықтау мақсатында қойылатын талаптар.

Мемлекеттік саяси қызметші — тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауап беретін мемлекеттік қызметші.

Мемлекеттік қызметшілердің өзіне жүктелген міндеттерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін, сондай-ақ «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында белгіленген, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жазалар:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметке сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 5) атқаратын қызметінен босату қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жазаны лауазымдық өкілеттігіне сәйкес осындай құқығы бар адамдар қолданады. Жасағаны үшін заңда өзгедей

жауаптылық көзделген әрекет үшін қолдануға болмайды. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленетін тәртіппен қолданады.

Мемлекеттік қызметшілер қылмыс және өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда заңдарда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша тиісінше қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауапты болады.

### 3. Әкімшілік құқық бұзушылық және жауапкершілік

Жалпы құқық бұзушылық — бұл адамға, мемлекетке зиян келтіретін, құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті кінәлі іс-қимыл.

Қылмыс — бұл Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген, қылмыстық жауапкершілік пен қылмыстық жазаны туындататын қоғамға аса қауыпты іс-әрекет.

Теріс қылық — қоғам өмірінің әр түрлі саласындағы жасалатын және әр түрлі салада тұғызатын қоғамға орташа және кішігірім қауіпті іс-әрекеттер деп құқық бұзушылық, қоғамға қауіптілігіне қарай 2-ге бөлінеді.

Ал, теріс қылықтар заңды жауапкершілікке байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді: әкімшілік, азаматтық-құқықтық, материалдық мүліктік, тәртіптік. Соның ішінде біздің қарастырайын деп отырғанымыз — әкімшілік құқық бұзушылық.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2001 жылдың 30 қаңтарында қолданысқа енгізілді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына халықаралық құқықтық жалпы жұрт таныған қағидалары мен нормаларына негізделеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың міндеттері — адам және адамзаттардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, қоршаған ортаны, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтан қорғау, сондай-ақ жасалуының алдын алу.

Жеке адамның, әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті, не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті, не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықты қасақана жасау. Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның залалды

салдарын алдын ала білсе және осы салдардың туындауын қаласа немесе оған саналы түрде жол берсе не оларға немкүрайды қараса, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықты абайсызда жасау. Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) зиянды салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ жеткілікті негізсіз оның алдын алуға болады деп ұшқары ойласа, не тиісті назар салған және ескерген жағдайда оның алдын алуға болса да осындай салдардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалды деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолданылады. Әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалуы мән-жайларына, құқық бұзушылық жеке басына сай келуі шарт.

Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады. Егер адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасап, ол істерді бір судья, орган қараса, бұл адамға белгілі бір түрдегі жазалары қолданылған жағдайда әкімшілік қамауға алудың ең ұзақ мерзімі — 30 тәулікпен, ал төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алу 45 тәуліктен аспауы қажет.

Қоғам қашанда белгілі бір тәртіпке сүйене отырып өмір сүреді. Ол әрбір азаматтың саналы, жақсы тіршілігі мен жарқын болашағына жол ашады. Ал қоғамда тәртіп болмаса ол құлдырайды, ондай қоғамның келешегі болмайды. Сол себепті белгілі бір заңдылыққа сүйене отырып, тәртіп орнатудың маңызы зор. Қазіргі уақытта реттелу субъектілері мен объектілеріне байланысты белгілі жағдаймен аумақ аясында қолданылатын реттеу түрлері мен тәсілдері қалыптасқан, соның бірі — заңды жауапкершілік.

Заңды жауапкершілік — жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мақсат-мүддесін қорғаудағы өте күрделі, өте маңызды шара. Оның әрбір салаға байланысты бөлінетін түрлері бар. Соның ішіндегі ең маңыздысы — заңды жауапкершілік болып табылады. **Әкімшілік жауапкершілік дегеніміз** — әкімшілік құқық нормаларына сүйене отырып өкіметтің арнайы органына немесе лауазымды адамның құқық бұзушыға әкімшілік жауапқа тарту, қалпына келтіру шараларды қолдануда көрініс табатын заңды жауапкершіліктің маңызды түрі.

Әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс тұлғалар: 1) ақыл-есі дұрыс, 16 жасқа жеткен жеке адам; 2) заңды тұлға.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған жеке адам әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс. Құқыққа қарсы әрекет жасаған кезде ақыл-есі кем жағдайда болған, яғни өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қауіптілігін түсіне алмаған немесе созылмалы психикалық сырқатының, уақытша психикасы бұзылуының, ақыл-ес кемдігінің немесе психиканың өзге де сырқатты жай-күйінің салдарынан ақыл-есі кем жағдайда болған жеке адам әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

Лауазымды адам қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мұндай мән-жайлар болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі лауазымды адам жалпы негіздерде жауаптылықта болуға тиіс.

Заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген және заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар (бұдан әрі — дара кәсіпкерлер), жеке нотариус, адвокат, сол сияқты дара кәсіпкердің және заңды тұлғаның ұйымдық-билік ету немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын жұмыскерлері, сондай-ақ заңды тұлғаның басшылары лауазымды адамдар ретінде әкімшілік жауаптылықта болады.

#### **Заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылығы**

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген құқық бұзушылықты, көзделген әрекетті заңды тұлғаны басқару функциясын жүзеге асыратын орган немесе адам жасаса, рұқсат берсе, мақұлдаса, заңды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің нормаларында олар жеке адамға немесе заңды тұлғаға қолданылатын-қолданылмайтыны көрсетілмесе, осы нормалардың мәні бойынша олар тек жеке адамға қатысты және соған ғана қолданылуы мүмкін жағдайларды қоспағанда, осы нормалар жеке адамға және заңды тұлғаға қатысты бірдей дәрежеде қолданылады.

#### **Әкімшілік жауаптылықты болдырмайтын мән-жайлар**

Қажетті қорғану. Қажетті қорғану жағдайында, яғни жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және қорғанушының

немесе өзге де адамдардың басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғушыға зиян келтіру арқылы құқыққа қарсы қол сұғылудан қорғау кезінде, егер бұл ретте қажетті қорғану шегінен шығып кетуге жол берілмеген болса, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген әрекетті жасау әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау. Құқыққа қарсы қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде, бұл адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылықтар жасауын болдырмау үшін, егер мұндай адамды басқаша құралдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл ретте осы үшін қажетті шараларды асыра қолдануға жол берілмесе, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген әрекетті жасау әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

Адамға қажеттіліктен асып, шектен тыс, жағдайдан туындамаған айқын зиян келтірген кезде, олардың ұсталған адам жасаған қол сұғушылықтың сипаты мен қауіп дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрінеу сәйкес келмеуі қол сұғушылық жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараларды асыра қолданушылық деп танылады. Мұндай асыра қолдану тек қасақана зиян келтіру жағдайларында ғана әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Аса қажеттілік. Аса қажеттілік жағдайында, яғни осы адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру, егер бұл қауіпті өзге құралдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен асуға жол берілмесе, әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

Қатер төндірген қауіптің сипаты мен дәрежесіне және қауіп жойылған, құқық қорғау мүдделеріне тең немесе зиянды болдырмаудан айтарлықтай көбірек зиян келтірген жағдайға анық сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен асып кету деп танылады. Мұндай асып кету тек қасақана зиян келтірген жағдайда ғана жауаптылыққа әкеп соғады.

Бұйрықты немесе өкімді орындау. Өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау үшін әрекет еткен адамның Қазақстан

Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген әрекетті жасауы әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды. Осындай әрекеттің жасалуына заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам әкімшілік жауаптылықта болады.

Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылықта болады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау әкімшілік жауаптылықты болдырмайды.

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Ашитов З. О., Ашитов Б. З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері.— Алматы, Жеті-Жарғы, 2003.
2. Баққұлов С. Д. Құқық негіздері.— Алматы, 2004.
3. Таранов А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы.— Алматы, 2003.
4. Баянов Е. Әкімшілік құқықтың схемалар бойынша анықтамасы.— Алматы, 2003.

#### Нормативтік-құқықтық актілер:

- 1) ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. Алматы, 2007.
- 2) ҚР-ның Президенттің «Қазақстан Республикасы Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар Жарлығы.
- 3) ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңы.
- 4) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексі.— Алматы, 2001.
- 5) «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453 Заңы.
- 6) «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңы.

## **4. Тақырып.**

### **Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары және сот**

1. *Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдарының қызметінің және ұйымдастырылуының негіздері.*
2. *ҚР-ның прокуратурасы: жүйесі, құрылымы.*
3. *Ішкі істер органдары.*
4. *ҚР-ның Қауіпсіздік комитеті органдарының жүйесі, мақсаты.*
5. *ҚР-ғы сот және сот әділдігі.*

#### **1. Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдарының қызметінің және ұйымдастырылуының негіздері**

Республикада Конституция, Заңдар, Президент жарлықтары және басқа нормативтік актілер талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге тиісті құқық қорғау органдары құрылған. Құқық қорғау органдарына жататындар: прокуратура, ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, соттар, адвокатура.

Азаматтардың, мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау үшін әрбір құқық қорғау органының алдына қойылатын өз міндеттері, оларға берілген ерекше құқықтар болады. Олар бірін-бірі қайталамайды, бірақ өз міндеттерін орындау үстінде бір-біріне қолқабыс тигізіп отырады. Прокуратура, ішкі істер органдары, тергеу органдары жинақталып келгенде күш құрылымы болып табылады ол кімдердің тарапынан болса да, мейлі өз еліміздегі азаматтардың, мейлі шетелдік азаматтардың, мейлі азаматтығы жоқ адамдардың тарапынан болсын, заңдарды қол сұғушылықтан қорғау күзетінде тұрған сақшылар болып табылады.

Мемлекеттің міндеті мен қызметі қоғам өмірінің көптеген салаларын қамтиды. Солардың арасында аса маңызды міндеттердің қатарына жататын іс құқықтық тәртіп пен заңдылықты, адамдардың құқығын, бостандығын, мемлекеттік және мемлекеттік емес бірлестіктердің, еңбек ұжымдарының мүдделерін қорғау, қылмыспен күресу.

Құқық қорғау органдары құқық қорғайтын және қоғамдық тәртіп пен құқықтық тәртіпті, заңдылықты қорғауды қамтамасыз ететін органдарға бөлінеді. Мысалы нотариус, адвокатура, сот т.б.

сияқты органдар құқық қорғау органдарына жататындықтарымен олар қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етумен айналыспайды. Ондай органдарға, ең алдымен, полиция және ішкі істер органдарының ішкі әскер, патрульдік қызметтері секілді, қоғамдық тәртіпті сақтау үшін құрылған бөлімдер жатады.

Құқық қорғау органдарының қызметтеріне:

- 1) конституциялық бақылау;
- 2) әділ соттылық;
- 3) соттардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- 4) прокурорлық қадағалау;
- 5) қылмысты анықтау және тергеу;
- 6) заң көмегі және қылмыстық іс бойынша қорғау сияқты іс-әрекеттер жатады.

#### **2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы: жүйесі, құрылымы**

Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, ҚР Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді.

Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

Прокуратура органдарының жүйесін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры басқарады. Ол — Бас прокуратураның басшылығында тұрған адам.

Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

Республиканың Бас Прокурорын өз өкілетті мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік

жазалау шараларын қолдануға қылмыс үстінде үсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Бас Прокурор өкіметтігінің мерзімі бес жыл.

Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі **1995 жылғы 21 желтоқсан дағы «ҚР Прокуратурасы туралы»** Заңымен белгіленеді.

Жергілікті жерлерде облыстардың, аудандардың, қалалардың прокурорлары болады.

Мысалы, мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар кейде заңдардың талабын орындамау үшін оларды бұрмалауға тырысады. Сондықтан прокуратура барлық мемлекеттік органдардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың заңдар мен басқа да нормативтік актілер ережелерін бұрмалаусыз, дәлмәдәл орындауын бақылап отырады.

Осындай мақсатпен прокуратура Конституция, заңдар, Президент жарлықтары кімнің тарапынан бұзылса да, соны анықтап, олар сол бұрмалауларды жою үшін шаралар қолданады. Ондай жолсыздықтардың көбі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты болып келеді.

Сондықтан прокуратура барлық мемлекеттік органдардың жұмысын мынадай бағыттарда қадағалайды:

1) прокуратура азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалайды. Мысалы, егер үкімет немесе әлдебір министрлік не болмаса әкім азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзатындай шешім қабылдайтын болса, прокуратура осы органдарға (немесе сотқа) наразылық енгізіп, мұндай шешімнің заңсыздығын дәлелдейді;

2) прокуратура әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын бақылайды. Әкімшілік жолмен азаматтардың құқығы бұзылатын болса, мемлекеттік органдарды: мемлекеттік автомобиль инспекциясын, санитарлық инспекцияны және т.б. әкімшілік жауапкершілікке тартады. Осы органдар азаматтардың құқығын бұзып отырған жоқ па — прокуратура соны тексереді;

3) прокуратура жедел іздестіру жұмысын, тергеу ісінің заңдылығын қадағалайды. Тергеу органдары қылмысты істерге тергеу жүргізеді, осы мақсатпен дәлелдер жинастырылады, күдікті адамдардан, куәлерден, жәбір шеккен адамдардан жауап алады т.т. Міне, осындай жұмыстардың үстінде тергеу органдары заңды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзған

жоқ па, тергеудің тыйым салынған әдістерін қолданған жоқ па т.т., прокуратура соларды бақылайды.

Осы жұмыстарды атқару үшін прокуратура тергеу органдарына тексеру жүргізеді. Ол мұндай жұмысты заңдардың бұзылуы және т.б. туралы түскен арыз бен шағымдарға байланысты жүргізеді. Демек прокуратура органдары мемлекеттің ғана емес, әрбір адамның да мүдделерін қорғайды.

### 3. Ішкі істер органдары

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары еліміздің заңдарына сәйкес анықтау, алдын-ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік міндеттерін жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады.

Ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін ҚР Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, ішкі әскерлер, ПМ қарасты оқу орындары құрайды.

Ішкі істер органдарының негізгі міндеттері:

1) заңға қайшы озбырлықтан адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау, қоғамдық тәртіпті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстардың және құқықты бұзушылықтың басқа да түрлерінің алдын алу, оларды анықтап, жолын кесу; 2) анықтама жүргізу ісін жүзеге асыру және қылмыстық жазалар мен әкімшілік шараларды орындау; 3) кәмелетке толмаған балалардың қараусыз қалуын және олардың құқықты бұзуын анықтау және болғызбау, қылмыс жасап, алдын ала анықтаудан, тергеуден және соттан жасырынып, қылмыстық немесе әкімшілік жазаны мойындаудан жалтарып із-түзсіз жоғалғандарды және т.б. іздестіру; 4) ұрланған мүлікті іздестіру, жол жүру ережелерін сақтауға бақылау жасау, паспорт жүйесі ережелерін іске асыруға азаматтар мен лауазымды тұлғалар бақылау жасау; 5)

шетел азаматтарының республика аумағында болу ережелерін сақтауына бақылау жасау, мемлекеттік және басқа объектілерді қорғау т.с.

Осы міндеттерді орындау үшін ішкі істер органдарына, олардың қызметкерлеріне мынадай құқықтар беріледі:

1. Азаматтардан олардың қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауын, құқыққа қарсы қимылдарды тоқтатуын талап етеді. Егер бұл талаптар орындалмаса, онда органдар күштеу шараларын қолдануға хақылы болады.

2. Егер бір кісі жөнінде қылмыс жасады немесе әкімшілік құқықты бұзды деген күдік пайда болса, оның кім екендігін анықтайтын құжаттарын тексереді.

3. Жасалған немесе әзірленіп жатқан құқық бұзу әрекеттері туралы түскен арыздарды, хабарларды қарайды, оларды тіркейді, ондай әрекеттерді болғызбау, ашу, құқық бұзушыларды ұстау жөнінде дер кезінде шаралар қолданады.

4. Егер органдарда қылмыстық және басқа әрекеттер жөніндегі материалдар бойынша іс жүргізіліп жатқан болса, соларға байланысты түсініктер, құжаттар, жауаптар алу үшін тиісті азаматтарды шақырады. Ал шақырылған адам дәлелді себепсіз келуден бас тартатын болса, оны күштеп әкеледі.

5. Құқық бұзған әскери қызметшілерді ұстап, оларды әскери коменданттарға, әскери комиссарларға тапсырады.

6. Жастары 18-гетолмаған, бірақ құқықты бұзған жасөспірімдер мен балаларды ұстап алып, уақытша оқшаулау, бейімдеу және оналту орталықтарында ұстау, оларды қабылдайтын және бөлетін орындарға орналастырады. Қараусыз қалған балалар мен жасөспірімдерді камқоршылық және қайырымдылық органдарына жеткізіп отырады.

7. Айналадағы адамдарға нұсқан келтіруі немесе қоғамдық тәртіпті бұзуы ықтимал адамдарды арнаулы медициналық мекемелерге жеткізеді.

8. Қылмыс жасады деген күдік туғызған адамдардың ізіне түскен жағдайда орган қызметкерлері азаматтардың тұрғын үйлері мен басқа да үй-жайларына тежеусіз кіріп, олардың ішін қарап, тексереді.

9. Көліктерді тоқтатып, жүргізушілердің машина айдауға, жүк тасымалдауға құқық беретін құжаттарын тексереді. Егер көлікті жүргізу, жүкті тасымалдау жөніндегі ережелері бұзылған болса,

заңда көрсетілген шараларды қолданады: жүргізушіні машина жүргізуден шеттетеді, жүкті арнаулы орынға жеткіздіреді, т.с.

Ішкі істер органдарына, олардың қызметшілеріне қоғамдық тәртіп орнатылуын, заңдардың орындалуын бақылауға мүмкіндік туғызатын басқа да құқықтар беріледі.

Қоғамда құқықтық тәртіп болуына, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтары бұзылмауына олардың өздері мүдделі болуға тиіс.

Неғұрлым саналы азаматтар ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі жұмысына жәрдемдесіп тұрады. Бұл істе ерекше көзге түскен адамдарды ішкі істер органдары үнемі көтермелеп отырады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне мына жағдайларда оқ-дәрілі қаруларды қолдануға рұқсат етіледі:

1) азаматтарды қылмыскерлердің шабуылынан қорғау үшін және кепілдіктегі адамдарды босату үшін;

2) ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, олардың отбасындағы адамдарға, жасақшыларға жасалған шабуылды тойтару үшін;

3) азаматтардың тұрғын үйлеріне, мемлекеттік ұйымдардың кеңсе үйлеріне жасалған шабуылды тойтару үшін.

Болған қылмыстан қорғану, тоқтату жағдайында да қару қолданылады.

Ішкі істер органдары жасалған қылмыстар бойынша анықтау, жедел іздестіру жұмыстарын жүргізеді.

Ішкі істер өкілдері мынадай міндеттер атқарады: қылмыс жасады немесе қылмыс жасауға әзірленіп жүр деген күдік туғызған адамдарды ұстайды. Мынадай тергеу жұмыстарын жүргізеді: суретке түсіреді, дыбыс жазады, кино, теледидар бейнелерін жасайды; көтерілген қылмыстық істер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардан кідіріссіз және қайтарусыз материалдар алады; азаматтарды шақырып, олардан түсінік сұрайды, құжаттар талап етеді, жауап алады; қылмыстың қандай жағдайда жасалғанын анықтау мақсатымен жұртшылықты хабардар етіп, оларды осыған жұмылдыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланады т.т.

Тергеушілер қылмыскерлерді әшкерелеп, оларды қылмыстық жауапқа тарту үшін басқа да қимылдар жасайды.

#### 4. ҚР-ның қауіпсіздік комитеті органдарының жүйесі, мақсаты

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары — республиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жеке адамның және қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз етуге арналған Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік органдар.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері: 1) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысу; 2) Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау ақпаратын іздеп табу; 3) шетел мемлекеттері арнайы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлау және өзге де қызметін анықтау, алдын алу және тыю; 4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, тұтастығын бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған терроризм және өзге де қызметті анықтау, алдын алу және тыю; 5) заңмен Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды анықтау, тыю, ашу және тергеу; 6) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларын бейбіт кезде және соғыс уақытында үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету; 7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, ұйымдарында, Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында шифрлау жұмысын ұйымдастыру; 8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің құқықтық негізін: 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары; 2) «ҚР-ның Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы; 3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері; 5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының

нормативтік қаулылары; 6) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы Ереже құрайды.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметі заңдылық, дара басшылық, баршаның заң алдындағы теңдігі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау, саяси партиялар мен өзге де бірлестіктер қызметінен тәуелсіздік принциптерінде құрылады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары өз қызметін жүзеге асырған кезде мемлекет адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары заңда тікелей көзделген ерекше жағдайларда және тәртіппен ғана шектелуі мүмкін. Ұлттық қауіпсіздік органдары заңмен белгіленген шектерде әрбір азаматқа оның құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен, шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Ұлттық қауіпсіздік органдарының, олардың әскери қызметшілерінің, жұмысшылары мен қызметшілерінің іс-әрекеттеріне ұлттық қауіпсіздік органдарының жоғары тұрған органдарына, прокуратураға немесе сотқа шағым жасауға болады.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, оның ведомстволары, ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері, арнаулы мақсаттағы бөлімшелер, оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері және басқа да ведомстволық бағыныстағы ұйымдар құрайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетін Республика Президенті құрады, таратады және қайта құрады және ол Республиканың орталық атқарушы органдарының жүйесіне кірмейді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарына басшылық жасауды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін тәртіппен ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдарын, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады және оларға басшылық жасайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетін Республика Парламенті Сенатының келісімі бойынша Республиканың Президенті қызметке тағайындайтын Төраға басқарады; оны Республика Президенті қызметтен босатады.

**Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері:** 1) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Парламентін, Қазақстан Республикасының Үкіметін елдің қауіпсіздігіне төнген қауіп туралы хабардар етуге; 2) Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау қызметін жүзеге асыруға; 3) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған шет мемлекеттер арнаулы қызметтерінің, ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың барлау және өзге де қызметін анықтау, алдын алу, тыю жөнінде қарсы барлау жұмысын жүзеге асыруға; 4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, аумақтық тұтастығын, бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған терроризм мен өзге де қызметті анықтауға, алдын алуға және тыюға; 5) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды анықтауға, тыюға, ашуға; 6) Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз әскерилендірілген құрамалардың, басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ шет ел заңды тұлғалары мен азаматтарының, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың саяси партияларды, кәсіптік одақтарды қаржыландыруына жол бермеуге және тыюда мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетуге; 7) мемлекеттік органдарда, әскери құрамалар, бөлімдер мен ұйымдарда мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді қарсы барлаулық қорғау жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға, сондай-ақ олардың қызметін аталған салада бақылауға. Мемлекеттік және әскери құпия болып табылатын ақпаратқа рұқсат алуды ресімдейтін (қайта ресімдейтін) Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы тексеріс жүргізуге; 8) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қорғаныс кешені, атом энергетикасы, көлік пен байланыс объектілерінің, аймақтардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің және өзге де стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға қатысуға; 9) Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен өзге де мемлекеттік ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар жүргізуге; 10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау мен Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге баруы-

на, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және оның аумағынан тыс жерлерге кетуіне, сондай-ақ олардың Республика аумағында болу режиміне қатысты мәселелерді шешуге қатысуға; 11) шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа құзыретті органдармен бірлесе отырып шаралар қолдануға; 12) Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауы бойынша басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп шетел мемлекеттері, үкіметтері басшыларының және халықаралық ұйымдар басшыларының Қазақстан Республикасында болған кезеңінде олардың, сондай-ақ елдің аумағында өткізілетін аса маңызды қоғамдық саяси шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға; 13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз етуге; 14) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында ақпараттық-талдау жұмысын жүргізуге; 15) жұмысы Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіретін радиоэлектронды құралдармен берілетін радиосәулелерді анықтауға; 16) шифрлау және шифрды ашу жұмысын ұйымдастыруға, арнаулы байланыс түрлерінің үкіметтік және өзге де жүйелерін пайдалануға, дамытуға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге; 17) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, соның ішінде мемлекеттік қызметтік құпиялар болып табылатын ұлттық қауіпсіздік органдарының мәліметтеріне техникалық жолмен кіруге жол бермеу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға; 18) ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмылу дайындығын қамтамасыз етуге; 19) ұлттық қауіпсіздік органдары үшін кадрлар даярлауды, оларды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға міндетті; 20) мемлекеттік қызметке кіретін және мемлекеттік қызметте тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнайы тексеру жүргізуге; 21) өздерінің қадағалау функцияларын жүзеге асыруына байланысты прокурордың жазбаша талаптарын орындауға міндетті.

**Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтары.** Ұлттық қауіпсіздік органдарының өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін мыналарға құқығы бар: 1) жалпы және арнаулы жедел-іздік шараларын, сараптық-криминалистік зерттеулер жүргізу, оларды тергеу заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының

қарауына жатқызылған қылмыстардың алдын алу, тыю және ашу мақсатында Қазақстан Республикасының азаматтарын штаттан тыс оперативтік қызметкерлер ретінде ерікті негізде жұмысқа тарту; 2) мақсаттары мен іс-қимылдары мемлекеттің қауіпсіздігін әлсіретуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзу, конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге бағытталған шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, қылмысты топтардың ішіне енуді жүзеге асыру; 3) өздерінің іс-қимылдарымен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасына жібермеу және аластау жөніндегі мәселелерді құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп шешу; 4) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстарды анықтауда, алдын алуда, тыюда, ашуда және тергеуде қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген шекте орындау үшін басқа органдарға орындалуы міндетті тапсырмалар беру; 5) өздері жүргізіп жатқан материалдар бойынша азаматтарды ұлттық қауіпсіздік органдарына шақыру, олардан түсініктемелер, анықтамалар, құжаттар алып, бұлардың көшірмелерін түсіру, шақыру бойынша келуден бас тартқан адамдарды мәжбүрлеп әкелу; 6) қылмыс жасады деген негізді сезік туғызған ретте азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру. Қылмыс жасауына сезік келтірілген адамдарды ұстау, ұсталғандардың құжаттарын қарап, жеке тексеру және олардың көлік құралдарын тексеруді, сондай-ақ олардың заттары мен құжаттарын алып қоюды жүзеге асыру; 7) арнайы күзетілетін ерекше режимдегі аумақтарға және өзге де объектілерге кіруге әрекет жасаған және кіруге байланысты құқық бұзған, шекара аймағында заңсыз жүрген адамдарды әкімшілік жолмен ұстауды жүзеге асыру. Олардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, олардан түсініктемелер алу, жеке тексеру, заттарын қарау мен құжаттарын тексеріп алып қоюды жүзеге асыру; 8) қылмыстарды болдырмау, қылмыс жасаған немесе қылмыс жасады деген сезік туғызған адамдарды қуғындау мен ұстау, ұсталғандарды оларды ұстайтын жерге жеткізу, сондай-ақ оқиға болған жерге жету және шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне әкелу үшін ұйымдардың, әскери құрамалардың және бөлімдердің қарамағындағы байланыс құралдарын, көлік құралдарын пайдалану, иелерінің талап етуі бойынша ұлттық қауіпсіздік органдары

ры осының салдарынан келтірілген нақты залалды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтейді; 9) егер кідіру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызса, елдің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін болса, қылмысты тыю, қылмыс жасады деген сезік туғызған адамдарды қуғындау мақсатымен ұйымдардың, әскери құрамалардың және бөлімдердің аумақтары мен үй-жайларына және азаматтардың қарамағындағы тұрғын үй-жайлар мен олардың қарамағындағы жер учаскелеріне кідіргісіз кіру. Азаматтардың қарамағындағы тұрғын үйлерге және өзге де үй-жайларға басып кіру оқиғалары туралы ұлттық қауіпсіздік органдары прокурорды жиырма төрт сағаттың ішінде хабардар етеді; 10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыю шарасы ретінде тұтқындау ұйғарылған адамдарды немесе қауіпсіздік органдары қылмыс жасады деген сезік келтіріп ұстаған адамдарды ұстау үшін тергеу изоляторларын иеленуге, жекелеген жағдайларда оларды ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімі бойынша құқық қорғау органдары мен соттар ұстаған және тұтқындағандарды, сондай-ақ сотталғандарды ұстау үшін пайдаланады; 11) мемлекеттік құпиялардың, коммерциялық, банк құпияларының және заңмен қорғалатын құпиялардың сақталуын, мемлекеттік органдардағы, әскери құрамалардағы, бөлімдердегі және ұйымдардағы арнаулы байланыс түрлерінің және шифрлау жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде бақылауды жүзеге асыру, әдістемелік және практикалық көмек көрсету; 12) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне төнген қатерді іске асыруға, тергелуі Қазақстан Республикасының заңдарымен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына берілген қылмыстардың жасалуына мүмкіндік беретін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұсыныстарды мемлекеттік органдарға, әскери құрамаларға, бөлімдер мен ұйымдарға енгізу; 13) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік құпияларды қорғау туралы белгіленген ережелерді немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылатын радиоэлектрондық хабар беру құралдарының қолданылуына жол бермеу; 14) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, әскери құрамалардан, бөлімдер мен ұйымдардан өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және

заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып алу; 15) ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне енетін мәселелер жөнінде жергілікті өкілді және атқарушы органдарды хабардар ету; 16) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне қатысты архивтегі оперативтік, тергеу және басқа да материалдарды сақтау мен пайдалануды жүзеге асыру; 17) ұлттық қауіпсіздік органдары әскери қызметшілерінің жеке басын, олардың бөлімшелерінің, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомстволық қарастылығын құпиялау мақсатында басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құжаттарын пайдалану; 18) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау және аталған органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдар мен бөлімшелерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құру; 19) арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса, арнайы байланыс, қару-жарақ және жарақтау құралдарын әзірлеу, жасау, сатып алу және пайдалану. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен және фирмаларымен шарттар, контракттар жасасу; 20) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізу. Автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйелері мен арнайы байланыс түрлерінің жүйелерін әзірлеу және жасау; 21) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері үшін шарттық негізде кадрлар даярлауды жүзеге асыру.

## 5. Қазақстан Республикасындағы сот және сот әділдігі

Құқық қорғау органдары жүйесіндегі маңызды орын алатын мемлекеттік органдардың бірі — соттар. Сот әділеттілігін іске асыра отырып соттар, жаза тағайындау, жазадан босату т.б. сияқты шешімдер қабылдай отырып, құқықты колданып, өзінің биліктік құзыретін жүзеге асырып, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін анықтай отырып, олардың мүдделерін, әділ, заң арқылы қорғауға тиіс орган. Адамдар қажет болғанда әділдік үшін сот төрелігіне жүгінеді.

Қазақстан Республикасында сот билігі мемлекеттік билік тармақтарының бірі болып табылады және заңнаманы бұзуға

байланысты қоғамда туындайтын қақтығыстарды Конституцияны, заңдарды, басқа нормативтік кесімдерді негізге ала отырып, шешуді мақсат тұтады.

Әділ сотты сот тек республиканың атынан, қандай да бір басқа мемлекеттік органның, лауазымды адамдардың, қоғамдық бірлестіктердің, әлеуметтік топтардың, азаматтардың еркінен тәуелсіз жүзеге асырады.

Сот билігінің маңызды өзіндік белгісі оның айртықшылығы болып табылады. Ешбір басқа билік тармағының — заң шығарушы, атқарушы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті де сот өкілеттіктерін иеленбейді. Тек соттар ғана әділ сотты жүзеге асырады, бұл Конституцияда ерекше ескерілген. Конституцияның 75-бабында «Қазақстан Республикасында әділ төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп жазылған.

Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және ала-

ламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Сот төрелігін іске асыруда сот қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

Сот шешімдері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот шешімдері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Соттар ғимараттарына және сот отырысы залдарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы орнатылады және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі қойылады.

Судьялар сот төрелігін судья мантиясын киіп жүзеге асырады, оның нысаны мен сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті соттар құрайды.

Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді. Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған сот — Қазақстан Республикасы Әскерлерінің Әскери соты және басқалар);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот — гарнизонның әскери соты және басқалар).

Қазақстан Республикасында мамандандырылған (әскери, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен өзінің атауы бейнеленген мөрі болады.

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің бірлігі:

1) Конституцияда, осы конституциялық заңда, іс жүргізу және өзге де заңдарда белгіленген, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот төрелігі принциптерімен;

2) сот билігін барлық соттар үшін сот ісін жүргізудің заңдарда белгіленген бірыңғай нысандары арқылы жүзеге асырумен;

3) Қазақстан Республикасының барлық соттарының қолданыстағы құқықты қолдануымен;

4) заңдарда судьялардың бірыңғай мәртебесін баянды етумен;

5) заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындаудың міндеттілігімен;

б) барлық соттар тек қана Республикалық бюджет есебінен қаржыландырумен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы мен судьялар мәртебесі, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы конституциялық заңымен және басқа да заң актілерімен белгіленеді.

#### ***Аудандық және оларға теңестірілген соттар***

Аудандық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі — аудандық соттар) уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін.

Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Аудандық сот Конституцияда және ҚР Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын төрағадан және судьялардан тұрады.

Егер аудандық сотта штат бойынша бір судья (бірқұрамды сот) көзделсе, ол осы соттың төрағасы өкілеттігін атқарады.

Аудандық сотта кеңсе құрылады, оның штат санын сот төрағасымен келісе отырып, облыс соттарының әкімшісі белгілейді.

#### **Аудандық соттың өкілеттігі**

Аудандық сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады.

Аудандық сот:

1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;

2) сот статистикасын жүргізеді;

3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сот судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;

2) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

3) азаматтарды қабылдауды жүргізеді;

4) судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;

5) сот статистикасын жүргізу мен талдауды ұйымдастырады;

6) өкімдер шығарады;

7) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда осы сот төрағасының өкімі бойынша төраға міндеттерін атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі. Бірқұрамды сот төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару аумақтық уәкілетті орган басшысының ұсынысы бойынша облыстық сот төрағасының өкімімен басқа соттың судьяларының біріне жүктеледі.

#### **Облыстық және оларға теңестірілген соттар**

Облыстық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі — облыстық соттар) уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Облыстық соттар судьяларының жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әр облыстық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Облыстық сот төрағадан, алқалар төрағаларынан және судьялардан тұрады.

Облыстық соттың органдары мыналар:

1) қадағалау алқасы;

2) азаматтық істер жөніндегі алқа;

3) қылмыстық істер жөніндегі алқа;

4) соттардың жалпы отырысы.

Облыстық сот:

1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;

2) сот статистикасын жүргізеді;

3) сот тәжірибесін зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

4) облыс соттарының әкімшісі қызметін бақылауды жүзеге асырады.

Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі алқасын — алқалар төрағалары, ал қадағалау алқасын сот төрағасы басқарады.

Әрбір алқадағы судьялар саны сот төрағасының ұсынысы бойынша жалпы отырыста белгіленеді.

Қадағалау алқасы осы соттың жалпы отырысында жасырын дауыс беру арқылы судьялардың жалпы санының көпшілік дауысымен жыл сайын сайланатын судьяларынан тұрады.

Азаматтық істер жөніндегі алқа мен қылмыстық істер жөніндегі алқа жалпы отырыста талқылағаннан кейін дербес құрамын сот төрағасы белгілейтін судьялардан тұрады.

Сот төрағасы азаматтық істер жөніндегі алқа мен қылмыстық істер жөніндегі алқада мамандандырылған құрам түзуі мүмкін.

Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар:

1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;

2) қадағалау алқасын басқарады, алқаларда сот істерін қараған кезде төрағалық етуге құқылы;

3) қажет болған жағдайларда бір алқаның (қадағалау алқасынан басқа) судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартады;

4) облыстық соттың жалпы отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

5) алқа төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндетін атқаруды алқа судьяларының біріне жүктейді;

6) облыстық соттың алқа төрағалары мен судьяларына, аудандық соттардың төрағалары мен судьяларына қатысты тәртіптік іс қозғайды;

7) соттың жалпы отырысының ұсынысы негізінде Әділет біліктілік алқасына судья қызметіне кандидаттың тағылымдамадан өту нәтижелері туралы қорытынды жібереді;

8) сот статистикасын жүргізуді, сот тәжірибесін зерделеуді ұйымдастырады;

9) өкімдер шығарады;

10) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

11) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді.

Облыстық сот төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндеті өзінің өкімі бойынша сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Облыстық сот төрағасы орнынан түскен не өкілеттіктерін мерзімнен бұрын өзгедей тоқтатқан жағдайда, оның міндеттері уәкілетті органның шешімі бойынша сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

#### ***Жоғарғы Соттың өкілеттігі, құрылымы мен құрамы***

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жалпы юрисдикция соттарының қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты:

1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) сот практикасында заңдарды қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін нормативтік қаулылар қабылдайды.

Жоғарғы Сот Төрағадан, алқа төрағаларынан және судьялардан тұрады. Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Жоғарғы Соттың органдары мыналар:

1) қадағалау алқасы;

2) азаматтық істер жөніндегі алқа;

3) қылмыстық істер жөніндегі алқа;

4) соттың жалпы отырысы.

Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес және баспа органы құрылады.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі алқасын — алқа төрағалары, ал қадағалау алқасын Жоғарғы Соттың Төрағасы басқарады. Әр алқадағы судьялар саны Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысымен соттың жалпы отырысында белгіленеді.

Қадағалау алқасы Жоғарғы Соттың жалпы отырысында жасырын дауыс беру арқылы судьялардың жалпы санының көпшілік даусымен жыл сайын сайланатын судьяларынан тұрады.

Азаматтық істер жөніндегі алқа және қылмыстық істер жөніндегі алқа соттың жалпы отырысында талқылағаннан кейін дербес құрамын Жоғарғы Сот Төрағасы белгілейтін судьялардан тұрады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы азаматтық істер жөніндегі алқада және қылмыстық істер жөніндегі алқада мамандандырылған құрам түзуі мүмкін.

Жоғарғы Соттың Төрағасы судья болып табылады және судья міндетін атқарумен қатар: 1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады; 2) қадағалау алқасын басқарады, алқада сот ісін қараған кезде төрағалық етуге құқылы; 3) Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді; 4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасында заңдарды қолдану мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдар енгізеді; 5) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының бекітуіне Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Хатшысының және ғылыми-консультациялық кеңес мүшелерінің кандидатураларын енгізеді; 6) қажет болған жағдайларда бір алқаның (қадағалау алқасынан басқа) судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартады; 7) Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарын бекітеді; 8) алқалардың жұмысын үйлестіреді; 9) Жоғарғы Соттың аппаратына жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның құрылымы мен штатын бекітеді; 10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді; 11) өкімдер шығарады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндеті Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқалардың бірінің төрағасына жүктеледі. Жоғарғы Сот Төраға-

сы орнынан түскен жағдайда не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайда Төрағаның міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының біріне жүктейді.

✓ **Әдебиеттер:**

1. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы. 2002 ж.
2. Оспанов Қ. И. Құқық негіздері: Оқу құралы.— Алматы: Жеті жарғы, 2006.
3. Сапарғалиев Ф. ҚР Конституциялық құқығы.— Алматы 1998 ж.

**Нормативтік-құқықтық актілер:**

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтырулар).— Алматы, 2007.
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 Заңы.
3. «ҚР Прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы.
4. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және сот мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңы.
5. «ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2710 Заңы.
6. «ҚР Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 Заңы.

## **5. Тақырып. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негіздері**

1. *Азаматтық құқықтың жалпы ережелері.*
2. *Мәміле ұғымы, түрлері және нысаны, жарамсыз мәмілелер.*
3. *Өкілдік және сенімхат.*
4. *Мұрагерлік құқық.*

### **Азаматтық құқықтың жалпы ережелері**

#### ***Азаматтық құқықтың пәні.***

Қазақстан Республикасының бір тұтас құқық жүйесі бірнеше салаға бөлінетіндігі бәрімізге мәлім. Сол салалардың бірі болып табылатын – азаматтық құқық.

Азаматтық құқық атауы ежелгі уақыттан бері белгілі, оның римдік заңгерлер Рим азаматтарының құқық цивильді (*jus civile*) құқық деп атаған.

Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының пәні — тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар құрайды.

Сонымен қатар, мүліктік қатынасқа байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі, өйткені олар басқа заң құжаттарында өзгеше көзделмеген не мүліктік емес жеке қатынастар мәнінен туындамайды.

Азаматтық құқық реттелетін қоғамдық қатынастар негізінде мүліктік қатынастар болып табылады. Материалдық игіліктермен, мүлікпен, жұмыспен, қызмет көрсетумен, ақшамен, құнды қағаздармен басқа да мүліктермен байланысы бар қоғамдық қатынастар мүліктік қатынастар деп аталады. Мұндай қатынастар иелену немесе мүліктің тиістілігіне қарай (заттық қатынас) мүліктің (тиістілігіне қарай) меншік иесінің қайтыс болуына байланысты заттың тағдырын шешу (мұрагерлік қатынас) тәрізді қатынастар тұрғысынан көрінсе, онда олар азаматтық заңмен реттеледі.

Мүліктік қатынас дегеніміз мүліктерді сатып алу, иелену, басқа адамдарға беру мен пайдалану жөніндегі қатынас болып табылады.

Азаматтық құқық мүліктік қатынастардың бәрін бірдей реттей береді деген ұғым тұмауы тиіс. Өйткені олардың өзі әр түрлі сипатта кездеседі.

Мүліктік емес жеке қатынастар, мүліктік қатынастарға тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастар және мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар болып екі топқа бөлінеді.

Азаматтық құқық заңдармен реттелетін мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастарға құндық маңызы жоқ қатысушылардың қоғамдық сипатын белгілейтін материалдық емес құндылықтар жатады. Мәселен, әдеби шығармамен, ғылыми еңбекпен айналысушылар немесе өнертапқыш өзінің авторлық анықтайтын мәселе қойса, өзінің жекелігін қорғай отырып, бұл мәселе бойынша қоғамдық дербес қатынасқа түседі. Бұл қатынас мүліктік болып табылмаса мүлікпен тығыз байланысты, өйткені өнертабысын пайдаланғаны үшін онда авторлық сыйақы алу құқығы пайда болады.

Азаматтық заңдармен реттелетін мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастарға азаматтың есімі, жеке келбеті құқығы. Жеке өмірден құпиялылығы, тұрған үйге қол сұқпаушылық, азаматтың немесе заңды тұлғаның абыройына, қадір-қасиетіне, іскерлік беделіне байланысты туындайтын құқықтық қатынастарға жатқызуға болады.

**Азаматтық құқықтың принциптері.** «Принцип» (қағида) термині латын сөзі «бастау», «негіз» дегенді білдіреді. Азаматтық құқықтық принциптер — ол нормативтік сипаты бар қоғамдық қатынастарды азаматтық құқықтық реттеу бастамасын басшылыққа алатын негіз.

Азаматтық құқықтың мынадай принциптері бар:

1. Азаматтық құқықтың қатынастарға қатысушылардың теңдігі;
2. Меншікке және басқа заттық құқыққа қол сұқпаушылық;
3. Шарт еркіндігі;
4. Жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығы;
5. Азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру;
6. Нұқсан келтірген құқықтарды қалпына келтірілуін қамтамасыз ету;
7. Азаматтық құқықты сот арқылы қорғау.

**Азаматтық құқық қатынастарының ұғымы.** Азаматтық құқық нормаларының талаптарына сәйкес туындайтын және

бұл нормаларды тәуелді болатын жақтар арасында қатынастар азаматтық құқық қатынастары деп аталады.

Адамдар өз өміріне және әрекет үстінде үнемі әрқилы азаматтық құқық қатынастарына араласып жүргенімен, өздерінің әрекеттерінің заң жөніндегі сипатын көбінесе ескере бермейді.

**Азаматтық құқықтың субъектілері.**

**Жеке тұлға — азаматтық құқықтың субъектісі, құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі.** Жеке тұлға деп ҚР азаматтарын, басқа мемлекеттердің азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды айтамыз.

Азаматтық алған адам сол мемлекеттің құқық субъектісі болады. Сондықтан да азаматтық заңда жеке тұлғалардың құқық қабілеттілігі туралы емес, азаматтардың құқық қабілеттілігі туралы ғана айтылған. Құқық қабілеттілігі ең алдымен толық түрде ҚР азаматтарына беріледі.

Құқық субъектілерін сипаттайтын негізгі құқық қасиеттері құқық қабілеттілігі болып табылады. Азаматтық құқық қабілеттілігі — азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қызметі барлық азаматтарға бірдей деп тұжырымдалады.

Құқық қабілеттілігінің теңдігі дегенде заңда бұл орайда ешкімге артықшылық бермейтіндігі ешкімге субъективтік құқық алуға тыйым салмайтындығы тұрғысынан түсіну керек.

Азаматтар құқық қабілеттілігін меңгере отырып, әр түрлі құқықтарды ала алады, сол арқылы өзіне әр түрлі міндеттерді жүктейді де, құқық қабілеттілік мазмұнының жиынтығын құрайды. Сонымен азаматтық құқық қабілеттілігінің мазмұны азаматтардың қолданып жүрген заңға сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттердің жиынтығы болып табылады.

Азаматтық құқық қабілеттілігі оның туған сәтінен басталады, яғни ана құрсағынан тері туып, жеке өзі өмірге келгеннен кейін жеке тұлға болып есептеледі. Құқық қабілеттілік — құқық субъектісінің өлуімен бірге қысқарады.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз — азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі болып тыбылады.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі азаматтың құқық қабілеттілігімен ерекшеленеді. Азаматтық құқық қабілеттілігі оның дүниеге келген сәтінен бұл дүниеден озғанша бірге болады. Азаматтық әрекет қабілеттілігі үшін оның өз еркімен мүлікті

иеленіп оған билік ету немесе өзіне міндеттеме алуға тілек білдіруі қажет. Сонықтанда азаматтық құқық қабілеттілігі оның жасы мен психикалық жағдайына қатысты келеді.

Ол өзіне азаматтық құқық пен міндеттілікті алу үшін қалыпты әрі толысқан психикада болуы тиіс. Нәтижесінде құқық қабілеттілігі барлардың бәрі бірдей әрекет қабілеттілігіне ие емес, бір сөзбен айтқанда, азаматта құқық қабілеттілік болғанымен, әрекет қабілеттілігі бір уақыт арасында болмауы мүмкін.

Азаматтың әрекет қабілеттілігі кәмелетке толғанда, яғни 18 жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады.

Әдебиеттерде азаматтық әрекет қабілеттілігі толық, ішінара (толық емес), әрекет қабілеттілігі әдетті, жасы кәмелетке толмағандарға тән, ал берілетін әрекет ауқымы олардың жасына байланысты. Заң мұндай тұлғаларды екі топқа бөледі:

- а) жасы кәмелетке толмаған 14 пен 18 жас аралығындағылар
- б) жасы кәмелетке толмаған 14 жасқа дейінгі жас балалар.

14 пен 18 жас аралығындағылардың әрекет қабілеттілігі мейлінше ауқымды, олар заңда көрсетілген шекте әртүрлі мәмілелер жасай береді. Ондай мәмілелерді екі түрде бөлуге болады:

- өздерінің заңды өкілдерінің келісімсіз-ақ өз бетімен жасалған мәмілер;
- ата-анасынан рұқсат берген жазбаша хаты негізінде жасалатын мәміле.

Азаматтың құқығы мен міндеттерін алу мен жүзеге асыру тиісінше дербестікке ие болуы керек. Әрбір жеке азамат өзінің атымен аталады. Азаматтық Кодекстің 15-бабы 1 тармағына сәйкес азамат өз фамилиясы, өз есімін, сондай-ақ қаласа әкесінің атын қоса алады. Азаматқа туған кезде ат қояды. Некесіз туған бала әкесі жоқтығынан сот арқылы қажет болмаған жағдайда анасының фамилиясы беріледі.

Азаматтың жеке дербестігі есімімен қатар оның тұрғылықты жерімен анықталады. Міндеттемені орындау, мұрагерлік жасау және басқа да азаматтық-құқықтық әрекеттер азаматтық тұрғылықты жерінде жүзеге асырады.

Азаматтың есімі мен қатар оның тұрғылықты жері азаматтық құқықтық қатынастың субъектісі нақтылай түседі.

**Заңды тұлға деп** — меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік

және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады.

Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс. Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады.

Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым) не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңды тұлға бола алады.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғамдар тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында және заң құжаттарында көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлға тек қана мемлекеттік мекеме нысанында құрылуы мүмкін.

**Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі.** Заңды тұлғаның азаматтық құқықтары болып, өз қызметіне байланысты міндеттерді Азаматтық кодекске сәйкес мойнына алуы мүмкін. Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың азаматтық құқықтары болуы және заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызмет түрін жүзеге асыру үшін қажетті азаматтық міндеттерді атқаруы мүмкін.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда белгілі бір қызмет түрін жүзеге асырушы заңды тұлғалар үшін басқа қызметпен айналысу мүмкіндігі болмауы немесе шектелуі мүмкін.

Заңды тұлға тізбесі заң актілерінде белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен лицензия негізінде ғана айналыса алады. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі сондай лицензияны алған кезден бастап пайда болып, ол қайтарып алынған, оның қолданылу мерзімі өткен

немесе заң құжаттарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана үсталатын заңды тұлғаның (мемлекеттік мекеме) құқық қабілеттілігі Азаматтық кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен белгіленеді.

Заңды тұлға заң құжаттары мен құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы ғана азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер қабылдайды. Заңды тұлға органдарының түрлері, тағайындалу немесе сайлану тәртібі және олардың өкілеттігі заңдар мен құрылтай құжаттарында белгіленеді. Заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады.

Заңды тұлғаның атауы оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды. Заңды тұлғаның атауы оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі. Заңды тұлғаның атауында заң талаптарына немесе қоғамдық мораль қалыптарына қайшы келетін аттарды, егер жеке адамдардың есімдері қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар бұл адамдардың есімін пайдалануға олардан (олардың мұрагерлерінен) рұқсат алмаса, олардың есімдерін пайдалануға жол берілмейді.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы заңды тұлға тіркелгеннен кейін оның фирмалық атауы болып табылады. Заңды тұлға белгілі бір фирмалық атауымен заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Заңды тұлғаның фирмалық атауды тек қана өзі пайдалануға құқығы бар. Бөтен бір фирмалық атауды заңсыз пайдаланатын тұлға фирмалық атаудың құқық иесінің талап етуі бойынша мұндай атауды пайдалануды тоқтатуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

Мемлекеттік органдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында, Қазақстан Республикасының заң актілерінде, Президенті мен Үкіметі актілерінде белгіленген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ресми атауларына сілтемелерді пайдалануға тыйым салынады.

**Заңды тұлғаның тұрған жері.** Заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер оның тұрғылықты жері болып таны-

лады. Заңды тұлғаның тұрған жері оның құрылтай құжаттарында пошталық толық мекен-жайы жазылып, көрсетіледі.

**Заңды тұлғаның құрылтайшылары.** Заңды тұлғаны бір немесе бірнеше құрылтайшы құруы мүмкін. Мүлікті меншіктенушілер не олар уәкілдік берген органдар немесе жақтар, ал заң құжаттарында арнайы көзделген реттерде өзге де заңды тұлғалар заңды тұлғаның құрылтайшылары бола алады. Бұл орайда, мүлікті шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен иеленетін заңды тұлғалар меншік иесінің немесе ол уәкілдік берген органның келісімімен басқа заңды тұлғалардың құрылтайшылары бола алады.

Заңды тұлғаның құрылтайшылары, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы заңды тұлғаның құрылтайшылары болып табылмайтын оның басқа қатысушыларынан қандай да бір артықшылықтарға ие бола алмайды.

**Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары.** Азаматтық кодексте және Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, заңды тұлға өз қызметін жарғысы және құрылтай шарты негізінде, немесе егер заңды тұлғаны бір тұлға құрған болса, жарғысы және заңды тұлға құру туралы жазбаша түрде ресімделген шешімі (жалғыз құрылтайшының шешімі) негізінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, коммерциялық ұйым болып табылмайтын заңды тұлға ұйымдардың осы түрі жөніндегі жалпы ережелер негізінде іс-әрекет жасай алады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады.

Заңды тұлғаның құрылтай шарты жасалады, ал жарғысын құрылтайшылары бекітеді. Егер коммерциялық ұйымның құрылтайшысы бір адам болса, құрылтай шарты жасалмайды.

Коммерциялық емес ұйым мен мемлекеттік кәсіпорынның құрылтай құжаттарында заңды тұлға қызметінің мәні мен мақсаты белгіленуге тиіс.

Шаруашылық серіктестігі, акционерлік қоғамы мен өндірістік кооперативтің құрылтай құжаттарында олардың қызметінің мәні мен мақсаттары көзделуі мүмкін.

Құрылтай шартында тараптар (құрылтайшылар) заңды тұлға құруға міндеттенеді, оны құру жөніндегі бірлескен қыз-

мет тәртібін, оның меншігіне (шаруашылық жүргізуіне оралымды басқаруына) өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу ережелерін белгілейді. Егер осы Кодексте немесе заңды тұлғалардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шартта құрылтайшылар арасында таза табысты бөлудің, заңды тұлға қызметін басқарудың, оның құрамынан құрылтайшылардың шығуының шарттары мен тәртібі де белгіленеді және оның жарғысы бекітіледі.

**Азаматтық құқық объектілерінің ұғымы мен түрлері.** Азаматтық құқық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар азаматтық құқық объектісі деп аталады. Мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер, сондай-ақ құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады.

Азаматтық құқық объектілеріне:

*а) мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке) жататындар:* заттар, ақша, соның ішінде валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет шығармашылық-интеллектуалдық қызметтердің объектісі айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлар белгілері және бұйымдары дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтары мен басқа да мүлік жатады;

*б) жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға мыналар жатады:* жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абыройы, игі атағ, іскерлік беделі, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар.

## **2. Мәміле ұғымы, түрлері және нысаны, жарамсыз мәмілелер**

Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтың құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтауға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп аталады.

Мәмілелер бір жақты және екі немесе көпжақты (шарттар) болуы мүмкін.

Заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет. Біржақты мәміле, мәміле жасаған адамға міндеттер жүктейді. Ол басқа адамдарға заң құжаттарында белгіленген не сол адамдармен келісім болған реттерде ғана міндеттер жүктей алады.

Егер тараптар құқықтар мен міндеттердің туындауын басталу-басталмауы белгісіз мән-жайға байланысты етіп қойса, мәміле кейінгі қалдыратын шартпен жасалады деп есептеледі.

Егер тараптар құқықтармен міндеттемелердің толықтырылуын басталу-басталмауы белгісіз мән-жайға байланысты етіп қойса, мәміле кейін күші жойылатын шартпен жасалды деп есептеледі.

Егер шарттың басталуы тиімсіз болатын тарап шарттың басталуына теріс пиғылмен ықпал етсе, шарт басталмаған деп есептеледі.

**Мәмілелер нысаны.** Мәмілелер ауызша және жазбаша нысанда жасалады (жай және нотариалдық). Жетон, билет немесе әдеттегідей қабылданған өзге де растайтын белгі арқылы расталған мәміле, егер заңдарда өзгеше көзделмесе ауызша түрде жасалған болып табылады.

Үндемей қалу заңдарда немесе тараптардың келісімімен мәлім жасауға ерік білдіру деп танылады.

Жазбаша түрде жасалған шартты орындау үшін жасалған мәмілелер, егер заңдарға қайшы келмесе, тараптардың келісімі бойынша жасалуы мүмкін.

Мәміленің жазбаша түрі:

Мынадай мәмілелер:

- егер мәмілелердің жекелеген түрлері үшін заңдарда өзгеше арнайы көзделмесе немесе іскерлік қызмет өрісінің әдеттегі құқықтарынан туындамаса, мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатын;

- мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, жүз есептік көрсеткіш жоғары сомаға;

- заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де реттерде жазбаша түрде жасауға тиіс.

Екі жақты мәмілелер әрқайысына өзін жасаған тараптар қол қойған құжаттарды алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

Хат, жеделхат, телефонжазба, телетайпжазба, факс немесе субъектілерді немесе олардың еркі білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар алмасу, егер заңдарда немесе тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, жазбаша түрде жасаған мәмілеге теңестіріледі.

Мәміленің нысана мазмұнына және қатысушыларына сондай-ақ олардың еркі білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған жағдайда мүдделі адамдардың, тиісті мемлекет

орындарының, не прокурордың талабы бойынша мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Біржақты мәміле дегеніміз — заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет және сол жеткілікті болатын мәміле. Біржақты мәміленің жиі кездесетін түрі-өсиет қалдыру.

Тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алса немесе тараптар бір-біріне бір нәрсе беруі керек болса, бұл ақылы мәміле болып табылады. Ал бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе ешнәрсе бермей бірнәрсені ұсынуды міндетіне алған мәміле ақысыз болып есептеледі.

Консенсуалды мәмілелер (латынша consensus — келісім) — келісімге келген сәттен бастап азаматтардың құқықтары мен міндеттері туындайтын мәмілелер. Нақты мәмілені жүзеге асыру үшін (латынша res — зат) келісімінің бір өзі жеткіліксіз, оған қоса затты тапсыру қажет.

Мәмілелерді азамат құқықтану ілімінде каузальдық (себепті) және абстракциялық деп те бөледі. Әрбір мәміле жақтардың алға қойған, мақсатына орай құқықтық негіз бен мақсатты (cousa) еншіленеді. Бірақта бір жағдайда мәміленің жарамдығы оның негізінде байланысты болса, екінші жағдайда оған байланысты болмайды (абстракциялық).

Шартпен жасалған мәмілелер қандай да бір нәрсеге тәуелді болып келеді ондай жағдай болуы да, болмауы да мүмкін. Мәселен, егер тараптар құқықтар мен міндеттердің туындауын басталу-басталмауы белгісіз мән-жайға байланысты етіп қойса, мәміле кейінге қалдыратын шартпен жасалады деп есептеледі. Егер тараптар құқықтар мен міндеттемелердің тоқтатылуын басталу-басталмауы белгісіз мән-жайға байланысты етіп қойса мәміле кейін күш қойылатын шартпен жасалады деп есептеледі.

Азаматтық құқықта биржалық мәмілелер қаралған. Биржада айналысқа жіберілген тауарларға, бағалы қағаздармен басқа мүлікке қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара беру тур келісімдерді биржаға қатысушылар тауар, қор және басқа биржалар туралы заңдарда және биржа жарғыларында белгіленген тәртіп бойынша жасасады.

#### **Жарамсыз мәмілелер және жарамсыздықтың түрлері.**

Азаматтық құқық теориясында мәмілелердің жарамсыз болуы мынадай түрлерге бөлінеді:

а) зат құрамының ақауы болатын мәміле;

б) ерікке қатысты ақауы бар мәміле;

в) нысананың ақауы бар мәміле;

г) мазмұнның ақауы бар мәміле.

Мазмұны заң талаптарына сәйкес келмейтін, сондай-ақ құқықтық тәртіп негізінде немесе адамгершілікке көрнеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле жарамсыз болады.

Қажетті лицензия алмай, не лицензияның қолданылу күшінің біткеннен кейін жасалған мәміле жарамсыз болады.

Әрекет қабілеттілігі болғанмен, мәміле жасаған кезде өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе өзінің не істегенін білмейтін жағдайда болған азамат жасасқан мәмілені сот сол азаматтың талабы бойынша, ал егер тірі кезінде талап етуге азаматтың мүмкіндігі болмаса, азамат қайтыс болғаннан кейін басқа мүдделі адамдардың талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

### **3. Өкілдік және сенімхат**

Өкілдік деп басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің) сенімхатқа заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған мәмілесін айтамыз. Өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және жоқтатады.

Өкілдік институтының маңыздылығы сонда, ол тұлғаға бір мезгілде бірнеше рынокта, оның ішінде шетелде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, сондай-ақ істің көзін белетін әрі ұйымдастыра алатын мамандарды тартуға қолайлы келеді.

Іс-әрекеттердің бәрін өкіл арқылы істеуге бола бермейді. Заң бойынша кейбіреулер үшін оның өзі қатысуы керек болады. Заңдылық әрекеттерді өзі ғана жасауы керектігін заңда айтылмаған немесе сол әрекеттердің сипатынан тумаған жағдайлардың бәрінде де өкілдікке рұқсат беріледі.

Өкілдік институтының мазмұны субъектілер құрамы туралы ережелерімен айқындалады, ал оның өз кезегінде құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, олардың мазмұндарына қорғау түрлеріне негізделеді. Аталған негізгі элементтердің сипаты өкілдік ұғым арқылы көрінеді. Өкілдіктің субъектілерінің құрамы үш адамнан — өкілдік беруші, өкіл және үшінші жатқан тұрады. Өкілдік беруші өкілге іс-әрекеттерді жасауды тапсырып, тиісті сенімхат берген болса ғана немесе өкіл өзінің қызметтерін

заң нұсқауы немесе заңды тұлғаның құжаттары бойынша істейтін болса ғана өкілдіктің іс-әрекеттері өкілдік беруші үшін құқықтар мен міндеттер тудыра алады.

Азаматтық құқықтың кез келген субъектілері, құқық қабілеттілігі бар немесе жоқ адам да, заңды тұлға да өкілдік беруші бола алады.

Азаматтық әрекет қабілеттілігі бар кез келген тұлға яғни азаматтар мен заңды тұлғалар өкіл бола алады. Мұның өзі алдымен азаматтың 18 жасқа толу керектігін көрсетеді, өйткені, бұл жаста оған азаматтық әрекет қабілеттілігі толықтай тән, ал заңды тұлғадағы өкілдік жарғымен айқындалған құқық қабілеттілікке қайшы келмеуі тиіс.

Үшінші жақ — азамат немесе заңды тұлға. Өкілдің онымен әрекетке түсуі нәтижесінде өкілдік берушінің азаматтық құқық қатынастары белгіленеді, өзгереді және тоқтатылады.

Өкілдік негізінде бір тұлғаның (өкілдік беруші) екінші тұлғамен (өкілмен) өкілеттікті бөлісуі жатыр.

Мұндай өкілеттілік болмаған және өкілдік қатынасын асыра пайдаланғанда екінші жақтың өкілдік беруші тұлғаның атынан жасалған мәмілесі жарамсыз болып табылады.

Өкілеттіктің туындауының негізі заң фактісі болып табылады. Заңда мынадай өкілдіктердің негіздері бар: шартта немесе алдын-ала келісімде көрсетілген өкіл ұстауға тілек білдірген өкілдік берушінің, еркі заңда көрсетілген фактілер.

Өкілдік заңды және ерікті деп бөлінеді. Заңды өкілдік тікелей заңнан туындайды, әрі ол өкілдік берушінің еркіне қарамайды.

Шартқа негізделген өкілдік ерікті өкілдік деп аталады. Мұның өзі өкілдік берушінің еркіне байланысты болады. Өкілдік беруші өкілді туып қана қоймай, оның өкілеттілігін де айқындайды. Сонымен бірге өкілдік берушінің атынан заңдылық әрекет жасарда өкілдің өзімен де келісім жасау талап етіледі. Өкілдік беруші мен өкіл арасында шарт жасалып, онда өздерінің ішкі қарым-қатынастарын айқындайды.

Егер мұндай шарттың тарабы кәсіпкерлік жүйеде шарт жасасқан кезде олардың атынан үнемі және дербес өкілдік етуші болмаса, онда коммерциялық өкілдік туындайды.

Мұндай жағдайда коммерциялық өкіл өкілдің өкілеттігі көрсетілген жазбаша шарт негізінде, ал ол көрсетілмеген жағдайда — сенімхат негізінде әрекет жасайды. Коммерциялық өкілдік екі түрге бөлінеді: өз өкілдігі және бөтен тұлғаның алдында болатын өкілдік.

Өз атынан бөлу — заңды тұлға өкілді өз құрылымынан тағайындайды және ол арқылы өзінің құқықтары мен міндеттерін орындап, мүддесін қорғайды. Мұндай өкілдікте бір субъект болады, сырттан бөтен тұлғаны айналымға қатыстырмайды.

Коммерциялық өкілдіктің екінші түрі — басқалардың мүдделері үшін болса да өз атынан әрекет ететін адамдар.

**Сенімхат.** Бір адамның (сенім берушінің) өз атынан өкілдік ету екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілді сенімхат деп аталады.

Сенімхатты пайдалану кезінде «уәкілдік» және «өкілетті» деген терминдерді ажырата білу керек.

Уәкілдік дегеніміз өкілдің өкілдік беруші атынан іс-әрекетке қатысуы, ал өкілеттілік өкілдік беруші үшін өкілдің жасауға құқылы әрекеттердің шеңбері болып табылады.

Заң жағынан қарағанда сенімхат беру — біржақты мәміле, яғни бұл өкілеттілікті беру үшін бір тараптың өкілдік берушінің ерік білдіруі қажет және жеткілікті, сондықтан да өкілдің келісемі талап етілмейді.

Заң сенімхаттың жазбаша түрін міндетті түрде сақтауды талап етеді. Сонымен бірге мәміле жасауға берілетін сенімхат нотариалды жолмен куәландырылуы талап етілетін болса, онда ол нотариалдық жолмен куәландырылады. Сенім ауыстыру жөнінде берілген сенімхаттың қолданылу мерзімі куәландырылуы ол негізгі алынып берілген алғашқы сенімхаттың қолданылу мерзімінен аспауы керек.

Өкілік беруші қайбір құқық өкілеттілігін өкілге тапсырарда оның мерзімін шектеп, белгілі бір уақыт аралығын көрсетеді. Сондықтан сенімхат — әр кезде де мерзімді құжат азаматтық құқыққа сәйкес сенімхат үш жылдан аспайтын мерзімге берілуі мүмкін. Егер сенімхатта неғұрлым ұзақ мерзім көрсетілсе, ол үш жыл бойы, ал егер қолдану мерзімі көрсетілмесе — берілген күннен бастап бір жыл бойы жарамды болады.

Егер сенімхат берілген күні көрсетілмесе ол жарамсыз деп табылады.

Өкілдің алған өкілеттілігінің көлемі мен мазмұнына орай сенімхаттың үш түрі болады:

1. бас сенімхат, ол белгілі бір кезеңге арналып, әртүрлі мәмілелер жасайтын өкілге береді;
2. бір мәрте берілетін сенімхат — ол тек бір әрекет жасау үшін беріледі;

3. арнайы сенімхат — ол бір текті мәмілелер жасайтын өкілге беріледі.

Өзіне арнап өкілеттілік құқық берілген әрекеттерді сенім алушының өзі атқаруы тиіс. Сенімхаттың күші мынадай жағдайларда жойылады: сенімхат мерзімінің өтуі; сенімхатта көзделген әрекеттерді жүзеге асыру; сенімхатты беруші адамның оның күшін жою; сенімхат берген адамның одан бас тартуы; өз атынан сенімхат берген заңды тұлғаның тоқтатылуы; атына сенімхат берілген заңды тұлғаның таратылуы; сенімхат берген адамның қайтыс болуы оның әрекет қабілеттілігі жоқ, хабар-ошарсыз кетті деп танылуы.

#### 4. Мұрагерлік құқық

Мұрагерлік — қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) — мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы. Қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әмбебап құқық мирасқорлығы талаптарымен, бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір-ақ мезгілде ауысады.

Мұрагерлік өсиет және (немесе) заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраның тағдыры айқындалмаған кезде, мұрагерлік заң бойынша орын алады. Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді.

Мұра қалдырушының жеке басына тығыз байланысты мына құқықтар мен міндеттер:

1) егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болу құқығы;

2) өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы;

3) алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер;

4) зейнетақы төлеу, жәрдемақы және еңбек пен әлеуметтік қамсыздандыру туралы заң актілерінің негізінде басқа да төлемдер төлеу құқығы;

5) мүліктік құқықтармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді.

Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра қалдырушының қайтыс

болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты болып табылады.

Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса, олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады.

Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса — мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады.

Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады. Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін.

Мұра қалдырушыны немесе мүмкін болатын мұрагерлердің біреуін қасақана өлтірген немесе олардың өміріне қастандық жасаған адамдардың өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ. Бұған өсиет қалдырушы оның өміріне қастандық жасалғаннан кейін өздеріне қатысты өсиет қалдырған адамдар кірмейді. Мұра қалдырушының соңғы еркін жүзеге асыруға қасақана кедергі жасаған және сол арқылы олардың өздерін немесе оларға жақын адамдарды мұрагерлікке шақыруға не мұраның оларға тиесілі үлесін көбейтуге ықпал жасаған адамдардың өсиетті бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ.

Балаларына ата-аналық құқықтарынан айырылған және мұра ашылған кезде бұл құқықтарын қалпына келтірмеген ата-аналардың балаларынан қалған мұраны, сондай-ақ мұра қалдырушыны күту жөнінде өздеріне заң күшімен жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарған ата-аналардың (асырап алушылардың) және кәмелетке толған (асырап алынған) балалардың заң бойынша мұраны алуға құқығы жоқ.

#### Өсиет бойынша мұрагерлік

Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады. Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін

заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады. Өсиетті өзі жасауға тиіс. Өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді.

Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсынылу құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына қолданылмайды. Мұра қалдырушы кез келген мүлік туралы өкімді қамтитын өсиет жасауға құқылы.

Өсиет оның жасалған жері мен уақыты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жасалып, нотариатта куәландырылуға тиіс. Өсиетке өсиет қалдырушының өзі қол қоюы қажет.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсете отырып, басқа азаматтың қол қоюы мүмкін.

Нотариатта куәландырылған өсиетті өсиет қалдырушы жазуы керек не өсиет қалдырушының айтуымен куәның қатысуы арқылы нотариус жазуға тиіс. Өсиет қалдырушының айтуымен өсиет жазылған кезде нотариус жалпы жұрт қабылдаған техникалық құралдарды (жазу машинкасы, дербес компьютер және т.б.) пайдалануы мүмкін.

Өсиет қалдырушының айтуы бойынша нотариус жазған өсиетті өсиетке қол қойылғанға дейін нотариус пен куәның қатысуы арқылы өсиет қалдырушы толық оқып шығуға тиіс.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетті өзі оқи алмайтын болса, ол үшін оның мәтінін нотариустың қатысуымен куә оқып береді, ол туралы өсиет қалдырушының өсиетті өзі оқи алмауының себептері көрсетіліп, өсиетте тиісті жазба жасалады. Егер нотариат куәландырған өсиет куәның қатысуымен жасалса, өсиетте куәның тегі, аты және тұрақты тұратын жері көрсетілуге тиіс. Осындай мәліметтер өсиетке өсиет қалдырушының орнына қол қойған адамға қатысты да енгізілуі тиіс. Өсиет қалдырушының тілегі бойынша нотариус өсиеттің мазмұнымен таныспай-ақ оны куәландырады (күпия өсиет).

Күпия өсиет, оның жарамсыз болып қалу қаупімен, өсиет қалдырушының өз қолымен жазылуға және қолы қойылуға, екі куәның және нотариустың қатысуымен куәлар қол қоятын конвертке салынып, желімденуге тиіс. Куәлар қол қойған конверт куәлардың және нотариустың қатысуымен, нотариус куәландырып қол қоятын басқа конвертке салынып желімденеді.

Нотариус жоқ елді мекендерде тұратын адамдардың өсиетін заң актілерінде нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдар куәландырады.

Нотариустың, өсиетті куәландыратын басқа адамның, куәлардың, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоятын азаматтың мұра ашылғанға дейін өсиеттің мазмұнына, оның жасалуына, күші жойылуына немесе өзгертілуіне қатысты мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ.

#### **Заңды мұрагерлік**

Заң бойынша мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған және оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңестіріледі. Асырап алынғандар мен олардың ұрпақтары асырап алынушының туған ата-анасы, оның басқа да қандас туыстары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды. Асырап алынушылардың ата-анасы мен оның басқа да қандас туыстары асырап алынушы және оның ұрпақтары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды.

Азаматтық кодексте төмендегі мұрагерлердің кезегі берілген:

1. Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының балалары, соның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы мен ата-анасы алады.

2. Заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының ата-анасы бір, ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сінділері (қарындастары), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі алады.

3. Заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының туған немере ағалары мен апалары алады.

4. Заң бойынша мұрагер болу құқығын төртінші кезекте мұра қалдырушының алтыншы атаға дейінгілерін қосқанда басқа туыстары алады, бұл ретте туыстық дәрежесі неғұрлым жақын туыстар туыстықтың неғұрлым алысырақ дәрежедегі

туыстарын мұрагерліктен шеттетеді. Туыстық дәрежесінің жақындығы ортақ ата-бабасынан туу саны негізінде анықталады. Әрбір дүниеге келу бір ата (бір туыстық) дәрежесі деп аталады. Мұрагерлікке шақырылған төртінші кезектегі мұрагерлер тең үлесте мұрагер болады.

5. Заң бойынша мұрагер болу құқығын бесінші кезекте, егер мұра қалдырушымен бір отбасында кемінде он жыл бірге тұрса, тең үлеспен оның туыстас аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), өгей әкесі мен өгей шешесі алады.

6. Заң бойынша мұрагер болу құқығын алтыншы кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар алады.

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Ашитов З. О., Ашитов Б. З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері.— Алматы, Жеті Жарғы, 2003.
2. Бакқұлов С. Д. Құқық негіздері.— Алматы. 2004.
3. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы: «Жеті Жарғы», 2001.
4. Төлеуғалиев Ф. Азаматтық құқық. Жалпы бөлім.— Алматы: «Жеті жарғы», 2001.

#### Нормативтік-құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтырулар).— Алматы, 2007.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 27 желтоқсан 1994 жыл.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). 1 шілде 1999 жыл.
4. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңы.
5. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Заңы.
6. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-ІІ Заңы.
7. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңы.
8. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңы.

## 6. Тақырып.

### Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы

1. Қылмыс түсінігі, оның құрамы.
2. Қылмыстық жауаптылықтың негіздері.
3. Қылмысқа қатысу.
4. Қылмыстық жазаның түсінігі және түрлері.
5. Қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар.

#### 1. Қылмыс түсінігі, оның құрамы

**Қылмыстық құқық дегеніміз** — құқық саласының негізгі түрлерінің бірі ретінде қылмыстың түсінігі мен белгілерін, қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықтың негізі мен шектерін, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатудың шарттарын анықтайтын құқықтық нормалардың жиынтығы.

**Қылмыстық құқық міндеттері** — әлеуметтік құндылықтарды қорғау және қылмыстардың алдын-алу, болдырмау болып табылады. Қылмыстың алдын-алу заңда көзделген жеке мақсаттардың бірі – қылмыстан сақтандырумен тығыз байланысты әрі онымен шарттас. Осы екі міндеттің мазмұны қоғамдық қатынастарды қорғауды, басқа жаңа қылмыстарды болдырмауды, қылмыс жасаған тұлғаға ықпал ету шараларын қолдануды сипаттайды.

**Қылмыстық Кодекс.** 1997 жылы шілде айының 16 жұлдызында Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі қабылданып, ол 1998 жылы 1 қаңтардан бастап заңды күшіне енді. Аталған Қылмыстық кодекстің 3-бабында қылмыстық жауаптылықтың негізін былай анықтайды: қылмыс жасау, яғни қылмыстық заңда көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады.

**Қылмыс** — Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп аталады.

Жасалған әрекетті қылмыс деп тану үшін оны қылмыстық заң нормаларында бекітілген тиісті қылмыс құрамдарымен салыстыру қажет.

Егер қылмысты жасау — қылмыстық жауаптылыққа тартуға іс-жүзінде негіздеме бола алса, қылмыс құрамы — оның заң

жүзіндегі негіздемесі. Бұл екі негіздеме өзара тығыз байланысты, екеуі бір бүтінді құрайды. Қылмыс құрамы заң бойынша анықталмаса, қоғамға қауіпті әрекет қылмыс болып саналмайды, қандай да бір қылмыс құрамының нышандарының болуы, егер жасалған әрекетте осы нышандар болмаса, қылмыстық жауапқа тартуға негіз бола алмайды.

**Қылмыс құрамының негізгі белгілері:** 1) қылмыстың объектісін сипаттайтын белгілер: қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық заң бойынша қорғалатын қоғамдық қатынас; 2) қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын белгілер: объектіге зиян тигізетін немесе зиян тигізу қаупін тудыратын қоғамға қауіпті іс-әрекет; 3) қылмыстың субъективтік жағын сипаттайтын белгілер: кінә, қасақаналық, абайсыздық; 4) қылмыстың субъектісін сипаттайтын белгілер: жеке тұлға, есі дұрыстық, қылмыстық жауаптылық жасы, арнаулы субъекті. Қылмыс құрамының осы негізгі белгілері кез келген қылмыс құрамында болады және олардың біреуінің болмауы қылмыс құрамының жоқтығын көрсетеді. Жоғарыда аталған қылмыстың объектісін және объективтік жағын сипаттайтын белгілер қылмыстың объективтік ақиқаттылығын көрсетеді, сол себепті қылмыс құрамының объективтік белгілері деп аталады.

**Қылмыстың объектісі** — қылмыстық қол сұғушылықтан зиян келетін немесе зиян келуі мүмкін қоғамдық қатынастар. Біздің ойымызша, кейбір заң әдебиеттерінде көрсетілген: «Қылмыстың объектісі дегеніміз — сол қылмыстық әрекеттің неге бағытталғанын айтамыз» деген көзқарастармен келісуімізге болмайды. Өйткені, «бағытталған» деген термин арқылы абайсызда жасалатын қылмыстың объектісін анықтауға болмайды. Тіпті қасақана жасалатын қылмыстардың өзіне кінәлінің қылмыстық жүріс-тұрысының бағытталуы нақтылы қол сұғушылықпен үйлесе бермейді. Кез келген қылмыс материалдық игіліктерге емес (заттар, ақша), т.б. қоғамдық қатынастарға қол сұғады. Ол қоғамдық қатынастар әрекет етуші қылмыстық заңмен қорғалуы қажет (ҚР ҚК 2-бабы). Қылмыскер қауіп төндірген қоғамдық қатынастың сипатына қарай, қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты анықталады. Қоғам үшін қылмыстың объектісі неғұрлым құнды болса, соғұрлым жасалатын қылмыстың ауырлығы да көп болады. Сайып келгенде, қылмыстың объектісі дегеніміз — кінәлі қылмыстық қол сұғушылық жасаған, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар болып табылады.

**Қылмыстың объективтік жағы** қылмысты істеген адамның мінез-құлқының сыртқы көрінісін білдіреді. Объективтік жақ ең алдымен, қоғамға қауіпті мінез-құлық актісінің сыртқы көрінісі, ол адамдардың әрекеті немесе әрекетсіздігі арқылы көрініс табады. Қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік нысандары мен түрлері қылмыстың заң тұжырымдарында әр түрлі және жан-жақты. Бірқатар қылмыстың объективтік жағын сипаттауда оның міндетті белгілеріне уақыт, орын, жағдай, қылмысты жасау тәсілдері де жатады. Қылмыстарды ажыратып жіктеуде, оның қоғамға қауіптілігінің дәрежесін белгілеуде, қылмысты саралауда объективтік жақтың осы белгілерінің маңызы өте зор.

**Қылмыстың субъективтік жағын** және субъектісін сипаттайтын белгілер қылмыс жасаған адамның субъективтік ерекшелігін көрсететіндіктен, қылмыс құрамының субъективтік белгілері деп аталады. Субъективтік жақ қылмыстың ішкі жағын, мәнін және мазмұнын сипаттайды. Қылмыс жасаған адамның ішкі дүниесінде, оның еркімен санасында өтетін психологиялық процестің көрінісі. Демек, қылмыстың субъективтік жағы бұл негізінен адамның психикалық іс-әрекетінің қылмыс істеуге тікелей байланысты жағының көрінісі болып табылады. Субъективтік жақтың белгілеріне кінә, ниет және мақсат жатады. Кінә кез келген қылмыс құрамында болғандықтан, ол қылмысты саралаумен тығыз байланысты. Ал кейбір қылмыс құрамының субъективтік жағының белгілеріне қылмыстың ниеті мен мақсаты жатады.

**Қылмыстың субъектісі дегеніміз** — қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған және заңға сәйкес сол үшін мемлекеттің алдында қылмыстық жауаптылықты көтеруге қабілеті бар адамды айтамыз. Қылмыс субъектісін сипаттайтын белгілерге жеке тұлға, ақыл-есі дұрыстық, қылмыстық жауаптылық жасына жету, яғни 16 жасқа толу жатады (кейбір қылмыстар үшін 14, 18 жасқа жету міндетті). Көрсетілген белгілермен қатар, арнаулы белгілерді қажет ететін адам қылмыстың арнаулы субъектісі болып табылады.

Қылмыс құрамының элементтерінің әрбір кезге сәйкес тән белгілері болады. Кейбір ғалымдар мұндай белгіні «**түрлік белгі**» деп атайды. Қылмыс құрамына мұқияттылықпен таңдап алынған түрлік белгілер ғана қосылады.

**Түрлік белгілер дегеніміз** — барлық қылмыстарға ортақ, олардың қоғамға қауіптілігі және құқыққа қайшылығын біл-

діретін жиынтығының көрінісі болады. Түрлік белгіге жатпайтын тек қана жекелеген қылмысқа тән белгілер қылмыс құрамына қосылмайды. Сондықтан олар қылмыс құрамынан тысқары болады да, осыған байланысты қылмысты саралау үшін маңызы болмайды. Мысалы, біреудің мүлкін ұрлағанда (ақша, зат, құжат т.б.) немесе ол ұрлықтың қашан болғаны қылмысты саралауға әсер етпейді. Түрлік белгі сол немесе басқа қылмыстың міндетті белгілері болып табылады. Осы түрлік белгінің біреуі жоқ болса, онда қылмыс құрамы да болмайды. Қылмыс құрылымының арнаулы (факультативті) белгілері болады. Бұл белгілер бір құрылымдар үшін міндетті, екіншілері үшін міндетті емес болып табылады, яғни бұл заң шығарушының кейбір қылмыс құрамдарын сипаттау үшін қолданылатын белгілер. Оған: қылмыстың зардабы, уақыты, орны, қылмыс істеу тәсілі, құралы, қылмыстық ниет, мақсат, қылмыстың заты, қылмыстың арнаулы субъектісі жатады. Бұл белгілер қылмыс құрамында аталып көрсетілсе, онда олар сол құрамның қажетті белгілері болып табылады. Қылмыс құрамында көрсетілмеген жағдайда, олар қылмысты саралауда әсер етпейді, тек қана жаза тағайындалғанда есепке алынады.

## 2. Қылмыстық жауаптылықтың негіздері

**Қылмыстық жауаптылық** дегеніміз — қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекетті жасаған адамға арнайы өкілетті мемлекеттік органдар қолданатын, қылмыстық заңда қарастырылған қылмыстық құқықтық сипаттағы мәжбүрлеу шараларды өтеу міндетін жүктеуді түсіну қажет.

Бұл анықтамадан қылмыстық жауаптылықтың негізгі белгілерін ашып көрсетуге болады:

1. Қылмыстық жауаптылықтың басталу сәті болып қылмыс құрамының белгілерін құрайтын әрекет жасалған уақыт танылады.

2. Қылмыстық жауаптылық кінәлі адам үшін жағымсыз салдарды өтеу міндеті жүктелгендігін білдіреді. Яғни, қылмыстық әрекет — себеп болса, қылмыстық жауаптылық — салдар.

3. Заңда көрсетілген жағымсыз салдар тек арнайы өкілетті мемлекеттік органдармен ғана қолданылады.

4. Қылмыстық жауаптылық — жағымсыз салдарды іс жүзінде нақты өтеу ғана емес, оны өтеу міндеті болып табылады.

5. Жағымсыз салдардың сипаты тек қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару заңдарымен ғана анық-талады.

Қылмыстық жауаптылықтың пайда болуы, жүзеге асырылуы және тоқтатылуы туралы мәселелерді шешу қылмыстық-құқықтық қатынас шеңберінде жүзеге асырылады. Қылмыстық жауаптылық өзінің бастауын қылмыстық-құқықтық қатынастан алып қана қоймайды, ол оның бір бөлігі ретінде танылып, бір-бірімен тығыз байланыста тұрады. Сондықтан, қылмыстық-құқықтық қатынастарсыз қылмыстық жауаптылықтың тууы мүмкін емес.

Құрылымы бойынша қылмыстық-құқықтық қатынас объектіден, субъектіден және субъектілердің заңдық құқықтары мен міндеттерін құрайтын мазмұннан тұрады. Мұндай қатынастардың субъектілері ретінде бір жағынан, қылмыстық жауаптылықты өтеуге міндетті, бірақ осы жауаптылықтың заңмен бекітілген шегін және белгіленген тәртібін сақтауды талап етуге құқылы қылмыс жасаған адам танылады. Екінші жағынан — өзінің арнайы өкілетті органдары арқылы қылмыс жасау фактісін анықтауға, оны жасаған нақты адамның кінәсін дәлелдеуге міндетті және қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларын басшылыққа ала отырып, қылмыстық заң нормалары негізінде аталған адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға құқылы мемлекет танылады. Қылмыстық-құқықтық қатынастардың объектісі болып адамның қылмыс жасауы нәтижесінде құқықтық шектеулерге түсетін жеке, мүліктік және өзге де игіліктер танылады. Қылмыстық-құқықтық қатынас қылмыс жасау сәтінен бастап туындайды. Осы сәттен бастап қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі есептеледі. Қылмыстық-құқықтық қатынастың жүзеге асырылуы кінәліге айып таққан кезден басталады. Яғни, қылмыстық-құқықтық қатынастың жүзеге асырылуы, одан әрі дамуы барысында қылмыс жасаған адам айыпкер, сотталушы, сотталған адам ретінде танылады және жасаған қылмысы үшін жауап беруге және жазаны өтеуге міндетті болып табылады. Жазаны орындау барысында қылмыстық-құқықтық қатынастар қылмыстық атқару қатынастары арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық-құқықтық қатынас соттылықтың өтелу немесе алыну сәтінен тоқтатылады.

### **Қылмыстық жауаптылықтан босатылатын мән-жайлар.**

**Қажетті қорғану.** Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды.

Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады.

Нәтижесінде қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Бұлайша шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Адам өміріне қол сұғушыға не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

**Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру.** Қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау адамға келтірілген зиян жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян қажетсіз келтірілген кезде, олардың ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрінеу сай келмеуі ұстау шараларын асыра сілтеу деп танылады. Бұлайша асыра сілтеу қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға бұған арнаулы уәкілеттігі бар адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы бар.

**Аса қажеттілік.** Қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

Құқық қорғау мүдделеріне алды алынғанға тең немесе одан гөрі елеулі зиян келтірілген, төнген қатердің сипаты мен дәрежесіне және қатер жойылған жағдайға көрінеу сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығушылық тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады.

**Жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру.** Уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерінің не осы органмен қызметтес өзге адамның осындай органның тапсырмасы бойынша жедел-іздістіру шараларын орындауы кезінде заңға сәйкес жасаған әрекетімен Қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге келтірген зияны, егер бұл әрекет бір топ адам, алдын ала сөз байласу арқылы бір топ адам, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмысты болғызбау, анықтау, ашу немесе тергеу мақсатымен жасалса, сондай-ақ егер құқық қорғау мүдделеріне келтірілген зиян аталған қылмыстармен келтірілетін зиянға қарағанда онша мәнді болмаса және егер оларды болғызбау, ашу немесе тергеу, сол сияқты қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуді өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмаса, қылмыс болып табылмайды.

**Орынды тәуекел ету.** Қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін орынды тәуекел еткен ретте Қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды.

Егер аталған мақсатқа тәуекелмен байланыссыз іс-әрекетпен (әрекетсіздікпен) қол жеткізілмейтін болса және тәуекелге жол берген адам Қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін жеткілікті шаралар қолданса, тәуекел орынды деп танылады.

Егер тәуекел ету адамдардың өміріне немесе денсаулығына көрінеу қатер төндіруге, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске немесе өзге де ауыр зардаптарға ұштасатын болса, тәуекел ету орынды деп танылмайды.

**Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу.** Егер күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде Қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды.

**Бұйрықты немесе өкімді орындау.** Өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның Қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыс болып табылмайды. Мұндай зиян келтірілгені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауапқа тартылады.

Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындағаны үшін қасақана қылмыс жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауапқа тартылады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау қылмыстық жауаптылыққа ұшыратпайды.

### 3. Қылмысқа қатысу

Қылмысқа қатысу дегеніміз — екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады.

Қылмысқа қатысушылардың түрлеріне — ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші орындаушымен бірге қылмысқа қатысушылар деп танылады.

Орындаушы деп — қылмысты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (қоса орындаушылармен) бірге тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе Қылмыстық кодексте көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауапқа тартуға болмайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану жолымен қылмыс жасаған адамды айтамыз.

Ұйымдастырушы деп — қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты ұйымдасқан қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) құрған немесе оларға басшылық еткен адамды айтамыз.

Айдап салушы деп — басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адамды айтамыз.

Көмектесуші деп — кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен не қылмысты жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ қылмыскерді, қаруды немесе қылмыс жасаудың өзге құралдарын, қылмыстың ізін не қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды сатып алуға немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам танылады.

Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстың жасалуына қатысуының сипатымен және дәрежесімен айқындалады.

Орындаушы өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайда қылмыстың қалған қатысушылары қылмыс жасауға дайындалуға немесе қылмыс жасауға оқталуға қатысқаны үшін жауапқа тартылады. Өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша басқа адамдарды қылмыс жасауға көндіре алмаған адам да қылмыс жасауға дайындалғаны үшін қылмыстық жауапқа тартылады.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы аталған, қылмыстың субъектісі болып табылмайтын, осы бапта көзделген қылмысты жасауға қатысқан адам осы қылмыс үшін оны ұйымдастырушы, оған айдап салушы не жәрдемдесуші ретінде қылмыстық жауапқа тартылады.

Қылмысқа қатысушының басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмысты жасауы оның шектен шығушылығы деп танылады. Шектен шығушылық үшін басқа қатысушылар қылмыстық жауапқа тартылмайды.

Егер қылмыс жасауға екі немесе одан да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады.

Егер қылмысқа бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаған қылмыс деп танылады.

Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады.

Егер қылмысты ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін құрылған бірігіп ұйымдасқан топ (ұйым) не нақ сондай мақсатпен құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады.

Ұйымдасқан топты немесе қылмыстық сыбайластықты (қылмыстық ұйымды) құрған не оларға басшылық еткен адам Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда оларды ұйымдастырғаны және оларға басшылық еткені, сондай-ақ қылмыстар оның қаскүнемдік ниетімен қамтылса, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған барлық қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық сыбайластықтың (қылмыстық ұйымның) басқа қатысушылары Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда оларға қатысқаны үшін, сондай-ақ өздері дайындауға немесе жасауға қатысқан қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тартылады.

#### 4. Қылмыстық жазаның түсінігі және түрлері

Жаза — дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауда кінәлі деп танылған адамға қолданылады және осы адамды Қылмыстық кодексте көзделгендей құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе оларды шектеу болып табылады. Жаза мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Ол қылмыс жасаған тұлғаға тек ерекше мемлекеттік орган — сот арқылы осы жөнінде шығарылған үкім негізінде ғана қолданылады. Ал, үкім Қазақстан Республикасының атынан шығарылады.

Жаза адамның қадір — қасиетін қорлау немесе күш қолдану мақсатын көздемейді. Қылмыстық жазалаудың мақсаты: сотталғандарды түзеу, олардың қылмыстық әрекеттеріне тыйым салу, сондай-ақ сотталғандардың және тағы басқа да адамдардың қылмысты қайталануына ескерту жасау.

Қылмыс үшін қолданылатын жаза — мемлекеттік шара. Қылмыс істегенді кінәлі деу, ол үшін жаза белгілеу жеке кісілердің немесе қоғамдық ұйымдардың ісі емес, ол тек мемлекеттің өзіне ғана тән мәселе. Сондықтанда соттар бұл мәселені шешкенде үкімді өзі атынан емес, мемлекет атынан шығарады.

Қылмыс үшін қолданылатын жаза сотталған адамға оның келтірілген зиянына байланысты тағайындалады. Қылмыс үшін қолданылатын жазадан келетін зиян қылмыс істеушінің өз басына арнауы қажет.

Қылмыс жасады деп танылған адамдарға мынадай негізгі жазалар:

- а) айыппұл салу;
- б) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- в) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- г) түзеу жұмыстары;
- д) әскери қызмет бойынша шектеу;
- е) бас бостандығын шектеу;
- ж) қамау;
- з) тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
- и) бас бостандығынан айыру;
- к) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

Сотталғандарға негізгі жазалардан басқа мынадай қосымша жазалар:

а) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;

б) мүлкін тәркілеу қолданылуы мүмкін.

Айыппұл салу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және қоғамдық жұмыстарға тарту жазалаудың негізгі де, қосымша да түрлері ретінде қолданылуы мүмкін.

**Айыппұл.** Айыппұл Қылмыстық кодексте көзделген шекте, заңмен белгіленген және жаза тағайындау сәтіне қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде не сотталған адамның жалақысының немесе ол қылмыс жасаған сәтіне белгілі бір кезең ішіндегі өзге де табысының мөлшерінде тағайындалатын ақша өндіріп алу.

**Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру.** Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір лауазымды атқаруға, не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазаның негізгі түрі ретінде бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге және жазаның қосымша түрі ретінде алты айдан үш жылға дейінгі мерзімі белгіленеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазаның негізгі түрі ретінде үш жылдан он

жылға дейінгі мерзімге және жазаның қосымша түрі ретінде бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

**Қоғамдық жұмыстарға тарту.** Қоғамдық жұмыстар сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады, олардың түрлерін жергілікті атқарушы органдар немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары белгілейді.

Қоғамдық жұмыстар алпыс сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейін белгіленеді және күніне төрт сағаттан аспайтын уақытта өтеледі. Қоғамдық жұмыстардан әдейі жалтарған жағдайда олар Қылмыстық кодекстің тиісінше 45 және 46 және 48-баптарында көзделген мерзімдер шегінде бас бостандығын шектеумен, қамауға алумен немесе бас бостандығынан айырумен ауыстырылады. Бұл орайда сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды өтеген уақытын есептеген кезде, бас бостандығын шектеудің немесе қамауға алудың немесе бас бостандығынан айырудың бір күні қоғамдық жұмыстардың төрт сағатына есептеледі.

Әскери қызметшілерге, елу бес жастан асқан әйелдер мен алпыс жастан асқан еркектерге, жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге қоғамдық жұмысқа тарту тағайындалмайды.

**Түзеу жұмыстары.** Түзеу жұмыстары екі айдан екі жылға дейін мерзімге белгіленеді және сотталған адамның жұмыс орны бойынша өтеледі. Түзеу жұмыстарына сотталған адамның табысынан соттың үкімімен белгіленген мөлшерде, бес проценттен жиырма процентке дейінгі шекте мемлекеттің кірісіне ұстап қалу жүргізіледі.

Еңбекке жарамсыз деп танылған, тұрақты жұмысы жоқ немесе оқу орнында өндірістен қол үзіп оқитын адамдарға түзеу жұмыстарын тағайындауға болмайды. Мұндай адамдарға, егер Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптың санкциясымен айыппұл түрінде жаза көзделмеген болса, бір ай түзеу жұмысы үшін заңмен белгіленген бір айлық есепті көрсеткішке тең айыппұл сомасының есебінен сот түзеу жұмыстарының орнына айыппұл тағайындауы мүмкін. Егер аталған мән-жайлар жазаны өтеу кезінде пайда болса, сот түзеу жұмыстарын айыппұл салумен де ауыстыра алады.

**Әскери қызмет бойынша шектеу.** Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген, сотталған әскери қызметшілерге, сондай-ақ шақыру бойынша әскери қызметін өтеп жүрген офи-

церлерге Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда әскери қызметке қарсы қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген, сотталған әскери қызметшілерге Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген түзеу жұмысының орнына үш айдан екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызмет бойынша шектеу тағайындалады.

**Бас бостандығын шектеу.** Бас бостандығын шектеу соттың сотталған адамға оның бас бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттер жүктеуінен тұрады және қоғамнан оқшауламай бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша өтеледі. Өзге жаза (қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тарту) бас бостандығын шектеуге ауыстырылған жағдайда, ол бір жылға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Сот бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындай отырып, сотталған адамға: мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін және оқитын жерін өзгертпеу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз белгілі бір жерлерге бармау, оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, басқа да жерлерге бармау міндеттерін орындауды жүктейді. Сот, бас бостандығын шектеуге сотталған адамға оның түзелуіне ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды: алкогольге салынуудан, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардан емделу курсынан өтуді, отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктей алады.

**Қамау.** Қамау сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау болып табылады.

Қамау бір айдан алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді. Қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары немесе айыппұл салу қамаумен ауыстырылған жағдайда ол кемінде бір ай мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Қамау үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдарға, сондай-ақ жүкті әйелдер мен кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге қолданылмайды. Әскери қызметшілер қамауды абақтыда өткізеді.

**Тәртіптік әскери бөлімде ұстау.** Шақыру бойынша мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге, сондай-ақ

қатардағы және сержанттық құрам қызметтерінде келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге, егер олар сот үкім шығарған кезде заңда белгіленген шақыру бойынша қызмет өткеру мерзімін бітірмесе, тәртіптік әскери бөлімде ұстау тағайындалады. Бұл жаза әскери қылмыстар жасағаны үшін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделген жағдайда, сондай-ақ сот істің мән-жайы мен кінәлінің жеке басын ескере отырып, екі жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айырудың орнына дәл сол мерзімге тәртіптік әскери бөлімде ұстаған дұрыс деп тапқан жағдайда үш айдан екі жылға дейінгі мерзімге белгіленеді. Бас бостандығынан айырудың орнына тәртіптік әскери бөлімде ұстау бұрын бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеген адамдарға қолданылмайды.

**Бас бостандығынан айыру.** Бас бостандығынан айыру сотталушыны колония-қонысқа жіберу, жалпы, қатаң, ерекше режимдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғызу жолымен оқшаулаудан тұрады.

Үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмай бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жалпы немесе күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларына орналастырылады.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру өмірге қастандық жасалатын аса ауыр қылмыс жасағаны үшін берілетін өлім жазасына балама ретінде ғана белгіленеді және сот өлім жазасын қолданбауға болады деп ұйғарған жағдайларда тағайындалуы мүмкін. Өмір бойы бас бостандығынан айыру әйелдерге, сондай-ақ он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және үкім шығарылу сәтіне алпыс бес жасқа толған еркектерге тағайындалмайды.

Бас бостандығынан айыру:

а) абайсызда қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға — колония-қоныстарға;

б) қасақана кішігірім немесе ауырлығы орташа және ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға тұңғыш рет сотталған адамдарға және қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бас бостандығын шектеу алты ай мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға — жалпы режимдегі түзеу колонияларына;

в) аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға тұңғыш рет сотталған адамдарға, сондай-ақ сотталған

адам бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген болса, қылмыстардың қайталануы кезінде және қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде әйелдерге — қатаң режимдегі түзеу колонияларына;

г) қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға — ерекше режимдегі түзеу колонияларына тағайындалады.

Аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде жаза мерзімінің бір бөлігін түрмеде өтеу түрінде, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін.

**Өлім жазасы.** Өлім жазасы — ату жазасы адамның өміріне қол сұғатын ерекше ауыр қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс кезінде немесе ұрыс жағдайында мемлекеттік сатқындық, бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс және ерекше ауыр әскери қылмыстар жасағаны үшін ғана ең ауыр жаза ретінде қолданылуы мүмкін.

Өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және сот үкім шығарған сәтте алпыс бес жасқа толған еркектерге тағайындалмайды.

ҚР-ның Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген кезде, өлім жазасы туралы үкімді орындау мораторий қолданылған уақытта тоқтатыла тұрады.

Өлім жазасы туралы үкім ерте дегенде ол күшіне енген сәттен бастап бір жылдан кейін, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан соң ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін орындалады.

Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы өмір бойы бас бостандығынан айыруға немесе жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін. Өлім жазасына кесілген адамдардың, өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған жағдайда, олардың мораторий енгізілгенге дейін өтініш бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, кешірім жасау туралы өтініш беруге құқығы бар.

**Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру.** Ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін соттау кезінде сот айыпкердің

жеке басын ескере отырып, оны құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан айыра алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті берген құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атағы, сыныптық шені, дипломатиялық дәрежесі немесе біліктілік сыныбы бар адамды ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін соттаған ретте сот үкім шығарған кезде ол сотталған адамды осы наградалардан, атақтардан, біліктілік шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізудің орындылығы туралы мәселені шешеді.

**Мүлікті тәркілеу.** Мүлікті тәркілеу дегеніміз сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу.

Мүлікті тәркілеу пайдакүнөмдік ниетпен жасалған қылмыс үшін белгіленеді және Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін.

## **5. Қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар**

Қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыс үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза тағайындалады.

Жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Мыналар қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп танылады:

а) мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасау;

б) айыпкердің көмелетке толмауы;

в) жүктілік;

г) айыпкердің жас балалары болуы;

д) қылмыс жасағаннан кейін зардап шегушіге тікелей медициналық және өзге де көмек көрсету, қылмыс салдарынан келтірілген мүліктік залал мен моральдік зиянның орнын өз еркімен толтыру, қылмыспен келтірілген зиянды жоюға бағытталған өзге де іс-әрекеттер;

е) жеке басындық, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлар тоғысуының салдарынан немесе жаны ашығандық себебімен қылмыс жасау;

ж) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігі себепті қылмыс жасау;

з) қажетті қорғандың құқықтық дұрыстығының шартын бұзу, аса қажеттілік қылмыс жасаған адамды ұстау, негізді тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындау жағдайында қылмыс жасау;

и) қылмыс жасау үшін түрткі болып табылған жәбірленушінің заңға қайшы немесе адамгершілікке жатпайтын қылығы;

к) шын жүректен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға, қылмысқа басқа қатысушыларды әшкерелеуге және қылмыс жасау нәтижесінде алынған мүлікті іздеуге белсенді жәрдемдесу.

Мыналар қылмыстық-жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар деп танылады:

а) қылмыстарды әлденеше рет жасау, қылмыстардың қайталануы;

б) қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтіру;

в) адамдар тобының, алдын аласөзбайласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауымдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасау;

г) қылмыс жасағанда айрықша белсенді рөл атқару;

д) айыпкер үшін психикасы бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні алдын ала белгілі адамдарды не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыс жасауға тарту;

е) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды іс-әрекеті үшін кектенушіліктен, сондай-ақ басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыс жасау;

ж) жүктілік жағдайы айыпкер үшін алдын ала белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не айыпкерге тәуелді адамға қатысты қылмыс жасау;

з) белгілі бір адамның өзінің қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық борышын өтеуіне байланысты оған немесе оның туыстарына қатысты қылмыс жасау;

и) аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинап қылмыс жасау;

к) қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш немесе оларды бейнелеуші құрылғылар, арнайы дайындаған техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық-фармакологиялық дәрі-дәрмектер пайдаланып, сондай-ақ күш көрсетіп немесе психикалық мәжбүрлеу не жалпы қауіпті әдіс қолданып қылмыс жасау;

л) төтенше жағдайды, табиғи немесе өзге де қоғамдық нәубет жағдайларын пайдаланып, сондай-ақ жаппай тәртіп бұзушылық кезінде қылмыс жасау;

м) алкогольдік, есірткілік немесе уытқылық еліту жағдайында қылмыс жасау. Сот қылмыстың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлатушы деп танымауға құқылы;

н) адамның өзі қабылдаған антын немесе кәсіби антын бұза отырып қылмыс жасауы;

о) қылмыскердің қызметі жағдайына немесе шартқа байланысты өзіне көрсетілген сенімді пайдаланып қылмыс жасауы;

п) өкімет өкілінің нысанды киімін немесе құжатын пайдаланып қылмыс жасау.

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Ашитов З. О., Ашитов Б. З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері.— Алматы: Жеті Жарғы, 2003.

2. Баққұлов С. Д. Құқық негіздері.— Алматы, 2004.

3. Ағыбаев Н. Қылмыстық құқық. Оқулық. Жалпы бөлім.— Алматы: Жеті жарғы, 2001.

4. Бұғыбайқызы Д. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім.— Алматы, 2003.

5. ҚР Қылмыстық кодексіне түсінік.— Алматы, 2001.

6. Ағыбаев Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім.— Алматы: Жеті жарғы, 2000.

#### Нормативтік-құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтырулар).— Алматы, 2007.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 16 шілде 1997 жыл.

## 7. Тақырып. Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері

1. *Некені қию және бұзу.*
2. *Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері.*
3. *Ата-аналардың балалары жөніндегі құқықтары мен міндеттері.*
4. *Бала асырап алу.*

### 1. Некені қию және бұзу

Отбасы құқығы — бұл Қазақстан Республикасының құқық салаларының бірі болып табылады. Отбасы құқығы — неке-отбасы қатынастарын, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін белгілеп, реттейді.

Неке-отбасы құқығымен реттелетін қатынастар: 1) некеге түрудың, некені тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарты мен тәртібін белгілейді; 2) отбасы мүшелерінің: ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың (асырап алушылар мен асырап алынғандардың) арасындағы, ал неке-отбасы заңдарында көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдардың арасындағы азаматтық құқықтар мен міндеттерді, мүліктік емес және мүліктік жеке қатынастарды реттейді; 3) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындайды; 4) азаматтық хал актілерін тіркеу және заңдарда белгіленген тәртіппен ақылы қызмет көрсету тәртібін реттейді.

Неке-отбасы қатынастарын реттейтін негізгі нормативтік акт бұл — «Неке және отбасы туралы» 1998 ж. 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.

**Отбасы** — некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы.

Неке және отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы құқығының принциптері: 1) еркек пен әйелдің некелі одағының еріктілігі; 2)

ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі; 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік; 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу; 5) балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық жасау; 6) отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабылетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру; 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, бұл құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері; 8) отбасының барлық мүшелерін салауатты тұрмыс салтына ынталандыру принциптеріне негізделеді.

Мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылған неке ғана танылады.

**Неке** — ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ.

Некеге тұру үшін некеге тұрушы еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі қажет.

Неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді. Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін.

Неке жасын төмендету туралы өтінішті некеге тұруға тілек білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары (қамқоршылары) белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін туғызатын себептерді көрсете отырып қозғай алады. Барлық жағдайларда неке жасын төмендетуге тек некеге тұрушылардың келісімімен ғана жол беріледі.

Неке жасына толмаған адамдар арасындағы некеге ата-аналарының немесе қорғаншыларының келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Араларында неке қиылуына жол берілмейтін адамдар:

- 1) біреуі болса да басқа тіркелген некеде тұрған адамдардың;
- 2) тікелей ата-тегі бойынша және өзінен тарайтын жақын туыстардың (ата-аналар мен балалардың, атасының, әжесінің және немерелерінің), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек әкесі немесе анасы ортақ ағалы-інілер мен апалы-сіңілілердің (аға-қарындастардың);

3) асырап алушылар мен асырап алғандардың;

4) біреуін болса да психикалық ауруының немесе ақыл есі кемдігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың арасында жол берілмейді.

Некеге тұруға тілек білдіруші адамдарға медициналық, сондай-ақ медициналық-генетикалық мәселелер және репродукциялық денсаулық қорғау мәселелері бойынша консультация беру мен тексеруді мамандандырылған денсаулық сақтау мекемелері және некеге тұратын адамдардың екеуінің келісімімен ғана жүргізеді.

Некеге тұратын адамдарды тексерудің нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол некеге тұруға ниеттенген адамға тексеруден өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін.

**Некеге тұру тәртібі.** Некеге тұратын адамдардың тікелей қатысуымен неке мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылады. Некеге тұруға ниет білдірген адамдардың біреуі азаматтық хал актілерін жазу органына келе алмайтын ерекше жағдайларда неке мұндай адамның тұратын жері бойынша қиылуы мүмкін. Неке қию кезінде өкіл жіберуге жол берілмейді.

Некені қию некеге тұруға тілек білдірушілер азаматтық хал актілерін жазу органына арыз берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

Дәлелді себептер болған жағдайда неке қиюды мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы бір ай өткенге дейін неке қиюға, сондай-ақ осы мерзімді ұзартуға, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуға рұқсат етуі мүмкін.

Ерекше мән-жайлар болған кезде (жүктілік, бала тууы, бір тараптың өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа да ерекше мән-жайлар) неке өтініш берілген күні қиылуы мүмкін.

Неке қиюды мемлекеттік тіркеу азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарының некені тіркеуден бас тартуына некеге тұруға тілек білдіруші адамдар не олардың біреуі сотқа шағым жасай алады.

**Неке шарты** — некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүлдіктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім неке шарты деп танылады.

Неке шарты некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін де, неке кезеңіндегі кез келген уақытта да жасалуы мүмкін. Не-

кеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін жасалған неке шарты некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Неке шарты жазбаша түрде жасалады және оны нотариат куәландыруға тиіс.

Ерлі-зайыптылар неке шартымен заңда белгіленген бірлескен ортақ меншік режимін, ерлі-зайыптылардың барлық мүлкіне, оның жекелеген түрлеріне немесе ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкіне бірлескен, үлестік немесе бөлектелген меншік режимін белгілеуге құқылы. Неке шарты ерлі-зайыптылардың қолда бар мүлкі жөнінде де, болашақтағы мүлкі жөнінде де жасалуы мүмкін.

Неке шартында ерлі-зайыптылар өзара күтіп-бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндеттерін, бір-бірінің кірістеріне қатысу әдістерін, олардың әрқайсысының отбасылық шығындар жасау тәртібін айқындауға, неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлдікті белгілеуге, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүлдіктік қатынастарына қатысты өзге де кез келген ережелерді енгізуге құқылы.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілетін немесе әрекет қабілеттілігін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды, ерлі зайыптылар арасындағы мүлдіктік емес жеке қатынастарды, ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттей алмайды, еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайдың асырау қаражатын алуға құқығын шектейтін жағдайды көздей алмайды, ерлі-зайыптылардың біреуін өте қолайсыз жағдайға қалдыратын немесе неке-отбасы заңдарының негізгі бастауларына қайшы келетін басқа да жағдайларды қамти алмайды.

**Некені тоқтату.** Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы немесе сот оны өлді немесе хабар-ошарсыз кеткен деп жариялау салдарынан тоқтатылады.

Сот қайтыс болды деп жариялаған немесе сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныған жұбайы келген және тиісті сот шешімі күшін жойған жағдайда некені ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы қалпына келтіруі мүмкін.

Егер жұбайлардың екіншісі жаңа некеге отырса, некені қалпына келтіруге болмайды.

Егер неке қию кезінде тараптарға (немесе тараптардың біреуіне) қайтыс болды немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылған жұбайы тірі екені белгілі болса, бұл ереже қолданылмайды.

**Некені бұзу.** Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де өтініші бойынша, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайдың қорғаншысының өтініші бойынша оны бұзу жолымен тоқтатылуы мүмкін.

Некені әйелдің жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде әйелдің келісімінсіз бұзуға болмайды.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарында некені бұзу кәметке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісуі жағдайында жүргізіледі. Ерлі-зайыптыларға ортақ кәметке толмаған балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша, егер ерлі-зайыптылардың екіншісін:

- 1) сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса;
- 2) сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;
- 3) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталса, неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылады.

Некенің бұзылуын мемлекеттік тіркеуді азаматтық хал актілерін жазу органы азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізеді.

#### **Некені сот тәртібімен бұзу:**

- 1) ерлі-зайыптыларда кәметке толмаған ортақ балалардың болуы;
- 2) ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде;
- 3) егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамастан, некені бұзудан өз әрекеттері не әрекетсіздігі арқылы жалтарса;
- 4) ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік талаптары болған жағдайларда жүргізіледі.

Егер сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін еместігін анықтаса, неке сот тәртібімен бұзылады.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған жағдайда, сот ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі-зайыптыларға татуласу үшін үш ай көлемінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы. Егер ерлі-зайыптыларды татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болып шықса және ерлі-зайыптылар (олардың біреуі) некені бұзуды талап етсе, неке бұзылады.

Некені сот тәртібімен бұзу кезінде ерлі-зайыптылар соттың қарауына кәметке толмаған балалар өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын асырауға қаражат төлеу тәртібі туралы, бұл қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісім ұсына алады.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылатын неке азаматтық хал актілерін жазу кітабында некенің бұзылғандығы мемлекеттік тіркелген күннен бастап, ал неке сотта бұзылған жағдайда — соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

Сот некені бұзу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот шешімінің көшірмесін шешім шығарылған жердегі, сондай-ақ неке қию мемлекеттік тіркелген жердегі азаматтық хал актілерін жазу органына жолдауға міндетті.

Ерлі-зайыптылардың азаматтық хал актілерін жазу органында некенің бұзылғаны туралы куәлік алғанға дейін жаңадан некеге тұруға құқығы жоқ. Некенің тоқтатылуымен ерлі-зайыптылардың некелік қатынастарынан туындайтын жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттері тоқтатылады.

## **2. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері**

Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері азаматтық хал актілерін жазу органдарында некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап туындайды.

Ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауда ерікті. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірлесіп шешеді.

Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқаты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.

Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылар өз тілектері бойынша ортақ тек ретінде өздерінің біреуінің тегін таңдап алады не ерлі-зайыптылардың әрқайсысы өзінің некеге тұрғанға дейінгі тегін сақтап қалады, не өз тегіне екінші жұбайдың тегін қосады.

Егер ерлі-зайыптылардың біреуінің некеге тұрғанға дейінгі тегі қосарлас болса, тектерді қосуға жол берілмейді.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің тегін өзгертуі екінші жұбайдың тегін өзгертуіне әкеп соқпайды. Неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылар ортақ текті сақтауға немесе өздерінің некеге тұрғанға дейінгі тегін қалпына келтіруге құқылы.

Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі ұғымы. Егер неке шартында өзгеше белгіленбесе, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігінің режимі олардың мүлкінің заңды режимі болып табылады.

Ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкіне (ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және санаткерлік қызмет нәтижелерінен тапқан табыстары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен түскен кірістер, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетін жоғалтуына және басқаларына байланысты залалды өтеуге төленген сомалар) жатады. Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ортақ кірістерінің есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, бағалы қағаздар, жарналар, салымдар, несие мекемелеріне немесе өзге де коммерциялық ұйымдарға салынған капиталдағы үлестер және ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезеңде тапқан басқа да кез келген мүлік ол ерлі-зайыптылардың қайсысының атына сатып алынғанына не ақша қаражаттарын ерлі-зайыптылардың қайсысы салғанына қарамастан, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке құқығы некеде тұрған кезеңде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке кірісі болмаған жұбайға да тиесілі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне билік ету жөнінде ерлі-зайыптылардың бірі мәмілелер жасасқан кезде екінші жұбайының келісімі керек болады.

Ерлі-зайыптылардың біреуі ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне билік ету жөнінде жасасқан мәмілесін сот басқа жұбайдың келісімі болмауын дәлел етіп, тек оның талап етуімен ғана және басқа тараптың мәміле жөнінде білгендігі немесе осы мәмілені жасасуға басқа жұбайдың күні бұрын білуі тиіс екендігі дәлелденген жағдайларда ғана жарамсыз деп тануы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың біреуі жылжымайтын мүлікке билік ету жөнінде мәміле мен нотариаттық куәландыруды және (немесе) заңда белгіленген тәртіппен тіркеуді талап ететін мәміле жасауы үшін басқа жұбайдың нотариат куәландырған келісімін алуы қажет.

Аталған мәміле жасауға нотариат куәландырған келісімі алынбаған жұбай осы мәміленің жасалғандығы туралы өзі білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл ішінде мәмілені сот тәртібімен жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

**Мыналар ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып табылады:**

1) некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік;

2) ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезеңінде сыйлыққа, мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де мәміле жасау бойынша тегін алған мүлік;

3) қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынса да, жеке пайдалану заттары (киім-кешек, аяқкиім және басқалар).

Некенің іс жүзінде тоқтатылуына байланысты бөлек тұрған кезде ерлі-зайыптылардың әрқайсысы тапқан мүлікті сот олардың әрқайсысының меншігі деп тануы мүмкін.

Егер некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі немесе басқа жұбайдың мүлкі не ерлі-зайыптылардың кез келгенінің еңбегі есебінен осы мүліктің құнын едәуір арттыратын салыным жүргізілгені (күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, қайта жабдықтау және с.с.) анықталса, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігі болып танылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу ерлі-зайыптылардың кез келгенінің талап ету бойынша неке кезеңінде де, ол бұзылғаннан кейін де, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі ерлі-зайыптылардың біреуінің үлесінен өндіріп алу үшін ерлі-

зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы кредит берушінің талабын мәлімдеуі жағдайында да жүргізілуі мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі ерлі-зайыптылар арасында олардың келісімі бойынша бөлінуі мүмкін. Ерлі-зайыптылардың қалауы бойынша олардың ортақ мүлкіті бөлу туралы келісімі нотариат арқылы куәландырылуы мүмкін.

Дау туған жағдайда ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың сол мүліктегі үлестерін анықтау сот тәртібімен жүргізіледі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде сот ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша ерлі-зайыптылардың әрқайсысына қандай мүлік берілуге тиіс екендігін анықтайды. Егер ерлі-зайыптылардың біреуіне құны оған тиесілі үлестен асатын мүлік берілсе, басқа жұбайға тиісінше ақшалай немесе өзге де өтемақы берілуі мүмкін.

Кәмелетке толмаған балалардың ғана қажеттерін қанағаттандыру үшін сатып алынған заттар (киім-кешек, аяқ киім, мектеп және спорт жабдықтары, музыкалық аспаптар, балалар кітапханасы және басқалары) бөлінуге жатпайды және бала бірге тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің есебінен ерлі-зайыптылар өздерінің кәмелетке толмаған ортақ балаларының атына салған салымдары сол балаларға тиесілі болып есептеледі және ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлген кезде есепке алынбайды.

Ерлі-зайыптылардың неке кезеңіндегі ортақ мүлкін бөлген жағдайда ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің бөлінбеген бөлігі, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың одан кейінгі неке кезеңінде тапқан мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігін құрайды.

Некесі бұзылған ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы ерлі-зайыптылар талабына талап-арыз мерзімі өтуінің үш жылдық мерзімі қолданылады.

**Ерлі-зайыптылардың мүлкінен өндіріп алу.** Ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша өндіріп алу тек сол жұбайының мүлкіне ғана жасалуы мүмкін. Бұл мүлік жеткіліксіз болған жағдайда кредит беруші өзіне өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде борышкер жұбайға тиесілі болатын борышкер жұбайдың үлесін бөліп беруді талап етуге құқылы.

Өндіріп алу ерлі-зайыптылардың ортақ міндеттемелері бойынша, сондай-ақ сот ерлі-зайыптылардың біреуінің міндет-

темелері бойынша алынғандардың бәрі отбасының қажеттеріне пайдаланғандығын анықтаса, ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша да ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен жасалады. Бұл мүлік жеткіліксіз болған жағдайда ерлі-зайыптылар аталған міндеттемелер бойынша өздерінің әрқайсысының мүлкімен бірлесе отырып жауапты болады.

Егер соттың үкімімен ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі ерлі-зайыптылардың біреуі қылмыстық жолмен алған қаражат есебінен сатып алынғаны немесе көбейтілгені анықталса, өндіріп алу тиісінше ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен немесе оның бір бөлігінен жасалуы мүмкін.

### **3. Ата-аналардың балалары жөніндегі құқықтары мен міндеттері**

Ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері балалардың заңмен белгіленген тәртіппен куәландырылған тегіне негізделеді.

Баланың анасы жағынан тегін (анасы болуын) ананың медициналық мекемеде бала туғанын растайтын құжаттар негізінде, ал бала медициналық мекемеден тыс жерде туған жағдайда — медициналық құжаттардың, куәлардың көрсетулерінің немесе өзге де айғақтардың негізінде азаматтық хал актілерін жазу органы белгілейді.

Бір-бірімен некеде тұратын адамдармен туған баланың туу тегі ата-анасының неке туралы жазбасымен куәландырылады. Бала неке бұзылған, оны жарамсыз деп таныған кезден бастап немесе бала анасының жұбайы қайтыс болған кезден бастап екі жүз жетпіс күн ішінде туған жағдайда, егер өзгеше дәлелденбесе, анасының бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып танылады.

Баланың анасымен некеде тұрмайтын адамның әке болуы баланың әкесі мен анасының азаматтық хал актілерін жазу органына бірлесіп арыз беруі жолымен; анасы қайтыс болған, ол әрекетке қабілетсіз деп танылған, анасының тұратын жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларды немесе ол ата-ана құқығынан айырылған жағдайда — қорғаншы және қамқоршы органның келісімімен бала әкесінің арызы бойынша, мұндай келісім болмаған жағдайда — сот шешімімен белгіленеді.

Әке болуды анықтау туралы бірлесіп арыз беру бала туғаннан кейін мүмкін емес немесе қиын деп ұйғаруға негіз беретін

мән-жайлар болған кезде болашақ баланың бір-бірімен некеде тұрмайтын ата-анасы анасы жүкті болған кезде азаматтық хал актілерін жазу органына сондай арыз беруге құқылы. Баланың ата-анасы туралы жазба бала туғаннан кейін жасалады.

Егер анасының күйеуі емес еркектің әке екендігі анық болып шықса, анасы босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңдердің ішінде өзін асырау жөніндегі шығындарға одан тиісті ақша қаражатын сот тәртібімен талап етуге құқылы. Ақша қаражатының мөлшерін тараптардың материалдық, отбасылық және назар аударуға тұрарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып, ақша қаражатын төлеу кезінде қолданылып жүрген есептік көрсеткіштің еселенген ара-қатынасымен сот белгілейді.

Он сегіз жасқа (кәмелетке) толған адам жөнінде әке болуды белгілеуге оның келісімімен ғана, ал егер ол әрекетке қабілетсіз деп танылған болса — оның қорғаншысының немесе қорғаншы және қамқоршы органның келісімімен ғана жол беріледі.

**Баланың құқықтары.** Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы бар. Он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам бала деп танылады. Әрбір баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын білуге құқығы, олардың қамқорлығына құқығы, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға құқығы бар.

Баланың өз ата-анасы тәрбиеленуіне, оның мүдделерін қамтамасыз етуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, оның адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

Ата-анасы болмаған жағдайда, оларды ата-ана құқығынан айырған жағдайда және ата-ана қамқорлығынан айырылудың басқа да жағдайларында баланың отбасында тәрбиелену құқығын белгіленген тәртіппен қорғаншы және қамқоршы орган қамтамасыз етеді.

Баланың ата-анасымен және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасау құқығы бар. Баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңділерімен (қарын-дастарымен) және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. Ата-анасы некесінің бұзылуы, оның жарамсыз деп танылуы немесе ата-анасының бөлек тұруы баланың құқығына әсер етпеуге тиіс.

Ата-анасы бөлек тұрған жағдайда баланың олардың әрқайсысымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. Ата-анасы әртүрлі

мемлекеттерде тұрған жағдайда да баланың өз ата-анасымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар.

Қысыл-таяң жағдайға (ұсталу, тұтқындалу, қамауға алыну, емдеу мекемесінде болу және т.с.с) ұшыраған баланың заңда белгіленген тәртіппен өзінің ата-анасымен және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар.

Баланың өз пікірін білдіру құқығы бар. Бала отбасында өз мүддесін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өзінің пікірін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік іс қарау барысында тыңдалуға құқылы.

Баланың ат алуға, әкесінің атын және тегін алуға құқығы. Баланың ат алуға, әкесінің атын және тегін алуға құқығы бар. Балаға ат ата-анасының (немесе олардың орнындағы адамдардың) келісімі бойынша қойылады, аты-жөні әкесінің аты бойынша не ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып беріледі. Әкесі атын өзгерткен жағдайда оның кәмелетке толмаған балаларының әкесінің аты-жөні өзгереді, ал кәмелетке толған балалардың әкесінің аты-жөні бұл туралы өздері арыз берген жағдайда өзгертіледі. 3. Баланың тегі ата-анасының тегімен айқындалады. Ата-анасының тегі әртүрлі болған жағдайда балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегі беріледі.

Ата-анасының тілегі бойынша балалардың тегі ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып, әкесінің немесе атасының атынан шығарылуы мүмкін. Баланың атына және (немесе) тегіне қатысты ата-ананың арасында туындаған келіспеушілік сот тәртібімен шешіледі. Егер ата-анасының екеуі де белгісіз болса, баланың тегін, атын, аты-жөнін қорғаншы және қамқоршы орган қояды.

Баланың аты мен тегін өзгерту. Ата-анасының екеуі де тегін өзгерткен жағдайда кәмелетке толмаған балалардың тегі өзгереді. Бала он алты жасқа толғанға дейін ата-анасының бірлескен өтініші бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы баланың мүдделерін негізге ала отырып, баланың атын, сондай-ақ оған берілген текті басқа ата-ананың тегіне өзгертуге рұқсат беруге құқылы. Неке тоқтатылған немесе неке жарамсыз деп танылған жағдайда балалар өздеріне туған кезде берілген тектерін сақтап қалады.

Егер ата-анасы бөлек тұрса және бала бірге тұратын ата-анасының біреуі оған өзінің тегін бергісі келсе, азаматтық хал актілерін жазу органы бұл мәселені баланың мүдделеріне

қарай және ата-ананың екіншісінің пікірін ескере отырып шешеді. Ата-ананың тұратын жерін анықтау мүмкін болмаған, ол ата-ана құқығынан айырылған, әрекетке қабілетсіз деп танылған жағдайда, сондай-ақ ата-ана баланы асырап-бағу мен тәрбиелеуден дәлелді себептерсіз жалтарған ретте оның пікірін ескеру міндетті емес.

Егер бала бір-бірімен некеде тұрмайтын адамдардан туған болса және әкесі заңды тәртіппен белгіленбесе, азаматтық хал актілерін жазу органы, баланың мүдделерін негізге ала отырып, оның тегін анасының осындай өтініш жасаған кездегі соның тегіне өзгертуге рұқсат етуге құқылы.

Он жасқа толған баланың атын және (немесе) тегін оның келісімімен ғана өзгертуге болады. Баланың ұлты оның ата-анасының ұлтымен айқындалады. Егер ата-анасының ұлты әртүрлі болса, ол баланың қалауы бойынша оған жеке басының куәлігі немесе паспорт берілген кезде әкесінің немесе шешесінің ұлтымен айқындалады. Одан әрі баланың ұлты оның өтініші бойынша басқа ата-анасының ұлтына өзгертілуі мүмкін.

Баланың өзі сыйға немесе мұрагерлік тәртібімен алған кірістерді, мүлікті, сондай-ақ баланың қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мүлікті меншіктенуге құқығы бар.

Өз еңбегінен кіріс алған бала, егер ол ата-анасымен бірге тұрса, отбасын асырау жөніндегі шығыстарға қатысуға құқылы. Баланың ата-ана мүлкіне меншік құқығы болмайды, ата-ананың баланың мүлкіне меншік құқығы болмайды. Бірге тұратын балалар мен ата-аналар бір-бірінің мүлкін өзара келісім бойынша иеленіп, пайдалана алады.

Ата-аналар мен балалардың ортақ меншік құқығы пайда болған жағдайда олардың ортақ мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы азаматтық заңдарда белгіленеді.

Баланың қорғалу құқығы. Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға құқығы бар. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды ата-анасы (олардың орнындағы адамдар), ал осы заңда көзделген жағдайларда қорғаншы және қамқоршы орган, прокурор және сот жүзеге асырады.

Кәмелетке толғанға дейін заңға сәйкес әрекетке толық қабілетті деп танылған кәмелетке толмаған адамның өз құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқығы бар.

Баланың ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) тарапынан жасалған қиянаттан қорғалуға құқығы бар. Баланың

құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде, оның ішінде ата-анасының (олардың біреуінің немесе олардың орнындағы адамдардың) баланы асырап-бағу, тәрбиелеу, оған білім беру жөніндегі міндеттерін орындамауы кезінде немесе тиісті дәрежеде орындамауы кезінде не ата-ана (қорғаншы, қамқоршы) құқығын теріс пайдалану кезінде бала қорғаншы және қамқоршы органға, ал он төрт жасқа толғанда — сотқа өзінің құқықтарын қорғау үшін өз бетінше өтініш жасауға құқылы.

Баланың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгендігі туралы, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы белгілі болған ұйымдардың лауазымды адамдары мен өзге де азаматтар ол жөнінде баланың іс жүзінде тұратын жері бойынша қорғаншы және қамқоршы органға хабарлауға міндетті. Мұндай мәліметтерді алған жағдайда қорғаншы және қамқоршы орган баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

**Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігі.** Ата-аналардың өз балаларына қатысты құқықтары тең және міндеттері (ата-ана құқықтары) тең болады.

Кәмелетке толмаған ата-аналардың құқықтары. Кәмелетке толмаған ата-аналардың баласымен бірге тұруға және оны тәрбиелеуге қатысуға құқығы бар. Некеге тұрмаған, кәмелетке толмаған ата-аналар олар бала туған жағдайда және олардың ана және (немесе) әке болуы анықталған жағдайда өздері он алты жасқа толғанда ата-ана құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқылы. Кәмелетке толмаған ата-аналар он алты жасқа толғанға дейін қорғаншы және қамқоршы орган балаға қорғаншы тағайындайды, ол баланың кәмелетке толмаған ата-аналарымен бірге оны тәрбиелеуді жүзеге асырады. Баланың қорғаншысы мен кәмелетке толмаған ата-ананың арасында туындаған келіспеушілікті қорғаншы және қамқоршы орган шешеді.

Кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын мойындауға және оған дау айтуға құқығы бар, сондай-ақ олардың он төрт жасқа толғаннан кейін сот тәртібімен өз балаларына қатысты әке болуын анықтауды талап етуге құқығы бар.

**Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері.** Ата-аналар өз балаларының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті. Ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеуге құқығы бар және оған мін-

детті. Ата-аналардың басқа да барлық адамдарға қарағанда өз балаларын тәрбиелеуге басым құқығы бар. Бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде, оның дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады.

Ата-аналар балалардың орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті. Ата-аналардың балалардың пікірін ескере отырып, орта білім алғанға дейін білім беру мекемесі мен балаларды оқыту нысанын таңдауға құқығы бар. Балалардың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді балалардың мүдделерін негізге алып және балалардың пікірін ескере отырып, өзара келісімі бойынша ата-аналар шешеді. Ата-аналардың арасында келіспеушілік болған жағдайда олар (олардың біреуі) бұл келіспеушіліктерді шешу үшін қорғаншы және қамқоршы органға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

**Ата-ана құқықтарынан айыру.** Егер ата-аналар (олардың біреуі): 1) ата-ана міндеттерін орындаудан, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтаратын болса; 2) өз баласын перзентханадан (бөлімшесінен) не өзге де балаларды тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да мекемелерден алудан дәлелді себептерсіз бас тартса; 3) өздерінің ата-ана құқықтарын пайдаланып қиянат жасаса; 4) балаларға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде олардың денесіне немесе психикасына зорлық-зомбылық жасаса, олардың жыныстық пәктігіне қастандық жасаса; 5) заңдарда белгіленген тәртіппен маскүнемдікпен, нашакорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған болса, олар ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін.

Өз балаларының не жұбайының өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыс жасаған жағдайда ата-аналар (олардың біреуі) ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін.

#### 4. Бала асырап алу

Кәмелетке толмаған балаларға қатысты және солардың мүдделеріне сәйкес қана үл асырап алуға немесе қыз асырап алуға жол беріледі.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бұл балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тәрбиелеуге

беру мүмкін болмаған жағдайларда ғана шетелдіктерге асырап алуға, не балалардың туыстарына осы туыстарының азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан асырап алуға берілуі мүмкін.

Балалар Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, балалардың туысы емес шетелдіктерге аталған балалар орталықтандырылған есепке қойылған күннен үш ай өткеннен соң асырап алуға берілуі мүмкін.

Бала асырап алғысы келетін шетелдіктер баланы жеке өзі таңдап алуға, онымен кемінде екі апта бойы тікелей жақын араласуға, қорғаншы және қамқоршы органға баланы асырап алғысы келетіні туралы жазбаша арыз, сондай-ақ мемлекеттік лицензиялар негізінде осындай қызметті жүзеге асыратын агенттіктер беретін ықтимал ата-аналардың қаржы жағынан әл-ауқаты, отбасы жағдайы, денсаулық жағдайы, жеке басының адамгершілік қасиеттері туралы анықтама беруге міндетті.

**Баланы асырап алу тәртібі.** Баланы асырап алуды бала асырап алуға тілек білдірген адамдардың (адамның) арызы бойынша сот жүргізеді. Бала асырап алу туралы істерді сот азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша ерекше іс жүргізу тәртібімен жүргізеді.

Балаларды асырап алу туралы істерді сот қорғаншы және қамқоршы органдардың қатысуымен қарайды. Бала асырап алушының және асырап алынған баланың құқықтары мен міндеттері баланы асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап туындайды.

Сот баланы асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде осы шешімнің көшірмесін шешім шығарған орны бойынша азаматтық хал актілерін жазатын орган мен қорғаншы және қамқоршы органға жіберуге міндетті.

Бала асырап алу азаматтық хал актілерінің мемлекеттік тіркеуі үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс. Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органдар белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілейтін тәртіппен жүргізіледі.

**Бірнеше бала асырап алу.** Бір адамның ағалы-інілі және апалы-сіңлілі (қарындасты) болып табылатын немесе өзара туыстық қатынасы жоқ бірнеше баланы асырап алуына болады. Өзара туыстық қатынасы жоқ асырап алынған балалардың арасында ағалы-інілі және апалы-сіңлілі (қарындасты) сияқты құқықтар мен міндеттер пайда болады.

Асырап алу балалардың мүдделеріне сай келетін жағдайларды қоспағанда, ағалы-інілер мен апалы-сіңлілерді (қарындастарын) өртүрлі адамдардың асырап алуына жол берілмейді.

Бала асырап алуға бала асырап алушы адамның отбасында баланың қалыпты дамуы, тәрбиеленуі және білім алуы үшін жағдайлар болған кезде рұқсат етіледі.

Мыналарды:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдарды;

2) сот біреуін әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған ерлі-зайыптыларды;

3) сот арқылы ата-ана құқықтарынан айырылған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды;

4) өзіне заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншылық (қамқоршылық) міндеттерден шеттетілген адамдарды;

5) егер өз кінәлары бойынша сот шешімімен бала асырап алудың күші жойылса, бұрынғы бала асырап алушы адамдарды;

6) денсаулық жағдайы бойынша ата-ана құқықтарын жүзеге асыра алмайтын адамдарды қоспағанда, қай жыныстан болса да кәмелетке толған адамдар бала асырап алушылар бола алады. Баланы асырап алуға, оны қорғаншылығына (қамқоршылығына) алуға, патронатқа алуға болмайтын адамның бойындағы ауруларының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Бір-бірімен некеде тұрмайтын адамдардың белгілі бір баланы бірлесіп асырап алуына болмайды. Некеде тұрмайтын асырап алушы мен асырап алынушы баланың жас айырмасы кем дегенде он алты жас болуы тиіс. Сот дәлелді деп таныған себептер бойынша жас айырмасы қысқартылуы мүмкін. Өгей әкесі (өгей шешесі) бала асырап алғанда, жас айырмасы талап етілмейді.

Баланы асырап алу үшін оның ата-аналарының келісімі қажет. Жасы он алтыға жетпеген, кәмелетке толмаған ата-аналардың

баласын асырап алғанда, сондай-ақ олардың ата-аналарының немесе қорғаншыларының (қамқоршыларының), патронат тәрбиешілерінің келісімі, ал ата-аналары немесе қорғаншылары (қамқоршылары) болмаған жағдайда — қорғаншы және қамқоршы органның келісімі қажет.

Бала асырап алуға ата-аналардың келісімі нотариат куәландырған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұратын мекеменің басшысы растаған не бала асырап алу жүргізілген орындағы немесе ата-ананың тұрғылықты жеріндегі қорғаншы және қамқоршы орган бекіткен арызда көрсетілуге тиіс, сондай-ақ бала асырап алу ісін жүргізу кезінде сотта тікелей білдірілуі мүмкін.

Бала асырап алу туралы сот шешімі шығарылғанға дейін ата-аналар бала асырап алуға өздері берген келісімінің күшін жоюға құқылы.

Ата-аналар нақты адамдарға не нақты адамды көрсетпей-ақ баланы асырап алуына келісім беруі мүмкін. Қорғаншы және қамқоршы органдар сотқа баланы асырап алудың бала мүдделеріне сай келетіні туралы қорытынды береді. Мұндай қорытынды баланы оның өгей әкесі (өгей шешесі) асырап алған кезде талап етілмейді.

Қорғаншылықта (қамқоршылықта) тұрған балаларды асырап алу үшін олардың қорғаншыларының (қамқоршыларының) жазбаша түрдегі келісімі қажет. Патронат туралы шарт бойынша тәрбиеленіп жатқан балаларды асырап алу үшін патронат тәрбиешілерінің жазбаша түрдегі келісімі қажет.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және тәрбие, емдеу мекемелері мен басқа да мекемелердегі балаларды асырап алу үшін осы мекемелер басшыларының жазбаша түрдегі келісімі қажет.

Сот баланың мүдделерін көздей отырып, оны асырап алу туралы осы баптың 1, 4—6-тармақтарында аталған адамдардың келісімінсіз шешім шығаруға құқылы.

**Баланы ата-аналарының келісімінсіз асырап алу.** Егер ата-аналарын:

1) сот белгісіз немесе өлген, хабар-ошарсыз кеткен деп таныса;

2) сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;

3) сот ата-ана құқықтарынан айырса;

4) баламен бірге тұрмайтын және сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша алты айдан астам уақыт бойы оны тәрбиелеу

мен асыраудан жалтарып жүрсе, олардың баланы асырап алуға келісімі талап етілмейді.

Он жасқа толған баланы асырап алу үшін оның келісімі қажет. Баланың асырап алынуға келісімін сот белгілейді.

Егер бала асырап алу туралы арыз берілгенге дейін бала асырап алушының үйінде тұрып, оны өзінің ата-анасы деп есептейтін болса, асырап алуға баланың келісімі бар деп ұйғарылады.

Егер баланы ерлі-зайыптылардың екеуі бірдей асырап алмаса, баланы ерлі-зайыптылардың біреуі асырап алған кезде бала асырап алуға ерлі-зайыптылардың екіншісінің жазбаша келісімі талап етіледі.

Егер ерлі-зайыптылар отбасылық қатынастарды іс жүзінде тоқтатып, бір жылдан астам уақыт бөлек тұрып жатса және екінші жұбайының тұрғылықты жері белгісіз болса, бала асырап алу үшін екінші жұбайдың келісімі талап етілмейді.

**Асырап алынған баланың аты, әкесінің аты және тегі.** Асырап алынған баланың өз аты, әкесінің аты және тегі сақталады. Бала асырап алушының өтініші бойынша, егер бұл баланың мүдделеріне қайшы келмейтін болса, асырап алынған балаға бала асырап алушының тегі, сондай-ақ ол ұсынған ат беріледі. Асырап алынған баланың әкесінің аты болып, егер бала асырап алушы еркек болса, асырап алушының аты, ал егер асырап алушы әйел болса, асырап алынған баланың әкесі ретінде сол әйел ұсынған адамның аты танылады. Егер бала асырап алушы ерлі-зайыптылардың тектері әр түрлі болса, бала асырап алушы ерлі-зайыптылардың келісімдері бойынша, асырап алынған балаға олардың біреуінің тегі беріледі.

Баланы некеде тұрмайтын адам асырап алған жағдайда, оның өтініші бойынша туу туралы кітапқа асырап алынған бала шешесінің (әкесінің) тегі, аты мен әкесінің аты осы адамның (бала асырап алушының) көрсетуі бойынша жазылады.

Бала асырап алудың құпиялылығы талап еткен жағдайларды қоспағанда, он жасқа жеткен асырап алынған баланың тегі, аты мен әкесінің аты тек сол баланың келісімімен ғана өзгертілуі мүмкін.

Асырап алынған баланың тегі, аты және әкесінің аты өзгертілгені туралы оны асырап алу туралы сот шешімінде көрсетіледі.

Бала асырап алудың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін бала асырап алушының өтініші бойынша асырап алынған баланың туған күні, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге, сондай-ақ оның туған жері өзгертілуі мүмкін.

Асырап алынған баланың туған күнін өзгертуге үш жасқа дейінгі бала асырап алынған кезде ғана жол беріледі. Асырап алынған баланың туған күнінің және (немесе) туған жерінің өзгертілуі жөнінде бала асырап алу туралы сот шешімінде көрсетіледі. Асырап алынған балалар және олардың ұрпақтары бала асырап алушылар мен олардың туыстарына қатысы бойынша, ал бала асырап алушылар және олардың туыстары асырап алынған балалар мен олардың ұрпақтарына қатысы бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттер жағынан тегі бір туыстарға теңестіріледі.

Асырап алынған балалар өздерінің ата-аналарына (өздерінің туыстарына) қатысы бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарынан айрылады және олар жөніндегі міндеттерден босатылады.

Баланы бір адам асырап алған жағдайда, егер бала асырап алушы еркек болса, шешесінің тілегі бойынша, егер бала асырап алушы әйел болса, әкесінің тілегі бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттердің сақталуы мүмкін. Асырап алынған баланың меншігіндегі мүліктің сақталуы үшін бала асырап алушы жауапты болады. Бала асырап алудан бас тартқан жағдайда бұл мүлікті қайтару жөніндегі міндет те бала асырап алушыға жүктеледі.

Асырап алынған баланың ата-анасының біреуімен немесе қайтыс болған ата-анасының туыстарымен қарым-қатынастары сақталуы жөнінде баланы асырап алу туралы сот шешімінде көрсетіледі.

**Бала асырап алудың құпиялылығы.** Бала асырап алудың құпиялылығы заңмен қорғалады. Бала асырап алу туралы шешім шығарған судьялар немесе бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған лауазымды адамдар, сондай-ақ бала асырап алу туралы өзгедей түрде хабардар болған адамдар бала асырап алудың құпиялылығын сақтауға міндетті.

### **Негізгі түсініктер:**

**Неке** — ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ;

**Жалған неке** — отбасын құру ниетінсіз заңда белгіленген тәртіппен жасалған және ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін туғызбайтын неке;

**Отбасы** — некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы;

**Неке жасы** — адамның некеге түру құқығына жеткендегі жасы;

**Балалық шақ** — кәмелетке толмаған адамдардың құқықтық жай-күйі;

**Мүліктің шарттық режимі** — ерлі-зайыптылардың және олардың осы некеден туған балаларының неке шартымен белгіленген меншігінің режимі;

**Суррогат ана шарты** — балалы болуды қалайтын адамдар мен бойға бала бітірудің жасанды әдісін немесе эмбрион имплантациясын қолдануға келісімін берген әйелдің арасындағы келісім;

**Патронат** — уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның (патронат тәрбиешінің) жасасқан шарты бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны;

**Алименттер** — алуға құқығы бар екінші адамға бір адам беруге міндетті болатын асырау қаражаты;

**Отбасылық жағдай** — некеден тұрғандағы немесе айырылысқандағы жағдай, балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы;

**Материалдық жағдай** — жалақының, зейнетақының, басқа да табыстардың болуы немесе болмауы, олардың мөлшері, мүліктің болуы, еңбек қабілетін жоғалту дәрежесі, отбасының басқа мүшелерінен материалдық көмек алуы немесе алмауы;

**Азаматтық хал актілері** — адамның құқықтары мен міндеттерінің пайда болуына және тоқтатылуына байланысты оны дараландыратын заңдық ресімделген мән-жайлар;

**Жақын туыстары** — ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

**Қорғаншы (қамқоршы)** — қорғаншылық пен қамқоршылық жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған адам;

**Қорғаншылық (қамқоршылық)** — кәмелетке толмағандардың және сот әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеттілігі шектеулі) деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;

**Репродукциялық денсаулық** — адамның толымды ұрпақ туғызуға қабілетін көрсететін денсаулығы;

**Суррогат ана** — суррогат ана менықтималата-ана арасындағы шарт бойынша бойға бала бітіру, оны көтеру және туу.

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы, 2002 ж.
2. Оспанов Қ. И. Құқық негіздері: Оқу құралы.— Алматы: Жеті жарғы, 2006.
3. Сапарғалиев Ғ. ҚР Конституциялық құқығы.— Алматы, 1998 ж.

#### Нормативтік-құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтырулар) Алматы, 2007.
2. ҚР-ның «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңы.

## 8. Тақырып. Қазақстан Республикасының еңбек құқығының негіздері

1. Еңбек құқығының түсінігі және жеке еңбек шартының ұғымы.
2. Жұмыс уақыты.
3. Демалыс уақыты.
4. Жалақы және еңбекті нормалау.

### 1. Еңбек құқығының түсінігі және жеке еңбек шартының ұғымы

Еңбек құқығы — азаматтардың еңбек бостандығына конституциялық құқығын іске асыру барысында, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында, жеке, ұжымдық және басқа шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін тараптардың жүзеге асыруы кезінде туындайтын еңбек қатынастарын реттеуші саласы.

Әркімнің де өзінің еңбек құқықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлік пен қызмет жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, сеніміне, азаматтыққа, қоғамдық бірлестіктерде болуына, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қабілеті мен оның еңбегінің нәтижелеріне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға қарамастан, ешкімнің де еңбек құқықтары шектелуге немесе оларды іске асыруда қандай да бір артықшылықтар алуға тиіс емес.

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» еңбек қатынастарының ең төменгі стандарттарын белгілейді, олар жеке еңбекпен және (немесе) ұжымдық шартта жақсы жаққа өзгеруі мүмкін және қажет. Басқа нормативтік құқықтық актілермен реттелетін қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбек жағдайлары «Қазақстан Республикасындағы Еңбек кодексінде» белгіленген стандарттан төмен болуы тиіс емес.

Жеке еңбек, ұжымдық шарттардың мәмілелері, егер олар заңдылықтарға қайшы келмейтін болса, тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Ұжымдық шарт — жазбаша шарт түрінде әзірленген, бір немесе бірнеше жұмыс берушілер (олардың өкілдері) және бір не-

месе бірнеше кәсіптік одақтар не кәсіптік одақтардың мүшесі болып табылмайтын, келіссөздер жүргізу үшін өз ұйымын құрған қызметкерлер қол қойған құқықтық акт.

**Жеке еңбек шарты** — жазбаша түрде, кемінде екі дана етіп, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында жасалынған екі жақты келісім. Ол бойынша қызметкер белгілі бір мамандық, біліктілік немесе қызмет бойынша, жұмыс берушінің актісін орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге дәл уақытында және толық көлемде жалақысын және басқа, заңдылықтармен және тараптардың келісімімен қарастырылған ақшалай өтемдерді төлеуге, еңбек туралы заңдылықтармен және ұжымдық шартпен еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Жеке еңбек шарты: а) белгісіз мерзімге, ә) белгілі бір мерзімге, б) белгілі бір жұмысты орындау уақытында немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына жасалуы мүмкін. Егер жеке еңбек шартында оның орындалу мерзімі жазылмаса, онда ол белгісіз мерзімге жасалынған болып есептелінеді.

Жеке еңбек шартын он алты жасқа толған адамдармен жасасуға жол беріледі. Ата-анасының бірінің (қорғаншының, қамқоршының) келісімімен жеке еңбек шарты оқудан бос уақытында денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушымен жасалуы мүмкін. Сондай-ақ жеке еңбек шарты ата-аналарының келісімімен, егер олар орта білім алған болса, он бес жасқа толған тұлғалармен де жасалуы мүмкін. Ата-аналардың (қорғаншының, қамқоршының) келісімі жазбаша түрде беріледі, бұл жағдайда ата-аналар (қорғаншылар, қамқоршылар) жеке еңбек шартына кәметке жасы толмаған тұлғамен бірге қол қояды. Қызметкердің еңбек функциясын орындай бастауы шартта белгіленген жұмыстың басталу датасы болып есептелінеді, егер жұмыс беруші тарапынан тиісті дәрежеде жеке шарт болмаған немесе әзірленбеген жағдайда, жеке еңбек шартының мерзімі еңбекке нақты жіберілген сәтінен басталады. Жеке еңбек шарты жасалынғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа алу туралы бұйрық жазуға міндетті, онымен қол қою арқылы танысады.

Қызметкер жұмыс уақытының толық емес ұзақтылығын қарастыратын бірнеше орынмен жеке еңбек шарттарын жасасуға құқылы. Жеке еңбек шартын жасасу үшін жұмыс беруші

қызметкердің еңбек жолын дәлелдейтін құжаттарды, жеке куәлігін (төлқұжат), әлеуметтік жеке код берілгені туралы куәлікті, зейнетақылық шартты, он алты жастан кіші тұлғалар үшін тууы туралы куәлігін, білімі туралы немесе кәсіптік дайындығы туралы құжаттарды және заңдылықтармен қарастырылған басқа да құжаттарды талап етуге құқылы.

Жеке еңбек шарты:

1) мерзімінің бітуі бойынша;

2) тараптардың еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша:

— қызметкерді әскери қызметке шақырған кезде;

— сот үкімінің заңды күшке енген кезінде;

— қызметкер қаза болған жағдайда;

— сот қызметкерді әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі қабілетсіз деп таныған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

Жеке еңбек шарты:

1) тараптардың келісімі бойынша;

2) тараптардың бірінің бастамасы бойынша;

а) жұмысшының бастамасы бойынша:

— заңды тұлғаның қызметін таратқан немесе тоқтатқан;

— қызметкерлердің саны немесе штаты қысқартылған;

— жеке еңбек шартының қолданылу мерзім ішінде қызметкердің жеткілікті біліктілігінің болмауы не белгілі бір жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы салдарынан атқаратын қызметіне немесе орындайтын жұмысына сәйкессіздігі аңғарылған;

— уақытша еңбекке жарамсыздығы салдарынан, сондай-ақ заңдарда сол ауру бойынша еңбекке жарамсыздықтың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленбесе, жұмысқа екі айдан астам уақыт бойы келмеген жағдайда;

— қызметкер ұйыммен бірге басқа жерге ауысудан бас тартқан;

— еңбек ақысын сақтай отырып, неғұрлым жеңіл жұмысқа ауыстырудан қызметкер бас тартқан;

— еңбек жағдайының өзгеруіне байланысты жұмысты жалғастырудан бас тартқан;

— егер қызметкер тәртіптік жаза алған болса, ол дәлелді себептерсіз еңбек міндеттерін қайталап орындамаған;

— егер іс-әрекеті оған жұмыс беруші тарапынан сенімінің жоғалуына негіз болса, ақшалай немесе тауарлық, құндылықтармен тікелей қызмет ететін қызметкер кінәлі іс-әрекет жасаған;

— білім беру саласында тәрбиешілік міндетті атқарушы қызметкер аталған жұмысты жалғастыруға сыйымсыз моральға жат қылық жасаған;

— жеке еңбек шартына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария еткен;

— басқа жұмысқа уақытша ауыстырған жағдайда қызметкер жұмыстан бас тартқан;

— бұрын осы жұмысты орындап келген қызметкер сот шешімімен жұмысына қайта алынған жағдайда бұзылады.

ә) қызметкердің бастамасы бойынша, бұл жайында ол жұмыс берушіні бір ай бұрын жазбаша түрде ескертуге міндетті. Тараптардың келісімі бойынша, шарт ескерту мерзімі бітпей-ақ тоқтатылуы мүмкін. Жұмысты жалғастыруға мүмкіндігі жоқ немесе мейлінше қиындататын жағдайларда (денсаулық жағдайы, зейнетақы жасы, басқа орынға қоныс аудару, жалақының уақытылы төленбеуі және басқа мән-жайлар) жеке еңбек шартын бұзу қызметкердің арызында белгіленген мерзімде жүргізіледі;

3) заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

## 2. Жұмыс уақыты

Қызметкер жеке еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындауға міндетті уақыт жұмыс уақыты болып есептеледі.

Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс. Жеке еңбек шарттарында тараптардың келісімі бойынша жұмыс уақытының ұзақтығы азырақ көзделуі мүмкін.

Қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы:

1) он төрт жастан он алты жасқа дейінгі қызметкерлер үшін — аптасына 24 сағаттан; он алтыдан он сегіз жасқа дейін — аптасына 36 сағаттан аспайтын;

2) ауыр дене жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін — аптасына 36 сағаттан аспайтын болып белгіленеді.

Жұмыс істеу жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің тізімін, сондай-ақ еңбек жағдайлары зиянды (өте зиянды) және

(немесе) ауыр (өте ауыр), қауіпті (өте қауіпті) жұмыстардың тізбесін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Қызметкерлер үшін екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Бес күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың (ауысымның) ұзақтығы жұмыс берушінің актісімен немесе жұмыстың ерекшелігін, еңбек ұжымының пікірін ескеріп және жұмыс аптасының белгіленген ұзақтығын сақтай отырып, жұмыс беруші бекітетін ауысым кестесімен белгіленеді.

Өндірісінің сипаты мен жұмыс жағдайлары бойынша бес күндік жұмыс аптасын енгізу орынсыз ұйымдарда бір күндік демалысы бар алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы апталық норма 40 сағат болғанда — 7 сағаттан аспауға, апталық норма 36 сағат болғанда — 6 сағаттан және апталық норма 24 сағат болғанда — 4 сағаттан аспауға тиіс.

Бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасын еңбек немесе ұжымдық шарттардың талаптарымен жұмыс беруші белгілейді.

**Түнгі уақыттағы жұмыс.** 22 сағаттан бастап таңғы сағат 6-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі.

Жүкті әйелдерді түнгі уақытта жұмыс істеуге тартуға олардың келісімімен ғана жол беріледі. Түнгі уақытта жұмыс істеуге он сегіз жасқа толмаған адамдар мен түнгі уақытта жұмыс істеуге тыйым салатын медициналық қорытындысы болған жағдайда өзге де адамдар жіберілмейді.

Қызметкердің келісімінсіз мерзімнен тыс жұмыстарға ерекше жағдайларда ғана:

1) елдің қорғанысы үшін, сондай-ақ төтенше жағдайларды немесе дүлей апаттарды, өндірістік аварияларды болғызбау немесе олардың зардаптарын дереу жою үшін қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде;

2) сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, жылыту, жарық беру, канализация, көлік, байланыс жөніндегі қоғамдық қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде — олардың дұрыс жұмыс істеуін бұзатын кездейсоқ немесе күтпеген жағдайларды жою үшін;

3) егер жұмыс үзілісті көтермейтін болса, ауыстырушы қызметкер келмей қалған кезде жұмысты жалғастыру үшін жол беріледі.

**Жұмыс уақытының есебі.** Жұмыс беруші қызметкердің сол жұмыс берушіде нақты жұмыс істеген жұмыс уақытының есебін жүзеге асыруға тиіс.

Өндіріс (жұмыс) жағдайлары бойынша қызметкерлердің белгілі бір санаты үшін белгіленген апта сайынғы жұмыс уақытының сақталуы мүмкін емес, үздіксіз жұмыс істейтін ұйымдарда, жекелеген өндірістерде, цехтарда, учаскелерде, бөлімшелерде және кейбір жұмыс түрлерінде есепті кезең ішінде жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына “Еңбек туралы” Заңда белгіленген қалыпты жұмыс сағаттары мерзімінен аспауға тиісті жағдайда жұмыс уақытының жиынтық есебін жүргізуге жол беріледі.

Жиынтық есеп жағдайында жұмыс уақытының күн сайынғы немесе апта сайынғы ұзақтығы жұмыс күні немесе жұмыс аптасы сағаттарының нормасынан артық немесе кем болуы мүмкін.

Есепті кезең ішіндегі жұмыс уақыты сағаттарының жиынтығы осы кезеңдегі сағаттардың нормасына тең болмауы мүмкін.

Жұмыс уақытының жиынтық есебін жасаған кезде қызметкерлердің осы санаты үшін белгіленген орташа жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығы сақталуға тиісті шектегі кезең есепті кезең болып танылады.

Жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдану тәртібі жұмыс берушінің актілерімен айқындалады және ұжымдық шартпен белгіленеді.

### 3. Демалыс уақыты

Күнделікті жұмыс (ауысым) ішінде қызметкерге демалу және тамақтану үшін жинақтап алғанда ұзақтығы бір сағаттан кем болмайтын үзіліс берілуге тиіс. Бұл үзіліс жұмыс уақытына енгізілмейді және қызметкер оны өз қалауы бойынша пайдаланады.

Үзіліс беру уақыты мен оның ұзақтығы жұмыс берушінің актілерінде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленеді.

Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін емес жұмыстарда жұмыс беруші қызметкерге жұмыс уақытында демалу мен тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай жұмыстардың тізбесі, демалу және тамақтану тәртібі мен орны жұмыс берушінің актілерінде белгіленеді.

**Арнаулы үзілістер.** Жылдың суық мезгілінде ашық далада, жылу берілмейтін жабық үй-жайларда жұмыс істейтін, жүк тиеу-түсіру жұмыстарымен айналысатын қызметкерлерге жылыну және демалу үшін арнаулы үзілістер беріледі. Арнаулы үзілістер жұмыс уақытына қосылады.

**Күн сайынғы демалыстың ұзақтығы.** Жұмыстың бітуі мен оның келесі күнде (ауысымда) басталуы арасындағы қызметкердің күн сайынғы демалысының ұзақтығы 12 сағаттан кем болмауға тиіс.

**Демалыс күндері.** Қызметкерлерге демалыс күндері (апта сайынғы үзіліссіз демалыс уақыты) беріледі. Бес күндік жұмыс аптасы жағдайында қызметкерлерге аптасына — екі, ал алты күндік жұмыс аптасында бір демалыс күні беріледі.

Жалпы демалыс күні жексенбі болып есептеледі. Бес күндік жұмыс аптасы кезінде екінші демалыс күні жұмыс берушінің актісімен немесе жұмыс кестесімен белгіленеді. Екі демалыс күні де, әдетте қатарынан беріледі.

Мерекелік күндер жұмыс күндеріне сәйкес келген жағдайда және жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі демалыс күндерін басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы.

Өндірістік-техникалық жағдайлары бойынша немесе халыққа үнемі үзіліссіз тұрақты қызмет көрсету қажет болуы себепті демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын ұйымдарда, сондай-ақ үзіліссіз өндіріс жүргізілетін ұйымдарда жұмыс берушінің актісімен бекітілген ауысым кестесіне сәйкес, қызметкерлердің әрбір тобына демалыс күндері аптаның әртүрлі күндерінде кезекпен беріліп отырады.

**Мереке күндеріндегі жұмыс.** Өндірістік-техникалық жағдайлары бойынша немесе халыққа үзіліссіз тұрақты қызмет көрсету қажет болуы себепті демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасында белгілеген мереке күндері жұмыс жүргізілмейді.

**Демалыс күндерінде жұмысқа тарту.** Демалыс күндерінде жұмысқа тартуға мынадай жағдайларда:

1) төтенше жағдайларды немесе дүлей апатты, өндірістік аварияны болғызбау не олардың зардаптарын дереу жою үшін;

2) жазатайым оқиғаларды, мүліктің жойылуын немесе бүлінуін болғызбау және оны тергеу үшін;

3) тұтас алғанда ұйымның немесе оның жеке бөлімшелерінің одан әрі қалыпты жұмыс істеуі тез орындалуына байланысты болатын шұғыл, алдын ала күтпеген жұмыстарды орындау үшін жол беріледі.

**Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы.** Жеке еңбек шарты бойынша жұмыс істеушілерге жұмыс орны (қызметі) мен

орташа жалақысы сақтала отырып, ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына кепілдік беріледі.

Еңбек демалысына ақы төлеу ол басталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Егер басқа нормативтік құқықтық актілерде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін өзгеше көзделмесе, қызметкерлерге ұзақтығы кемінде күнтізбелік он сегіз күн болатын жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптер мен қызметтердің тізбесіне сәйкес ауыр дене жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын берудің талаптары мен тәртібі жеке еңбек, ұжымдық шарттармен белгіленеді. Қатарынан екі жыл бойы еңбек демалысын бермеуге тыйым салынады.

Еңбек демалысы күндеріне дәл келетін мереке күндерін есептегенде, жыл сайынғы еңбек демалыстарының ұзақтығы, қолданылып жүрген жұмыс режимдері мен кестелеріне қарамастан, күнтізбелік күндермен есептеледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысына құқық беретін еңбектегі жұмыс стажына: 1) жұмыс жылы ішінде нақты жұмыс істеген уақыт; 2) жұмыстан заңсыз босату кезінде амалсыздан бос жүрген уақыт; 3) емделуде болып, еңбекке уақытша жарамсыздық парағымен расталған уақыт қосылады.

Жұмыс беруші қызметкерге жыл сайын еңбек демалысын беруге міндетті. Жұмыс істеген бірінші жылы үшін еңбек демалысы жеке еңбек шарты бойынша бірінші жұмыс жылы өткеннен кейін беріледі. Қызметкердің қалауы бойынша жыл сайынғы еңбек демалысы бөлініп берілуі мүмкін.

**Қызметкерлерге жыл сайынғы еңбек демалыстарын берудің кезектілігі.** Қызметкерлерге жыл сайынғы еңбек демалыстарын берудің кезектілігі жеке еңбек, ұжымдық шарттарда, демалыс кестесінде, жұмыс берушінің актілерінде көзделген тәртіппен белгіленеді.

Өндіріс қажеттеріне байланысты демалыс кестесі өзгерген жағдайда жұмыс беруші еңбек демалысының басталуынан кемінде екі апта бұрын қызметкерге ол жөнінде хабарлауға міндетті.

Жыл сайынғы еңбек демалысы қызметкер еңбек демалысы кезеңінде еңбекке уақытша жарамсыз болған кезде, жүкті болуы мен босануы бойынша демалысы кезінде толық немесе бір бөлігі ауыстырылуы немесе ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл орайда еңбек демалысы кезіндегі күндерге еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақы төленбейді.

Жыл сайынғы еңбек демалысы (оның бір бөлігі) тек қызметкердің келісімімен немесе оның өтініші бойынша ғана ұзартылуы немесе келесі жұмыс жылына ауыстырылуы мүмкін. Ауыстырылған еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша келесі жылға еңбек демалысына қосылуы немесе қызметкердің өтініші бойынша басқа уақытта жеке берілуі мүмкін.

**Еңбек демалысынан шақырып алу.** Жыл сайынғы еңбек демалысы жұмыс берушінің ұсынысы бойынша және қызметкердің келісімімен үзілуі мүмкін (еңбек демалысынан шақырып алу). Еңбек демалысының осыған байланысты пайдаланылмаған бөлігі тараптар арасындағы уағдаластық бойынша ағымдағы жұмыс жылы ішінде беріледі немесе қызметкердің қалауы бойынша келесі жұмыс жылындағы еңбек демалысына қосылады, не өтемақы төленеді.

**Жалақы сақталмайтын демалыстар.** Тараптардың келісімі бойынша қызметкерге оның өтініші негізінде жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

#### **Жүктілігі және босануы бойынша демалыстар**

Әйелдерге жүктілігі мен босануы бойынша босанғанға дейін ұзақтығы жетпіс күнтізбелік күнге, босанғаннан кейін елу алты (ауыр босанған немесе екі немесе одан да көп бала туған жағдайда жетпіс) күнтізбелік күнге демалыс беріледі. Есептеу жиынтықтап жүргізіледі және демалыс әйелдің ұйымда жұмыс істеу ұзақтығына қарамастан, жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүктілігіне және босануы бойынша осы кезеңге төленген жәрдемақыны босанғанға дейін нақты пайдаланған күндерінің санына қарамастан оған толық беріледі.

Жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған әйелдерге (еркектерге) бала асырап алған күннен бастап, сәбидің дүниеге келген күнінен елу алты күнге толғанға дейінгі кезеңге (ата-анасының біріне) демалыс беріліп, оның ұйымда жұмыс істеу ұзақтығына қарамастан жұмыс берушінің қаражаты есебінен оған осы кезеңге жәрдемақы төленеді.

Жүктілігі мен босануы бойынша демалыстан басқа әйелге оның өтініші бойынша баласы бір жарым жасқа толғанға дейін

оған күтім жасау жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс беріледі. қосымша демалыс уақыты ішінде оның жұмыс орны (қызметі) сақталады.

Жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған әйелдердің (еркектердің) өтініші бойынша сәби бір жарым жасқа толғанға дейін оған күтім жасау үшін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс беріліп, осы кезеңде оның жұмыс орны (қызметі) сақталады.

Бұл демалыстың сәби бір жарым жасқа толғанға дейін кез келген уақытта толық немесе бөліп пайдаланылуы мүмкін.

**Оқудемалысы.** Білім беру ұйымында оқитын қызметкерлерге емтихандар тапсыру, диплом жобасын (жұмысын) дайындау және қорғау, бітірушілер емтихандарын тапсыру кезеңінде ақы төленетін немесе ақы төленбейтін қосымша демалыс берілуі мүмкін.

#### **4. Жалақы және еңбекті нормалау**

Жалақы — дегеніміз еңбек үшін оның күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін сыйақы (табыс).

Жұмыс беруші Еңбек кодексі, жеке еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес қызметкердің еңбегіне ақы төлеуге міндетті.

Қызметкерлердің еңбегіне ақы мерзімдік, кесімді түрде немесе еңбекке ақы төлеудің өзге де жүйелері бойынша төленеді. Ақы төлеу еңбектің жеке және/немесе ұжымдық нәтижелері үшін жүргізілуі мүмкін. Қызметкердің жалақысы орындалатын жұмыстың саны мен сапасына, күрделілігіне қарай белгіленеді.

Қызметкерлердің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға материалдық мүдделілігін күшейту үшін жыл ішіндегі жұмысының қорытындысы бойынша сыйлық, сыйақы беру жүйесі және материалдық көтермелеудің басқа да нысандары енгізілуі мүмкін.

Ұйымдарда еңбекке ақы төлеу жүйесі ұжымдық шарттармен немесе жұмыс берушінің актілерімен белгіленеді.

Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігі жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің біліктілік анықтамалығы, қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы негізінде белгіленеді. Аталған анықтамалықтарды әзірлеу мен қолданудың тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бел-

гілейді. Орындалған жұмыстарды белгілі бір күрделі жұмысқа жатқызуды және қызметкерлерге біліктілік разрядтарын беруді жұмыс беруші жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің біліктілік анықтамалығына және қызметшілер лауазымдарының анықтамалығына сәйкес дербес жүргізеді.

**Жалақының мөлшері.** Жалақының мөлшерін жұмыс беруші дербес белгілейді және ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен кем болмауы керек.

Белгілі бір ұйымда өзінің жеке еңбек шартымен келісілген негізгі жұмысымен қатар өзінің негізгі жұмысынан босатылмаса басқа қызмет немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеті бойынша қосымша жұмысты орындайтын қызметкерлерге қосымша ақы төленеді.

Қызметтерді қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені) немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақылардың мөлшерін қызметкермен келісім бойынша жұмыс беруші белгілейді.

Мерзімнен тыс жұмысқа ақы бір жарым есе мөлшерінен кем төленбейді.

Мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы екі еседен төмен болмайтын мөлшерде төленеді.

Мереке және демалыс күндеріндегі жұмыстарға төленетін өтемақы қызметкердің тілегі бойынша қосымша демалыс күнімен ауыстырылуы мүмкін.

Түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына ақы бір жарым есе мөлшерінен кем төленбейді.

**Бос тұрып қалған уақытқа ақы төлеу.** Жұмыстың бос тұрып қалған уақытына ақы төлеудің тәртібі мен талаптары жеке еңбек немесе ұжымдық шарттармен белгіленеді. Қызметкердің кінәсінен бос тұрып қалған уақытқа ақы төленбеуге тиіс.

**Еңбек нормалары.** Еңбек нормалары (жұмыс істеу, уақыт, қызмет көрсету нормалары) еңбек шығынының өлшемі болып табылады және қызметкер үшін техниканың, технологияның, еңбек өндірісін ұйымдастырудың қол жеткен деңгейіне сәйкес белгіленеді. Еңбек нормаларын енгізуді, ауыстыруды және қайта қарауды жұмыс беруші жүргізеді.

Еңбектің жаңа нормаларының енгізілетіні туралы қызметкерлерге кемінде бір ай бұрын хабарланады.

Қызметкерлердің жұмыс істеу нормаларын орындауы үшін жұмыс беруші қалыпты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер үшін жұмыс істеу нормалары жеке еңбек шартына сәйкес он сегіз жасқа толмаған адамдарға арналған жұмыс уақытының ұзақтығына бара-бар қысқартылған ересек қызметкерлерге арналған жұмыс істеу нормаларын негізге ала отырып белгіленеді.

**Жалақы төлеу мерзімдері.** Жалақы бір айда кем дегенде бір рет төленеді. Жалақыны төлеу күндері жеке еңбек, ұжымдық шарттарда қарастырылады.

Жалақы төлейтін күн демалыс немесе мереке күндеріне тура келген жағдайда, оны төлеу олардың қарсаңында жүргізіледі.

Жұмыс берушінің кінәсінен жалақы, ал қызметкермен жеке еңбек шарты бұзылған кезде — оған тиесілі басқа да төлемдер белгіленген мерзімдермен салыстырғанда кешіктірілген кезде жұмыс беруші қызметкерге берешек пен өсімақы төлейді. Өсімақының мөлшері жалақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша белгіленеді және төлем жүргізілуге тиіс болған күннен кейінгі күннен бастап әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін есептеліп төленген күнмен аяқталады.

Жеке еңбек шарты бұзылған жағдайда қызметкерге тиесілі барлық сомаларды төлеу соңғы жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

**Жалақы төленетін орын.** Қызметкерлерге жалақы төлеу, егер жеке еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде өзгеше көзделмесе, әдетте, олардың жұмысын орындайтын жерінде жүргізілуге тиіс.

Тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде (іссапарда, тапсырысшының ұйымдарында және басқаларында) жұмыс берушінің тапсырмасын орындаушы қызметкердің жалақысын жеткізуді жұмыс беруші өз есебінен қамтамасыз етуге тиіс.

**Қызметкердің орташа жалақысын есептеу тәртібі.** Зейнетақы төлемдерін, еңбекке уақытша жарамсыздық, жүктілік пен босану жөніндегі жәрдемақыларды және басқа да төлемдерді есептеу үшін ұйымдар қызметкерлерінің орташа жалақысын есептеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**Жалақыдан ұстап қалу.** Қызметкердің жалақысынан ұстап қалу сот шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда жүргізіледі.

### Негізгі түсініктер:

**Азаматтық қызмет** — азаматтық қызметшілердің қазыналық кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын іске асыруға, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау жөніндегі кәсіптік қызметі;

**Азаматтық қызметші** — Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қазыналық кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде ақылы штаттық лауазымда істейтін және олардың міндеттері мен функцияларын іске асыру және мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын адам;

**Айлық жалақының ең төменгі мөлшері** — біліктілікті қажет етпейтін қарапайым (онша күрделі емес) еңбек қызметкері Еңбек кодекsinде белгіленген қалыпты жағдайда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындаған кезде бір айда оған төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төменгі мөлшері;

**Арнаулы киім** — қызметкерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқ киім, бас киім, қолғап, өзге де нәрселер;

**Ауыр жұмыстар** — қызметкердің ауыр заттарды қолмен көтеруіне немесе жылжытуына байланысты қызмет түрлері не 250 ккал/сағаттан астам күш-қуат жұмсалатын басқа да қол жұмыстары;

**Ауысымдық жұмыс** — тәулік ішінде екі не үш немесе төрт жұмыс ауысымындағы жұмыс;

**Бос тұрып қалу** — экономикалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, өзге де өндірістік немесе табиғи сипаттағы себептер бойынша жұмыстың уақытша тоқтап тұруы;

**Біліктілік санаты (разряды)** — орындалатын жұмыстардың күрделілігін көрсететін, қызметкердің біліктілігіне қойылатын талаптар деңгейі;

**Демалыс** — жұмыс орны (лауазымы) мен Еңбек кодекsinде белгіленген жағдайларда орташа жалақысын сақтай отырып,

қызметкердің жыл сайынғы үзіліссіз тынығуын қамтамасыз ету немесе әлеуметтік мақсаттар үшін қызметкерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату;

**Еңбек** — адам мен қоғамның өміріне және қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі;

**Еңбекке ақы төлеу** — Еңбек кодекsinде және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек шартына, ұжымдық шартқа және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес қызметкерге еңбегі үшін берілетін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;

**Еңбек қатынастары** — Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, еңбек шартында, ұжымдық шартта көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін қызметкер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын қатынастар;

**Еңбек қауіпсіздігі** — еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкерлердің қорғалу жай-күйі;

**Еңбек стажы** — қызметкер еңбек міндеттерін жүзеге асыруға жұмсаған, күнтізбемен есептелген уақыт;

**Еңбек тәртібі** — жұмыс беруші мен қызметкерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек шартында, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;

**Еңбекті нормалау** — нақты ұйымдастыру-техникалық жағдайларында қызметкерлердің жұмысты орындауға (өнім бірлігін дайындауға) арналған қажетті еңбек (уақыт) шығындарын айқындау және осының негізінде еңбек нормаларын белгілеу;

**Еңбек шарты** — қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес қызметкер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесінің ережелерін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, қызметкерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді;

**Ереуіл** — жұмыс берушімен ұжымдық еңбек дауында өздерінің әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік талаптарын қанағаттандыру мақсатында жұмысты толық немесе ішінара тоқтату;

**Жалақы** — қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайына байланысты еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

**Жұмыс беруші** — қызметкер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

**Жұмыс берушілердің өкілдері** — құрылтай құжаттары немесе сенімхат негізінде жұмыс берушінің немесе жұмыс берушілер тобының мүдделерін білдіруге уәкілетті жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

**Жұмыс берушінің актілері** — жұмыс беруші шығаратын бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ережелер, еңбек тәртіп-темесінің ережелері;

**Жұмыс орны** — қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша болатын орны;

**Жұмыс уақыты** — қызметкер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт;

**Қызметкер** — жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

**Мереке күндері** — Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

**Негізгі жалақы** — жалақының тарифтік ставка, лауазымдық айлықақы, кесімді бағалау бойынша төлемді қамтитын, салыстырмалы түрде тұрақты бөлігі және еңбек заңнамасында, салалық келісімде, ұжымдық шартта және (немесе) еңбек шартында көзделген тұрақты сипаттағы төлемдер;

**Тәртіптік жаза** — тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс берушінің қызметкерге қолданатын тәртіптік әсер ету шарасы;

**Тәртіптік теріс қылық** — қызметкердің еңбек тәртібін бұзуы, сондай-ақ еңбек міндеттерін құқыққа қайшы келетіндей кінәмен орындамауы немесе тиісінше орындамауы;

**Ұжымдық шарт** — ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, қызметкерлер ұжымы мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт;

**Иссапар** — жұмыс берушінің өкімі бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге белгілі бір мерзімге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу, сондай-ақ қызметкерді басқа жерге оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберу.

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы, 2002 ж.
2. Ашитов З. О., Ашитов Б. З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері.— Алматы: Жеті Жарғы, 2003.
3. Баққұлов С. Д. Құқық негіздері.— Алматы, 2004.
4. Оспанов Қ. И. Құқық негіздері: Оқу құралы.— Алматы: Жеті жарғы, 2006.

#### Нормативтік-құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтырулар).— Алматы, 2007.
2. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі». Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 251 кодексі.
3. «Еңбек туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 493-І Заңы.
4. «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136 Заңы.

## 9. Тақырып. Қазақстан Республикасының қаржы құқығының негіздері

1. Қаржы құқығының түсінігі, пәні, әдісі, қайнар көздері.
2. Бюджет заңдары, бюджет жүйесі.
3. Қазақстан Республикасының салық құқығының жалпы ережелері.

### 1. Қаржы құқығының түсінігі, пәні, әдісі, қайнар көздері

Қаржы құқығы мемлекеттің дамуының әрбір нақты кезеңінде оның міндеттері мен қызметкерінің үздіксіз атқарылуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттің қаржылық қызметінің барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Мемлекеттің қаржылық қызметі түрлі **әдістердің** көмегімен іске асырылады. Осындай **әдістердің** бірі ақшалай қаржы жинау, яғни, жеке және заңды тұлғалардың табысының, пайдасының бір бөлігі заңда көрсетілген мерзім мен мөлшерде мемлекеттің бюджетіне түседі. Бюджетке аталған түсімдердің уақытында төленуін мемлекеттің арнайы органдары бақылап отырады. Белгіленген мөлшерде, бюджеттік емес қорларға да міндетті **жарналар** жіберіледі, мысалы зейнетақы жинақтау қорларын айтуға болады. Мемлекеттік мекемелердің халыққа көрсеткен қызметтері үшін алынатын мемлекеттік **баждар** мен **алымдар** да міндетті түрде мемлекеттік бюджетке түседі.

Ақшалай қаржыны бөлу мен пайдаланудағы негізгі әдістердің бірі **қаржыландыру** мен **несие беру** әдістері. **Қаржыландыру** ол жоспарлары, мақсатты, қайтарымсыз, ақысыз мемлекеттік бюджеттен берілетін ақшалай қаражат, яғни бюджет қаражатын алушыларға осы қаражатты бөлу.

Ал керісінше, **несие беру** банкілік қарыз түріндегі жоспарлары, мақсатты, ақылы және белгіленген мерзімде қайтарылатын, пайызбен берілетін ақшалай қаржы. Бүгінгі таңда **несие** берудің **мемлекеттік, банктік және коммерциялық** сияқты түрлері бар. **Мемлекеттік несие** бір мемлекеттің басқа шет мемлекеттердің және олардың жеке және заңды тұлғаларының, инвесторлардың, халықаралық қаржылық ұйымдардың ақшалай қаржыларын

уақытша пайдалануы. Мемлекет бұндай жағдайда қарыз алушының рөлінде болады. **Банктік несие** банктік қарауына уақытша айналыстан бос ақшалай қаржыларды жинақтау қатынастарын қамтиды.

**Коммерциялық несие** банктік қаржыландырудан түбірінен өзгешеленеді. Коммерциялық несие кейде тауарлы деп те аталады. Оның мәні қаржыны қайтаруды кейінге қалдыруға рұқсат беріледі. Сонымен кәсіпорын несиеге алған материалдарды кейін өтеуге мүмкіншілік арқылы несие алады. Коммерциялық несие **вексельмен** бекітіледі вексельді банктер есепке алады да, сөйтіп коммерциялық несие біртіндеп банктік несиеге ұласады. Сонда заңнамалар нормаларына сәйкес келетін вексель вексель иесіне берілген жазбаша кепілдік болып табылады.

Мемлекеттік қаржылық іс-әрекет және қаржылық бақылаумен айналысатын көптеген органдар бар. Оларға мемлекеттік биліктің жоғарғы өкілетті және атқару органдары — Мәжіліс пен Сенат, Үкімет, Қаржы министрлігі, Ұлттық банк, Санақ палатасы, Қазыналық, салық комитеттері, салық полициясы, басқа да көптеген қаржылық бақылауды іске асыратын әр түрлі инспекциялар жатады.

Мемлекеттік емес кәсіпкерліктен басқа тірлікпен айналысатын субъектілердің қаржылық-шаруашылық жағдайын тексеруді мемлекеттік емес тексеру-бақылау органдары — аудиторлар жүзеге асырады.

Мемлекеттің қаржылық іс-әрекетінің барысында **материалды және ұйымдастырушылық** сияқты екі түрлі қаржылық қатынастар қалыптасады.

**Материалды қаржылық қатынастар** мемлекеттік ақша қорларын қалыптастыру және бөлу үрдісін, ақшалай қаржылардың қозғалысын қосымша реттейді. Бұл қатынастар нақты ақшаның төлеушілерден мемлекеттік қорға не болмаса, керісінше, мемлекеттік қордан оны алушыларға қарай бағытталуымен байланысты. Мысал ретінде мемлекеттік бюджетке түсетін салық, салық төлеушіден мемлекеттік бюджетке барса, керісінше мемлекеттік бюджеттен бөлінетін зейнеткерлерге төленетін зейнетақы, жетім балаларға төленетін көмекақылар бюджеттен азаматтардың әлеуметтік мұқтаждықтарына бағытталады.

**Ұйымдастырушылық қаржылық қатынастар** мемлекеттің ақша, қаржы жүйелерінің, қаржыны мемлекеттік басқару жүйесінің, қаржылық жоспарлауды ұйымдастыруды, мемлекет-

тік қаржылық бақылауды ұйымдастыру барысында қалыптасады. Бұл қатынастар экономикалық сипатта болмағандықтан ақша қаржыларының қозғалысын жанамалайды. Бірақ, олар материалды қаржылық қатынастардың қалыпты қызметін қамтамасыз етеді. Егер материалды қаржылық қатынастардың негізгі нысаны ақша болса, ұйымдастырушылық қаржылық қатынастардың нысаны мемлекеттік қаржылық құрылым болып табылады.

**Қаржылық бақылау.** Қаржылық бақылау мемлекеттің қаржылық іс-әрекетінің ақша-қаржы ағымын, бюджеттің қазынасын қатаң сақтау мен бақылауға бағытталған маңызды бір бөлігі. Қаржылық бақылау барынша күрделі жүйе және ол төмендегідей бірнеше **бөліктерден** тұрады: 1) бақылау субъектісі; 2) бақылау объектісі; 3) бақылау заты (тақырыбы); 4) бақылаудың мақсаты; 5) бақылауды іске асырудың әдістері.

**Қаржылық бақылаудың субъектісі** болып қаржылық бақылауды іске асыруға құзыреті бар арнайы мемлекеттік не мемлекеттік емес органдар, лауазымды адамдар табылады. Сондықтан, тікелей тексеруші қаржылық бақылаудың субъектісі, ал тексерілуші объектісі болады.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың **объектісіне** осы бақылаудың шеңберіне ілінген тұлғалар, нақты айтсақ: 1) мемлекеттік органдар; 2) мемлекеттік заңды тұлғалар; 3) мемлекеттік емес заңды тұлғалар; 4) азаматтар жатады.

**Қаржы құқығының қайнар көздеріне** Қазақстан Республикасының Конституциясы, сонымен қатар, төмендегі нормативтік құқықтық актілер жатады: Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. 24 сәуір, 2004 ж; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусым; «ҚР-дағы БАНКТЕР ЖӘНЕ БАНК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңы; «ҚР-дағы ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТУРАЛЫ» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңы.

**Ұлттық валюта — «теңге».** Тәуелсіз егемен мемлекеттің міндетті рәміздерінің бірі оның ұлттық валютасы болып табылады.

Кез келген мемлекеттің тарихына оның бір-ақ рет енгізілетін өз валютасының тарихы да кіреді. Басқа көптеген елдердің ұлттық валютасының тарихы сан ғасырлар бойы қалыптасқан. Кез келген ұлттық валюта елдің өткенін, бүгінгісін және болашағын бейнелейді. Ал теңгенің — Қазақстан Республика-

сы ұлттық валютасының тарихы Президенттің 1993 жылғы 15 қарашадағы жарлығынан басталды.

Алғашқы кезде теңгенің бірінші шығарылған қатары (1 теңге = 100 тиын) мынадай номиналдардан тұрды: 1, 3, 5, 10, 20, 50 және 100 теңгелік банкноттар, 1, 3, 5, 10, 20 теңгелік монеталар, 1, 3, 5, 10, 20 және 50 тиындық монеталар (бастапқыда қағаздан жасалған).

Кейіннен айналысқа: 1994 жылы 1993 жылғы үлгідегі номиналы 200 теңгелік және 1994 жылғы үлгідегі 500 теңгелік банкноттар; 1995 жылы 1994 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттар; 1996 жылы 1996 жылғы үлгідегі номиналы 2000 теңгелік банкноттар; 1997 жылы номиналы 1, 5, 10, 20, 50 теңгелік монеталар (жаңа дизайны); 1999 жылы 1998 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкноттар; 2000 жылы 1999 жылғы үлгідегі номиналы 200 және 500 теңгелік банкноттар (дизайны өзгертілген),

2001 жылы: 2000 жылғы үлгідегі номиналы 1000 және 2000 теңгелік банкноттар (дизайны өзгертілген); 2001 жылғы үлгідегі номиналы 100 теңгелік банкноттар (дизайны ішінара өзгертілген); ҚР-сы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған 2001 жылғы үлгідегі 5000 теңгелік мерейтойлық банкноттар; 2001 жылғы үлгідегі 5000 теңгелік банкноттар (дизайны ішінара өзгертілген).

2002 жылы: 2003 жылғы үлгідегі номиналы 100 теңгелік банкноттар; 1999 жылғы үлгідегі номиналы 200 және 500 теңгелік банкноттар (дизайны ішінара өзгертілген) шығарылды.

2003 жылы: 2003 жылғы үлгідегі номиналы 10 000 теңгелік банкноттар.

Республикада ақша айналысындағы монетамен қатар мерейтойлық және ескерткіш монеталар да қолданылады. Мерейтойлық және ескерткіш монеталар оларда белгіленген күнға сәйкес төлем қабілетіне ие, бірақ олар негізінен мәдени-ағарту мақсатында шығарылған. Әдеттегідей, олар қатаң шектеулі таралыммен шығарылады және Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде коллекциялық құнымен сатуға арналған.

## 2. Бюджет заңдары, бюджет жүйесі

Материалды мағынасында бюджет мемлекеттің ақша қоры. **Бюджет** — мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру-

ды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Бюджет заңдары — бюджеттік және бюджетаралық қатынастарды реттейді және бюджет жүйесі жұмыс істеуінің, бюджет қаражатының құралуы мен пайдаланылуының негізгі ережелерін, принциптері мен тетіктерін белгілейді. Қазақстан Республикасының бюджет заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Сонымен қатар 2004 ж. 24 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінен» және өзге де нормативтік-құқықтық актілерден тұрады.

**Бюджет жүйесі** дегеніміз — бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процесстер мен қатынастардың жиынтығы.

Бюджет жүйесі мынадай принциптерге негізделеді:

1) бірлік принципі — Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік заңдарының қолданылуын, соның ішінде бірыңғай бюджеттік сыныптауды, бюджет процесін жүзеге асырудың бірыңғай рәсімдерін пайдалануды қамтамасыз ету;

2) толықтық принципі — Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық түсімдер мен шығыстарды бюджеттерде және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында көрсету, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке алуға, сол сияқты бюджет қаражаты бойынша талаптар құқықтарынан шегінуге жол бермеу;

3) реалистік принципі — бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет көрсеткіштерінің орта мерзімді фискалдық саясатқа және Қазақстан Республикасы мен аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарының бекітілген (түзетілген) өлшемдері мен бағыттарына сәйкес келуі;

4) транспаренттілік принципі — мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңдары саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді, мемлекеттің фискалдық саясатына қатысты басқа да ақпаратты міндетті түрде жариялау; бюджет процесінің ашықтығы, мемлекеттік қаржы бақылауын жүргізу;

5) дәйектілік принципі — бюджеттік қатынастар аясында бұрын қабылданған шешімдерді мемлекеттік басқару органдарының сақтауы;

6) тиімділік және нәтижелілік принципі — бюджеттерді бюджеттік бағдарламалар паспорттарымен көзделген белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу қажеттілігін негізге алып, бюджет қаражатының осы нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті оңтайлы көлемін пайдалана отырып әзірлеу және атқару немесе бюджеттік қаражаттың бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік нәтижені қамтамасыз ету;

7) басымдық принципі — бюджеттік процесі республиканың немесе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына сәйкес жүзеге асыру;

8) жауапкершілік принципі — бюджет процесіне қатысушыларды Қазақстан Республикасының бюджеттік заңдарын бұзғаны үшін жауапқа тарту;

9) бюджеттердің дербестік принципі — түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты түрде бөлініп тұруын орнықтыру және олардың жұмсалу бағыттарын анықтау, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің сәйкес бюджет процесін дербес жүзеге асыру құқығы, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді, жергілікті бюджеттер қаражатының бос қалдықтарын жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жол берілмейтіндігі, тиісті өтемсіз төмен тұрған бюджеттерге қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмейтіндігі.

**Қазақстан Республикасының Бюджет жүйесі төмендегідей** түрлері мен деңгейлерге бөлінеді. Қазақстан Республикасында мынадай деңгейдегі бюджеттер бекітіледі, атқарылады және дербес болып табылады:

- республикалық бюджет;
- облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті;
- аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті.

Қазақстан Республикасында төтенше мемлекеттік бюджет әзірленуі, бекітілуі және атқарылуы мүмкін.

**Республикалық бюджет.** Салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясаттың жалпыреспубликалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры республикалық бюджет болып табылады. Тиісті қаржы жылына

арналған республикалық бюджет Қазақстан Республикасының Заңымен бекітіледі.

**Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті.** Салықтық және басқа да түсімдер, есебінен қалыптастырылатын және облыстық деңгейдегі жергілікті мемлекеттік органдардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры облыс бюджеті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті болып табылады. Тиісті қаржы жылына арналған облыстың бюджеті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының шешімімен бекітіледі.

**Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті.** Салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік органдарының, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және тиісті аудандағы (облыстық маңызы бар қаладағы) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті болып табылады. Тиісті қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешімімен бекітіледі.

**Төтенше мемлекеттік бюджет.** Төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінде қалыптастырылады және Қазақстан Республикасындағы төтенше немесе соғыс жағдайларында енгізіледі.

Төтенше мемлекеттік бюджетті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше немесе соғыс жағдайын енгізу және оның күшін жою туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы төтенше мемлекеттік бюджетті енгізуге және оның қолданылуын тоқтатуға негіз болып табылады.

Төтенше мемлекеттік бюджеттің қабылданғаны туралы Қазақстан Республикасының Парламенті дереу хабардар етіледі.

Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылу уақытына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның және тиісті қаржы жылына арналған барлық деңгейлердегі жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттар шешімдерінің қолданылуы тоқтатыла тұрады. Төтенше мемлекеттік бюджет төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген мерзім ішінде қолданыста болады.

Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылуы тоқтатылғаннан бастап республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға және тиісті қаржы жылына арналған барлық деңгейлердегі жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізілген ретте төтенше мемлекеттік бюджет енгізілмейді.

Қазақстан Республикасының бірнеше аймақтарының аумақтарында бір мезгілде төтенше жағдай енгізу төтенше жағдайдың зардабы ұлттық мүдделерге және республиканың экономикалық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіруі мүмкін болатын ретте ғана төтенше мемлекеттік бюджет енгізуге негіз бола алады.

**Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі шотында шоғырландырылатын, мемлекеттің қаржылық актив түріндегі, сондай-ақ, материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүлік түріндегі активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүліктердің қорлануына, экономиканың мұнай секторына тәуелділігін және қолайсыз сыртқы факторлардың ықпалын төмендетуге арналған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жинақтау және тұрақтандыру функцияларын жүзеге асырады. Жинақтау функциясы материалдық емес активтерді қоспағанда, қаржылық активтер мен өзге де мүліктің жинақталуын және тәуекелдің деңгейі бірқалыпты болған кезде ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры активтерінің кірістілігін қамтамасыз етеді. Тұрақтандыру функциясы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстап тұруға арналған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын бір бөлігі кепілдік берілген трансфертті қамтамасыз етуге қажетті мөлшерде айқындалады. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану дүниежүзілік және ішкі тауар мен қаржы рыноктарының конъюнктурасы, мемлекеттегі және шет елдердегі экономикалық жағдай, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтары ескеріле отырып, бұл ретте макроэкономикалық және фискалдық тұрақтылық және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының негізгі мақсаттары мен міндеттері сақтала отырып айқындалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімі мен жұмсалуды ұлттық және шетелдік валюталармен жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының операциялар жөніндегі есебі мен есептілігі ұлттық валютамен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүзеге асырады.

### **3. Қазақстан Республикасының салық құқығының жалпы ережелері**

Салық дегеніміз мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

Салық құқығы салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу және есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ мемлекет пен салық төлеуші арасындағы салық міндеттемелерін орындауға байланысты қатынастарды реттейді.

Салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей салық төлеудің субъектісі оның ауыртпалығын өзі тікелей көтереді, яғни төленген салық тікелей оның мүлкінің, еңбекақысының азаюына әкеледі. Мысалы, тікелей салыққа жеке табыс салығын жатқызуға болады.

Жанама салықтарға қосылған күн салығы мен акциз жатады. Жанама салықта салық төлеуші салықты төлеудің ауырт-

палығын басқа бір тұлғаға жүктейді. Мысалы, заң жүзінде аталған салықтардың төлеушісі тауарды сатушы, бірақ негізінде салықтың сомасы осы сатылған тауардың құнының ішіне кіретіндіктен оны тауарды сатып алушы өтейді.

Салық және басқа да міндетті төлемдердің сомалары Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттердің кірісіне түседі.

**Қазақстан Республикасында төмендегідей салықтың түрлері қолданылады:**

1. Корпорациялық табыс салығы.

2. Жеке табыс салығы.

3. Қосылған күн салығы.

4. Акциздер.

4—1. Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы.

5. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері.

6. Әлеуметтік салық.

7. Жер салығы.

8. Көлік құралдары салығы.

9. Мүлік салығы.

**1. Корпорациялық табыс салығын** төлеушілерге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалар (бұдан әрі бөлім бойынша — салық төлеушілер) жатады.

Салық салу объектілеріне мыналар жатады:

1) салық салынатын табыс;

2) төлем көзінен салық салынатын табыс;

3) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы корпорациялық табыс салығы салынатын объектілер болып табылады.

**2. Жеке табыс салығын** төлеушілер салық салынатын табысы бар жеке тұлғалар (резидент және резидент емес) болып табылады.

Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынатын табыстарына: 1) қызметкердің табысы; 2) біржолғы төлемдерден алынған табыс; 3) жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін зейнетақы төлемдері; 4) дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс; 5) стипендиялар; 6) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табысы жатады.

**Жеке тұлғалар табыстарының мынадай түрлеріне салық салынуға тиіс емес:** 1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін **атаулы әлеуметтік көмек**, жәрдемақылар мен өтемдер; 2) балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер; 3) жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеу (жоғалтқан жалақысына қатысты өтеуден басқа); 4) жеке тұлғалардың қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиялары бар банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдары бойынша оларға төленетін сыйақылар және борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы; 5) мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік облигациялармен жасалған операциялардан түскен табыстар; 5—1) пайлық инвестициялық қорлардың пайлары және акционерлік инвестициялық қорлардың акциялары бойынша дивидендтер, сондай-ақ пайлық инвестициялық қорды басқарушы компания оларды сатып алған кездегі осы қордың пайлары бойынша табыстар; 5—2) таза табысты бөлу кезінде алынған және әрбір құрылтайшының, қатысушының қатысу үлесін сақтай отырып, резидент заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған табыс; 6) әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге, белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген, оны қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған ішкі істер органдарының, қаржы полициясының қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерін және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қызметкерлеріне берілетін төлемдердің барлық түрі; 7) лотерея бойынша 5 айлық есептік көрсеткіш шегіндегі ұтыстар; 8) тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде мемлекеттік бюджет және гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіби оқуларға байланысты төлемдер; 9) грант-

тар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа); 10) тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұру сипатында болатын не қызмет көрсететін учаскелер шегінде қызмет бабындағы сапарлармен байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде төленетін төлемдер; 11) экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленетін төлемдер.

**3. Қосылған күн салығы ұғымы.** Қосылған күн салығы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және олардың айналысы процесінде қосылған, оларды өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аударуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы тауарлар импорты кезіндегі аударымды білдіреді. Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиісті қосылған күн салығы сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін есептелген қосылған күн салығының сомасы мен алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төленуге тиісті қосылған күн салығының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Салық салу объектілері мыналар: 1) салық салынатын айналым; 2) салық салынатын импорт қосылған күн салығын салу объектілері болып табылады.

Төлеушілер мыналар: Қазақстан Республикасында қосылған күн салығы бойынша есепке тұрған мынадай тұлғалар: жеке кәсіпкерлер; мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, заңды тұлғалар; қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер; 2) заңды тұлғаның қосылған күн салығын дербес төлеушілер ретінде танылған құрылымдық бөлімшелері қосылған күн салығын төлеушілер болып табылады.

Тауарлар импорты кезінде қосылған күн салығын төлеушілер Қазақстан Республикасының кеден **заңдарына** сәйкес осы тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар болып табылады.

**4. Акциздер.** Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға, сондай-ақ тізбесі төменде көрсетілген қызмет түрлеріне акциз салынады.

- 1) спирттің барлық түрлері;
- 2) алкоголь өнімі;
- 3) темекі бұйымдары;
- 4) құрамында темекі бар басқа бұйымдар;
- 7) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны;
- 8) жеңіл автомобильдер (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа);
- 10) шикі мұнай, газ конденсаты акцизделетін тауарлар болып табылады.

Қызметтің акцизделетін түрлері мыналар болып табылады: 1) ойын бизнесі; 2) лотереяны ұйымдастыру мен өткізу.

**4—1. Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы.** Төлеушілер өнімді бөлу туралы келісім-шарттар жасасқан жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, шикі мұнайды, газ конденсатын экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалар экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығын төлеушілер болып табылады.

Салық салу объектісіне экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығын салу объектісі болып табылады.

**6. Әлеуметтік салық.** Өзінің аты айтып тұрғандай, негізінен халықтың әлеуметтік қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына өтеуге жұмсалады. Салықты төлеушілер мыналар: 1) жеке кәсіпкерлер; 2) жеке нотариустар, адвокаттар Қазақстан Республикасының резиденті — заңды тұлғалар; 3) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер, филиалдар мен өкілдіктер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.

Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салық төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

**7. Жер салығы.** Салық салу мақсатында барлық жерлер олардың арналған нысанасы мен тиесілілігіне қарай мынадай санаттарға: 1) ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге; 2) елді мекендер жерлеріне; 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі — өнеркәсіп жерлері); 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріне, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі — ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері); 5) орман қорының жерлеріне; 6) су

қорының жерлеріне; 7) запастағы жерлерге жатқызылуына қарай қарастырылады.

Жердің белгілі бір немесе өзге санатқа жататындығы Қазақстан Республикасының жер туралы заң актілерімен белгіленеді. Елді мекендер жерлері салық салу мақсаты үшін мынадай екі топқа бөлінген: 1) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда елді мекендер жерлері; 2) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлер.

Жердің мынадай санаттары: 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері; 2) орман қорының жерлері; 3) су қорының жерлері; 4) запастағы жерлер салық салуға жатпайды.

Аталған жерлер (запастағы жерлерді қоспағанда) тұрақты жер пайдалануға немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалануға берілген жағдайда белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс.

Жер салығының мөлшері жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты болмайды.

Жер салығы: 1) меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар; 2) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері негізінде есептеледі.

Төлеушілер мынадай: 1) жеке меншік құқығындағы; 2) тұрақты жер пайдалану құқығындағы; 3) бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.

Заңды тұлғалардың салық салынатын объектілері бар құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі — заңды тұлғалар) жер салығын төлеушілер деп танылады.

**Мыналар жер салығын төлеушілер болып табылмайды:** 1) бірыңғай жер салығын төлеушілер шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнайы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша; 2) мемлекеттік мекемелер; 3) уәкілетті органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары; 4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала кезінен мүгедектің ата-анасының біреуі: тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанын-

дағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер учаскелері; үй маңындағы жер учаскелері; жеке үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу, бау-бақша шаруашылығы үшін берілген және құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, саяжай құрылысына арналған жер учаскелері; гаражға арналған жер учаскелері бойынша; 6) тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер учаскелері және үй маңындағы жер учаскелері бойынша — “Ардақты ана” атағына ие болған, “Алтын алқа” алқасымен наградталған көп балалы аналар; 7) діни бірлестіктер жер салығын төлеушілер болып табылмайды.

**8. Көлік құралдары салығы.** Салық төлеушілер меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі — заңды тұлғалар) көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады.

Мыналар: 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін көлік құралдарына қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер; 1-1) меншікті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде пайдаланылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер. Аталған мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді; 2) мемлекеттік мекемелер; 3) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша — Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілетін адамдар; 4) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша — меншігінде мотоколяскалары мен автомобильдері бар мүгедектер; 5) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша — Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, “Халық қаһарманы” атағын алған, үш дәрежелі “Даңқ” орденімен және “Отан” орденімен наградталған адамдар, “Ардақты ана” атағын алған, “Алтын алқа”, “Күміс алқа” алқаларымен наградталған көп балалы аналар; 6) ауыл шаруашылық құралымынан шығу нәтижесінде пай ретінде алынған, пайдаланған мерзімі жеті жылдан асқан жүк автомобильдері бойынша жеке тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылмайды.

Салық салу объектілеріне Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жататын және (немесе) есепте тұрған көлік

құралдары, тіркемелерді қоспағанда, салық салу объектілері болып табылады.

Ал, 1) жүк көтергіштігі 40 тонна және одан асатын карьерлік автосамосвалдар; 2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары салық салу объектілері болып табылмайды.

**9. Мүлік салығы.** Мыналар мүлік салығын төлеушілер болып табылады: 1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар; 2) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар жеке кәсіпкерлер.

Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан салық салу объектілері бойынша салық төлеушілер болып табылады.

**Мыналар мүлікке салынатын салықты төлеушілер болып табылмайды:** 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қажеттілік нормативтері шегінде салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер. Салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын белгіленген қажеттілік нормативтерінен артық төлеушілер мүлікке салынатын салықты осы бөлімде белгіленген тәртіппен төлейді; 2) мемлекеттік мекемелер; 3) уәкілетті органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары; 6) діни бірлестіктер.

Көрсетілген салықтардан басқа **ҚР-да мынадай алымдардың түрлері** бар: 1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым. 2. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым. 3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым. 3—1. Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алым. 4. Радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым. 5. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым. 6. Теңіз, өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым. 6—1. Кемеңі немесе жасалып жатқан кемеңі ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым. 7. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым. 8. Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым. 8—1. Туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін

пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін алым. 9. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүру алымы. 10. Аукциондардан алынатын алым. 11. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым. 13. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым.

**Сонымен қатар мынадай төлемақылар көзделген:**

1. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы. 2. Жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы. 3. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы. 4. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы. 5. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы. 6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы. 7. Радиожилілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы. 7—1. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын бергені үшін төлемақы. 8. Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы. 9. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы. 10. Мемлекеттік баж. 10. Кеден төлемдері.

**Негізгі түсініктер:**

**Мемлекеттің активтері** — өткен операциялар немесе оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік меншікке алынған мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құндық бағасы бар құқықтар;

**Бюджет** — мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры;

**Облыстың бюджеті** — араларындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда, облыстық бюджетті, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерін біріктіретін, талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітуге жатпайтын жиынтық бюджет;

**Бюджеттік қамтамасыз етілу** — мемлекеттік басқару органдары тиісті бюджет қаражаты есебінен ұсынатын мемлекеттік қызметтер көрсетуді алушылардың бірлігіне шаққандағы заттай нормалар есепке алынған мемлекеттік қызметтер көрсету құны;

**Бюджет жүйесі** — бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы;

**Бюджеттік инвестициялық бағдарлама** — сипаты техникалық-экономикалық негіздеу сатысында қол жеткізу мерзімін анықтауға мүмкіндік бермейтін бірыңғай инвестициялық мақсатты көздейтін іс-шаралар жиынтығы;

**Бюджеттік инвестициялар** — экономикалық пайда табу немесе әлеуметтік-экономикалық тиімділікке жету мақсатымен мемлекет активтерінің құнын ұлғайтуға, адам ресурстарын дамытуға және табиғи ресурстарды жаңғыртуға бағытталған қаржыландыру;

**Бюджеттік операциялар** — бюджетті атқару процесінде жүзеге асырылатын операциялар;

**Бюджеттік қатынастар** — бюджет процесінде туындайтын қатынастар;

**Бюджет қаражаты** — мемлекеттік меншікке түсуі мен жұмсалуды бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін мемлекеттің ақша және өзге де активтері;

**Бюджеттік инвестициялық жоба** — шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

**Бюджет процесі** — бюджетті жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау, түзету жөніндегі, бюджеттің атқарылуы бойынша бюджет есебі мен есептілігін жүргізу мемлекеттік қаржы бақылауы, сондай-ақ байланыстырылған гранттарды жоспарлау мен пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының бюджет заңдарымен реттелген қызмет;

**Мемлекеттік инвестициялық саясат** — инвестициялық процестерді ұлттық экономиканың мүдделері үшін мемлекеттік реттеудің экономикалық және қаржылық негізделген шараларын көрсететін әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі;

**Мемлекеттік бағдарлама** — салааралық сипаты бар, әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық және неғұрлым маңызды міндеттерін шешуге және мемлекеттің қорғаныс қабілетін, құқық тәртібін, заңдылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейтін және Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін бағдарлама;

**Мемлекеттік бюджет** — араларындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда, республикалық және жергілікті

бюджеттерді біріктіретін, талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітуге жатпайтын жиынтық бюджет;

**Инвестициялық ұсыныс** — инвестициялық жобаның (бағдарламаның) мақсатын, оған жету жолдарын көрсететін және инвестициялық жобаны (бағдарламаны) одан әрі әзірлеу үшін оны алдын ала іріктеуді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін инвестициялық жоба (бағдарлама) тұжырымдамасы;

**Индикаторлар** — алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін бағдарламаны іске асыру нәтижелерін көрсететін сандық көрсеткіштер;

**Шоғырландырылған бюджет** — республикалық бюджеттен, облыс бюджетінен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі шоттарына аударылатын, талдамалық ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітілуге жатпайтын бюджет түсімдерінен құралған бюджет;

**Жергілікті бюджет** — облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті;

**бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган** жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, жергілікті бюджеттің орташа мерзімді кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жобасын жоспарлау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы орган;

**Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган** жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, бюджетті атқару, жергілікті бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік есеп пен есептілікті жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын атқарушы орган;

**Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган** — жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеу функциясын жүзеге асыратын атқарушы орган;

**Кірістерді бөлу нормативі** — кірістерді әртүрлі деңгейлердегі бюджеттердің арасында бөлудің проценттік арақатынасы;

**Салалық (секторлық) бағдарлама** — Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, экономиканың жекелеген

салаларының (секторларының) стратегиялық және неғұрлым маңызды міндеттерін шешуге бағытталған бағдарлама;

**Басым (республикалық немесе жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі** — республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландыру жоспарланған инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізімі болып табылатын, республиканы немесе аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарына қосымша;

**Бюджет қаражатын алушылар** — бюджет қаражатын пайдаланатын, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бөлігінде жеке және заңды тұлғалар, шаруа (фермер) қожалықтары, үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ қаржылық қызметтер көрсететін, оның ішінде азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, бюджеттік бағдарламаларды (ішкі бағдарламаларды) іске асыру шеңберінде қаржылық қызметтер көрсететін тұлғалар;

**Аймақтық бағдарлама** — мәслихаттар бекітетін, өңірді (аумақты) әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталған бағдарлама;

**Түзетілген бюджет** — тиісінше Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтыланбай, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар енгізген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, сондай-ақ бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды қаржы жылы ішінде бөлуді ескере отырып бекітілген немесе нақтыланған республикалық немесе жергілікті бюджет;

**Әлеуметтік-экономикалық дамудың орташа мерзімдік жоспары** — Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мәслихат бекітетін, республиканы немесе аймақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың үш жылдық кезеңге арналған негізгі көрсеткіштері мен бағыттарын және оларды іске асыру жөніндегі шараларды айқындайтын құжат;

**Бекітілген бюджет** — тиісті қаржы жылына арналған, Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат бекіткен бюджет;

**Нақтыланған бюджет** — атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет;

**Қаржыландыру** — бюджет қаражатын алушыларға осы қаражатты бөлу;

**Қаржы жылы** — бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып, 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі;

**Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган** орташа мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын жоспарлау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

**Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган** — ішкі мемлекеттік қаржы бақылауы функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

**Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган** республикалық бюджетті және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттерді және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын атқару жөніндегі бюджеттік есеп пен есептілікті атқару, жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

**Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган** — Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеу функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

**Салық салу мақсатында қолданылатын негізгі ұғымдар:**

**Қайырымдылық көмек** — жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, коммерциялық ұйымдарға, сондай-ақ қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға олардың жарғылық қызметін қолдау мақсатында өтеусіз негізде берілетін мүлік;

**Сыйақы** — кредиттер үшін; қаржы лизингі бойынша Қазақстан Республикасының қаржы лизингінің мәселелерін реттейтін заң актілеріне сәйкес сыйақы түрінде берілген (алынған) мүлік үшін; салымдар (депозиттер) бойынша; жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша; жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша; борыштық бағалы қағаздар бойынша төлемдер — дисконт не купон (бастапқы орналастыру құнынан және (немесе) сатып алу құнынан дисконтты не сыйлықақыны ескере отырып);

**Ұтыстар** — конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар бойынша, салымдар мен борыштық бағалы қағаздар бойынша ойындарды қоса, ұтыс ойындары бойынша салық төлеушілер алатын заттай және ақшалай түрдегі табыстардың кез келген түрлері;

**Грант** — мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметі қайырымдылық және халықаралық сипатта болатын және Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін, мемлекеттік органдардың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге енгізілген шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар — Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, заңды тұлғаларға, сондай-ақ жеке адамдарға; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар — Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) жету үшін өтеусіз негізде беретін мүлік;

**Ізгілік көмек** — халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін шет елдерден және халықаралық ұйымдардан жіберілген азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар, техника, құрал-жарақтар, жабдықтар, медициналық құралдар және дәрі-дәрмектер, өзге де заттар түрінде Қазақстан Республикасына өтеусіз берілетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті ұйымдар арқылы бөлетін мүлік;

**Дивидендтер** — акциялар бойынша төленуге тиісті табыс; қордың басқарушы компаниясы пайларды сатып алған кезде пайлар бойынша табыстарды қоспағанда, пайлық инвестициялық қордың пайлары бойынша төленуге тиісті табыс; заңды тұлға өз құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі; заңды тұлғаны тарату кезінде, сондай-ақ құрылтайшының, қатысушының заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған кезде, құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, резидент заңды тұлға өз құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлген және әрбір құрылтайшының, қатысушының қатысу үлесін сақтай отырып, жарғылық қорды ұлғайтуға бағытталған мүліктен басқа, мүлікті бөлуден түсетін табыстар;

**Борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт** — борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны мен бастапқы орналастырылу (купон есепке алынбаған) құны немесе оларды сатып алу (купон есепке алынбаған) құны арасындағы айырма;

**Борыштық бағалы қағаздар** — заем қатынастарын куәландыратын қаржы құралдары. Борыштық бағалы қағаздарға

мемлекеттік бағалы қағаздар, облигациялар және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес борыштық бағалы қағаздар деп танылған басқа да бағалы қағаздар жатады;

**Қатысу үлесі** — жеке және заңды тұлғалардың бірлесіп құратын ұйымдарға, консорциумдарға, акционерлік қоғамдарды және инвестициялық пай қорларын қоспағанда, мүлкімен қатысу үлесі;

**Басқа да міндетті төлемдер** — бюджетке белгілі бір мөлшерде жүргізілетін міндетті ақша аударымдары (алымдар, баждар, төлемақылар мен төлемдер);

**Жеке кәсіпкер** — заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент немесе резидент емес жеке тұлға;

**Тұлға** — жеке тұлға және заңды тұлға; жеке тұлға — Қазақстан Республикасының азаматы, шет мемлекеттің азаматы, азаматтығы жоқ адам; заңды тұлға — Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған ұйым (шетелдік заңды тұлға). Шет мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған компания, ұйым немесе басқа да корпорациялық құралым мақсаттары үшін олар құрылған шет мемлекеттің заңды тұлғасы мәртебесіне ие ме, жоқ па — оған қарамастан дербес заңды тұлғалар ретінде қарастырылады;

**Салықтар** — мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;

**Салық берешегі** — бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың төленбеген сомалары;

**Салық төлеуші** — салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға;

**Салық агенті** — Салық кодексіне сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, заңды тұлға, оның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға;

**Салық режимі** — Салық Кодексінде белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығы;

**Жер қойнауын пайдаланушылар** — Қазақстан Республикасының аумағында, мұнай операцияларын қоса алғанда,

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

**Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі** — филиал, өкілдік;

**Уәкілетті мемлекеттік орган** — мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

**Уәкілетті органдар** — бюджетке төленетін міндетті төлемдерді есептеуді және (немесе) жинауды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген салық органдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

**Салық төлеушінің электрондық құжаты** — белгіленген электрондық форматта берілген, ол қабылданып және бірдейлігі расталғаннан кейін салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат;

**Салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы** — электрондық цифрлық қолтаңба құралдарынан жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның салық төлеушіге тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандардың реттілігі;

**Бағалы қағаздар** — акциялар, борыштық бағалы қағаздар, туынды бағалы қағаздар және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздар деп танылған мүлдіктік құқықтың өзге де объектілері.

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы, 2002 ж.
2. Ашитов З. О., Ашитов Б. З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері.— Алматы: Жеті Жарғы, 2003.
3. Баққұлов С. Д. Құқық негіздері.— Алматы, 2004.
4. Оспанов Қ. И. Құқық негіздері: Оқу құралы.— Алматы: Жеті жарғы, 2006.
5. Шеметаев К. Баймұратова Г. ҚР Қаржы құқығы. Лекция курсы.— Түркістан, 2001.
6. Сейітқасымов Ф. Ақша. Несие. Банктер.— Алматы: Экономика, 2001.
7. Худяков А. Финансовое право РК. Общая часть.— Алматы: Қаржы-Қаражат, 1995.

8. Финансовое право РК. (Сборник документов) Составитель Диденко П. В.— Алматы: Данекер, 2000.
9. Найманбаев М. ҚР Қаржы құқығы.— Алматы, 1994.
10. Омирбаев С. Финансы.— Астана, 2003.

#### **Нормативтік-құқықтық актілер:**

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтырулар) Алматы, 2007.
2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. 24 сәуір 2004 ж.
3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусым.
4. «ҚР-дағы БАНКТЕР ЖӘНЕ БАНК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚР-ның 1995 жылғы 31 тамыздағы заңы.
5. «ҚР-дағы ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТУРАЛЫ» ҚР-ның 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңы.
6. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57 Заңы.

## **10. Тақырып. Қазақстан Республикасының экологиялық және жер құқығының негіздері**

1. ҚР-ның экологиялық заңнамасына жалпы сипаттама.
2. Жерге меншік құқығы.
3. Жерді пайдалану құқығы.

### **1. ҚР-ның экологиялық заңнамасына жалпы сипаттама**

Экология (грекше oikos — үй, мекен, logos — ғылым) жанды организмдердің тіршілік ортасы мен ара-қатынасын зерттейтін биологиялық ғылым.

Қазіргі заманда экология табиғат пен қоғам ара-қатынастарын зерттейтін ғылымға айналған. Онда адам мен табиғаттың өзара бір-бірі мен байланысты екені көрініс табады.

Адамзаттың тіршілік ортасының айырықша күйзеліске ұшырайтына байланысты табиғи ортаны қорғау ісіне кеңінен мән беріліп отыр.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы ҚР Конституциясына негізделеді және Экологиялық кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта ҚР Экологиялық кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Экологиялық кодекс пен Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін нормалары бар өзге де заңдарының арасында қайшылық болған жағдайда, Экологиялық кодекстің ережелері қолданылады. Қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастар Экологиялық кодексте реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарымен реттеледі.

Экологиялық кодекспен Қазақстан Республикасы аумағының шегінде табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келті-

ру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтыру саласындағы қатынастар реттеледі.

Жеке және заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік реттеуді және табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар экологиялық құқықтық қатынастардың қатысушылары болып табылады.

Қазақстан Республикасы орнықты дамуының экологиялық негіздері:

1) адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа мемлекеттің қол жеткізуі;

2) қоршаған ортаны қорғау және биоәртүрлілікті сақтау;

3) Қазақстан Республикасының өз табиғи ресурстарын өндіруге құқықтарын қамтамасыз ету мен іске асыру және табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету мәселелерінде ұлттық мүдделерді қорғау;

4) қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұранысын әділ қанағаттандыру;

5) өндіріс пен тұтынудың орнықты үлгілерін дамыту;

6) қоршаған ортаның жай-күйін есепке ала отырып, экологиялық нормалаудың әлеуметтік және экономикалық даму талаптарына сай келуі;

7) әрбір адамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын сақтау және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мен орнықты даму мәселелерін шешуге жан-жақты қатысуы;

8) қоршаған ортаны қорғау саласында қабылданатын шаралардың жариялылығын қамтамасыз ету;

9) Жердің экожүйесінің салауатты жай-күйі мен тұтастығын сақтау, қорғау мен қалпына келтіру мақсатындағы жаһандық әріптестік;

10) қоршаған ортаға залал келтіргені үшін жауаптылыққа қатысты халықаралық құқықтың дамуына жәрдемдесу;

11) қоршаған ортаға елеулі залал келтіретін немесе адам денсаулығы үшін зиянды деп есептелетін қызмет пен заттардың кез келген түрлерін басқа мемлекеттерге көшіру мен ауыстыруды тежеу, болдырмау, сондай-ақ қоршаған ортаға елеулі немесе орны толмайтын залал қатері төнген жағдайларда сақтандыру шараларын қолдану болып табылады.

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының негізгі принциптері:

1) Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету;

2) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көзқарас;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;

5) қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шараларының міндеттілігі;

6) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтан бұлтартпау;

7) қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;

8) қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болу және оған рұқсат алу тәртібі;

9) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану;

10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жариялылығы;

11) табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және оны жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру;

12) экологиялық ақпараттың қолжетімділігі;

13) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету;

14) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі;

15) жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялауды; 2) экологиялық нормалауды; 3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеуді; 4) мемлекеттік экологиялық

сараптаманы; 5) экологиялық рұқсаттар беруді; 6) мемлекеттік экологиялық бақылауды; 7) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу жүйесін, неғұрлым экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыруды, табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру жүйесін; 8) мемлекеттік экологиялық мониторингті; 9) табиғат пайдаланушыларды, қоршаған ортаны ластау көздері мен учаскелерін мемлекеттік есепке алуды; 10) экологиялық білім беру мен ағарту ісін қамтиды.

### **Қоршаған ортаны қорғау объектілері**

Жер, жер қойнауы, жер үсті және жер асты сулары; атмосфералық ауа; ормандар мен өзге де өсімдіктер; жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры; табиғи экологиялық жүйелер, климат және Жердің озон қабаты жойылудан, тоздан, зақымданудан, ластанудан және өзге де зиянды әсерден қорғалуға тиіс. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері айрықша қорғалуға тиіс.

### **Мемлекеттік табиғи-қорық қоры**

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры — табиғат эталондары, уникалдар және реликттер, генетикалық резерв, ғылыми-зерттеулер, ағарту, білім беру, туризм мен рекреация нысанасы ретінде экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған қоршаған орта объектілерінің жиынтығы.

Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді. Мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру жолымен, сондай-ақ қоршаған ортаның экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды объектілерін пайдалануға тыйым салу мен шектеулер белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақ.** Ерекше қорғалатын табиғи аумақ — ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер, су объектілерінің және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері, құру тәртібі, қорғау режимінің түрі, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінің қызметін ұйымдастыру

ерекшеліктері «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

Адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы және (немесе) қоршаған ортаға әсер етуі табиғат пайдалану болып табылады.

Табиғат пайдалану жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады.

## **2. Жерге меншік құқығы**

Қазақстан Республикасында жер мемлекеттік меншікте болады. Жер учаскелері ҚР Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Жерге меншік құқығының түрлеріне — Қазақстан Республикасында жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

Меншік құқығының субъектілеріне: 1) республика аумағындағы жерге мемлекеттік меншік құқығының субъектісі — Қазақстан Республикасы; ҚР Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жер учаскелеріне жеке меншік құқығының субъектісі — азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар. Бұл ретте, егер Жер кодексінде өзгеше белгіленбесе, азаматтар деп Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ұғынылады.

Меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар. Жердің меншік иесі ретіндегі мемлекеттің құқықтарын өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырады (Жер комитеттері).

### **Жер учаскесіне меншік құқығы:**

- 1) меншік құқығын табыстау;
- 2) меншік құқығын беру;
- 3) меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) ауысуы арқылы туындайды.

Меншік құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып, жүзеге асырылуға тиіс. (Мысалы: үй салу, егін егу).

**Жер учаскесіне меншік құқығы мына негіздерде туындайды:**

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде.

**Азаматтар мен заңды тұлғалардың жер учаскелеріне меншігі**

Жеке меншікте болмайтын жер учаскелерін қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде шаруа (фермер) қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) мен олардың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін.

Шаруа (фермер) қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскесінің меншік иесі болып табылатын азамат Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде меншік құқығы иеліктен алынуға қайта ресімделуге тиіс.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, орман өсіру үшін, үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) мен олардың кешендерін салу үшін берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін.

Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге және орман өсіруге арналған жерді қоспағанда, жер учаскелері шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды (мемлекеттік емес) тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін.

**Жеке меншік құқығын іске асыру**

Жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік органдардың қандай да бір рұқсатын алмай, жер учаскесін өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады.

Меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасасуға құқылы. Жер учаскесіне меншік құқығы басқа адамға мәміле жасалған кездегі барлық ауыртпалықтарымен беріледі.

Жер учаскесінің меншік иесі оның нысаналы мақсатын өзгертпей, жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарттың негізінде оны уақытша пайдалануға беруге құқылы. Жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарт жалдау шарты (жалға алушымен) немесе өтеусіз пайдалану туралы шарт (өтеусіз пайдаланушымен) нысанында жасалады.

**Жерге мемлекеттік меншік**

Мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген, қорғаныс қажеттеріне пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алып жатқан, сауықтыру және тарихи-мәдени мақсаттағы, орман және су қорларының, елді мекендер жеріндегі ортақ пайдаланудағы, босалқы жер, оның ішінде арнайы жер қорының жер учаскелері, кенттер мен ауылдық елді мекендердің маңындағы жайылымдық және шабындық алқаптар, сондай-ақ жеке меншікке берілмеген шалғайдағы жайылымдар мен басқа да жерлер мемлекеттік меншікте болады.

**Мынадай жер учаскелері:** қорғаныс және мемлекеттік қауіпсіздік, мемлекеттік меншіктегі қорғаныс өнеркәсібі қажеттеріне; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету үшін тұрғызылған инженерлік-техникалық құрылыстар, коммуникациялар орналасқан; кеден қажеттеріне арналған жер учаскелері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар; орман қорының жері; су қорының жері; магистральдық темір жол желілері мен ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары; жеке меншік құқығындағы үйлер мен ғимараттардың және оларға қызмет көрсетуге қажетті жер учаскелерін қоспағанда, елді мекендердегі ортақ пайдаланудағы аумақтар орналасқан жер учаскелері жеке меншікте бола алмайды.

**Азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың бөлек меншігіне:** тұрғын халықтың қажетіне арнап пайдаланылатын және соған арналған жайылымдық және шабындық алқаптар; ортақ пайдаланудағы жолдар, оның ішінде шаруашылықаралық және мекенаралық маңызы бар, сондай-ақ ортақ пайдаланудағы жер учаскелеріне өтуге арналған жолдар; жер учаскелерінің екі немесе одан көп меншік иелері немесе жер пайдаланушылар

бірлесіп пайдаланатын суландыру құрылыстары (суландыру каналдары, суағарлар, құдықтар, суат пункттері) орналасқан жер учаскелері берілмейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, магистральды темір жолдарды, ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарын және магистральды құбырларды кеңейте түсу үшін белгіленген тәртіппен резервке қойылған, сондай-ақ сәулет-қала құрылысының және (немесе) құрылыстың бекітілген құжаттамасына сәйкес әкімшілік және әлеуметтік маңызы бар объектілер (әуежайлар, әуеайлақтар, вокзалдар, станциялар, ортақ пайдаланудағы жолдар, мемлекеттік органдардың әкімшілік ғимараттары, ауруханалар, мектептер, мемлекеттік тұрғын үй қоры, парктер, бульварлар, гүлзарлар және қоғамдық пайдаланудағы басқа объектілер) құрылысына арналған жер учаскелері олардың жобалық игерілуіне дейін жер пайдаланушыларға басқа мақсаттар үшін уақытша пайдалану құқығымен берілуі мүмкін.

**Мемлекеттік меншіктегі жерден жер учаскелері:** 1) жеке меншікке сатылуы немесе өтеусіз берілуі; 2) тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін.

### 3. Жерді пайдалану құқығы

Жер пайдалану құқығы заттық құқық болып табылады. Жер пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтеулі немесе өтеусіз алынатын болуы мүмкін. Ешкімді де жер пайдалану құқығынан айыруға болмайды.

#### **Жер пайдаланушылар:**

- 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес;
- 2) ұлттық және шетелдік;
- 3) жеке және заңды тұлғалар;
- 4) тұрақты және уақытша;
- 5) бастапқы және кейінгі болып бөлінеді.

Жер пайдалану құқығы: 1) жер пайдалану құқығын табыстау; 2) жер пайдалану құқығын беру; 3) жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) арқылы туындайды.

Жер пайдалану құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Жер пайдалану құқығы: 1) мемлекеттік органдар актілерінің; 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде; 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

Жер пайдалану құқығын табыстау тұлғаға жер пайдалану құқығын тікелей мемлекеттің беретінін білдіреді. Азаматтарға және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығын табыстау облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жер учаскесіне құқық табыстау жөніндегі құзыретіне сәйкес оның шешімі негізінде жүргізіледі.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға уақытша жер пайдалану құқығын табыстаған кезде уақытша жер пайдалану құқығын табыстау туралы шешім негізінде жер пайдаланушылармен жер учаскесін жалға беру шарттары немесе уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттары жасалады.

Егер жер учаскесі жер қойнауын пайдалануға лицензия немесе келісім-шарт жасасуды талап ететін қызметті жүзеге асыруға немесе іс-қимыл жасауға арналса, осы учаскеге жер пайдалану құқығын табыстау жер қойнауын пайдалануға тиісті лицензия алынған немесе келісім-шарт жасалған соң жүргізіледі.

Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың болуы жер учаскесін кідіріссіз ресімдеу үшін негіз болып табылады.

Жер пайдалану құқығын беру тұлғаға жер пайдалану құқығын басқа жер пайдаланушының беретінін білдіреді. Жер пайдалану құқығын беру азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын иеліктен шығару азаматтық-құқықтық мәмілелер (сатып алу-сату, сыйға тарту, айырбастау және басқалар) негізінде жүргізіледі.

Жер пайдалану құқығын белгілі бір мерзімге басқа тұлғаға беру жалдау немесе жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану шартының негізінде жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын беру мен оны иеліктен шығаруды уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сатып алған тұлғалар ғана жүргізе алады.

Жер пайдалану құқығын иеліктен шығару және оны беру кезінде жер пайдаланушылардың жер учаскесінің нысаналы мақсатын өз бетінше өзгертуге құқығы жоқ.

Жер пайдаланушылардың: 1) ортақ пайдаланудағы; 2) қорғаныс қажеттеріне берілген; 3) орман қорының; 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы; 5) қызметтік жер телімінің; 6) уақытша өтеусіз және уақытша қысқа мерзімді өтеулі жер пайдалану құқығымен берілген жер учаскелерінің; 7) кепілге беруді қоспағанда, шаруа (фермер) қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану құқығымен берілген жер учаскелерінің; 8) су қорының жерінде жер пайдалану құқығын иеліктен шығаруды қоса алғанда, жер пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасасуына жол берілмейді.

### Негізгі түсініктер:

**Қолайлы қоршаған орта** — жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, биоәртүрлілікті сақтауды, ластануды болғызбауды, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта;

**Қоршаған орта** — атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ осылардың өзара әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы;

**Қоршаған ортаға келтірілетін залал** — табиғи ресурстардың жұтандауы мен сарқылуын немесе тірі организмдердің қырылуын туындатып немесе туындататындай етіп қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден артық алу;

**Қоршаған ортаны қорғау** — қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган** — қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру мәселелері бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары;

**Қоршаған ортаның авариялық ластануы** — жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы кезінде болған авариядан туындаған және зиянды заттарды атмосфераға шығару және (немесе) суға ағызу салдары немесе жер беті учаскесінде, жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ түріндегі ластағыш заттардың жайылуы немесе иістің, шудың, тербелістің, радиацияның пайда болуы немесе сол уақыттағы жол берілетін деңгейден асатын электромагниттік, температуралық әсер ету, жарықтың әсері немесе өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер ету арқылы қоршаған ортаны кенеттен абайсызда лаптауы;

**Қоршаған ортаны лаптау** — қоршаған ортаға лаптағыш заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға ықпалы;

**Табиғат пайдаланушы** — табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

**Табиғи объектілер** — шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер;

**Табиғи ресурстар** — тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі;

**Табиғи ресурстарды қорғау** — табиғи ресурстардың әрбір түрін олардың тұтыну қасиеттерін жоғалтуға әкеп соғатын тиімсіз пайдаланудан, құрып кетуден, жұтандаудан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

**Экологиялық жүйе (экожүйе)** — бірыңғай функционалдық тұтастық ретінде өзара әрекетте болатын организмдердің және солар мекендейтін жансыз ортаның өзара байланысты жиынтығы;

**Экологиялық қауіп** — антропогендік және табиғи әсерлер ықпалынан, соның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар салдарынан қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын, жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жай-күй;

**Экологиялық қауіпсіздік** — жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының

қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

**Экологиялық мониторинг** — қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсер етуді жүйелі түрде байқау мен бағалау;

**Биологиялық әртүрлілік** — бір түр аясында, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің әртүрлілігі;

**Биологиялық ресурстар** — генетикалық ресурстар, организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез келген басқа да биотикалық компоненттері;

**Генетикалық түрлендірілген организмдер** — өсімін молайтуға немесе тұқым қуалайтын генетикалық материалды беруге қабілетті, табиғи организмдерден ерекше, гендік инженерия әдістері қолданыла отырып алынған және құрамында гендік-инженерлік материал (гендер, олардың фрагменттері немесе гендер комбинациясы) бар организмдер;

**Генетикалық түрлендірілген өнімдер** — гендік инженерия әдістері пайдаланыла отырып алынған, құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе солардың компоненттері бар өсімдіктен және (немесе) жануарлардан алына-тын өнімдер;

**Ең озық қолжетімді технологиялар** — пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің деңгейін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері қамтамасыз етілетіндей деңгейге дейін азайтуға бағытталған, ұйымдастыру және басқару шараларын қамтамасыз ететін техника және жабдық;

**Инертті қалдықтар** — елеулі физикалық, химиялық немесе биологиялық өзгерістерге ұшырамайтын әрі қоршаған ортаға және адамның денсаулығына қолайсыз әсер етпейтін қалдықтар;

**Коммуналдық қалдықтар** — елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы және жиналу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары;

**Қалдықтарды өңдеу** — қалдықтардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту үшін олардың сипатын өзгертетін, олармен жұмыс істеуді жеңілдететін немесе оларды кәдеге жара-

туды жақсартатын сұрыптауды қоса алғанда, физикалық, жылу, химиялық немесе биологиялық процестер;

**Қауіпті қалдықтар** — құрамында қауіпті қасиеттері (уыттылығы, жарылыс қаупі, радиоактивтілігі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттар болатын, дербес немесе басқа заттармен байланысқа түскен кезде қоршаған ортаға және адам денсаулығына тікелей немесе ықтимал қауіп төндіретін қалдықтар;

**Жерді жалдау төлемақысы** — уақытша өтеулі жер пайдалану төлемақысы;

**Аффилирленген тұлға** — мемлекеттік емес заңды тұлғаға қатысты еншілес болып табылатын немесе тәуелді акционерлік қоғам деп танылатын ұйым;

**Төлемақының базалық ставкасы** — мемлекет жер учаскесіне жеке меншік құқығын берген кезде немесе уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сатқан кезде оның кадастрлық (бағалау) құнын айқындауға арналған жер учаскесінің нормативтік бағасы;

**Уақытша жер пайдаланушылар** — жер пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген тұлғалар;

**Кейінгі жер пайдаланушылар** — өзінің бастапқы жер пайдаланушы мәртебесін сақтап қалатын жер пайдаланушыдан кейінгі жер пайдалану туралы шарт негізінде уақытша жер пайдалану құқығын алған тұлғалар;

**Мемлекеттік жер пайдаланушылар** — мемлекеттік республикалық және коммуналдық заңды тұлғалар;

**Мемлекеттікзаттайгранттар**—Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына инвестициялық жобаны іске асыру үшін Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында белгіленген тәртіппен уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен беріле отырып, кейіннен меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз берілетін жер учаскелері;

**Жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге салу** — міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің кепіл шартына негізделген не Қазақстан Республикасы заң актілерінің негізіндегі әдісі, осыған орай кредитордың (кепіл ұстаушының) борышкер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда кепілге салынған жер учаскесінің немесе жер пайдалану құқығының құнынан осы жер учаскесі немесе жер пайдалану құқығы тиесілі тұлғаның (кепіл берушінің)

басқа кредиторлары алдында қайтарым алуға басым құқығы болады, бұған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген алып қою жағдайлары қосылмайды;

**Жер үлесі** — жер учаскесіне құқықтар мен міндеттерге басқа тұлғалармен бірге қатысудың Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда бөліп шығарылуы мүмкін сан жағынан айқындалған үлесі;

**Жер құқығы қатынастары** — жерге меншік құқығын және өзге де құқықтарды жүзеге асыра отырып, жер ресурстарын басқаруға, жекелеген субъектілерге жер учаскелерін бекітіп беруге байланысты жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар;

**Жер ресурстары** — қоғамның материалдық, мәдени және басқа да қажеттерін қанағаттандыру үшін шаруашылық және өзге де қызмет процесінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жер;

**Жер кадастры** — жер туралы мәліметтер жүйесі, мемлекеттік кадастрлардың құрамдас бөлігі;

**Жер учаскесі** — Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішінде бөлінген жер бөлігі;

**Жер** — Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі;

**Иммиграциялық жер қоры** — оралмандарға беру үшін резервке қалдырылған және арнайы жер қоры құрамына кіретін жер учаскелері;

**Шетелдік жер пайдаланушылар** — шет мемлекет азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шет мемлекет заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар (шетелдік заңды тұлғалар), шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар;

**Жер иелену құқығы** — жерді іс жүзінде иеленуді жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі;

**Жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар** — жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын көрсететін және жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның құқық белгілейтін құжаттардың негізінде жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға беретін құжаттары. Құқықты куәландыратын құжаттарға жер учаскесіне жеке меншік құқығы

актісі, тұрақты жер пайдалану құқығы актісі және уақытша (өтеулі, өтеусіз) жер пайдалану құқығы актісі жатады;

**Жергілікті атқарушы органдардың шешімдері** — облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер өкімдерінің жер учаскесіне құқық беру туралы құқықтық актілері;

**Сервитут** — бөтен жер учаскелерін шектеулі мақсатты пайдалану, оның ішінде жаяу өту, көлікпен өту, қажетті коммуникацияларды тарту мен пайдалану, аң аулау шаруашылығы және өзге де қажеттер үшін пайдалану құқығы;

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Баянов. Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы, 2002 ж.
2. Ашитов З. О., Ашитов Б.З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері.— Алматы: Жеті Жарғы, 2003.
3. Баққұлов С. Д. Құқық негіздері.— Алматы, 2004.
4. Оспанов Қ. И. Құқық негіздері: Оқу құралы.— Алматы: Жеті жарғы, 2006.
5. Стамқұлұлы Ә. ҚР Экологиялық құқық: / Оқулық.— Алматы: Жеті жарғы, 1995.

#### Нормативтік-құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтырулар).— Алматы, 2007.
2. ҚР Экологиялық кодексі, 9 қаңтар 2007 жыл.
3. ҚР Жер кодексі. 20 маусым 2003 жыл.

## 11. Тақырып. Қазақстан Республикасының іс жүргізу құқығының негіздері

1. *Іс жүргізу құқығына жалпы сипаттама.*
2. *Азаматтық іс жүргізу құқығының субъектілері.*
3. *Қылмыстық іс жүргізу құқығының субъектілері.*

### 1. Іс жүргізу құқығына жалпы сипаттама

Заң ғылымдарында құқық нормаларын *материалды және іс жүргізу* деп екіге бөлу қалыптасқан. *Материалды құқық нормалары* материалды-құқықтық нормаларды құқық бұзушылықтан қорғаудың тәртібін қалыптастыратын құқықтық қатынастардың мазмұны мен іс жүргізу нормаларын реттейді.

*Іс жүргізу нормалары* қылмыс және басқа да құқық бұзушылық жасалған, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы түсіністікке келе алмай сотқа жүгінетін сияқты қатынастардың барысында туындайтын, арнайы құзыретті органдар іске асыратын *құқық қолдану* түрінде көрінетін құқық қорғау үрдісін реттейді. *Барлық іс жүргізу нормалары* құрамына *қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу* және екі материалды: *конституциялық және әкімшілік іс жүргізу* нормалары кіреді.

Мемлекеттің міндеті мен қызметі қоғам өмірінің көптеген салаларын қамтиды. Солардың арасында аса маңызды міндеттердің қатарына жататын іс құқықтық тәртіп пен заңдылықты, адамдардың құқығын, бостандығын, мемлекеттік және мемлекеттік емес бірлестіктердің, еңбек ұжымдарының мүдделерін қорғау, қылмыспен күресу. Бұның барлығы іс жүргізу құқығы саласына жатады. Сондықтан, іс жүргізу құқығында құқық қолдану іс-әрекеті *құқық қорғау органдарының* көмегімен іске асырылады.

### 2. Азаматтық іс жүргізу құқығының субъектілері

Соттың бірінші сатысындағы азаматтық істерді соттың атынан әрекет ететін судья жеке-дара қарайды. Істерді апелляциялық сотта немесе қадағалау сатысындағы соттарда қарауды соттың алқалы құрамы жүзеге асырады. Іс алқалы түрде қаралған кезде

соттың құрамына саны так (кем дегенде үш) судья кіруге тиіс, олардың біреуі төрағалық етуші болып табылады.

Істерді соттың алқалы құрамы қараған және шешкен кезде барлық судьялар тең құқықтарды пайдаланады. Істі алқалы түрде қараған және шешкен кезде туындаған барлық мәселелерді судьялар көпшілік дауыспен шешеді. Әрбір мәселені шешкен кезде судьялардың ешқайсысы дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес.

Төрағалық етуші ұсыныстарды енгізеді, өз пікірін айтады және соңынан дауыс береді. Көпшілік шешімімен келіспеген судья осы шешімге қол қоюға міндетті және ерекше пікірін жазбаша түрде баяндай алады, ол төрағалық етушіге тапсырылады және мөр басылған конверттегі іске қоса тіркеледі. Ерекше пікірмен апелляциялық және қадағалау сатыларындағы сот осы істі тиісті сатыда қарау кезінде танысуға құқылы. Судьяның ерекше пікірінің бар екендігі туралы іске қатысушы адамдарға хабарланбайды және ерекше пікір соттың отырыс залында жарияланбайды.

**Іске қатысушы тұлғалардың құрамы.** Тараптар: дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар, дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар, прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен мүдделі адамдар іске қатысушы тұлғалар болып танылады.

Азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттеріне ие болу қабілеттілігі (азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттілігі) материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін бірдей дәрежеде танылады.

Сотта құқықтарын өз іс-әрекеттерімен жүзеге асыру және міндеттерін орындау, іс жүргізуді өкілге тапсыру қабілеттілігі (азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі) он сегіз жасқа толған азаматтарда және ұйымдарға толық көлемде болады.

Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қорғайды, алайда сот мұндай істерге кәмелетке толмағандардың немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың өздерін тартуға міндетті.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері қорғайды.

**Іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері.** Іске қатысушы тұлғалардың іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтінім жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысушы басқа тұлғалардың өтінімдері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға; азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда берілген басқа да іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқығы бар. Олар өздеріне берілген барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануға тиіс.

Іске қатысушы адамдар, орындалмауы азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда көзделген салдарларды туғызатын жағдайда, өздерінің іс жүргізу міндеттерін атқарады.

Талап қоюшы мен жауапкер азаматтық процесте тараптар болып табылады. Өз мүдделерін немесе талап қойылған мүдделерді көздеп талап қоюшы азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшылар болып табылады. Өздеріне қуыным талабы қойылған азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкерлер болып табылады.

**Прокурордың сот ісін жүргізуге қатысуы.** Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәлме-дәл және бір үлгіде қолданылуына жоғары қадағалау жүргізу ісін мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тікелей өзі және өзіне бағынатын прокурорлар арқылы жүзеге асырады.

Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы мұның өзі заңмен көзделген немесе осы іске прокурордың қатысуы қажеттілігін сот таныған жағдайларда міндетті. Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді

қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатысуға құқылы.

Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау туралы, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, тек мүдделі адамның өтінішімен ғана прокурор талап қоя алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне қарамастан талап қоя алады.

Заңмен көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін бірінші сатыдағы сот шешім шығарғанға дейін өз бастамашылығы бойынша, іске қатысушы тұлғалардың бастамашылығы бойынша, сондай-ақ соттың бастамашылығы бойынша процеске қатыса алады.

### 3. Қылмыстық іс жүргізу құқығының субъектілері

**Сот** — сот билігі органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқалық немесе жеке қарайтын кез келген заңды түрде құрылған сот. **Бірінші сатыдағы сот** — қылмыстық істі мәні бойынша қарайтын сот.

**Судья** — сот билігінің иесі; осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья (соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы, соттың мүшесі немесе тиісті соттың басқа да судьясы). **Төрағалық етуші** — қылмыстық істі алқалық немесе жеке қарау кезінде төрағалық ететін судья. Сот отырысына төрағалық етушінің өкімдері процеске қатысушылардың барлығы және сот залындағы өзге де адамдар үшін міндетті.

**Прокурор** — өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға: Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры, Бас әскери прокурор, облыстардың прокурорлары және соларға теңестірілген прокурорлар, аудандық, қалалық прокурорлар, әскери прокурорлар, көлік прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары мен көмекшілері, прокуратуралардың қадағалау саласы жөніндегі прокурорлары, аға прокурорлары және прокуратура басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

**Тергеу бөлімінің бастығы** — алдын ала тергеуді жүзеге асыратын органның тергеу бөлімшесінің бастығы мен өз құзыреті шегінде іс-әрекет жасайтын оның орынбасарлары.

Тергеу бөлімінің бастығы тергеу ісін жүргізуді тергеушіге тапсырады, тергеушілердің жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша олардың дер кезінде іс-әрекет жасауына, тергеушілердің алдын ала тергеу және күзетпен ұстау мерзімдерін сақтауына, прокурор нұсқауларының, істер бойынша нұсқаулар береді; алдын ала тергеу жүргізуді бірнеше тергеушіге тапсырады; заңда көзделген жағдайларда тергеушіні іс бойынша іс жүргізуден шеттетеді; өз құзыреті шегінде өзіне бағынысты алдын ала тергеуді жүзеге асырушы органның бір тергеу бөлімшесінен қылмыстық істі алады және алдын ала тергеуді жүзеге асырушы сол не өзге де өзіне бағынысты органның басқа тергеу бөлімшесіне береді; аяқталған қылмыстық істерді прокурорға жолдайды. Тергеу бөлімінің бастығы қылмыстық іс қозғауға, қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне алуға және бұл орайда тергеушінің өкілеттігін пайдалана отырып, жеке-дара алдын ала тергеу жүргізуге құқылы.

**Тергеуші** — өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі.

Тергеуші істің жағдайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолдануға, оның қылмыс жасағандығын көрсететін жеткілікті дәлелдер жиналған адамдарға қатысты айыпталушы ретінде тарту, айып тағу, айыптау қорытындысын жасау жолымен қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыруға міндетті.

Қылмыстың сипатына қарай анықтау органдарына:

1) заңмен белгіленген құзыретіне сәйкес қылмыстың белгілері мен оларды жасаған адамдарды табу, қылмыстардың алдын алу және жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру шараларын қолдану.

**Мыналар анықтау органдары болып табылады:**

1) ішкі істер органдары; 2) ұлттық қауіпсіздік органдары; 3) қылмыстық жазаларды орындау және қамауда ұстау тәртібімен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша — әділет органдары; 4) қаржы полициясы органдары; 5) контрабанда және кеден төлемдерін төлеуден жалтару туралы істер бойынша — кеден органдары; 6) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында шақыру немесе келісім-шарт бойынша әскери қызметін атқарып жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындарды өткеру кезінде запастағы азаматтар; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкерлері олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің орналасқан жерінде жасаған барлық қылмыстары туралы істер бойынша — әскери полиция органдары.

**Анықтаушы** — өз құзыретінің шегінде қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік лауазымды адам.

Анықтаушы, алдын ала тергеу жүргізілуі міндетті қылмыстық істер бойынша кідіртуге болмайтын жағдайларда анықтау органы бастығының тапсырмасы бойынша қылмыстық іс қозғауға, сондай-ақ шұғыл тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын жүргізуге, ол туралы жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурор мен алдын ала тергеу органын хабардар етуге міндетті.

**Сезікті.** Тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты Қылмыстық іс жүргізу кодексте белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам **сезікті** болып танылады.

Сезікті ұсталған немесе оған айып тағылғанға дейін бұлтартпау шаралары қолданылған жағдайда ұсталған немесе бұлтартпау шаралары қолданылған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия жолығу құқығы

қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуы тиіс. Ұсталған сезікті телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу өзінің тұрған жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы хабарлауға құқылы.

**Айыпталушы.** Өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалған адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам **айыпталушы** болып танылады.

Іс бойынша басты соттың талқылауы тағайындалған айыпталушы, сотталушы, өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы, сотталған адам, өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы, ақталушы деп аталады.

Айыпталушы: заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыты мен мүмкіндігі болуға; өзінің не үшін айыпталғандығын білуге және өзін айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесін алуға; қылмыстық ізге түсу органынан өзіне тиесілі құқықтар туралы дереу түсіндірме алуға; қылмыстық процесті жүргізуші органнан өзінің құқықтарын және мүдделерін қозғайтын іс жүргізу шешімдерін қабылдау туралы хабардар етілуге, бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға; өзіне тағылған айып бойынша түсініктеме мен айғақ беруге; айғақ беруден бас тартуға; дәлел ұсынуға; өтініш пен қарсылық мәлімдеуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге және түсінісуге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; қорғаушысы болуға;

**Қорғаушы** — заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

Қорғаушы ретінде адвокат қатысады. Күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды адвокатпен қатар күдіктінің, айыпталушының, сотталушының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері, кәсіподақтардың және осы бірлестіктер мүшелерінің істері бойынша басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдері жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Бір адам, егер сезіктінің, айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды. Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқы жоқ.

**Жәбірленуші.** Қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық, дене және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға ол жөнінде негіз бар адам **жәбірленуші** болып танылады.

Жәбірленушіге қылмыспен келтірілген мүліктік зиянды, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген ережелер бойынша өкілге арналған шығындарды қоса есептегендегі оның алдын ала тергеу мен сотқа қатысуына байланысты келтірілген шығындарды өтеу қамтамасыз етіледі.

**Куә.** Айғақ беру үшін куә ретінде іс үшін маңызы бар қандай да болсын мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін.

Куәнің: қылмыстық жазаланатын әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзі, жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары үшін ізіне түсуге әкеп соқтыратын айғақ беруден бас тартуға; өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; одан жауап алуға қатысушы аудармашыға ескерту жасауға; жауап алу хаттамасына айғақтаманы өз қолымен жазуға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың іс-әрекетіне шағым жасауға, өз құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты өтінішін мәлімдеуге құқығы бар. Куәнің, егер адвокат қандай да бір басқа сапада іске қатыспаса, өзінің адвокатының қатысуымен айғақ беруге құқығы бар. Адвокаттың келмеуі тергеуші белгілеген уақытта айғақ алуды жүргізуге кедергі келтірмейді.

Куә: анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келуге; іс бойынша барлық өзіне белгілі жайларды шын хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; егер оған анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметті жарияламауға; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы кезінде белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Қасақана жалған жауап бергені үшін және жауап беруден бас тартқаны үшін куә Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық жауапқа тартылады. Айғақтар беруден бас тарту немесе қылмыстық процесті жүргізуші

органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмеу өкімшілік жауапқа тартуға әкеп соғады.

**Сарапшы.** Іске мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімі бар адам — сарапшы ретінде шақырылуы мүмкін.

Сарапшының: қылмыстық істің сараптама жүргізуге қатысты материалдарымен танысуға; өзіне қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды беру туралы өтініш білдіруге; қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен тергеу әрекеттерін жүргізуге және басқа да іс-жүргізу әрекеттеріне қатысуға және оған қатысушыларға сараптама жүргізуге қатысты сұрақтар қоюға; өзі қатысқан тергеу немесе өзге де іс жүргізу әрекеттерінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеті мен жауаптарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты хаттамаға енгізуге жататын ескертулер жасауға; сараптаманы тағайындаған органның (адамның) келісімі бойынша өз құзыреті шегінде тек алдына қойылған мәселелер бойынша ғана емес, сонымен бірге іс үшін маңызы бар және өз бастамашылығымен анықталған өзге мән-жайлар бойынша да қорытынды беруге; өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақ беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; аудармашыдан бас тартуға; қылмыстық процесті жүргізуші органның сараптама жүргізу кезінде өз құқығына нұқсан келтірген әрекетіне шағым жасауға; өзінің арнаулы білімінен тыс мәселелер бойынша, сондай-ақ, егер өзіне берілген материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға; сараптама жүргізу кезінде келтірілген шығындарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу оның қызметтік міндеттерінің шеңберіне кірмесе орындалған жұмыс үшін сыйақы алуға құқығы бар.

**Маман.** Тергеуге және сот әрекеттеріне маман ретінде қатысу үшін іске мүдделі емес, дәлелдерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар адам шақырылуы мүмкін. Кәсіпкерлікке толмағандар қатысатын тергеуге және өзге де іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы педагог те, сондай-ақ оны сарапшы етіп тағайындаған жағдайларды қоспағанда, тергеу және өзге де іс жүргізу процестеріне қатысушы дәрігер де мамандар болып табылады.

**Аудармашы.** Аударма жасау үшін қажет тілді меңгерген және сезікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қорғаушылары

не жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар және өзге де процеске қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сонымен бірге жазбаша құжаттарды аудару үшін тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысуға тартылған іске мүдделі емес адам аудармашы ретінде шақырылады.

**Сот отырысының хатшысы.** Сот отырысының хаттамасын жүргізетін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші сот отырысының хатшысы болып табылады.

**Сот приставы.** Соттар қызметінің және сот шешімдерін орындаудың белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындаушы лауазымды адам сот приставы болып табылады.

#### ✓ Әдебиеттер:

1. Баянов. Е. Мемлекет және құқық негіздері.— Алматы 2002 ж.
2. ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексі.— Алматы: Юрист, 2001.
3. ҚР Қылмыстық іс жүргізу Кодексі.— Алматы: Юрист, 2001.
4. Төлеубекова Б. Қ. ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық.— Алматы: «Жеті жарғы», 2000.

## ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

### 1. Қазақстан Республикасының басқару нысаны.

- А) президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.
- Б) президенттік басқару нысанындағы федеративті мемлекет.
- В) парламенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.
- Г) монархиялық басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.
- Д) монархиялық басқару нысанындағы федеративті мемлекет.

### 2. Мемлекеттің пайда болуының күштеу теориясының негізін қалаушылар.

- А) Покровский, Фильмер.
- Б) Эпикур, Спиноза, Руссо.
- В) Гумпилович, Каутский, Дюринг.
- Г) Энгельс, Маркс.
- Д) Петражицкий, Гуго.

### 3. Мемлекеттің пайда болуының теологиялық теориясы былай деп түсіндіреді:

- А) мемлекет бір тайпаның екінші тайпаны басып алуы нәтижесінде құрылды.
- Б) мемлекет әлеуметтік эволюцияның жемісі, биологиялық организммен тепе-тең.
- В) мемлекет табиғи жолмен пайда болды.
- Г) мемлекет тап күресі нәтижесінде пайда болды.
- Д) мемлекет бұл Құдай еркінің жемісі.

### 4. Тұлғаның белгілі бір мемлекетпен саяси-құқықтық байланысы қалай аталады?

- А) мәртебе.
- Б) құзырет.
- В) кепілдік.
- Г) азаматтық.
- Д) заңдастыру.

### 5. Мемлекет егемендігі дегеніміз...

- А) мемлекеттік биліктің ішкі және сыртқы саясатты өз еркімен жүзеге асырудағы дербестігі мен тәуелсіздігі.
- Б) қоғамда билік жүргізуге өкілеттік алған қабілетті бұқаралық саяси ұйымның бар болуы;

- В) аумағы мен халқының болуы.
- Г) ел таңбасы, ән ұранының және туының болуы.
- Д) салық және салық жүйесінің болуы.

### 6. Абсолюттік монархияның белгісін көрсетіңіз?

- А) билік монарх пен парламенттің қолында болады.
- Б) биліктің бірден-бір иесі монарх болып табылады.
- В) мемлекеттегі жоғарғы билік тек парламентке ғана тиесілі болады.
- Г) монарх мемлекеттегі тек қана діни билігін жүргізеді.
- Д) халық елді басқару ісіне араласады.

### 7. Конституциялық монархияның белгісін көрсетіңіз?

- А) биліктің бірден-бір иесі монарх болып табылады.
- Б) монархтың билігі парламент және конституциямен шектелді.
- В) мемлекеттегі жоғарғы билік тек монархқа ғана тиесілі болады.
- Г) президент мемлекеттегі барлық билікті жүргізеді.
- Д) халық елді басқару ісіне араласады.

### 8. Төменде аталған ойшылдардың қайсысы мемлекет және құқықтың пайда болуына қатысты келісім теориясын ұстанды?

- А) Конфуций.
- Б) Аврелий Августин.
- В) Аквинский.
- Г) Гроций.
- Д) В. Фогель.

### 9. Мемлекеттік биліктің ел ішіндегі басымдылығы және елден тыс аумақтағы тәуелсіздігі деген белгі-нышан қалай аталады?

- А) құқық субъектілігі.
- Б) мемлекет егемендігі.
- В) құқық қабілеттілігі.
- Г) әрекет қабілеттілігі.
- Д) құқық шығармашылық ісі.

### 10. Мемлекеттің негізгі белгілері қандай?

- А) астана, үрдістер, дін.

- Б) өнеге, ізгілік.
- В) егемендік, территориясы, салық жүйесі.
- Г) жалау (ту), елтаңба, әнұран.
- Д) саяси партиялар, банк, қоғамдық ұйымдар.

**11. Құқықтық мемлекеттің басты мақсаты қалай көрсетіледі:**

- А) мемлекеттің сыртқы саясаттағы ісін тәуелсіз деп бекіту.
- Б) ел экономикасын көтеру.
- В) адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, барлық жеке тұлғалардың бостандықтары мен тендігін тану мен оған кепілдік беру.
- Г) шекараны қорғау.
- Д) зейнет ақы мен жәрдем ақыны дер кезінде беру.

**12. ҚР мемлекеттік рәміздері қатарына не жатады?**

- А) ҚР Конституциясы.
- Б) ҚР территориясы.
- В) ҚР картасы.
- Г) ҚР қолданатын мөрлері.
- Д) ҚР мемлекеттік Елтаңбасы, Туы, Әнұраны.

**13. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын кім қабылдады?**

- А) Парламент.
- Б) Үкімет.
- В) Конституциялық Кеңес.
- Г) Президент.
- Д) республикалық референдум жолымен.

**14. ҚР-сы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:**

- А) Республикалық референдумда және Парламентпен.
- Б) Үкіметпен.
- В) Жоғарғы Сотпен.
- Г) Конституциялық Кеңеспен.
- Д) Сенатпен.

**15. ҚР-сы Конституциясында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтайтын бөлім?**

- А) адам және қоғам.

- Б) адам және азамат.
- В) жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі.
- Г) жалпы ережелер.
- Д) адам және жеке тұлға.

**16. ҚР-ның 1995 жылғы Конституциясы қашаннан бастап заңды күшіне енді?**

- А) 1995 жылғы 30 тамыздан бастап.
- Б) 1995 жылғы 1 қыркүйектен бастап.
- В) 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап.
- Г) 1995 жылғы 5 қыркүйектен бастап.
- Д) 1998 жылғы 7 қазаннан бастап.

**17. ҚР Конституциясының құрылымында қандай бөлім жоқ?**

- А) Адам және азамат.
- Б) Үкімет.
- В) Конституциялық Кеңес.
- Г) Соттар және сот төрелігі.
- Д) Конституциялық Сот.

**18. ҚР-ның мемлекеттік рәміздеріне мыналар жатады:**

- А) Әнұран, Ту, Елтаңба.
- Б) Президенттің омырау белгісі.
- В) «Алтын Қыран» ордені.
- Г) Республика астанасы.
- Д) Президенттің резиденциясы.

**19. ҚР-ның жер қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, тағы басқа табиғи байлықтары кімнің меншігіне жатады:**

- А) азаматтардың меншігіне.
- Б) табиғатты қорғайтын ұйымдардың меншігіне.
- В) сол аумақта тұратын халықтың меншігіне.
- Г) мемлекеттік меншікке.
- Д) аталған құқықты мемлекеттен алғандардың меншігіне.

**20. Мемлекеттегі биліктің бөлінуі нені білдіреді:**

- А) мемлекеттегі билік тармақтарының бір-біріне бағынуы.
- Б) биліктің тармақтары бір-бірінен тәуелсіз және бір-біріне бағынбайды, өздерінің жеке қызметтерін ғана атқарады.

В) билік тармақтары Конституциялық Кеңеске ғана бағынады.

Г) билік тармақтары ҚР Президентіне бағынады.

Д) биліктің тармақтары халыққа бағынады.

**21. Құқықтық мемлекеттің басты мақсаты қалай көрсетіледі:**

А) мемлекеттің сыртқы саясаттағы ісін тәуелсіз деп бекіту.

Б) ел экономикасын көтеру.

В) адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, барлық жеке тұлғалардың бостандықтары мен тендігін тану мен оған кепілдік беру.

Г) шекараны қорғау.

Д) зейнет ақы мен жәрдем ақыны дер кезінде беру.

**22. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің қайнар-көзі:**

А) Халық.

Б) ҚР Президенті.

В) ҚР Парламенті.

Г) ҚР Үкіметі.

Д) ҚР Конституциялық Кеңесі.

**23. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет болып саналады?**

А) федеративтік республика.

Б) конфедерация мүшесі .

В) монархиялық.

Г) президенттік республика.

Д) азаматтық қауымдастық.

**24. ҚР Конституциясы (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтырулар) бойынша ҚР Президенті қанша жылға сайланады?**

А) ҚР Конституциясы.

Б) ҚР территориясы.

В) ҚР картасы.

Г) ҚР қолданатын мөрлері.

Д) ҚР мемлекеттік Елтаңбасы, Туы, Әнұраны.

**25. Атқарушы органның бір тұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын тиісті аумақтық дамыту мүдделерін және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді...**

А) мәслихат.

Б) депутат.

В) үкімет.

Г) департамент.

Д) аудандық әкімат.

**26. Әкімшілік құқықтың қайнар көздері деп...**

А) бұл әкімшілік құқықтық нормалар көрінісінің сыртқы нақты нысандары.

Б) өзара байланысты әкімшілік құқықтық институттар мен нормалардың жиынтығы.

В) басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Г) өзінің құқықтық реттейтін әдісі.

Д) арнайы субъектілердің жүйесі.

**27. Нақты заңдық басқару бойынша шешім, ол келешекте пайда болатын барлық ұқсас істер үшін міндетті болады...**

А) әкімшілік прецедент.

Б) нормативтік құқықтық акт.

В) әкімшілік шарт.

Г) әдет-ғұрып.

Д) әкімшілік құқықтық доктрина.

**28. Әкімшілік құқық дегеніміз...**

А) мемлекеттік басқару аясында пайда болатын қоғамдық қатнастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Б) жолдардың тәсілдердің жиынтығы, солар арқылы басқару қатынастары реттеледі.

В) атқарушы билік субъектілері мен қоғамдық бірлестіктер арасындағы қатынастар.

Г) басқару қатынастарының сапалық жағынан біркелкі тобын реттейтін біршама бөлектенген әкімшілік құқықтық нормалардың жиынтығы.

Д) құқықтық құралдардың жиынтығы.

**29. Әкімшіліктің құқықтың жүйесі қандай бөлімнен тұрады?**

- А) жалпы және ерекше.
- Б) арнайы және күзіретті.
- В) мазмұны және сапасы.
- Г) салалық және салааралық.
- Д) жауаптардың бәрі дұрыс.

**30. Әкімшілік құқықтық қатынастардың элементтері:**

- А) субъектілер.
- Б) объектілер.
- В) заңды айғақтар.
- Г) мазмұны.
- Д) жауаптың бәрі дұрыс.

**31. Әкімшілік құқықтық қатынастар:**

- А) әкімшілік құқық нормалары.
- Б) белгілі бір нысаны бар.
- В) әкімшілік құқық нормаларының негізінде пайда болған басқару қатынастары, олардың қатысушыларының субъективтік құқықтары мен заңдық міндеттері.
- Г) заңдық міндеттерді иеленуші болып табылады.
- Д) жауаптың бәрі дұрыс.

**32. Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның залалының алдын ала білсе оған саналы түрде жол берсе әкімшілік құқық бұзушылық... жасалған деп танылады:**

- А) қасақана.
- Б) абайсызда.
- В) немқұрайымдылық.
- Г) қаскүнемдікпен.
- Д) салақтық, менмендік.

**33. Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке адам өзінің іс әрекетінің (әрекетсіздігінің) зиянды салаларын алдын ала білсе, бірақ жеңілдікпен ойлаған болса ондай зардаптың болуын болжамаған болса әкімшілік құқық бұзушылық... жасалған деп танылады:**

- А) қаскүнемдікпен.

- Б) қасақана.
- В) менмендік.
- Г) немқұрайымдылық.
- Д) абайсызда.

**34. Құқық бұзушының әрекетінде белгілі бір заңдық элементтер болған жағдайда ғана...жатады:**

- А) әкімшілік жауаптылыққа.
- Б) қылмыстық жауаптылыққа.
- В) тәртіптік жауаптылыққа.
- Г) азаматтық жауаптылыққа.
- Д) жауаптың бәрі дұрыс.

**35. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға заңмен белгіленген тәртіппен қолданылатын жауаптылықтың шарасы:**

- А) алдын алу шаралары.
- Б) мәжбүрлеу шарасы.
- В) әкімшілік жаза.
- Г) жауаптылық.
- Д) тәртіптік шара.

**36. Жергілікті өкілді органдар кім болып табылады?**

- А) мәслихаттар.
- Б) акіматтар.
- В) жергілікті соттар.
- Г) жергілікті прокуратура.
- Д) ішкі істер органдары.

**37. Жергілікті атқарушы органдар қандай жүйеге кіреді?**

- А) атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне.
- Б) өкілді органдарының бірыңғай жүйесіне.
- В) прокуратура органдарының бірыңғай жүйесіне.
- Г) ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне.
- Д) аталғандардың барлығы.

**38. Әкімдер өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қандай нормативтік құқықтық актілер қабылдайды?**

- А) шешімдер мен өкімдер.
- Б) заңдар.

- В) нормативті қаулылар.
- Г) конституциялық заңдар.
- Д) аталғандардың барлығы.

**39. ҚР-ның 20 жасқа толған азаматы депутаты болып сайлана алады:**

- А) сенаттың.
- Б) Парламенттің.
- В) мәслихаттың.
- Г) аумақтық парламенттің.
- Д) аудандық сенаттың.

**40. Әкімшілік жаза дегеніміз не?**

- А) қылмыс жасаған үшін қолданатын қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.
- Б) қылмыстық жауаптылық.
- В) Қылмыстық кодексті бұзған адамға қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.
- Г) заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.
- Д) дұрыс жауабы жоқ.

**41. Мемлекеттік қызмет дегеніміз?**

- А) қызметшілердің жеке мекемелердегі міндеттер мен функциялды іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.
- Б) мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.
- В) мемлекеттік қызметшілердің жоғары оқу орындарындағы педагогикалық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.
- Г) мемлекеттік қызметшілердің акционерлік қоғамдағы іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.
- Д) аталғандардың барлығы.

**42. Аталғандардың қайсысы мемлекеттік қызметшіге жаппайды?**

- А) тергеуші.

- Б) әкім.
- В) прокурор.
- Г) дәрігер.
- Д) жауаптың барлығы дұрыс.

**43. «Администрация» сөзі латын тілінен аударғанда нені білдіреді?**

- А) соттау.
- Б) басқару.
- В) құқық бұзу.
- Г) жазалау.
- Д) құқық.

**44. Төмендегілердің ішінен мемлекеттік қызметшіні көрсетіңіз?**

- А) мұғалім.
- Б) дәрігер.
- В) прокурор.
- Г) жатақхана коменданты.
- Д) жауаптың барлығы дұрыс.

**45. Төмендегілердің қайсысы құқық қорғау органдарына жатады?**

- А) Прокуратура, ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары.
- Б) Парламент, Сенат, Мәжіліс.
- В) Үкімет, ішкі Істер министрлігі, Білім және ғылым министрлігі.
- Г) Президент, Сыртқы істер министрлігі, Білім және ғылым министрлігі.
- Д) аталғандардың барлығы.

**46. Ішкі істер органдарының негізгі міндеттеріне...**

- А) заңға қайшы озбырлықтан адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау.
- Б) қоғамдық тәртіпті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
- В) қылмыстардың және құқықты бұзушылықтың басқа да түрлерінің алдын алу.
- Г) ұрланған мүлікті іздестіру.
- Д) аталғандардың барлығы.

**47. Көрсетілгендердің қайсысы ішкі істер органдарының негізгі міндеттеріне кірмейді?**

А) заңға қайшы озбырлықтан адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау.

Б) қоғамдық тәртіпті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

В) қылмыстардың және құқықты бұзушылықтың басқа да түрлерінің алдын алу.

Г) анықтау мен тергеу жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Д) ұрланған мүлікті іздестіру.

**48. Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттеріне не жатады?**

А) шетел мемлекеттері арнайы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлау және өзге де қызметін анықтау, алдын алу және тыю.

Б) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды.

В) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді.

Г) сот төрелігін жүзеге асырады.

Д) мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, ҚР Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

**49. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз ететін орган.**

А) Парламент.

Б) Конституциялық Кеңес.

В) Ішкі істер министрлігі.

Г) Ұлттық қауіпсіздік комитеті.

Д) Мемлекеттік шекара министрлігі.

**50. Республиканың Бас Прокурорын қызметке кім тағайындайды?**

А) ҚР Президенті Сенат келісімімен.

Б) ҚР Премьер-министрі Парламенттің келісімімен.

В) ҚР Парламенті.

Г) Қаржы министрі.

Д) ҚР халқы сайлайды.

**51. Қазақстан Республикасында сот төрелігін кім жүзеге асырады?**

А) Соттар.

Б) Конституциялық Сот.

В) Парламент.

Г) Үкімет.

Д) Прокуратура.

**52. Сот билігі кімнің атынан жүзеге асырылады?**

А) Қазақстан Республикасының атынан.

Б) ҚР Президентінің атынан.

В) ҚР халқының атынан.

Г) ҚР Парламентінің атынан.

Д) жауаптың барлығы дұрыс.

**53. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде кімге бағынады?**

А) тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

Б) халыққа тәуелді және заңға ғана бағынады.

В) тәуелсіз және Прокуратураға ғана бағынады.

Г) ішкі істер органдарына тәуелді.

Д) сыртқы істер органдарына тәуелді.

**54. Конституцияға сәйкес Заңды қолданған кезде судья қандай принциптерді басшылыққа алуға тиіс?**

А) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.

Б) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды.

В) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды.

Г) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы.

Д) жауаптың барлығы дұрыс.

**55. Қанша жастан бастап және кімдер судья бола алады?**

А) жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтар.

Б) отыз бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар азаматтар.

В) жиырма бес жасқа толған, жоғары экономика білімі, мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар азаматтар.

Г) ҚР Парламент депутаттары.

Д) аталғандардың барлығы.

**56. Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету қандай қаражат есебінен жүргізіледі?**

А) республикалық бюджет қаражаты есебінен.

Б) ҚР Парламенті депутаттары қаражатынан.

В) ҚР Президенті қаражатынан.

Г) ҚР халқы үй салып береді.

Д) аталғандардың барлығы.

**57. Кім мемлекет атынан заңдардың дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады?**

А) Прокуратура.

Б) Конституциялық Сот.

В) Парламент.

Г) Үкімет.

Д) Соттар.

**58. ҚР Бас Прокурорының өкілеттік мерзімі.**

А) 5 жыл.

Б) 6 жыл.

В) 3 жыл.

Г) 1 жыл.

Д) шексіз.

**59. Қылмыстық істер бойынша анықтама жүргізу мен алдын ала тергеуді кім жүзеге асырады?**

А) ішкі істер органдары.

Б) сыртқы істер органдары.

В) соттар.

Г) адвокаттар.

Д) ҚР Президенті.

**60. Азаматтық құқықтың пәні нені құрайды?**

А) тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастарды.

Б) мемлекет пен азаматтардың арасындағы қатынастарды.

В) азаматтың қоғамға қарсы қауіпті іс-әрекетін.

Г) мемлекеттік органдар арасындағы қатынастарды.

Д) мемлекетаралық қатынастарды.

**61. Мүліктік қатынас дегеніміз?**

А) мүліктерді сатып алу, иелену, басқа адамдарға беру мен пайдалану жөніндегі қатынас.

Б) мемлекет пен азаматтардың арасындағы саяси қатынас.

В) мемлекеттік органдар арасындағы қатынас.

Г) мүлікті ұрлау, тартып алу, алдап алу жөніндегі қатынас.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**62. Мүліктік емес жеке қатынастардың түрлері?**

А) мүліктік қатынастарға тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастар және мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар.

Б) тек қана мүліктік қатынастарға тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастар.

В) тек қана мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар.

Г) мүлікті және мүлікті емес қатынастар.

Д) аталғандардың барлығы дұрыс.

**63. Төмендегілердің қайсысы мүліктік қатынастарға тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастарға жатпайды?**

А) азаматтың есімі, оның қадір-қасиеті.

Б) әдеби туындылар.

В) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар.

Г) аудио-бейне туындылар.

Д) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар.

**64. «Принцип» термині латын тілінен аударғанда нені білдіреді?**

- А) «бастау», «негіз» дегенді білдіреді.
- Б) «құқық» дегенді білдіреді
- В) «заң» дегенді білдіреді.
- Г) «азаматтық» дегенді білдіреді.
- Д) «құқық жүйесі» дегенді білдіреді.

**65. Азаматтық құқықтың субъектілерін көрсетіңіз?**

- А) заңды тұлға.
- Б) жеке тұлға.
- В) мемлекет.
- Г) акционерлік қоғам.
- Д) аталғандардың барлығы.

**66. Азаматтардың құқық қабілеттілігі дегеніміз?**

- А) азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті.
- Б) азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі.

**67. Азаматтың құқық қабілеттілігі қай кезде басталады және тоқтатылады?**

- А) ол туған кезден басталып қайтыс болған соң тоқтатылады.
- Б) ол туған кезден басталып зейнеткерлік жасқа келген соң тоқтатылады.
- В) кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін.

**68. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз?**

- А) азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі.
- Б) азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті.

**69. Азаматтардың толық әрекет қабілеттілігі қай кезден пайда болады?**

- А) кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін.
- Б) ол туған кезден басталып қайтыс болған соң тоқтатылады.
- В) ол туған кезден басталып зейнеткерлік жасқа келген соң тоқтатылады.

- Г) кәмелетке толғанда, яғни он төрт жасқа толғаннан кейін.
- Д) дұрыс жауабы жоқ.

**70. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мәмілелерді кімнің келісімімен жасайды**

- А) ҚР Президент.
- Б) Мектеп директорының.
- В) ата-анасының.
- Г) Прокурордың.
- Д) аталғандардың барлығы.

**71. Заңды тұлға дегеніміз?**

А) меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі жоқ, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алмайтын ұйым.

Б) меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым.

В) мемлекеттік билікті жүзеге асыратын, міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым.

Г) мемлекеттік мекемелерде, органдарда қызмет атқаратын азамат.

Д) Прокурор, судья, тергеуші.

**72. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны көрсетіңіз?**

- А) қоғамдық қор.
- Б) діни бірлестік.
- В) қоғамдық бірлестік.
- Г) мемлекеттік кәсіпорын.
- Д) аталғандардың барлығы.

**73. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі қай кезде пайда болады?**

- А) ол туған кезден басталады.

- Б) ол құрылған кезде пайда болады.
- В) кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін.
- Г) ол құрылған кезден бастап 1 айдан кейін пайда болады.
- Д) ол құрылған кезден бастап 1 жылдан кейін пайда болады.

**74. Азаматтық құқықтың объектілерін көрсетіңіз?**

- А) мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер.
- Б) заңды тұлғалар.
- В) жеке тұлғалар.
- Г) ҚР азаматтары.
- Д) шет ел азаматтары.

**75. Азаматтық құқықтағы мүліктік игіліктерді көрсетіңіз?**

- А) жеке адамның өмірі.
- Б) заттар, ақша, құнды қағаздар.
- В) жеке өмірге қол сұқпаушылық.
- Г) автор болу құқығы.
- Д) аталғандардың барлығы.

**76. Жылжымайтын мүлікке жататындарды көрсетіңіз?**

- А) жер учаскелері.
- Б) үйлер.
- В) ғимараттар.
- Г) аталғандардың барлығы.
- Д) дұрыс жауабы жоқ.

**77. Заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет және жеткілікті болатын мәміле...**

- А) көпжақты мәміле деп есептеледі.
- Б) біржақты мәміле деп есептеледі.
- В) екіжақты мәміле деп есептеледі.

**Көпжақты мәміле дегеніміз?**

- А) бір тараптың ерік білдіруі.
- Б) екі тараптың ерік білдіруі.
- В) үш немесе одан да көп тараптың ерік білдіруі.

**78. Мәмілелер қандай нысанда жасалады?**

- А) тек қана ауызша.
- Б) тек қана жазбаша.

- В) жай, күрделі, жалпы, нотариалдық.
- Г) ауызша және жазбаша.
- Д) ресми, биресми, нотариалды, мемлекеттік.

**79. Қажетті лицензия алмай, немесе лицензияның қолданылу күшінің мерзімі біткеннен кейін жасалған мәміле...**

- А) жарамды болады.
- Б) жарамсыз болады.
- В) заңды күшінде болады.

**80. Қай кезде мәмілелер жарамсыз болып табылады?**

- А) он төрт жасқа толмаған адам жасаған мәміле.
- Б) есуастық немесе ақыл-есі кем болуы салдарынан әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған адам жасасқан мәміле.
- В) заңдық салдар туғызу ниетін көздемей, тек көз алдау үшін ғана жасалған жалған мәміле.
- Г) зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәміле.
- Д) аталғандардың барлығы.

**81. Сенімхат дегеніміз не?**

- А) бір адамның өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға берген ауызша уәкілдігі.
- Б) бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі.
- В) мемлекеттік органның өзінен төмен тұрған органға нұсқауы.

**82. Сенімхат қанша мерзімге берілуі мүмкін?**

- А) үш жылдан аспауы керек.
- Б) бес жылдан аспауы керек.
- В) өмір бойы.

**83. Берілген күні көрсетілмеген сенімхат...**

- А) бір жыл бойы жарамды болады.
- Б) екі жыл бойы жарамды болады.
- В) жарамсыз болады.

**84. Сенімхаттың күші қай кезде жойылады?**

- А) сенімхат мерзімінің өтуі.
- Б) сенімхатты беруші адамның оның күшін жоюы.

- В) сенімхат берген адамның қайтыс болуы.
- Г) сенімхат берілген азаматтың қайтыс болуы.
- Д) аталғандардың барлығы.

**85. ҚР Қылмыстық кодексі қай кезде қабылданды?**

- А) 1 қаңтар 1998 ж.
- Б) 16 шілде 1997 ж.
- В) 30 тамыз 1995 ж.
- Г) 7 қазан 1998 ж.
- Д) 25 қазан 1990 ж.

**86. Қылмыс дегеніміз не?**

- А) Азаматтық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет.
- Б) жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті қылық.
- В) Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынбаған айыпты қоғамдық қауіпі жоқ әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік).
- Г) Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік).
- Д) жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік.

**87. Қылмыс құрамының негізгі белгілері?**

- А) объект, субъект, объективтік жағы, субъективтік жағы.
- Б) объект, субъект.
- В) объект, субъект, объективтік жағы.
- Г) объект, субъект, жаза, есі дұрыстық.
- Д) мүлік, зат, адамның өмірі.

**88. Қылмыс құрамының субъектісінің негізгі белгілерін табыңыз?**

- А) кінә.
- Б) қасақана және абайсызда.
- В) мүлік, зат, адамның өмірі.
- Г) іс-әрекет немесе әрекетсіздік.
- Д) есі дұрыстық, 16 жасқа толуы.

**89. Қылмыс құрамының субъективтік жағының белгілерін табыңыз?**

- А) қылмыстың заты.
- Б) қасақана және абайсызда.
- В) мүлік, зат, адамның өмірі.
- Г) іс-әрекет немесе әрекетсіздік.
- Д) есі дұрыстық, 16 жасқа толуы.

**90. Қылмыстың субъектісі дегеніміз?**

- А) қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық заң бойынша қорғалатын қоғамдық қатынас.
- Б) объектіге зиян тигізетін немесе зиян тигізу қаупін тудыратын қоғамға қауіпті іс-әрекет.
- В) кінә, қасақаналық, абайсыздық.
- Г) қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған және заңға сәйкес сол үшін мемлекеттің алдында қылмыстық жауаптылықты көтеруге қабілеті бар адам.
- Д) аталғандардың барлығы.

**91. ҚР Қылмыстық кодексі қай кезде заңды күшіне енді?**

- А) 1 қаңтар 1998 ж.
- Б) 16 шілде 1997 ж.
- В) 30 тамыз 1995 ж.
- Г) 7 қазан 1998 ж.
- Д) 25 қазан 1990 ж.

**92. Заңның кері күші қай кезде болады?**

- А) жауаптылықты немесе жазаны жеңілдететін немесе қылмыс жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен жеңілдететін кезде.
- Б) әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін кезде.
- В) жауаптылықты күшейтетін кезде.
- Г) жазаны күшейтетін кезде.
- Д) әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, жауаптылықты немесе жазаны күшейтетін немесе осы әрекетті жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен нашарлататын кезде.

**93. Қылмысқа қатысу дегеніміз?**

- А) екі немесе одан да көп адамның абайсызда қылмыс жасауы.

Б) қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық заң бойынша қорғалатын қоғамдық қатынас.

В) екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы.

Г) соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.

Д) жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті қылық.

**94. Қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам...**

А) ұйымдастырушы.

Б) айдап салушы.

В) көмектесуші.

Г) орындаушы.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**95. Қылмысты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (қоса орындаушылармен) бірге тікелей қатысқан адам...**

А) ұйымдастырушы.

Б) айдап салушы.

В) көмектесуші.

Г) орындаушы.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**96. Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам...**

А) ұйымдастырушы.

Б) айдап салушы.

В) көмектесуші.

Г) орындаушы.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**97. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам...**

А) ұйымдастырушы.

Б) айдап салушы.

В) көмектесуші.

Г) орындаушы.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**98. Қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды сатып алуға немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам...**

А) ұйымдастырушы.

Б) айдап салушы.

В) көмектесуші.

Г) орындаушы.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**99. ҚР Қылмыстық кодексі қанша бөлімнен тұрады?**

А) жалпы және ерекше.

Б) жалпы және арнайы.

В) арнайы және ерекше.

Г) жалпы, арнайы және ерекше.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**100. Қажетті қорғану жағдайында қылмыскерге зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қылмыскерге зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса...**

А) қылмыс болып табылады.

Б) қылмыскерді жауапқа тартады.

В) қылмыс болып табылмайды.

Г) екеуін бірдей қамайды.

Д) прокурор шешеді.

**101. Заңмен қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру дегеніміз бұл...**

А) қажетті қорғану.

Б) қажетсіз қорғану.

- В) қылмыстан сақтану.
- Г) қасақана қорғану.
- Д) мәжбүрлі қажеттілік.

### 102. Жаза дегеніміз?

- А) прокурордың үкімі бойынша тағайындалатын мәжбүрлеу шарасы.
- Б) Парламенттің заңы бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.
- В) прокурордың санкциясы бойынша тағайындалатын мәжбүрлеу шарасы.
- Г) соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.
- Д) күдіктіні қамау үшін прокурордың санкциясы.

### 103. Төмендегілердің қайсысы жазаның мақсатына жатпайды?

- А) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру.
- Б) сотталған адамды түзеу.
- В) сотталған адамның жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру.
- Г) басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру.
- Д) сотталған адамның тән азабын шектіруді және оның қадір-қасиетін қорлау.

### 104. Сотталғандарға тағайындалатын қосымша жазаның түрін көрсетіңіз?

- А) қоғамдық жұмыстарға тарту.
- Б) түзеу жұмыстары.
- В) мүлкін тәркілеу.
- Г) қамау.
- Д) бас бостандығынан айыру.

### 105. Қоғамдық жұмыстарға тарту дегеніміз не?

- А) сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады.
- Б) екі айдан екі жылға дейін мерзімге белгіленеді және сотталған адамның жұмыс орны бойынша өтеледі.

В) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген, сотталған әскери қызметшілерге әскери қызмет бойынша шектеу.

Г) сотталған адамға оның бас бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттер жүктеуінен тұрады және қоғамнан оқшауламай бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша өтеледі.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

### 106. Бас бостандығын шектеу дегеніміз?

А) сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады.

Б) екі айдан екі жылға дейін мерзімге белгіленеді және сотталған адамның жұмыс орны бойынша өтеледі.

В) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген, сотталған әскери қызметшілерге әскери қызмет бойынша шектеу.

Г) соттың сотталған адамға оның бас бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттер жүктеуінен тұрады және қоғамнан оқшауламай бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша өтеледі.

Д) аталғандардың барлығы.

### 107. ҚР Қылмыстық кодексінде көрсетілген жазаның қай түрі қазір қолданылмайды?

- А) өлім жазасы.
- Б) түзеу жұмыстары.
- В) мүлкін тәркілеу.
- Г) қамау.
- Д) бас бостандығынан айыру.

### 108. Мүлікті тәркілеу дегеніміз?

А) сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекеттің меншігіне уақытша алу.

Б) сотталған адамның меншігі болып табылатын мүлікті мемлекет оның түрмеден шыққанға дейін ұстап тұруы.

В) сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу.

Г) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген, сотталған әскери қызметшілерге әскери қызмет бойынша шектеу.

Д) сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады.

**109. Қылмыстық-атқарушы заңдарда сотталған немесе оның асырауындағы адамдарға қажетті мүлік тәркіленеді ма?**

А) тәркіленеді.

Б) тәркіленбеуге тиіс.

В) ҚР Үкіметі шешеді.

Г) адвокат шешеді.

Д) түрменің бастығы шешеді.

**110. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды көрсетіңіз?**

А) алғаш рет кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасау.

Б) айыпкердің кәмелетке толмауы.

В) айыпкердің жүктілігі.

Г) айыпкердің жас балалары болуы.

Д) аталғандардың барлығы.

**111. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды көрсетіңіз?**

А) қылмыстарды әлденеше рет жасау, қылмыстардың қайталануы.

Б) қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтіру.

В) адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың құрамында қылмыс жасау.

Г) шын жүректен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға, қылмысқа басқа қатысушыларды әшкерелеуге белсенді жәрдемдесу.

Д) қылмыс жасағанда айрықша белсенді рөл атқару.

**112. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайларды көрсетіңіз?**

А) айыпкер үшін психикасы бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні алдын ала белгілі адамдарды қылмыс жасауға тарту.

Б) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық себебі бойынша қылмыс жасау.

В) жүктілік жағдайы айыпкер үшін алдын ала белгілі әйелге қатысты қылмыс жасау.

Г) қорғансыз немесе дәрменсіз адамға қатысты қылмыс жасау.

Д) аталғандардың барлығы.

**113. Аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинап қылмыс жасау — бұл...**

А) қажетті қорғану.

Б) қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай.

В) қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай.

Г) мәжбүрлі қажеттілік.

Д) аталғандардың барлығы.

**114. Қажетті қорғанудың құқықтық дұрыстығының шартын бұзу, аса қажеттілік қылмыс жасаған адамды ұстау, негізді тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындау жағдайында қылмыс жасау — бұл...**

А) қажетті қорғану.

Б) қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай.

В) қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай.

Г) мәжбүрлі қажеттілік.

Д) аталғандардың барлығы.

**115. Неке-отбасы қатынастарын реттейтін негізгі нормативтік акт бұл**

А) «Неке және отбасы туралы» 1998 ж. 17 желтоқсандағы ҚР-ның Заңы.

Б) ҚР-ғы «Жанұя» Заңы.

В) «Неке және отбасы туралы» 2000 ж. 1 желтоқсандағы кодексі.

Г) ҚР Азаматтық кодексі.

Д) ҚР Қылмыстық кодексі.

**116. «Неке және отбасы туралы» ҚР-ның Заңы қай кезде қабылданды?**

- А) 30 тамыз 1995 ж.
- Б) 25 қазан 1990 ж.
- В) 17 желтоқсан 1998 ж.
- Г) 16 шілде 1997 ж.
- Д) 1 қаңтар 1998 ж.

**117. Неке жасы еркектер мен әйелдер үшін...**

- А) 19 жас.
- Б) 18 жас.
- В) 13 жас.
- Г) еркектерге 19 жас, әйелдер үшін 20 жас.
- Д) 15 жас.

**118. Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша АХАЖ органдары неке жасын қанша жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін?**

- А) екі жылдан аспайтын мерзімге.
- Б) бес жылдан аспайтын мерзімге.
- В) 4 жыл.
- Г) 3 жыл.
- Д) төмендетуге болмайды.

**119. Араларында неке қиылуына жол берілмейтін адамдар?**

- А) біреуі болса да басқа тіркелген некеде тұрған адамдардың.
- Б) тікелей ата-тегі бойынша және өзінен тарайтын жақын туыстардың.
- В) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек әкесі немесе анасы ортақ аға-қарындастардың.
- Г) асырап алушылар мен асырап алғандардың.
- Д) аталғандардың барлығы.

**120. Отбасы дегеніміз...**

- А) некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы.

Б) сату-сатып алу негізінде туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы.

В) азаматтық құқықтарға ие болып міндеттер атқару қабілеттілігі.

Г) азаматтық құқықтарға ие болып міндеттерді жүзеге асыру қабілеттігі бар адам.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**121. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ — бұл...**

- А) Отбасы.
- Б) Жанұя.
- В) Келісім-шарт.
- Г) Неке.
- Д) Уақытша одақ.

**122. Некені қию некеге тұруға тілек білдірушілер АХАЖ органына арыз берген күннен бастап қанша мерзім өткен соң жүргізіледі?**

- А) 1 ай
- Б) 2 ай
- В) 3 ай
- Г) 4 ай
- Д) 1 жыл.

**123. Неке шарты дегеніміз не?**

А) ерлі-зайыптылардың некедегі және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім.

Б) ерлі-зайыптылардың ата-анасының мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім.

В) некеге тұрушы адамдардың балаларының құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім-шарт.

Г) ерлі-зайыптылардың неке кезіндегі жасаған кез-келген келісім-шарт.

Д) дұрыс жауабы жоқ.

**124. Некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін жасалған неке шарты қай кезде күшіне енеді?**

- А) өздері шешеді.
- Б) неке шартына қол қойғаннан бастап.
- В) некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап.
- Г) ата-анасы шешеді.
- Д) сот рұқсат берген күннен бастап.

**125. Неке шарты қандай нысанда жасалады?**

- А) ауызша түрде жасалады және оны нотариат куәландыруға тиіс.
- Б) жазбаша түрде жасалады және оны нотариат куәландыруға тиіс.
- В) жазбаша түрде жасалады және оны сот куәландыруға тиіс.
- Г) тек қана ауызша түрде жасалады.
- Д) дұрыс жауабы жоқ.

**126. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері қай кезден бастап туындайды?**

- А) бір-біріне сезім оянғаннан бастап туындайды.
- Б) ата-аналары атастырып қойғаннан бастап туындайды.
- В) некеге тұру үшін АХАЖ органына арыз берген күннен бастап туындайды.
- Г) АХАЖ органдарында некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап туындайды.
- Д) қызды бала құда түскен күннен бастап туындайды.

**127. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да мәселелерін кім шешеді?**

- А) ері шешеді.
- Б) әйелі шешеді.
- В) ерлі-зайыптылар бірлесіп шешеді.
- Г) ерлі-зайыптылардың ата-анасы шешеді.
- Д) ерлі-зайыптылардың туған-туысқандары шешеді.

**128. Азаматтардың еңбек бостандығына конституциялық құқығын іске асыру барысында, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында, жеке еңбек шарт негізінде белгілі**

**бір еңбек қызметін тараптардың жүзеге асыруы кезінде туындайтын еңбек қатынастарын реттеуші саласы – бұл...**

- А) конституциялық құқық.
- Б) еңбек құқығы.
- В) әкімшілік құқық.
- Г) азаматтық құқық.
- Д) қылмыстық құқық.

**129. Жеке еңбек шарты дегеніміз не?**

- А) ауызша түрде, кемінде бір дана етіп, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында жасалынған екі жақты келісім.
- Б) жазбаша түрде, кемінде екі дана етіп, сатушы мен сатып алушы арасында жасалынған екі жақты келісім.
- В) ауызша түрде, кемінде үш дана етіп, арендатор мен сатушы арасында жасалынған екі жақты келісім.
- Г) жазбаша түрде, кемінде екі дана етіп, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында жасалынған екі жақты келісім.
- Д) аталғандардың барлығы.

**130. Он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі қызметкерлер үшін аптасына қанша сағаттан аспайтын жұмыс уақыты белгіленеді?**

- А) 32 сағат.
- Б) 34 сағат.
- В) 24 сағат.
- Г) 42 сағат.
- Д) 36 сағат.

**131. Егер жеке еңбек шартында оның орындалу мерзімі жазылмаса, онда ол қанша мерзімге жасалынған болып есептелінеді?**

- А) белгісіз мерзімге.
- Б) 1 жылға.
- В) 2 жылға.
- Г) 5 жылға.
- Д) 3 жылға.

**132. Жеке еңбек шарты жасалынғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа алу туралы қандай акті шығарады?**

- А) заң.

- Б) қаулы.
- В) нормативті Қаулы.
- Г) бұйрық.
- Д) протест.

**133. Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі қызметкерлер үшін аптасына қанша сағаттан аспайтын жұмыс уақыты белгіленеді?**

- А) 32 сағат.
- Б) 34 сағат.
- В) 24 сағат.
- Г) 42 сағат.
- Д) 36 сағат.

**134. Ауыр дене жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін аптасына қанша сағаттан аспайтын жұмыс уақыты белгіленеді?**

- А) 32 сағат.
- Б) 34 сағат.
- В) 24 сағат.
- Г) 42 сағат.
- Д) 36 сағат.

**135. Алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы апталық норма 40 сағат болғанда бір күндік жұмыс уақыты...**

- А) 7 сағат.
- Б) 8 сағат.
- В) 9 сағат.
- Г) 10 сағат.
- Д) 11 сағат.

**136. Алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы апталық норма 36 сағат болғанда бір күндік жұмыс уақыты...**

- А) 6 сағат.
- Б) 8 сағат.
- В) 9 сағат.
- Г) 10 сағат.
- Д) 11 сағат.

**137. Алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы апталық норма 24 сағат болғанда бір күндік жұмыс уақыты...**

- А) 4 сағат.
- Б) 8 сағат.
- В) 9 сағат.
- Г) 10 сағат.
- Д) 11 сағат.

**138. Түнгі уақыттағы жұмыс — бұл...**

- А) 18 сағаттан бастап таңғы сағат 9-ға дейінгі уақыт.
- Б) 21 сағаттан бастап таңғы сағат 7-ға дейінгі уақыт.
- В) 20 сағаттан бастап таңғы сағат 8-ға дейінгі уақыт.
- Г) 22 сағаттан бастап таңғы сағат 6-ға дейінгі уақыт.
- Д) 08 сағаттан бастап кешкі сағат 18-ға дейінгі уақыт.

**139. Жұмыстың бітуі мен оның келесі күнде басталуы арасындағы қызметкердің күн сайынғы демалысының ұзақтығы...**

- А) 9 сағаттан кем болмауға тиіс.
- Б) 10 сағаттан кем болмауға тиіс.
- В) 12 сағаттан кем болмауға тиіс.
- Г) 7 сағаттан кем болмауға тиіс.
- Д) дұрыс жауабы жоқ.

**140. Әйелдерге жүктілігі мен босануы бойынша босанғанға дейін ұзақтығы қанша күн демалыс беріледі?**

- А) жетпіс күнтізбелік күнге.
- Б) елу күнтізбелік күнге.
- В) 1 ай.
- Г) 9 ай.
- Д) 1 жыл.

**141. Әйелдерге босанғаннан кейін ұзақтығы қанша күн демалыс беріледі?**

- А) қырық күнтізбелік күнге.
- Б) елу күнтізбелік күнге.
- В) елу алты күнтізбелік күнге.
- Г) жүз күнтізбелік күнге.
- Д) 1 жыл.

**142. Еңбек үшін оның күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін сыйақы (табыс) дегеніміз...**

- А) пайда.
- Б) жалақы.
- В) таза табыс.
- Г) бюджет.
- Д) баж салымы.

**143. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі қай кезде қабылданды?**

- А) 24 сәуір 2004 ж.
- Б) 25 қараша 2003 ж.
- В) 30 тамыз 1995 ж.
- Г) 1 желтоқсан 1991 ж.
- Д) 7 қазан 1998 ж.

**144. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі (Салық кодексі) қашан қабылданды?**

- А) 30 тамыз 1995 ж.
- Б) 1 желтоқсан 1991 ж.
- В) 7 қазан 1998 ж.
- Г) 12 маусым 2001 ж.
- Д) 16 шілде 1997 ж.

**145. Ақшалай қаржыны бөлу мен пайдаланудағы негізгі әдістері?**

- А) ақша жинау мен салық салу.
- Б) салық.
- В) қаржыландыру мен несие беру.
- Г) банк құру оны тарату.
- Д) ақша шығару.

**146. Жоспарлы, мақсатты, қайтарымсыз, ақысыз мемлекеттік бюджеттен берілетін ақшалай қаражат дегеніміз — ...**

- А) қаржыландыру.
- Б) несие беру.
- В) несие алу.
- Г) ақша шығару.
- Д) банк қызметтері.

**147. Банкінің қарыз түріндегі жоспарлы, мақсатты, ақылы және белгіленген мерзімде қайтарылатын, пайызбен берілетін ақшалай қаржы...**

- А) қаржыландыру.
- Б) несие беру.
- В) несие алу.
- Г) ақша шығару.
- Д) банк қызметтері.

**148. Төмендегілердің қайсысы қаржы құқығының қайнар көздеріне жатады?**

- А) Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- Б) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі.
- В) Қазақстан Республикасының Салық кодексі.
- Г) «ҚР-дағы БАНКТЕР ЖӘНЕ БАНК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» Заңы.
- Д) аталғандардың барлығы.

**149. Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – «теңге» қай кезде айналымға еңгізілді?**

- А) 15 қараша 1993 жылы.
- Б) 25 қараша 2006 жылы.
- В) 1 қаңтар 2007 жылы.
- Г) 15 қазан 2003 жылы.
- Д) 25 қазан 1990 жылы.

**150. Бюджет жүйесі дегеніміз...**

- А) бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы.
- Б) салықтардың түрлерінің жиынтығы.
- В) баж салымдары мен салық түрлері.
- Г) бюджеттердің және жеке меншік қорлардың жиынтығы.
- Д) дұрыс жауабы жоқ.

**151. Мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры — дегеніміз ...**

- А) салық.
- Б) баж салымы.

- В) төлем ақы.
- Г) бюджет.
- Д) салық жүйесі.

**152. Мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер дегеніміз...**

- А) салық.
- Б) несие беру.
- В) қаржыландыру.
- Г) ақша беру.
- Д) пособия.

**153. Салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясаттың жалпыреспубликалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры дегеніміз ...**

- А) облыстық бюджет.
- Б) жергілікті бюджет.
- В) республикалық бюджет.
- Г) аудандық бюджет.
- Д) қалалық бюджет.

**154. Облыстық бюджет қандай органмен бекітіледі?**

- А) ҚР Парламент.
- Б) ҚР Президент.
- В) ҚР Үкімет.
- Г) Жоғарғы сот.
- Д) Облыстық маслихат.

**155. Салық дегеніміз не?**

А) мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

Б) қайтарымды және өтеулі сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

В) жоспарлы, мақсатты, қайтарымсыз, ақысыз мемлекеттік бюджеттен берілетін ақшалай қаражат.

Г) банкінің қарыз түріндегі мақсатты, ақылы және белгіленген мерзімде қайтарылатын, пайызбен берілетін ақшалай қаржы.

Д) аталғандардың барлығы.

**156. Төмендегілердің ішінен салықтың түріне жатпайтынын табыңыз?**

- А) корпорациялық табыс салығы.
- Б) жеке табыс салығы.
- В) қосылған құн салығы.
- Г) акциздер.
- Д) ауаны пайдалану салығы

**157. Төмендегілердің ішінен салық түрін табыңыз?**

- А) жер салығы.
- Б) ауа салығы.
- В) су салығы.
- Г) табиғат салығы.
- Д) дұрыс жауабы жоқ.

**158. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен байланысты қоғам мен табиғаттың қатынастарды реттеуге бағытталған нормалардың жиынтығы...**

- А) азаматтық құқық.
- Б) әкімшілік құқық.
- В) қылмыстық құқық.
- Г) экологиялық құқық.
- Д) қаржы құқығы.

**159. Экологиялық құқықтың объектілеріне нелер жатады?**

- А) жер, жер қойнауы.
- Б) су.
- В) жануарлар мен өсімдіктер дүниесі.
- Г) атмосфералық ауа.
- Д) аталғандардың барлығы.

**160. Жер учаскесіне меншік құқығы қандай негіздерде туындайды?**

- А) мемлекеттік органдар актілерінің және азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде.
- Б) жерді ұрлап алғанда.
- В) заңдастыру негізінде.
- Г) біреуді қорқытып алғанда.
- Д) аталғандардың барлығы.

**161. ҚР Экологиялық кодексі қай кезде қабылданды?**

- А) 30 тамыз 1995 ж.
- Б) 25 қазан 1990 ж.
- В) 9 қаңтар 2007 ж.
- Г) 23 қаңтар 1993 ж.
- Д) 20 маусым 2003 ж.

**162. ҚР Жер кодексі қашан қабылданды?**

- А) 30 тамыз 1995 ж.
- Б) 25 қазан 1990 ж.
- В) 9 қаңтар 2007 ж.
- Г) 23 қаңтар 1993 ж.
- Д) 20 маусым 2003 ж.

**163. Экологиялық нормалаудың мақсатын көрсетіңіз?**

- А) экологиялық қауіпсіздік.
- Б) ұлттық қауіпсіздік.
- В) қаржылық қызмет.
- Г) жаза тағайындау.
- Д) экономикалық қауіпсіздік.

**164. Қандай жер учаскелері жеке меншікте бола алмайды?**

- А) қорғаныс және мемлекеттік қауіпсіздік қажеттеріне арналған жер учаскелері.
- Б) кеден қажеттеріне арналған жер учаскелері.
- В) магистральдық темір жол желілері мен ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары.
- Г) елді мекендердегі ортақ пайдаланудағы аумақтар орналасқан жер учаскелері.
- Д) аталғандардың барлығы.

**165. Жер пайдалану құқығы қандай құқық болып табылады?**

- А) авторлық құқық болып табылады.
- Б) зияткерлік меншік.
- В) заттық құқық болып табылады.
- Г) өмір сүру құқығы.
- Д) дұрыс жауабы жоқ.

**166. Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығының қысқа мерзімі?**

- А) 5 жылға дейін.
- Б) 6 жылға дейін.
- В) 7 жылға дейін.
- Г) 8 жылға дейін.
- Д) 15 жылға дейін.

**167. Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығының ұзақ мерзімі?**

- А) 5 жылдан 49 жылға дейін.
- Б) 6 жылдан 50 жылға дейін.
- В) 7 жылдан 60 жылға дейін.
- Г) 8 жылдан 99 жылға дейін.
- Д) 15 жылдан 100 жылға дейін.

**168. Іс жүргізу құқығында құқық қолдану іс-әрекеті қандай органдардың көмегімен іске асырылады?**

- А) құқық қорғау органдары.
- Б) Парламент.
- В) Үкімет.
- Г) Жоғарғы Кеңес.
- Д) Конституциялық Сот.

**169. Соттың бірінші сатысындағы азаматтық істерді кім қарайды?**

- А) тергеуші.
- Б) прокурор.
- В) адвокат.
- Г) судья.
- Д) хатшы.

**170. Азаматтық процесте тараптар болып кімдер табылады?**

- А) адвокат пен айыпталушы.
- Б) күдікті мен прокурор.
- В) талапкер мен жауапкер.
- Г) сот пен сотталушы.
- Д) тергеуші мен айыпталушы.

**171. Өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға...**

- А) тергеуші.
- Б) судья.
- В) адвокат.
- Г) прокурор.
- Д) депутат.

**172. Заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам...**

- А) тергеуші.
- Б) судья.
- В) адвокат.
- Г) прокурор.
- Д) депутат.

**173. Ішкі істер органдарының негізгі міндеттеріне...**

- А) заңға қайшы озбырлықтан адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау.
- Б) қоғамдық тәртіпті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
- В) қылмыстардың және құқықты бұзушылықтың басқа да түрлерінің алдын алу.
- Г) ұрланған мүлікті іздестіру.
- Д) аталғандардың барлығы.

**174. Көрсетілгендердің қайсысы прокуратура органдарының міндеттеріне кіреді?**

- А) заңға қайшы озбырлықтан адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау.

Б) қоғамдық тәртіпті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

В) қылмыстардың және құқықты бұзушылықтың басқа да түрлерінің алдын алу.

Г) анықтау мен тергеу жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Д) ұрланған мүлікті іздестіру.

**175. Санкциясыз адамды қанша мерзімге ұстауға болады?**

- А) жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге.
- Б) елу екі сағаттан аспайтын мерзімге.
- В) қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге.
- Г) жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге.
- Д) үш сағаттан аспайтын мерзімге.

**176. Республиканың Бас Прокурорын қызметке кім тағайындайды?**

- А) ҚР Президенті Сенат келісімімен.
- Б) ҚР Премьер-министрі Парламенттің келісімімен.
- В) ҚР Парламенті.
- Г) Қаржы министрі.
- Д) ҚР халқы сайлайды.

**177. Қазақстан Республикасында сот төрелігін кім жүзеге асырады?**

- А) Соттар.
- Б) Конституциялық Сот.
- В) Парламент.
- Г) Үкімет.
- Д) Прокуратура.

**178. Сот билігі кімнің атынан жүзеге асырылады?**

- А) Қазақстан Республикасының атынан.
- Б) ҚР Президентінің атынан.
- В) ҚР халқының атынан.
- Г) ҚР Парламентінің атынан.
- Д) жауаптың барлығы дұрыс.

**179. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде кімге бағынады?**

- А) тәуелсіз және Конституция мен Заңға ғана бағынады.
- Б) халыққа тәуелді және заңға ғана бағынады.
- В) тәуелсіз және Прокуратураға ғана бағынады.
- Г) Ішкі істер органдарына тәуелді.
- Д) Сыртқы істер органдарына тәуелді.

**180. Конституцияға сәйкес Заңды қолданған кезде судья қандай принциптерді басшылыққа алуға тиіс?**

- А) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.
- Б) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды.
- В) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды.
- Г) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы.
- Д) жауаптың барлығы дұрыс.

**181. Адамның кінәлі екендігі жөніндегі күдік кімнің пайдасына қарастырылады?**

- А) айыпталушының.
- Б) прокурордың.
- В) соттың.
- Г) тергеушінің.
- Д) жауаптың барлығы дұрыс.

**182. Қанша жастан бастап және кімдер судья бола алады?**

- А) жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтар.
- Б) отыз бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар азаматтар.
- В) жиырма бес жасқа толған, жоғары экономика білімі, мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар азаматтар.
- Г) ҚР Парламент депутаттары.
- Д) аталғандардың барлығы.

**183. Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету қандай қаражат есебінен жүргізіледі?**

- А) республикалық бюджет қаражаты есебінен.

- Б) ҚР Парламенті депутаттары қаражатынан.
- В) ҚР Президенті қаражатынан.
- Г) ҚР халқы үй салып береді.
- Д) аталғандардың барлығы.

**184. Кім мемлекет атынан заңдардың дәлме-дәл әрі бір-келкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады?**

- А) Прокуратура.
- Б) Конституциялық Сот.
- В) Парламент.
- Г) Үкімет.
- Д) Соттар.

**185. ҚР Прокуратурасы жүйесі кімге бағынады?**

- А) ҚР Бас прокурорына.
- Б) ҚР Президентіне.
- В) ҚР Жоғарғы Сотына.
- Г) Үкіметке.
- Д) Конституциялық Кеңеске.

**186. ҚР Бас Прокурорының өкілеттік мерзімі.**

- А) 5 жыл.
- Б) 6 жыл.
- В) 3 жыл.
- Г) 1 жыл.
- Д) шексіз.

**187. Қылмыстық істер бойынша анықтама жүргізу мен алдын ала тергеуді кім жүзеге асырады?**

- А) ішкі істер органдары.
- Б) сыртқы істер органдары.
- В) соттар.
- Г) адвокаттар.
- Д) ҚР Президенті.

**188. ҚР-сы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:**

- А) Республикалық референдумда және Парламентпен.
- Б) Үкіметпен.
- В) Жоғарғы Сотпен.

- Г) Конституциялық Кеңеспен.
- Д) Сенатпен.

**189. ҚР-ның жер қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, тағы басқа табиғи байлықтары кімнің меншігіне жатады:**

- А) азаматтардың меншігіне.
- Б) табиғатты қорғайтын ұйымдардың меншігіне.
- В) сол аумақта тұратын халықтың меншігіне.
- Г) мемлекеттік меншікке.
- Д) аталған құқықты мемлекеттен алғандардың меншігіне.

**190. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі:**

- А) орыс тілі.
- Б) орыс және қазақ тілі.
- В) қазақ тілі.
- Г) келісім-шартта көрсетілген тіл.
- Д) халықаралық құқықтағы қолданылатын тіл.

**191. Үкімет өзінің бүкіл қызметінде кімнің алдында жауап береді?**

- А) тек қана Парламенттің.
- Б) Премьер-министрдің.
- В) Президент пен Парламенттің.
- Г) Сенат төрағасының.
- Д) Мәжіліс төрағасының.

**192. Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды**

- А) Парламент.
- Б) Президент пен халық.
- В) Сенат төрағасы.
- Г) Мәжіліс төрағасы.
- Д) Премьер-министр.

**193. ҚР азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар болып танылады**

- А) азаматтығы жоқ азаматтар.
- Б) шет ел азаматтары.
- В) ҚР азаматы.

- Г) адамдар.
- Д) жауаптың бәрі дұрыс.

**194. ҚР-ның азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі жоқ адамдар**

- А) 16 жасқа толған адам.
- Б) 18 жасқа толған адам.
- В) ҚР азаматы.
- Г) шетел азаматтары.
- Д) азаматтығы жоқ адамдар.

**195. ҚР азаматтығынан шығуға жол берілмейді**

- А) айыпкер ретінде қылмысқа тартылған болса.
- Б) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген болса.
- В) мүліктік міндеттемелерді орындамағандығы.
- Г) мемлекет мүдделеріне қайшы келсе.
- Д) жауаптың бәрі дұрыс.

**196. ҚР-на келу, шетел азаматтарына мына жағдайда рұқсат етілмеуі мүмкін**

- А) егер бұрын ҚР-нан қуылған болса.
- Б) азаматтығы жоқ болса.
- В) ҚР азаматымен некеде тұрмаса.
- Г) тумасынан ҚР азаматы болмаса.
- Д) шетелден келген болса.

**197. Мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғарғы лауазымда тұлға?**

- А) ҚР Парламенті.
- Б) ҚР Президенті.
- В) ҚР Үкіметі.
- Г) ҚР Премьер-министрі.
- Д) ҚР Министрі.

**198. Жергілікті атқарушы органды кім басқарады?**

- А) әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады.
- Б) Президент.
- В) Парламент.

- Г) Үкімет.
- Д) Мәслихат.

**199. Атқарушы органның бір тұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын тиісті аумақтық дамыту мүдделерін және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді...**

- А) Мәслихат.
- Б) депутат.
- В) Үкімет.
- Г) департамент.
- Д) аудандық әкімшілік.

**200. ҚР Конституциясының құрылымында қандай бөлім жоқ?**

- А) адам және азамат.
- Б) Үкімет.
- В) Конституциялық Кеңес.
- Г) Соттар және сот төрелігі.
- Д) Прокуратура.

#### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы.— Алматы, 1998.
2. Ағдарбеков Т. А. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық.— Алматы: «НАС» баспа компаниясы, 2003.
3. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы.— Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2002.
4. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының проблемалары. Оқу құралы.— Алматы, 2006.
5. Жоламан Қ., Мұхтарова А., Тәукелев А. Мемлекет және құқық теориясы.— Алматы, 1999.
6. Булгакова Д. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы.— Алматы, 2004.
7. Ибраева А. Ибраева Н. Теория государства и права. Учебное пособие.— Алматы, 2001.
8. Табанов С. Құқық теориясы мен сот жүйесінің Конституциялық негіздері. Оқу құралы.— Алматы, 2001.
9. Сапарғалиев Ғ. ҚР Конституциялық құқығы. Оқулық.— Алматы: Жеті жарғы, 1999.
10. Алайдар А., Алайдаров А. Основы государства и права. Учебное пособие.— Туркестан, 2007.
11. Сагиндыкова А. Конституционное право РК. Курс лекций.— Алматы: Білім, 1999.
12. ҚР Конституциясының түсіндірме сөздігі.— Алматы: Жеті жарғы. 1996.
13. Зиманов С. Конституция и Парламент РК. Общественно-политическая литература.— Алматы: Жеті-жарғы, 1996.
14. Нұрпейсов Е. Котов А. Қазақстан Республикасы: хандық биліктен Президенттік Республикаға дейін.— Алматы, 1995.
15. Сартаев С. Күнқожаева Г. ҚР-да билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы.— Алматы, 2002.
16. Халиков К. ҚР-дағы құқық қорғау органдары.— Алматы, 1995.
17. Таранов А. ҚР Әкімшілік құқығы.— Алматы: Баспа, 2003.
18. Баянов Е. Әкімшілік құқықтың схемалар бойынша анықтамалары. Оқу құралы. Алматы, 2002.
19. Қызылов М. Карпекин А. ҚР Әкімшілік құқығы. Оқу құралы (схемалар).— Алматы: Жеті жарғы, 2002.

20. Төлеуғалиев Ф. ҚР Азаматтық құқығы. 1-том.— Алматы: Жеті жарғы, 2001.
21. Жайлин Ф. Азаматтық құқық. Ерекше бөлім. 1-том.— Алматы, 2001.
22. Ағыбаев Н. Қылмыстық құқық. Оқулық. Жалпы бөлім.— Алматы: Жеті жарғы, 2001.
23. Бұғыбайқызы Д. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім.— Алматы, 2003.
24. ҚР Қылмыстық Кодексіне түсінік.— Алматы, 2001.
25. Ағыбаев Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім.— Алматы: Жеті жарғы, 2000.
26. Айымханова Н. ҚР Еңбек құқығы.— Алматы: Жеті жарғы, 2002.
27. Шайбеков К. Трудовое право РК.— Алматы, 1996.
28. ҚР Конституциясына ғылыми-құқықтық түсініктеме.— Алматы, 1999.
29. Антокольская Н. Семейное право.— Москва, 1999.
30. Қайыржанов Е. Уголовное право.— Алматы, 1996.
31. Худяков А. Финансовое право РК. Общая часть.— Алматы: Қаржы-Қаражат. 1995.
32. Найманбаев М. ҚР Қаржы құқығы.— Алматы, 1994.
33. Финансовое право РК. (Сборник документов). Составитель Диденко П. В.— Алматы: Данекер, 2000.
34. Омирбаев С. Финансы.— Астана, 2003.
35. Сейітқасымов Ф. Ақша. Несие. Банктер.— Алматы: Экономика, 2001.
36. Арғынбекова Г. Бюджеттік құқық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының бюджеттік құзыреттері.— Алматы, 2000.
37. Шеметаев К. Баймұратова Г. ҚР Қаржы құқығы. Лекция курсы.— Түркістан, 2001.
38. Досжанова Г. Халықаралық құқық бойынша терминдердің түсіндірме сөздігі.— Алматы: Заң әдебиеті, 2002.
39. Сарсембаев М. Международное право.— Алматы: Жеті жарғы, 1996.
40. Кулжабаева Ж. Международное публичное право.— Алматы, 2003.
41. Кулжабаева Ж. Халықаралық жария құқығы.— Алматы, 2003.

42. Халықаралық жария құқығы. Оқу құралы.— Алматы, 2004.
43. Мұхитдинов Н., Найманбаев С., Серимов У. Қаржылар саласындағы басқарудың құқықтық негіздері.— Алматы, 1999.
44. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық.— Алматы: Нас, 2003.
45. Ынтымақов С. Азаматтық құқық. Жалпы бөлім. Практикум. 1-бөлім.— Алматы: Заң әдебиеті, 2003.
46. Баянов Е. ҚР мемлекет және құқығының негіздері. 10-бөлім. 37-тарау.— Алматы, 2003.
47. Стамкүлүлы Ә. ҚР Экологиялық құқық. Оқулық.— Алматы: Жеті жарғы, 1995.
48. Төлеубекова Б. Қ. ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім. Оқулық.— Алматы: Жеті жарғы, 2000.

### Нормативті-құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл (21 мамыр 2007 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен). Алматы, 2007.
2. ҚР Конституциясы. 28 қаңтар 1993 жыл. Алматы, 1993.
3. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық Заңы.
4. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 24 сәуірдегі Заңы.
5. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Қазақ КСР Президентін сайлау туралы 1991 жылғы 16 қазандағы Заңы.
6. ҚР-ның «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті туралы» 2000 жылғы 27 маусымдағы Конституциялық Заңы.
7. ҚР-ның Президенттің «Қазақстан Республикасы Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар Жарлығы.
8. ҚР-ның «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы.
9. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қазандағы Конституциялық Заңы.
10. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық Заңы.
11. ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы.
12. «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы № 111 Заңы.
13. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451 Заңы.
14. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453 Заңы.
15. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы № 389 Заңы.
16. «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107-II Заңы.
17. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 Заңы.

18. «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңы.
19. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі № 344 -II Заңы.
20. «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136 Заңы.
21. «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2200 Заңы.
22. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II Заңы.
23. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-II Заңы.
24. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңы.
25. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңы.
26. «Мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы № 2676 Заңы.
27. «Дипломатиялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы № 299 Заңы.
28. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-II Заңы.
29. «Еңбек туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 493-I Заңы.
30. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы № 412-II Заңы.
31. «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2200 Заңы.
32. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 405-II Заңы.
33. «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II Кодексі.
34. «Қазақстан Республикасының Орман кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі № 477-II Кодексі.
35. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Заңы.
36. «Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481-II Кодексі.

37. «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі № 482-ІІ Заңы.

38. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы № 528 Заңы.

39. «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы “Орталық Азия Ынтымақтастығы” ұйымын құру туралы шартты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 530 Заңы.

40. «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 531 Заңы.

41. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 533 Заңы.

42. «1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 наурыздағы № 535 Заңы.

43. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы әскери әуе күштерінің құрамалары мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік атыстар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 1 сәуірдегі № 538 Заңы.

44. «Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 сәуірдегі № 543 Заңы.

45. «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі № 548 Кодексі.

46. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 25 мамырдағы № 554 Заңы.

47. «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі № 574 Заңы.

48. «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 576 Заңы.

49. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілеріндегі авария жағдайларында және басқа да төтенше жағдайларда өзара көмек көрсету туралы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 579 Заңы.

50. «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңы.

51. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57 Заңы.

#### WEB-сайттар тізімі:

[www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).  
[www.zakon.kz](http://www.zakon.kz).  
[www.mod.kz](http://www.mod.kz)  
[www.mvd.kz](http://www.mvd.kz)  
[www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz)  
[www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)  
[www.nature.kz](http://www.nature.kz)  
[www.minagri.kz](http://www.minagri.kz)  
[www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)  
[www.minfin.kz](http://www.minfin.kz)  
[www.minplan.kz](http://www.minplan.kz)  
[www.minjust.kz](http://www.minjust.kz)  
[www.stat.kz](http://www.stat.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)  
[www.procuror.kz](http://www.procuror.kz)  
[www.customs.kz](http://www.customs.kz)  
[www.nalog.kz](http://www.nalog.kz)  
[www.sana.gov.kz](http://www.sana.gov.kz)  
[www.kazref.narod.ru](http://www.kazref.narod.ru).  
[www.refkaz.ru](http://www.refkaz.ru).

## МАЗМҰНЫ :

КІРІСПЕ.....	3
1. Тақырып. Мемлекет, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар.....	5
2. Тақырып. ҚР Конституциялық құқығының негіздері.....	26
3. Тақырып. ҚР Әкімшілік құқығының негіздері.....	50
4. Тақырып. ҚР құқық қорғау органдары және сот.....	64
5. Тақырып. ҚР азаматтық құқығының негіздері.....	85
6. Тақырып. ҚР қылмыстық құқығы.....	103
7. Тақырып. ҚР отбасы құқығының негіздері.....	122
8. Тақырып. ҚР еңбек құқығының негіздері.....	144
9. Тақырып. ҚР қаржы құқығының негіздері.....	160
10. Тақырып. ҚР экологиялық және жер құқығының негіздері.....	185
11. Тақырып. ҚР іс жүргізу құқығының негіздері.....	200
Тест тапсырмалары.....	210
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	255
Нормативті-құқықтық актілер.....	258
WEB-сайттар тізімі.....	261

*Төкіжан Ағдарбеков  
Айжамал Әлайдар  
Ақ-әділ Алайдаров*

## ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Оқу құралы

*«Нұр-пресс» ЖШС бас директоры  
Н. Н. Жансеитов*

*Оператор: Р. Маметов  
Беттеуші: А. А. Сляднева  
Корректор: У. Д. Жүзей  
Дизайн: А. О. Савельев*

«Нұр-пресс» баспасы  
050057 Алматы қ.,  
М. Озтүрік к-сі, 12 үй.  
Тел./факс: (727) 2747-833, 2742-650.  
Тел.: (727) 327-85-72, 327-93-94.  
E-mail: law-literature2006@rambler.ru